


БАЙКАЛИОВ УСЕРБАЙ  
АЛИМХАНОВИЧ

ҚАЗАҚ ТЛІ  
СТИЛИСТИКАСЫ




ОЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ, ФЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА  
УНИВЕРСИТЕТІ

БАЙКАБИЛОВ УСЕРБАЙ АЛИМХАНОВИЧ

## ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫ

(Оқулық)



Ташкент  
«Osiyo tur»  
2024

УДК-81.512.122;81'38  
КБК-81.2 Рус-5  
Б-30

**Байкабилов У.А.** Қазақ тілі стилистикасы [Мәтін]. – Т.: "Osiyo tur", 2024. 244 б.

#### Пікір жазғандар:

**Бекниязов Б.** – Әжініяз атындағы Нәкіс мемлекеттік педагогикалық институты - Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, (PhD).

**Байзаков Ж.** – Шырышқ мемлекеттік педагогикалық университеті – Өзбек тіл білімі кафедрасының оқытушысы, PhD.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған қазақ тілі стилистикасына арналған оқулық бүгінгі білім беру жүйесіне жаңа талап деңгейіндегі оқулықтар қажеттілігі айқын.

Сондықтан ұсынылып отырған оқу құралы – қазақ тілі мен әдебиетті оқыту саласындағы жаңа бағыттар мен стильдік мақсаттарға негізделген. Оқулықта стилистиканың обьектісі мақсат мен міндеттері және тілдік нормаларды тиімді қолдануға даярлауға бағдарланған. Бұл пәнде қазақ тілі және әдебиетінен білім беруде стилистиканың – ең алдымен стиль туралы ғылым екендігі, сондай-ақ тіліміздегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан басқа қосымша реңін эмоциональды-экспрессивті бояуы, стильдік сапасы немесе мәнерлі тәсілдері, стильдік бірліктердің сыр-қырлары қарастырылған. Бұл пәнді үренуде педагогтарды жазба әдеби тіл қоғамның мемлекеттің ресми тілі болғандықтан оның қызметі де, қолданылу аясы да барынша кең екендігі, тіл мемлекетте жүргізілетін іс қағаздарының, әдебиеттің, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, онер-білімнің, бұқаралық ақпарат қуралдарының барлық салаларында қызмет атқаруда өзінің септігін тигизетін тілдің түрлі стильдік тармақарын қолдану әдістері енгізілген.

*Бұл оқулық Өзбекстан Республикасы Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігінің 2024 жылғы 04 мартағы 55-санды бүйрүгіне негізделіп баспаға ұсынылды.*

ИСБН 978-9910-9392-2-8

#### ТҮСІНІК ХАТ

«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша маман дайындауда «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнінің алатын орны мен маңызы ерекше зор.

Студенттер бұл пәнді оқып үйрену барысында стилистиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын, қазақ тілінің бай стилистикалық құралдарын және әдеби тілдің функциональды стильдік тармақтарын жан-жақты, терең игеруі қажет. Тілдің стилистикалық байлығы, стилистикалық нормалары, олардың тарихи озгермелілігі және тілді қолдану жағдайына байланысты түрліше иүсқаларға ие болатындығы, тілдік құралдарды қолдану контекстің стильдік түрпательна байланысты болатыны туралы қажетті мағлұмattар алуы тиіс. Сол арқылы олар мәтіндегі, сөйлеген сөздеріндегі стилистикалық қателерді тауып, олармен жұмыс жасау жолдарын меңгереді.

Стилистика бойынша теориялық біліммен қаруланып, дәрісханада және одан тыс жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде студенттер өздерінде стилистикалық дағды мен стилистикалық түйсікті қалыптастыра алады. Алдына қойған мақсаттарына сәйкес, тілді дұрыс, тиімді, әсерлі, шешен қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгереді.

*Гылым – Отанның ең киелі дүниесі болуға  
тиң. Өйткені ойлаудан әрі үзбей ойланы  
іздеуден өзге жүртты артқа тастап,  
озған халық қана берекелі ел бола алды.*  
**L.Пастер**

### KIPIСПЕ

Өзбекстан Республикасы XXI ғасырда болашақұрпаққа білім мен тәрбие беру жүйесінің жаңа принциптерін қалыптастыруды ең негізгі міндет етіп қойып отыр.

Президентіміз Ш.М.Мирзиёев «Біз өз алдымызға елімізде Үшінші Ренесанс негізін құруда ұлы мақсатты қойған екенбіз, ол үшін жаңа Хорезмилар, Берунилер, Ибн Синалар, Мырза Ұлықбектерді, Науай және Бабырларды тәрбиелейтін ортаны және жағдайларды жаратуымыз керек. Мұнда ең алдымен, білім мен тәлім-тәрбиені дамыту, салауатты тұрмыс салтын қалыптастыру, гылым мен білім және инновацияларды өркендешу ұлттық идеямыздың негізгі бағаны болып қызмет етуі қажет»<sup>1</sup> - деген болатын. Демек, әлемдік білім кеңестігінен орын алуда білім мазмұнын байыту, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, жан-жақты дамыған, өз елін сүйетін тұлға қалыптастыру ең өзекті мәселелердің бірі.

Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту үдерісін түбекейлі өзгеріске отырып, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың жаңа жолдарын қарастырады. Мұның өзі білім мен тәрбие берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамтыудың нәтижелі болуын үйімдастыра білуді, оқушылардың білімді өз ізденісі мен белсенділіктерін арттыруға бағыттайды.

Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген асқан сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі пәннің орны ерекше.

<sup>1</sup> Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің Олий Мажлиске жолдауынан «Нұрлы жол» газеті №104. 30 декабрь 2020 жыл.

Стилистика тіл білімінің негізгі салаларының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолдануын өзінің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен байланысты. Ол сөз ішіндегі дыбыстардың жүйелі жұмсалуын, морфологиялық сөз тұлғаларымен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластыру жақтарын қарастырады.

Стилистика сөйлеу тілі, әдеби жазба тілі, оның әрбір салаларындағы стильдерін қамтиды. Сөйлеу, жазу барысында белгілі бір әдеби нормаға сай дұрыс әсерлі қолдануын, көңілдегі көркемдіктердің ойының тіл арқылы айқында көркем жеткізілуін, эмоционалды-экспрессивті бояуы бар амал-тәсілдерді орынды қолдануды үйретеді. Қазақ халқының қымбат қазынасы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің сөздік қорын мол қамтитын сауатты пайдалана білуге үйретеді.

Көркем әдебиеттегі А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ф.Мұсірепов шығармаларының стильдік ерекшелігі, тілдерінің көркемдігі, енгізген жаңа сөз үлгілері, сөздік, лексикалық байлығы талданады.

Стилистика тіл білімінің негізгі салаларының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолдануын өзінің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен байланысты. Ол сөз ішіндегі дыбыстардың жүйелі жұмсалуын, морфологиялық сөз тұлғаларымен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластыру жақтарын қарастырады.

Стилистика сөйлеу тілі, әдеби жазба тілі, оның әрбір салаларындағы стильдерін қамтиды. Сөйлеу, жазу барысында белгілі бір әдеби нормаға сай дұрыс әсерлі қолдануын, көңілдегі көркемдіктердің ойының тіл арқылы айқында көркем жеткізілуін, эмоционалды-экспрессивті бояуы бар амал-тәсілдерді орынды қолдануды үйретеді. Қазақ халқының қымбат қазынасы ауыз әдебиеті мен

жазба әдебиетінің сөздік қорын мол қамтитын сауатты пайдалана білуге үйретеді.

Көркем әдебиеттегі А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ф.Мұсірепов шығармаларының стильдік ерекшелігі, тілдерінің көркемдігі, енгізген жаңа сөз үлгілері, сөздік, лексикалық байлығы талданады.

*Пәнді оқытудың мақсаты:* студенттерді стилистикағылымының теориялық негіздерімен таныстыру, қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мағлұмат беріп, оларды ажыратудың жолдарын көрсету, студенттерге стилистикалық норманы меңгерту, сөздердің, басқа да тілдік тұлғалардың қолданылуына қарай туындастырын мағыналық реңктерін, стильдік қырларын ажыратса білуге үйрету.

*Пәнді оқыту міндеттері:*

- студенттердің сөйлеудің әртүрлі стильтерін, қазақ тілінің синонимдік барлық байлығын, әралуан құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдыларын дамытып жетілдіру;

- болашақ тілші - мұғалімдерді оқушылардың стилистикалық дағдыларын қалыптастыруға баулып дайындау;

- студенттердің тілдік талғамын, сөйлеу мәдениетін арттыру.

Қысақасы, мұғалім мектеп оқушысын бұрынғыдай өз талабына ғана тәуелді ете оқытудан бас тартуға, қабілетіне, сұранымына қарай ынтымақтастықпен жұмыс істеуге баулу керек.

## ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАР БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

### 1-тақырып. Стилистиканың жалпы мәселелері

#### Жоспар:

1. Стилистика пәнінің міндеті мен мақсеті
2. Жалпы халықтық тіл және оның түрлері
3. Әдеби тіл және оның нормасы
4. Әдеби тілдің стильтер жүйесі
5. Қорытынды.

**Тірек түсінік:** Стилистика – стильтер жинағы. Қарапайым сөздер, ауызша және жазбаша тіл. Стилистиканың тіл салаларымен байланысы.

Стилистика – тіл білімінің бір саласы. Орыс тіл білімінде стилистика мәселелерінің зерттелуі контен бері қолға алынып, бұл салада біраз еңбектер де жарияланды. Солардың ішінен А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Т.В.Винокур, А.И.Ефимов сияқты зерттеушілердің еңбектерін айтуда болады. Стилистиканың бір қатар проблемалық мәселелері 1954-жылы «Вопросы языкоznания» журналы үйімдастырған пікір талас материалдарында да қамтылған.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі – стиль. Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі, стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. Стиль – латынша *stylos* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тіліндегі – стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Лингвистикада «стиль» жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты коптеген мағынада қолданылып келген. Стиль терминінің алғашқы мағыналары қазір де жойылмағандықтан сол үгымдар негізінде стилистиканы тіл білімінің маңызды

саласының бірі деп тануға болады.

Стилистиканың анықтамасы, зерттейтін мәселелері, шектес ғылымдармен байланысы, оқытудың мақсаты мен міндеттері, негізгі бағыттары мен түрлері.

Стилистикада ең басты назарда болатын екі бағыт бар. Олардың бірі - мәтіннен тыскары стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер). Бұл аспектіні тіл ресурстары стилистикасы деп те аталады. Зерттеу нысандарының (объектілерінің) ауқымына, көлеміне байланысты жалпы стилистика, салыстырмалы - салғастырмалы стилистика, ішінara стилистика және дара (индивидуалдық) стилистика болып бөлінүй. Жалпы стилистика тілдің қай топқа, қай класқа жататынына қарамастан, тіл атауларына ортақ стилистикалық проблемалар мен мәселелерді қозғайды. Лингвистикалық стилистиканың анықтамасы, басты ұғымдары мен категориялары, әр түрлі топтарға жіктелуі.

Салыстырмалы - салғастырмалы стилистика әр тілдің ярустарында ұлттық өзгешеліктердің болатыны сияқты, тілдік құралдардың қолданылуына да бір заңдылыққа бағына бермейтіндігі туралы. Стилистиканың салыстырмалы және салғастырмалы түрлері, ұқастықтары мен айырмашылықтары.

Екі сөзден біріккен атауды (салыстырмалы - салғастырмалы) контрасивтік стилистика қатарына жатқызуышылық. Контрасивтіліктің жайы сәл басқаша екенін айта кету жөн болар. Мұндай жағдайда көбіне - көп салыстырылып немесе салғастырылып отырған тілдердегі стильдік құралдардың жұмысалу реттерінде айырмашылықтарға, қарама-қайшылықтар мен қарама-қарсылықтарға көбірек көніл бөлінеді де, олардың арасындағы жақындық пен ұқастықты зерттеуді басқа ізденушілердің міндеті болып саналуы.

Салыстырмалы стилистика мен салғастырмалы стилистиканың бір-бірінен айырмадына келетін болсақ, мынадай жайды ескеру қажеттілігі. Салыстырмалы

стилистикада туыстығы алыс тілдердің стилистикалық немесе стиЛЬДІК құбылыстары жарыстырыла сөз болады. Мәселен, ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі бірыңғай мүшелердің стилистикалық қызметі немесе неміс тілі мен қырғыз тіліндегі зат есім сөздердің қолданылысы т.с.с. зерттеу жұмыстары осы салаға жатқыза отырып зерттеу әдістері.

Салғастырмалы стилистика туыстығы жақын тілдердің фактылары негізінде стилистикалық зерттеу жұмыстарын қамтитындығы. Мәселен, қазақ және қырғыз тілдеріндегі сын есімнің стилистикасы немесе түрік және әзіrbайжан тілдеріндегі сөздердің орын тәртібінің қолданылуы т.с.с. мәселелер туралы зерттеу еңбектердің маңызы.

Салыстырмалы -салғастырмалы деп қоса-қабат айтылуы датегінемес. Бұл саладада зерттеулер барышылық. Мәселен, неміс, иқырғыз және қазақ тілдеріндегі синонимдердің стилистикалық қызметі немесе ағылшын, француз және өзбек, түрік тілдеріндегі метафоралардың қолданылуы жайлы сөз болатын зерттеулерді осы тұргыдағы еңбектер. Ол арқылы ұлттық стиЛЬДІК жүйенің ероекшеліктерін анықтау қажеттілігі. Ишінara стилистика нақтылы бір ұлт, халық тіліндегі стилистика мәселелерін көтереді.

Қазіргі пайдаланып жүрген қазақ, өзбек, қырғыз, орыс, неміс тілдері стилистиканың оқулықтары мен іргелі зерттеулер мұның мысалы болып табылады. Дара немесе индивуальдық стилистика деп аталағы жүрген стилистиканың түрі жеке автордың, жеке шығарманың немесе жеке жанрдың стилистикасын зерттеу нысаны болуы. Мәселен, М.Әуезовтің стиліне арналса немесе оның бір шығармасына, айталық. Қорғансыздың күніне арналса, ол ізденістен осы бағыттағы зерттеу жұмысы болғаны. Сондай -ақ кеңсе қағазының тіл туралы, бір ғалымның монографиясының тіліне қатысты т.с.с. жөніндегі үлкенді -кішілі стилистикалық еңбектер осы салаға жататын

қарастыру.

Лингвистикалық стилистиканың мазмұны мен бағыттарын айқындайтын ең басты түрлері – функциональдық стилистика мен тіл ярустары стилистикасы.

Функциональдық стилистиканы екінші бір ретте қолданыс тілі стилистикасы (стилистика речи) деп те атайды. Қалай болғанда да, стилистиканың бұл түрінің басты бағыты – шығарманың, мәтіннің құрылымы ондағы тілдік құралдардың орнымен қолданып, тыңдарманға немесе оқырманға ойды мұлтіксіз жеткізуді қадағалау. Шығарманың (бұл жеке шығарма ғылыминың барынша кең мағынада екенін еске сала кетейік) болмысында саналы немесе кездейсоқ ауытқулар, қателіктер бола беруі әбден мүмкін. Функциональдық стилистика мәселенің бұл жағына да назар аударады, демек, ол олқылықты қалай толтырудың, кешің тұстарды қалай түзеудің жолдарын көрсету қызметі қарастырылады.

Стилистика және прагматика. Прагматика және стилистиканың бірігуінің нәтижелері. Стиль және прагматикалық фактор туралы. Стильдің анықтамасы, түрлілігі, стиль анықтамасы туралы ғылыми көзқарастар. Қазіргі стилистиканың жалпы филологиялық, тілдік немесе әдебиеттік түрғыдан белінуі де оның мазмұны мен бағыттарының әр түрлілігін көрсетеді. Қазіргі тіл білімінде стилистиканың даму бағыттарының біrnеше түрі өте маңызды орын алады. Олардың қатарына ортостилистика, функциональдық стилистика, көркемдік тәсілдердің стилистикасы, прагмалистика жатады.

Жалпы тіл ғылыминда стилистиканың даму бағыттарының жоғарыдай түрлерінің пайда болуы, стилистика мәселесінің өте күрделі ғылым саласы екенін көрсетеді. Қазіргі жалпы қазақ стилистикасының көкейтесті мәселелері мыналар болып табылады: қазақ әдеби тіл тарихындағы стильдердің пайда болуын қайта қаралу; көркем әдебиет тілін лингвистикалық поэтикамен

байланыста зерттеу; мәтін стилистикасының өзіндік құрылымы мен жүйесінің мәселелерін айқындау; сөз, сөз жанрларының, сөйлеу актілеріндегі құрылымының стилистикалық жетістіктеріmentiмділігін прагматикамен бірге қаралу; стилистикалық коннотация, стилистикалық категория, стилистикалық норма және оның статусын көтерудегі прагматиканың ролін анықтау т.б. стиль түзуші тілдік емес факторларды ғылыми түрғыдан саралу (паралингвистика, прагматикалық фактор, ойлау стилі т.б.).

Стилистиканың мән-мазмұны мен тілдің функциональдық аспектісі динамикалы болып келеді, стиль өзінің табиғаты жағынан динамикалы және функциональды құбылыс ретінде танылады. Қазіргі көптеген лингвистикалық зерттеу нысандары бола алатын өзінің жаңашылдығымен ерекше көзге түсетең прагматика мәселесі стилистика ғылыминдаған өзінің көп аспектілік ролін жан-жақты көрсете алады. Тіл білімінде стилистиканың жалпыға бірдей қалыптасқан анықтамасы жоқ. Мұның бір себебі өзінің қалыптасуы барысында тіл білімінің бұл саласы әр түрлі бағыттардың құрамында дамыды. Алғашқы кезде көркем тілді зерттеу аясында дамыса, соңғы кездері оның зерттеу нысаны әлдеқайда кеңейіп, тармақталған түсті. Барынша жалпы мәнінде алсақ, стилистика тілдің мәнерлі құралдары туралы, сонымен қоса тілдік құралдарды сөйлеудің мазмұнына, қарым-қатынастың мақсатына, жағдайы мен саласына сәйкес қолдану, яғни тілдің қызмет ету заңдылықтары туралы ілім деп анықтауға болады. Қарым-қатынастың анағұрлым жинақталған, әлеуметтік мәнге ие болған ондай салаларына ғылыми, көркем, публицистикалық, реңсі және түрмисстық салалар жатады. Функциональды стильдер осы салаларға сәйкес ажыратылады. Кейде стилистиканы тілдің мәнерлегіш құралдары туралы ілім деп те анықтайады. Ондай жағдайда стилистиканың

функционалдық жағы ескерілмей, ол тек тілдің стилистикалық боямалы құралдарын зерттейтін болып шығады. Сонымен қатар, стилистиканы функционалды стильдер туралы ғылым деп қана қарау да жеткіліксіз, өйткені стилистика ілімі тілдің стилистикалық қорын (ресурстарын) зерттеуден бастауалады, әрі стилистикалық қор функционалды стильдерді қалыптастыруға да уақыт өте келе белсенді қатысады. Сонымен, жоғарыдағы анықтаманы жалпы стилистикаға тән анықтама деуге болады. Жалпы стилистика зерттеу бағыттарына қарай іштей тармақталады. 1. Контекстен тыс түрде тілдің стилистикалық қорын зерттейтін саласы — құрылымдық стилистика. 2. Тілдің әртүрлі қарым-қатынас саласында қолдану заңдылықтары туралы ілім — функционалды немесе қолданымдық стилистика. 3. Көркем әдебиет стилистикасы. 4. Нормативті, практикалық стилистика.

Құрылымдық стилистика тілдік құралдардың стилистикалық сапа-қасиеттерін олардың нақты қолдану жағдайына қатыссыз түрғыда зерттесе, қолданымдық стилистика, керінше, тілдік құрылымдардың қызмет ету ерекшеліктерін олардың белгілі бір жағдайларда (мысалы, белгілі бір жанрлық ерекшелікте, ауызша, жазбаша т.б.) қолдануымен байланысты қарастырады.

Көркем әдебиет стилистикасы тілдік құралдардың ерекше салада, ерекше жағдайдағы қолданысын: көркем шығармада өнер тудыруши, өнер құбылысы ретіндегі қолданысын, яғни көркем шығармадағы өмірін зерттейді. Ал, практикалық стилистиканың міндеті — стилистикалық тілдік мәдениетті қалыптастыру. Бұған негіз болатын тілдің стилистикалық қорын және оның қызмет ету заңдылықтарын менгеру, мұның өзі сөз қолданудың стилистикалық нормағасағайесдағдысын қалыптастырады. Бұлардың ішінде тілдің стилистикалық қорын зерттейтін құрылымдық стилистика саласы — әріден келе жатқан дәстүрлі сала. Оны сипаттама стилистика десе де болады. Ол тілдің стилистикалық бояуға ие құралдарын, тілдік

тұлғалардың (дыбыстан мәтінге дейінгі) мәнерлегіш мүмкіндіктерін, мағыналық-қолданымдық реңктерін зерттейді. Жазушы тілінде қолданылатын көріктеуіш-бейнелеуіш құралдар да осы стилистиканың қарамағына жатады. Тілдің стилистикалық синонимдік қатары — оның негізгі зерттеу аймағын құрайды. Бір сөзben айтқанда, жалпыхалықтық тілдік қордың (байлықтың) стилистикалық құрамын зерттейді, ал ол стилистиканың негізгі базасын құрайды.

Филология ғылымында стилистика, стиль сөздері ертеден қолданысқа ие. Ресейде 19, тіпті 18 ғасырдан стилистиканың жекелеген аспектілеріне арналған зерттеулер шықты (мысалы, әртүрлі көркем шығармалардың не жазушылардың тілі, стилі туралы), теориялық сипаттағы еңбектер де жарық көреді. Алайда, ғылыми пән ретінде стилистика 20 ғасырдың 20-30 жылдарынан қалыптаса бастайды, ал оның бір тармағы болып саналатын функционалды стилистика 50 жылдардан бастап белсенді түрде зерттеу объектісіне айналады.

Стилистика, стиль үғымының мәні тілдің коммуникативтік аспектісімен, тілдің қолданысымен, қызмет ету жағдайымен тығыз байланысты. Бұл мәселелеге көңіл бөлу 19 ғасырдың аяғы 20 ғасыр басындағы тілші ғалымдардың еңбектерінен бастау алады: В.Гумьольд, Ф. де Соссюр, А.А.Потебня, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Е.Д.Поливанов, Л.П.Якубинский, Р.О.Якобсон, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур т.б.

Функционалдық-стилистикалық зерттеулер, әсіресе, еткен ғасырдың 60 жылдарынан, тіл ғылымының тілдің құрылымын зерттеуден оның қызметін (тілдің тұрақты күйінен даму жағдайын) зерттеуге ауысуынан бастап белсенді жүргізіледі. Стилистиканың қалыптасусы әдеби тіл нормасы мәселелерін зерттей бастауға да тығыз байланысты (чех ғалымдары: В.Матезиус, В.Гавренек, Э.Косериу және орыс ғалымдары В.В.Виноградов,

Г.О.Винокур т.б. еңбектері).

Стилистиканың қалыптасуына тіл ғылымының ұсақ бірліктерді зерттеуден ірі бірліктерге ден қоюы да (дыбыстардан - мәтінге қарай) əсерін тигізді. Стилистиканың дамуына әдеби тіл, тіл мәдениеті мәселелерін зерттеу де өзіндік үлес қосты. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына байланысты стиль, сөз мәдениеті мәселелері одан әрі өзекті бола түседі. Мәтін лингвистикасы, pragmatika стилистикалық зерттеулердің кейбір жаңа бағыттарын туғызды. Ю.С.Степанов: Қазіргі уақытта ұлтық мәдениетті, тілді және психологияны зерттеу стилистиканың (тіл ғылымының бір саласы ретінде) пайда болуымен одан әрі нақтылана, айқындала түсті,- дейді.

Стилистика, сонымен, өзінің сипаты, мәні жағынан — функционалды сипатқа ие (оның даму тарихы соны дәлелдейді). Бұл теориялық ғылым бола тұра, оның қолданбалы, тәжірибелі маңызын жоққа шығармайды. Керінше стилистиканың дамуы (функционалды стилистиканың) тілді оқыту әдістемесіне, басқа қолданбалы салалардың дамуына ықпалын тигізді. Лингвостилистика тілдік теорияның іргелі мәселелерін зерттейді (мыс, тілдің әлеуметтік табиғаты, оның құрылымдық және функционалдық аспектілерінің байланысы, қызмет ету заңдылықтары, тіл мен ойлаудың байланысы). Тіл ғылымы тарихындағы ұлы жаңалықтардың бірі — тілдің қос қырлылығының (жүйелілігі мен қызмет ететіндігі, қозғалмалылығы) ашылуы болды. Тіл осы екеуінің бірлігінен тұрады. Мұның бір жағы -құрылымдық-жүйелік жағы, жеткілікті дәрежеде зерттелсе, функционалдық жағы (сөз тудырушылық аспектісі) енді ғана зерттеле бастады.

Тіл — өте күрделі, көп қырлы құбылыс. Сондықтан оны бірден тұтастықта алып зерттеу мүмкін емес, жеке бір қырынан келіп: логикалық, құрылымдық-жүйелік, психологиялық т.б. зерттеуге болады. 20 ғасыр тіл

ғылымының үлкен жетістігі деп тілдің жүйесін, оның құрылымдық үйымдасуын жан-жақты қарастыруын айтуға болады. Бірақ бұл тілдің кейбір мәнді белгілерін анықтауға жеткізе алмады. Соңғы кездері тілді зерттеуде коммуникативтік-функционалдық бағыт кең өріс алғып, тілдің функционалдық жағына, сөйлеуге, мәтінге көңіл бөліне бастады. Шынында, тілді тек жекелеген бірліктердің жүйесі деп анықтау жеткіліксіз, өйткені жеке тілдік бірлік болсын, не, тіпті, тілдің тұтас жүйесі болсын әлі коммуникативтік қызметтің нақты жүзеге асуы тіл шынайы қарым-қатынас процесінде қолданысқа түскенде ғана мүмкін болады. Тек осы жағдайда тіл ақпарат тасуышы жүйе түрінде көрінеді. Тілді жүйе мен оның қызметінің (қолданымының) бірлігі ретінде түсіну ғана оның қатысымдық табиғатын толық түсіндіре алады. Мұнда қызмет ету дегенді тек тілдік жүйені сөйлеу актісінде пайдалану ғана деп түсінбей керек, сонымен қатар тілді жалпы қарым-қатынастың мақсаты мен міндеттерін орындау үшін тілдің көптеген сыртқы факторлардың əсерімен қолданысқа түсіу дегенді білдіреді. Бұл сөйлем — айтылымның мағыналық жағын байытады. Сөзде заттардың (олардың әртүрлі топтарының) белгіленуі, ұғымның бейнеленуі қарым-қатынас үшін, тілдің қатысымдық мүмкіндіктерін жүзеге асуру үшін әлі де жеткіліксіз болады. Қарым — қатынас процесінде контексте сөздердің жалпыланған мағыналарын нақтылау жүріп жатады. Өйткені тілдік тұлғаларды (тіпті, сөздерді) сөйлеушілер шамамен бірдей мағынада қолданады. Сондықтан сөйлеу кезінде (əсіресе, жазба түрдегі) сөз азабы деген туады (ол ақын, жазушыларға ғана тән емес). Ауызша сөзде дәлсіздіктердің, оғаш құрылған сөйлемдердің болуы сондықтан. Қарым-қатынастағы мұндай кедергілер вербалды емес амалдардың (ым,

мимика) көмегімен игеріледі.

Сөйлеу (ауызша болсын, жазбаша болсын) — шығармашылық процесс, ол аз дәрежеде автоматтандырылған және ертүрлісаладабірдей болмайды. Тілдік қатынаста стандарт, әрине, негіз, тірек қызметін атқарады, бірақ толыққанды, тиімді қарым-қатынас жасау үшін тілдің бұл қасиеті жеткіліксіз. Өйткені шыныайы қарым-қатынастың алдын-ала болжап болмайтын нәзік ірімдері толып жатады. Сөйлеу қызметінің шығармашылық сипаты туралы Л.В.Щерба былай деп жазды: Сөйлеу процесінде бұрын айтылғанды немесе естігенімізді жиі қайталасақ та, алайда... сөйлеуде бұрын естімеген тұлғаларды, сөздерді жиі қолданамыз, қолданып қана қоймаймыз, үнемі жаңа тіркесімдер жасап отырамыз. Тілдің қолданысы тілдік тұлғалардың мағынасын синтагматика қағидалары бойынша жай қоса салу деген емес, сондықтан сөз (сөйлеу) оны құру үшін пайдаланылған тілдік тұлғалардың мағыналарының механикалық қосындысынан тұрмайды. Өзара түсінісу қарым-қатынас контекстінде пайда болатын жаңа қолданымдардың көмегімен (солардың негізінде) жүзеге асады. Мысалы, тілдегі жаңа қолданыстар: метафора, метонимия т.б. (сөздердің, тіркестердің жаңа мағыналары) тіл жүйесінде алдын ала белгіленбейді, сондықтан белгілі бір кезеңге дейін ешкімге белгісіз болады, алайда тыңдаушы адам оны бірінші рет естігенде оның мағынасын бірден түсінеді (контекстегі белгісіз сөздерді түсіну тілдің осы қасиетіне негізделеді). Сөздің шығармашылық аспектісі айтылғанның (жазылғанның) ерекше мәнерлілігіне, әсерлілігіне байланысты, ал бұның өзі стилистикалық құбылысқа жатады. Тіл жүйесінің құпиялылығы — оны шығармашылық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігінде жатар.

Тіл мен сөз (сөйлеу), дәлірек айтқанда, тілдің жүйелік (құрылымдық) және қолданымдық аспектілері өзара бірлікте, бірақ бірдей емес. Қолданыс кезінде тілдің бай шығармашылық мүмкіндіктері ашылады.

Олар тілден тысқарғы шекіз жағдаяттар мен әсерлерге байланысты әрдайым жаңадан туындала отырады. Тіл жүйесінде алдын ала қалыптастырылған мағыналық мазмұн электронды есептегіш машиналары (ЭЕМ) үшін, әрине, тиімді, бірақ ол тілдегі шығармашылықты жоққа шығарады. Шынында, табиғи тұрғыдағы тіл мен ойлау тілдегі осы жалпыланғандық пен қалыптылықты (стандарттылықты) әрдайым еңсеріп отырады. Тілдің жоғарыдағы белгілері (дайын ұлғі, стандарттылық) — бұлар әрі қажетті, әрі пайдалы да, бірақ олар тілді қолдану процесінде кедергілер де жасайды. Тілдік жүйенің коммуникативтілігі толық көлемінде тек қарым-қатынас процесінде ашылады. Тілдік құралдардың барлық стилистикалық-мағыналық реңктері, мәнерлілігі, стилистикалық әсері, орындылығы, қажеттілігі тілдің қолданысында ғана айқындалады. Сөйтіп, тілдің стилистикалық феномені, яғни тілдегі стилистикалық мән о бастаң функционалдық сипатқа ие. Тілді танып білу және оны сипаттау үшін жүйелілігіне қоса оның функционалдық аспектісін де ескеру керек. Сондықтан тіл грамматикасымен қоса жұмсалым грамматикасы (функционалды грамматика) да пайдаболып дами бастанды.

Стилистика – ең алдымен стиль туралы ғылым. Стиль - деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылуу принциптерін айтамыз. Тіліміздегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан басқа осындағы қосымша реңін эмоциональды-экспрессивті бояу дейді. Оларды сондай-ақ тілдің стильтік сапасы немесе мәнерлі тәсілдері деп те атайды. Стильдік сапа немесе мәнерленетін сипат тек лексика мен фразеологияға тән құбылыс емес. Стильдік сапа стильтік бірліктердің қай-қайсысына да тән құбылыс. Морфологиялық тұлғалар мен синтаксистік құрылыштардың да мәнерлегіштік сипатын дәлелдейтін көптеген мысалдар келтіруге болады. Сөйлегіш, сөйлемпаз, сөзшен, сөзуар, сөз құмар т.б. Әр түрлі стильтік

сапа, мәнерлегіштік сипат тілдік бірліктердің барлығында да болады.

Сондықтан, стилистиканың обьектісі – лексикология, семасиология, грамматика және фонетика зерттейтін тілдегі бірліктер. Бірақ, тілдің бұл салалары тілдік бірліктердің стильдік сапасын қарастырмайды.

Лексикология және стилистика. Лексикология сөздердің шығу тегін, сөз құрамын, оның баю жолдарын қарастыrsa, стилистика сөздердің қолданылу заныңдылықтарын, сөздер мен сөз тіркестерін экспрессивтік түрғыдан дұрыс пайдалану принциптерін зерттейді.

Семасиология және стилистика. Семасиология – тіліміздегі бейнелегіш тәсілдердің мағынасын, оның өзгеру заныңдылықтарын зерттейтін ғылым. Семасиологияның стилистиканың міндегі – тіліміздегі бейнелегіш құралдарды топтастырып, олардың стиль қызметін, қолданылу заныңдылықтарын көрсету.

Грамматика және стилистика. Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу обьектісі ете алады. Ол грамматикалық құбыльстарға талдау жасайды. Бірақ, грамматикалық талдау мен стильдік талдау тәсілдері бір емес.

1) Морфология сөздердің тұлғалық көрінісін және грамматикалық мағынасын, яғни сөздердің құрылышын, өзгерілуінжәне құрамынталдап топтастырады. Стилистика ойды мәнерлі жеткізу үшін морфологиялық формаларды қандай жағдайда, қалай қолдануға болатындығын қарастырады. Яғни, морфологиялық тұлғадағы сөздердің, олардың вариантының (синонимдерінің) ішінен сөйлеу не жазу арқылы жеткізілетін ойдың эмоциональды экспрессивті рецензияларын сұрыптап қолдану принциптерін зерттейді.

2) Синтаксис сөйлемнің құрылышын, сөздердің тіркесу заныңдылықтарын қарастырады. Ал, ойды білдіретін сөйлемдердің айтылуына, қолдану тәсіліне қарай әр түрлі реңдері болады. Стилистика синтаксистік құралдардың

мәнерлілігін, оны дұрыс пайдалану заныңдылықтарын зерттейді.

Фонетика және стилистика. Фонетика тілдегі дыбыстардың жасалуын, жүйеленуін зерттесе, стилистика дыбыстарды, оларға тән белгі, интонация, қайталау, дыбыс үйлесімділігі сияқты фонетикалық ерекшеліктерді белгілі мақсатқа икемдеп мәнерлі құрал ретінде пайдалану жағын көздейді. Стилистика фонетикалық бірліктердің мәнерлі қолдану заныңдылықтарын зерттейді. Біз бұл салыстырудан әр салаланың зерттеу обьектілері де, мақсаттары да бір-бірінен өзгеше екенін байқаймыз. Сөйтіп, фонетика, грамматика, семасиология тілдің құрылышын қарастыrsa, стилистика тілдік бірліктердің қолданылу заныңдылықтарын зерттейді.

Стилистика жалпы халық тілінің стильдік жүйелерін, жалпы халықтың тілдің ауызекі және жазба түрлері, олардың өздеріне тән ерекшеліктері, әдеби тілдің стильдерін тегіс қамтиды. Тіл қоғамдық құбыльыс. Тілдің даму тарихы қоғамдық өмірмен тығыз байланысты. Тіл қоғам өмірімен бірге жасап, бірге дамиды. Қоғам мүшелерінің бір-бірімен қатынасы. Олардың бәріне бірдей түсінікті ортақ тіл арқылы жасалады. Ол ортақ тіл жалпы халықтың тіл деп аталады. Қолдану ерекшелігіне қарай жалпы халықтың тілдің ауызша және жазбаша түрлері болады. Мұнда ескертетін бір жай «ауызша», «сөйлеу тілі» мен «жазбаша» және «кітаби» дегендерді бір-бірімен мағыналас деп қарауға болмайды. Сондай-ақ, тіл мен сөздің де өз алдына жеке ұғымдар екенін ескерген жөн. Тіл құрайтын элементтер морфема, сөз, сөз тіркесі және сөйлем. Бұларды тіл жүйесі деп атайды. Сөздің ішкі мазмұны, сыртқы формасы болады.

Сөз ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Ауызша сөйлеуде әр түрлі сазды үн шығады, яғни адамдар айтайын деген ойын бір-біріне тіл арқылы жеткізеді. Жазбашада ой қағазға жазылып жеткізіледі. Жазу – белгілі бір мәтін. Бұл түрлі мәтіндер (газет, журнал, кітаптардағы материалдар)

әр жай, күйді білдіріп хабарлайды. Ал хабар – тіл фактісі. Мыс: Абайдың шығармасы – жалпы тіл фактісі. Сөйлеуде жазу да – тіл фактісі болып есаптеледі.

Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жүлдзызы әдеби тіл. Өйткені, соңғы – екшелген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түскен стандартты әрі ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусынданған, көркем, өткір тіл. Әдеби тілге тән белгілер – оның нормалық сипаты, стильдік тармақтарының саралануы, жұмысалу кендігі т.б.

Әдеби тілге қалыптасқан нормалар тән. Халық тілінің байлығы ұшан-теңіз әрқиыл: онда жалпы халыққа ортақ дыбыс, сөз байлықтары, грамматикалық құрылыштары болумен қатар, диалектілері де, түрліше айтылып, түрліше ұғынылатын сөздер де, бұзылып-құбылып айтылатын грамматикалық тұлғаларда бар, жаргон сөздер де бар. Солардың бәрі бірдей «алтын қазына» емес.

Әдеби тіл керегін ауызекі сөйлеу тілінен алғанда, таңдал, сұрыпта, екшеп, әдебиет елегінен өткізіп алады. Олар көркем әдебиетте, газет-журналда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, барлық қарым-қатынас, іс-әрекетімізде дәстүрге айналып, жүйелі қалыпқа түседі, жалпыға ортақ тілдік әдеби нормалар пайда болады. Бұлар тілдің өн бойында – фонетикада, орфоэпияда, орфографияда терминдер де, төл, басқа да кірме сөздерде, грамматикалық құрылышта бар.

Тілдік норма – тілдегі бірізділік. Тілдік нормалар әдеби тілдің әр кезеңінде әр түрлі болып, олар да әдеби тілдің ілгері даму талабына сай өзгеріске ұшырап отырады. Мыс: Қазан төңкөрісінен көп жылдар бұрын қазақ әдеби тілінің өзара тайталасқан екі түрі болды: бірі – шағатай әдеби тілімен ұласқан кітаби ақындар әдебиеті және оған қарама-қарсы демократиялық бағыттағы әдебиет. Алдыңғы әдеби тілде жазғандар үшін, мысалы: мемнат, миллат, ғұмыр, мұбада, ғамал, хакім, харам, уағда, тоғры, сұрадылар, бірлән, айтылмыш деген сияқтылар

норма болса, демократиялық бағыттағы әдебиет оларды халықтың сөйлеу тіліндегідей, ауыз әдебиеті дәстүрі негізінде өзгертіп, жаңа нормалар орнатты. Сол дәстүрлер Абай, Ұбырайлардың заманымен, іс-әрекетімен ұласып келіп, қазіргі әдеби тіл теңізіне айналды емес пе? Кеңес дәүірінің алғашқы жылдары қазақ әдеби тілі үшін ерекше бір кезең болды. Сол тұста түрлі себептермен орыс тілінен енген ұғымдарды, интернационалдық терминдерді қалайда қазақша айту керек деген бағыт үстем болды да, жандарал (генерал), алпауыт (помещик), жағрапия (география), кіндік (центральный, қазіргі орталық) сияқтылар нормаға айналған болатын. Кейін ондайлар өзгертіліп, жаңа ұғымды нормалар орнатылды.

Тілдің әдебиеттік нышанының бірі – жазу. Халық тілі жазба әдебиет арқылы өзінің нормалық қасиеттерін жетілдіреді және оның жаңа нормалары жасалады. Сондықтан әдеби тіл халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты. Баспа сөз тіл жауапкершілігін арттырады. Әдебиеттің елеулі, әрі күрделі саласы – көркем әдебиет болса, ол алдымен поэзия, проза жанрлары негізінде дамып келеді. Сонымен қоян қолтық, бірақ әр кезеңде әр түрлі дәрежеде дамып келе жатқан басқа әдебиеттер, газет журналдар, ғылыми еңбектер, ресми іс-қағаздары, окулық, оқу құралдары, бәрі де айналып келгенде, халықтың жазу мәдениетіне тіреледі. Жазуы жоқ халықтың әдеби тілі жоқ болса, ауыз әдебиеті болды. Оның тілі шын мәнінде әдеби тіл болып есептелмейді. Өйткені жазба тіл – баспасөз тілі, тілдің әдебиеттілігінің басты белгісінің бірі. Баспасөз, халық тілінің байлықтарын екшейтін елегі. Баспасөз әр тілдің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құрылыштарын жақсартып, нормаға түсіріп, сымбаттылық қасиетін арттыра түседі. Әрине жазу пайда болысымен әдеби тіл пайда болмайды және де қағаз түскеннің, баспаға басылғанын бәрі бірдей әдеби тіл үлгілері деуге болмайды. 1988-жылдары қазақ тілінде «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» деген газеттер шығып тұрды, бірақ олармен

бірге мерзімді баспасөз тілінің стилі қалыптасты дей алмаймыз. Өйткені, олар «Егерде кімде-кім оба науқасына ұшырап қалған мезгілде керек-дүр қылмақтық тәменде айтылмыш нәрсені» сияқты тіл қотыр мақалалардан көпке дейін арыла алмады. Дегенмен, қазақша жатық жазылған материалдар көбейе-көбейе келіп, олардың тілі біртіндеп бөгде сөздерден арылып, ерекше стильдік қасиетке ие болды. Сондықтан оларды публицистикалық әдеби тіл стилінің басы деуге болады.

Әдеби тілдің осылай қоғамдық қызметі артып, оның халық тілімен, халықтың бұрынды-соңғы әдеби мұраларымен байланысы күштейтіп, даму нәтижесінде оның екі түрі қалыптасты: бірі – баспасөз тілі – жазба әдеби тілі де, екіншісі – ауызекі сөйлеу тілінің әдеби формалары.

Сонымен, әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы нормалық қалыпқа түсіп, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан тіл. Әрине, ондай қазақ әдеби тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылышы, негізгі сөздік қоры халық, ұлт тіліндегіден басқа емес, негізі бір. Бірақ әдеби тіл оның сұрыпталған, кемелденген түрі, сондықтан халық **тілінің жоғары формасы дейміз**. Оның дамуына ат салысу – әрбір саналы азаматтың абырайлы міндеті.

Ал, әдеби тілді жеке кісінің жасауы мүмкін бе? Қазақ тілі жайындағы әдебиеттерде қазақтың әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысында жасалды, оны жасаушы – Абай, Ұбырайлар деген пікір жиі кездеседі. Абайдың қандай ақын екенін көбімізден де жақсы білген М.Әуезов былай дейді: «Әдебиеттенген тіл де – халықтың тілі. Бұлай болғанда, әдебиеттік тіл бір дәуірдің, бір ғана жазушысымен бірге туып қана қоймайды. Абайдың сөздігі мен әдебиеттік тіл жасаған ізденулерін, табыстарын алсақ, ол тек шығыс Қазақстан тілі мен жазды деу біздіңше жеткіліксіз, дәлелсіз. Ол әдебиет тілін бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтың әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен және

өз шама-шарқынша қазақ әдеби тілін жасауда белгілі дәрежеде Қазақстанның көп өлкесінің тіл қазыналығын кеңінен пайдаланып, халықтың әдебиет тілін биікке шыгарға түскен классик ақын дейміз». Бұл өте дұрыс баға Абайдың көркем әдебиет тілін дамытудағы алатын орнын ерекше екендігін аңғартса керек. М.О.Әуезов әдеби тілдің қоғамдық құбылыс, оны жеке адамның жасамайтынын жақсы білген. Бірақ, Абай сияқты классик, қайраткер тұлғаның әдеби тілдің қандай негізде, қандай бағытта даму керектігінің жақсы үлгілерін қалдырып, жөн сілтеуі – оның кемеңгер ұл екенін көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Абайдың озық ойлы әрекетіне қанық болған сол тұстагы демократиялық бағыттағы ақын-жазушылар, басқа да қалам қайраткерлері осы өнегелі үлгілерді бетке үстап, жүртшылықты соған баулыды.

Сонымен, әдеби тіл нормасы деп – адамлардың бір-бірімен қатынас жасау нәтижесінде қалыптасып бекіген, жалпы халыққа тегіс танылған тілдік құбылыстарды айтамыз. Тіл нормасы – тарихи құбылыс. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, адамдардың санасында сақталып үрпақтан-үрпаққа ұласып, дамып, жетіліп отырады. Соған орай, әр кезде тіл қолдану орнында болса, қазір «тіл нормасы», әдеби норма, әдеби тіл терминдері қалыптасты.

Әдеби тілдің стильдік тармақтарының болуы оның басты сипатының бірі. Стиль дегеніміз – тілдің қоғамдық қызметінің әрқылы орайында тілдік тәсілдердің белгілі мақсат пен жинақталған жүйесі. Қазақ халқының әдеби тілі саяси-әлеуметтік оқу-ағарту, экономикалық, ғылыми, мәдени т.б. өміріне қызмет ету басырында, олардың тіл жүмсау дағдысында елеулі өзгерістер пайда болады. Міне, сондай өзгерістердің өзара айырмашылықтары дағдысы белгілі, стильдер тобын құрайды. Олар қоғам өмірінің ариаулы салаларында жиі қолданыла жүріп, қалыптасан тілдік құралдар жүйесіне айналады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сондай стильдер жүйелерінің негізгілері мыналар:

1. Ресми іс-қағаздары мен кеңсе тілінің стилі.
2. Публицистикалық стиль.
3. Ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі мұлде басқашы.

Ғылыми әдебиет тілі стилінің ерекшелігі мыналар:

1. Ғылым зерттеу объектілерінің, табиғаттың, қоғам дамуының т.б. заңдылықтарын айқындау үшін керекті талдау, топтастыру, салыстыру материалдарына негізделетін қорытындылар жасауды керек қылады. Олардың тілінде елеулі айырмашылықтар болады.

2. Ғылыми әдебиеттер қағидалары, тұжырымдары әдетте зерттеу жұмыстарында тәжірибеде бар объективті шындықты уағыздайды. Сондықтан оның тілі жинақы, стилі қатаң, сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылыштары дәлме-дәл, тап-түйнектай болуға тиіс. Ғылыми прозаның тірекі – логикалық объективті байлам. Ғылыми стильтеге тән дәлділік әрбір ойға қатысты тек әдеби тілде бар сөздерді, әсіресе терминдерді өзара орнында, тұра мағынасында қолдануды тілейді. Ғылыми стильде тілдің эмоциялық, экспрессивтік әсерлі болуы емес, айқын, тұжырымы дәл болуы көзделеді. Әсерілеу, шенеу стильтеге тән емес.

3. Көркем әдебиет тілінің стилі – әдеби тілдің ең басты, тарихи жағынан бұрын пайда болған стильдер тармағына жатады. Оның басқа стильтерінен айырмашылығы эстетикалық қызметте жұмсалуында. Бұл стильтің ұғымы көркем әдебиет тіліндегі жеке ақын, жазушы туындылары. Олардың тілінің көріктеу тәсілдерінің ерекшеліктері. Бұнда эстетикалық талғам күшті болады.

Қорыта келгенде, функционалды стилистика тілдің қарым-қатынастың әртүрлі салалары мен жағдаяттарында қолдануының заңдылықтарын зерттейді, басқаша айтқанда, ол үшін тілдің функционалды аспектісі арнайы зерттеу пәні (предметі) болып табылады. Бір сөзben айтқанда, стилистика тілді қоғам тарапынан қолдану заңдылықтарын зерттейді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Стилистика ғылымы нені зерттейді?
2. Стилистика және стиль ұғымының пайда болу тарихы
3. Стилистиканың неше саласы бар және олар қандай маселелерді қарастырады
4. Қазақ тілінің стилистикасын зерттеуші қандай галымдарды білесіз
5. Стилистикалық мағынаның қандай жасалу тәсілдері бар
6. Жалпы халықтық тілдің түрлері қандай?
7. Әдеби тіл талаптары қандай?
8. Әдеби тіл нормалары дегеніміз не?
9. Ғылыми-техникалық стиль туралы түсінік?
10. Көркем әдеби стиЛЬДІҢ басқа стиЛЬдерден өзгешелігі?

## 2-тақырып. Стилистика пәні және оның салалары

### Жоспар:

1. Әдеби тілдің стильдері
2. Сөйлеу стилі
3. Кітаби жазба стилі
4. Іс - қағаздары стилі мен ресми стилі
5. Публицистикалық стиль
6. Ғылыми стиль
7. Қоркем әдебиет стилі

**Тірек түсінік:** Стиль - сөзі грек тілінен алған термин. Мәні: таяқша, ертеде жазу үшін қолданылған әспап.

Тілдің қоғамдық - әлеуметтік қызметіне байланысты жіктелетін әдеби тілдің функциональдық түрі. Стильдің ерекшелігіне: а) тілдік құралдардың қолданылу нормасына сайтандарапқұралуы; ә) шектелген және арнаулы лексикалық құрам; б) өзіне тән сөздердің мағыналық реңктері мен сөзжасам элементтері; в) өзіне тән фразеология; г) өзіне тән синтаксистік конструкциялар; ғ) әрбір стильге лайық мәнерлігіш құралдардың құрамы мен қызметі жатады.

Қазақ әдеби тілінде бес функциональдық стиль бар: 1) аудиокеңілдік; 2) ресми стиль; 3) ғылыми стиль; 4) публицистикалық; 5) қоркем әдебиет стилі.

Функциональдық стильтерді бұлайша топтастыру академик В.В. Виноградов атап көрсеткен тілдің қоғамдық - әлеуметтік қызметімен тығыз байланысты. Стильдің негізгі арқауы - сөйлеудің аудиоза және жазбаша формалары. Сондықтан стиль - тілдік материалды үйімдастырудың негізгі принциптерімен көзге көрініп тұратын сыртқы тілдік белгілерге сәйкес қоркемдік баяндауды сапалы түрде құру. Сыртқы тілдік белгілер әлеуметтік ортаға, тарихи кезеңге, әдеби бағытқа, жанрға, ресми құжаттарға, мектепке, жазушының жеке сез саптау

ерекшелігіне тән болып келеді.

Стильдің басты түрі фольклорға, аудиокеңілдік тілге негізделген, оқырмандарға мәнерлегіш әсер қалдыратын эстетикалық жағынан барынша ықпалды стилем болып табылады. Стиль сан алуан идеялық эстетикалық мақсаттарда: тарихи баяндау үшін, өткен кездегі әлеуметтік топтың бейнесін қалыптастыру үшін, сатириалық немесе юморлық ыңғайда жүмсалуы мүмкін. Тарихи шығармалардың қай - қайсысы да (роман, поэма, повесть, драма) сол дәүірге лайық сездің қолданылуы талап ететіні белгілі. Мұндай мысалдар қазақ тілінде де баршылық. Мысалы: тарихи көнерген сөздер, фразеологизмдердің М. Әуезовтің «Абай жолы» роман, Е. Мұсіреповтің «Оянған өлкесінде», Ә. Есенберлиннің, Ә.Кекілбаевтің, М. Мағауиннің тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларында (архаизмдер) мен историзмдер, мүмкіндігінше мол және орнымен қолданылғанына көзіміз жетеді

Е. Мұсіреповтің «Оянған өлкесі» романының стилінде көпіл аудараптық жай ортақ тәл сездің әр алуан құрылымдық түрлерін; олардың стильтік мүмкіндіктерін шебер пайдалынылады. Жазушының ортақ тәл сезді қолданудағы бір ерекшелігі: көбінесе контексте сыналай енгізіліп, білінбей автор баяндаудың айналып кетіп отырады. Мысалы: Екінші үйден Жабайға ең бір күтпеген Адамы кездесті. Ақжаулықтың үстінен бастыра ақ түбіт шалі жамылған, денелі әйел көп еркектің ортасында үнсіз мұсаюлы екен, шешінбелті де, тамақ, та ішпей отыр.

- Апау - ау, тым болмаса, шай да ішпедің ғой... Бір шыны аяқ ішші - деп селдір қара сақалды қапсағайлау адам әйелге қарады.

Әйел үндерген жоқ. Өз халіне таң - тамаша болып, түсіне де алмай отырған сияқты. Көзіне де сене алмай, Жабай да біраз тұрып қалды. Жоқ, осынша үқсас адам болмаса керек... Сол... Көпей бәйбіші!

Бұл көрініс Жабай көзімен баяндалғандықтан, ортақ

төл сөз арқылы кейіпкер ойының терең ірімдерін, ең бір ширықан сәттерін береді. Соның нәтижесінде кейіпкер бейнесі, оның мінез - құлқы, ішкі тысқы сипаты айқындала түседі. Бұл F. Мұсірепов стиліне тән ерекшелікті білдіреді. Мұндай шығармалары арқылы авторлар бір жағынан қазіргі қолданысымызға жоқ немесе өте аз ұшырасатын сөздерді айналымға түсіріп, тілдің байлығын арттырудың тағы да бір жолын көрсетіп отырса, екінші жағынан көркем бейнелер жасауда мүмкіндіктің молая түскенін дәлелдейді. Мұндайда әңгіме жекелеген лексикалық бірліктер мен фразеологизмдер төңірегімен шектеліп қалмаса керек.

Стиль барысында синтаксистік құрылымдар конструкциялар сияқты күрделі тілдік құралдардың да архаизм түрғысынан жаңартылып отырғанын да назардан тыс қалдырмау керек. Оның үстіне мұндай жайларда авторлық баяндау түрғысынан емес, кейіпкерлердің сөздер және бұл екеуінің авторлық баяндауымен кейіпкер тілі, байланысы жағынан бірлікте қарастырған жән. Стильдер жасалатын қатынастың ерекшелігіне қарай сұрыпталып қолданылу нәтижесінде дамып жетіледі. Сөйлету жағдайына байланысты, әр алуан стильдік бояуы бар стильдік ыңғайдағы тілдік құралдар пайда болады.

Тілдегі стильдердің дамып жетілуі белгілі бір жанрдың пайда болуымен байланысты. Сондықтан әдеби тілдің стилдерін топтастыруда ең алдымен жанрлық принципті негізге алу қажет. Мысалы: «Тыңдаңыздар, Алматыдан сөйлеп тұрмыз!» бен Әй, тыңдасандаршы! дегенді салыстырсақ, 1) әдеттегі қунде радиодан есітіп жүрген ресми хабар түрі; 2) үйреншікті сөйлеу тілі. Формасы жағынан екеуі де - ауызша, бірақ айтылып жеткізілуі әр басқа. Мысалы: «Ана тілін құрметтей білуді насихаттау - басты міндеттердің бірі болуға тиісті»...

Ана тілін білмеген — Ақылы жоқ желікбас,  
Ана тілін сүймеген - Халқын сүйін жарытпас.  
(Б. Сарыноғаев)

Мұнда 2 мысалда сөйлеудің жазбаша түріне жатады. Ал жазылу тәсілі жағынан: 1) публицистикалық стиль; 2) көркем сөз (поэтикалық) стиль.

Сондай-ақ ғылыми стилде оқулық жазылады, лекция оқылады «Ғылыми стиль - жазба стильдің бір түрі. Ғылыми стилде зерттеу объектісі болатын зат пен құбылыс ғылыми негізде сипатталып дәлелдеуді қажет етеді. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына, суйену қажет. Сондықтан, ғылыми стилде логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалынуда, оның өзінің ерекшелігі болады.

Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жүмсалады. Сөздің көп магыналығы образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздер болады. Мысалы: тіл білімінде: лингвистика, лексика, фразеология, семасеология, т.б., физикада: вакуум, атом, атомдық салмақ, шама т.б. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейір сөздері термин сөзге айналады. Ғылымның дамуымен жаңа ұғымдар туып отырады. Оны белгілеітін жаңа сөз -неологиямдер туады. Ғылымның белгілі бір саласында қолдану нәтижесінде пайда болған неологиямдердің өмірінің қысқа ұзақ болуы ғылымның сол саласының өмірде алатын орнына практикалық мәніне байланысты.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз — ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айырықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Оны В.Г. Белинскийдің мына бір сөзінен аңғаруға болады: «Жаратылыста сирек кездесетін әдемі әйелдер болады, бірақ оның сол сымбатты көркемдігінің жансыздығымен, таңқалдырғанымен де, онын кездесуі ешкімнің жүргегін төбіренте алмайды, оның көркемдігі».

Ауызекі тіл - ауыз әдеби тілінің бір түрі. Өйткені, ол адамдардың қатынас құралы ретінде күнделікті тұрмыста, өндірісте, жалпы қарым - қатынас жасайтын барлық саласында қолданылады. Сондай-ақ оны стилистика саласында функциональды стильдердің бір түрі деп қарастырады.

Басқа стильдерден оның ерекшелігі яғни, сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындығы. Сондықтан, тіл мәдениеті тұрғысынан бұған талап қою дұрыс емес. Өйткені, ауызекі тілдің негізгі мақсаты тікелей хабар беру, хабар алу болғандықтан, онда әдеби тіл нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері, варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер т.б. кездесуі мүмкін. Бірақ бұлар әдеби тіл заңдылығын бұзуға жатпайды.

Ауызекі тілді жалпы халықтық тілдің бір түрі ретінде сөйлеу тілінен ажыратудың үлкен мәні бар. Сөйлеудің ауызша түрі функциональдық, стильдердің барлығында «сахнадан немесе радио мен теледидардан, көркем шығармадан үзіндінің оқылуы, қаулы - қарапдың оқылуы, публицистикалық материалдың ауызша берілуі» кездеседі.

Сондықтан, ауызша сөйлесудегі, баяндама жасаудағы, радио мен телехабарлардағы сөйлеу стилі – ауыз әдеби тілі деп аталады. Мысалы: Бұғін ауа райы тым өзгеріп түр. Қазіргі кезде Қазақстан жерінде ауа райы қолайсыз жағдайға түсті. Бұғін жел бар, жауын жаумайды, - деген сөйлемдердің күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын ауызекі сөйлеу стилінің нормалары екенін байқасақ, мына бір мысалда, Тараз өңірінде күн құбылмалы, алғат бұлтты, жауын - шашын болады. Шымкент аймағында күн ашық, бірақ аздаған жаңбыр жауады, - деген теледидар хабарларының арасында қандайда бір айырмашылық, ерекшелік бар. Бұл ауызекі сөйлеу тілдің ауызекі әдеби тілге қарай бейімділігін байқатады.

Ауызекі тілдің сөз сөйлеу машығы, дыбыстау

ерекшелігі бар. Бұл ауызекі сөйлеу стилінің фонетика-интонациялық, ерекшелігі деп аталады. Сондықтан ауызекі сөйлеу, тілі интонациялар мен контекске көбірек сүйенеді. Көбіне экспрессиялы басумен бірге, ерекше синтаксистік конструкцияларды да құрайды. Ауызекі әдеби тіл мен жазба тілдің ықпалы басымырақ. Мұнда жазба тілдің басты белгісі - қолданудағы бір ізді жүйелікке негізделген үлгі - модельді ұстануы. Сондықтан, стилистикада жалпы халықтық тілдің ауызекі және жазба түрлері, өздеріне тән ерекшеліктері, әдеби тілдің стильдерін тегіс қарастырады.

Ауызекі сөйлеу стилінің фонетикалық-интонациялық, ерекшелігі: фонетика - тілдегі дыбыстардың жасалуын, жүйелінің зерттесе, стилистика дыбыстарды, оларға тән белгі, интонация, қайталау, дыбыс үйелісімділігі сияқты фонетикалық ерекшеліктерді белгілі мақсатқа икемдеп, қайткенде мәнерлі құрал ретінде пайдалану жазып көздейді. Сондықтан ауызекі сөйлеуде әр түрлі сазды үн шығады, яғни адамзат айтайын деген ойын, бір - біріне деген қарым-қатынасын үнді тіл арқылы жеткізеді. Солай етіп, бірінің айтқанын бірі естиді. Сөйлеуде есту сезімі қатысады.

Ауызекі сөйлеу стилі интонациялық құбылмалыққа бейім тұрады. Ол тілге әр түрлі мәнерлілік, әуезділік сипат береді. Сол себепті фонетикалық - интонациялық ұғымға: сөйлеу темпі, сөйлеу сазы, дауыстың құбылуы, екпін т.б. енеді. Ауызекі әдеби тіл: диалог және шешендік тілі деп екіге бөлінеді. Диалог түрінде сөйлеу тілі күнделікті қарым-қатынаста қолданатын ауызекі сөйлеу тілі. Ал шешендік тілге сөйлеу мәдениетіне тән сөз түлету тәсілі жатады. Мұнда арнайы стильтік мақсатпен лексеманың негізгі мағынасынан туындаған ауыз екі мағынасын қолдану, лексикалық элементтің семантикасына өзгеше астар беріп, ежелгі бейнелі сөз саптау әдісі арқылы ең сұрыпталған, синтезделген сөз қолданыс амалдары таразылынады.

Белгілі бір стильтік мақсатта сөздің ішкі

потенциалын ашу, оны бейнелі, перкелі кейіпте түрлентіп, жаңа мағынада түлетіп айту - ауыз екі сөйлеу тілін нормалаудағы амал -тәсілдердің бірі. Ауызекі сөйлеу стилінің мәдениеті тілдік нормаға келіп тірелсе, ал ауызекі тілде лингвистикалық (тілдік) факторлармен бірге, тілден тысқары экстраглигвистикалық факторлардың да жарыса пайдалынылуы өзіндік ерекшелігі болып табылады. Бұған, мысалы сөз болып отырған оқиға тыңдаушысына түсінікті болса да, бет пішінінде, қолының қозғалыстары, дауысты көтере сөйлеуі мен сыйырлай сөйлеуі т.б. ауызекі сөйлеу тілінің лингвистикалық, экстраглигвистикалық белгілер болып есептеледі.

I. Ресми қатынастар аясында қызмет ететін функциональдық стильдердің бірі. Ресми құжаттар мен іс-қағаздарының стилі деп атау да кездеседі. Бірақ мұндай шұбаланқы атаудың тілдік жағынан үқсастығы ескеріліп, қысқаша және түсінікті түрде «Ресми стиль» деген тоқтам жасалды. Ресми стильтеге тілдік түрғыдан қойылатын талаптар: 1. түйіндеменің дәлдігінемес бір мағыналылығы; 2. айқындық немесе жүйелілік; 3. логикалық, яғни қайшылықтың болмауы; 4. баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы. Таза лингвистикалық түрғыдан да мәтінге қойылатын талаптар болады.

Лексикада - ресми құжаттар мен іс-қағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді орнымен қолдану, көнерген сөздерді байтарап және кітабы немесе әдеби сөздермен алмастыру; морфологияда - жалпылық мағына беретін сілтеу есілдіктерін қолданбау; синтаксисте - сабактас құрмалас сөйлемдердің, оның ішінде себеп, мақсат салдар және шарт бағының қылардың көбірек жұмысалуына мүмкіндік беру. Ресми стильтің 3 шағын түрі бар: 1. кеңсе іс қағаздары шағын ресми стилі; 2. дипломатиялық, шағын ресми стилі; 3. таза заң шағын ресми стилі. Бұл аталған шағын стильтер өздерінің атауларына сайсалаларда қызмет етеді.

Ресми тілге - белгілі бір мемлекеттегі зан, сот және

оку мен ресми кеңес қызметінде қолданылатын негізгі тілдердің бірі. Мұндайда көп ұлтты елдердің (мысалы Индия, Канада, Швейцария т.б.) конституциясында қайтілгे ресми мәртебе белгіленгені көрсетіліп отырады. Мысалы: Қазақстанда тілге мемлекеттік мәртебе берілгеннен кейін ресми тілде іс-қағаздары ресми стильтеде қолданылуы тиісті еді. Ресми тілдің ресми түрде қолданылуы сол елдегі басқа тілдердің қолданылуына кедегі болмайды, қайта сол мемлекеттің кейір террорияларында ресми мәртебеге ие болуы мүмкін. Мысалы: 1978 Қабылданған Испания конституциясында (3 бап) кастиль наречиесі ресми тіл деп қабылданып, осыған қоса испан тілінің наречиелерін автономиялық аймақтарда ресми тіл ретінде жариялады. Индияның 1950 Қабылданған конституциясында да дәл осындағы жағдай (үш тілдің формуласы).

Кейір Азия, Африка елдерінде, мемлекеттерде жергілікті ұлттың тілімен қатар бұрынғы тілдері де кей жағдайларда ресми тіл болып қабылдануы мүмкін (ағылшын, француз т.б.). Ал Ресейде ресми тіл мен мемлекеттік тіл деген үғым бір - біріне сәйкес ауысып қолданыла береді. Бұл мәселені Республикадағы белгілі бір тілдік жағдайың негізінде жасалған ұлттық тілдік саясаттың өзіндік ерекшеліктерінен көреміз.

Мемлекеттік тілдің ресми тілденайырмашылықтарын мынадан көруге болады:

- 1) мемлекеттік тіл конституциясы бойынша мемлекеттің қамқорлығында болады;
- 2) мемлекеттік тіл меңгеру - мектепке дейін оқу - тәрбие мекемелерде (бақша) орта, арнағы орта және жоғарғы білім орталарында міндетті деп саналады. Сонымен қатар мемлекеттік тілді білу - сол елде тұратын, тұрып жатқан әрбір азаматтың борышы;
- 3) мемлекеттік тіл - сол елдің мемлекет, қоғамдық, саяси, экономиялық, әлеуметтік т.б. аяларында кеңінен қолданылатын басты тіл.

Ал, ресми тілге келетін болсақ: 1) оның қолданылуу

аясы мемлекеттік тілге қарағанда тарлау болады; 2) ресми тілдің конституцияда аталғаны болмаса оның функциональды ролі ерекше көрсетілмейді; ресми тіл кейбір ұлт - ұлыстардың (диаспоралардың) бір аймақта шоғырланып өмір сүруіне байланысты белгіленуі мүмкін.

Ғылыми стиль-жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әрбір салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми шығармалар жалпы халық әдеби тілде жазылады. Мұнда көркемдегіш құралдар болмайды. Сондықтан ол таза ғылыми шағын стилбде жазылады. Мысалы: А.А.Потебяның осы мәселедегі ғылыми көзқарасы өзінен кейінгі зерттеушілерге үлкен қозғау салды. Формалистердің бірінші ұсынған тезісі: практикалық тіл жүйесі мен поэтикалық тіл жүйесі бір емес, басқа. Практикалық тіл тіл заңдылықтарына бағынбайтын өзіндік ерекше тіл. Мұндай пікірді сол тұстағы және кейінгі дәуірдегі бірсыныра зерттеушілер де қолдады. (Б.Шалабай, 6).

Бұл мысалдан біз таза ғылыми шағын стильдің үлгісін көреміз. Бірақ тілдік тәсілдері пайдалануда, оның өзіндік ерекшелігі болады. Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы - ғылым тілі. Яғни бұл адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат шындықты баяндайтын және ақпарат беретін ғылыми текст. Сондықтан ғылыми тіл жазба тілмен тікелей байланысты. Мысалы: «Поэзиялық лексика – жай лексика емес, оны білу үшін әрі тілші, әрі әдебиетші болу шарт». Зерттеуші ғалым ғана тілде, әсіресе әдеби тілде грамматикалық шарттарға қосымша, өзгеше үстем шарт талаптар барын білер еді.

Алғылыми-техникалық әдебиеттілінің стилі басқаша. Ертедегі ғылымға қатысты кейбір кітапша, мақалалар сол стильдің негізгі даму арнасы бола алмайды. Өйткені, ғылым ылғы алға басып дамып отырады. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады. Ғылымның белгілі бір саласында, қолдану нәтижесінде пайда болған неологиямдердің өмірінің ұзақ не қысқа болуы, ғылымның

сол саласының өмірде алатын орнына байланысты.

Ғылыми стиль әдеби тілдің бір тармағы болғандықтан оның пайда болуы мен қалыптасуы, сол әдеби тілдің жасалуына тікелей қатысты. Себебі сол тілде ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізуіне және ғылыми әдебиеттердің жазылуына байланысты ғылыми - оқулық шағын стилі пайда болады. Ғылыми әдебиет стилінے тән тілдік ресурстар ғылымның дамуымен, ғылыми әдебиеттің молауымен байланысты, қазақ тілінде Қазан төңкерісінен кейінгі ғылыми прогресс дәуірінде пайда болды. Сондықтан, көпшілікке арналған шағын ғылыми стиль кейін пайда болды. Оның кейбір нышандары Қазан төңкерісіне дейінгі шығып тұрған «Дала уәлеят», «Түркістан уәлеят» газеттері мен «Айқап» журналдарында байқалғанымен, оның толық қызмет ете бастауы өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан басталады.

Ғылыми әдебиет тілі стилінің ерекшеліктері: 1) ғылыми стиль зерттеу объектісінің негізгі міндеті қоғам дамуының заңдылықтарын айқындау үшін қажетті талдау, топтастыру, материалдарына негізделетін қорытындылар жасауды керек етеді. 2) Ғылыми әдебиеттер тұжырымдары мен қағидалары зерттеу жұмыстарында объективті шындықты үағыздайды. Сондықтан оның тілі жинақы, стилі қатаң, сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылыштары дәлме-дәл болуы тиіс. Ғылыми стильдің бірізділік пен дәлділікке құрылуын В.Г.Белинский дәл айқындейды. Мәселен, ол: «ғалым дәлелдейді, жазушы суреттейді, философ силлогизмдер арқылы сөйлейді, ақын образдар, картиналар арқылы сөйлейді, бірақ барлығының да айтатыны бір ғана нәрсө», - дейді.

Бұлардың барлығы да ғылыми әдебиет тілі стилінің экстралингвистикалық сипаттамасы. Ал, енді оның лингвистикалық сипаттамасы не? Бұған ғылыми прозадағы авторлық баяндаулардың сөйлем құрылышы өз-ара тығыз байланысты, көбінесе күрделі болып келеді.

Мысалы, Абай - сол әдеби тілдін даму жолындағы жаңа дәүірін бастаушы, әдеби тілдін жаңа типінін ірге тасын қалаушы адам. Екіншіден, Абай лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада - поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үйіне поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанrlардың белгілері бар мұраның иесі.

Осының барлығынан Абай тілі өз түсіндағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толық көрсететін дәрежеде танылады. Сондықтан Абайдың шеберлігіне үцілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистикалық түрғыдан жүйелеп, талдап шығу қажеттігі туады.

Абай шығармаларының тілін зерттеген ғалым, проф. Р.Сыздықова ақынның образ жасаудағы көркем өлшеуіштеріне тоқталып, былай дейді: «единица - жақсысы, ерген елі бейне нол, единица кеткенде, не болады өңкей нол» - деген идеяны бір өлеңнің өзегі еткен Абай, орыстың ноль сөзін қазақ әдеби тіліне енгізеді, құр енгізіп қоймайды, оған негізгі ой екпінін түсіруді көздейді. Сондықтанда, оны екі рет тармақ соңына шығарып, 36 жолдық тұтас өлеңнің бастан-аяқ, үйқасын құрады, өлең идеясының өзегін таныта түседі, «ноль» сөзі ерекше таныла түседі.

Ғылыми стильге тән дәлділік, әрбір ойға қатысты тек әдеби тілде бар сөздерді, әсіресе терминдерді, өз орнында тura мағынасында қолдануды тілейді. Бұл сөздердің енбеуі былай тұрсын, тіпті олардың ауытқуы кездесе бермейді. Мысалы: Х.Кәрімов қазақ көркем әдебиет стилистикасында кейіпкер тілі, ортақ төл сөз категорияларын тұңғыш рет жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізді. Оның бұл саладағы дәлелді, нәзік пайымдаулары мен талғамды пікірлері келешек зерттеулерге бағыт-бағдар сілтеп, кең жол ашатыны сөзсіз. Олар көркем шығарма тілін өнер тілі, ғылыми стиль түрғысынан талдау зерделі үлгісі болады.

Осылай ықшамдылыққа, әрі дәлдікке құрылған ғылыми еңбек авторы әдеби тіл нормаларын барынша берік сақтауға тырысады. Соған сәйкес ғылыми терминдер, термин емес сөздер, т.б. тілдік амалдар айқын, тұра мағыналарда жұмысалады. Бұлар ғылыми стильтің ерекшеліктеріне, ғылыми еңбектің мазмұнына, пікір таластардың ерекшеліктеріне лайық өзгеше де болуы мүмкін.

Осы кезеңде жазушы тілін өзара байланысты екі түрғыда зерттеу принципі ұсынылады. Ол үлттық әдеби тіл мен оның стильтері түрғысынан және барлық жанrlарды, стильтік көріністегі ғылыми стиль түрғысынан зерттеу. Демек, ғылыми стильде көркем шығарманың тілін зерттеу бір мезгілде әрі лингвистикалық түрғыда, әрі әдеби стилистикалық түрғыда жүргізілуі тиіс. Сонымен бірге, көркем әдебиет тілінің жанrlары туралы мәселе қойылып зерттеле бастады.

Жазушы тілі проблемасы көркем шығарманың жанrlары мен түрлері мәселеісімен байланыста қарастырылады. Ол ерекшеліктер көп жағдайда олардың жанrlық, өзіндік сипаттарына байланысты болып келеді.

Публицистикалық стильтің шағын түрлері:

1. Саяси - насиҳаттық шағын публицистикалық стиль;
2. Публицистикалық стильтің жазбаша - ауызша түрлері;

3. Шешендік сөз мәдениеті.

Публицистикалық стиль - қоғамдық саяси, үгіт - насиҳаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарында колданылатын стильтердің бірі. Публицистикалық, стиль оқырмандар мен тыңдармандар арасында кең таралымымен, бейнелілігімен, баяндаудың шешендігімен, жағымды және жағымсыз мағынадығы мәнерлілігімен сипатталады.

Тіл деңгейлеріне байланысты публицистикалық стильтің ерекшеліктері болады. Лексикада - қоғамдық

саяси терминдер мен сөздердің (митинг, ереуіл, демократия, парламент); эмоциональдық баға беруші сөздердің (еңбек озаты, қолбасшы, еңбеккор, дем беруші); экспрессивтік бояуы бар сөздердің (қоян-қолтық, нық қадаммен); фразеологияда – перифразалардың (ақ алтын, мақта, күріш; қара алтын, көмір, мұнай); морфологияда – қос сөздердің (қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық); синтаксисте – сөйлемдегі сөздердің инверсиялық орын тәртібінін, қаратпа сөздердің, риторикалық, сұрақтардың, жай сөйлем бөліктерінің т.б. жиі қолданысқа түсіу.

Публицистикалық стильтің басқа стильтерден өзгешеліктерін көрсетеді. Публицистикалық стильті шағын стильтерге бөлу жөнінде бір ізділік байқалмайды. Бірақ кейбір зерттеушілердің дәлелдеуінше шағын стильтерге жіктеледі. Мәселен, А.Н. Васильеваның жіктеудің бойынша:

- ресми - ақпараттық публицистикалық, стиль;
- ақпараттық - іс публицистикалық стиль;
- ақпараттық - аналитикалық публицистикалық стиль;
- ақпараттық - экспрессивтік публицистикалық стиль;
- бейресми - ақпараттық публицистикалық стиль;
- жалпы публицистикалық стиль, директивалық;
- салтанатты - декларативтік публицистикалық стиль;
- таза публицистикалық стиль;
- экспрессивтік публицистикалық стиль;
- репортаж публицистикалық стиль;
- фельетон публицистикалық стилі бөлінеді.

Стильдерді топтастыру мәселесі тіл білімінде әлі де тиянақты шешілмеген даулы мәселенің бірі. Сондықтан стильтерді топтастырудың дөстүрлі қалыптасқан бұрыннан белгілі принципі жоқ. Зерттеушілер арасында сондықтан әр түрлі көзқарастар бар.

А.Н. Гвоздев стильті екіге бөлсе, А.И. Ефимов; В.П. Мұрат алты түрге бөледі. Э.Г. Риззель оңға бөледі. Зерттеушілердің көпшілігі стильтік тармақтарды:

- ресми іс- қағаздары немесе кеңсе тілінің стилі;
- публицистикалық стиль (газет - журнал тілі, стилі),
- ғылыми - техникалық әдебиет стилі;
- оқу - педагогикалық әдебиет стилі;
- көркем әдебиет стилі.

Публицистикалық шығармашылық стилі бұқараны үгіттеп ұйымдастыруды, оларды күреске шақыруды мақсат тұтады. Бұл стильтің бойында ғылыми және көркем стильтің элементтері болады. Ғылыми көпшілік шығарма стилі көпшілікке арналған әдебиетінде қызмет етеді. Сондықтан А.И. Ефимов стильтерді байлайша бөледі.

- Көркем - беллетристикалық стиль;
- Қоғамдық - публицистикалық стиль;
- Ғылыми стиль;
- Профессионалды - техникалық стиль;
- Эпистолярлық стиль т.б.

Кейде газет тілі газет стилі, әкімшілдік стилі, публицистикалық стиль, жарнама, хабарнамалардың стилі т.б. көптеген публицистикалық стилдер көрініп жүр. Эрине, жарнама тілінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ жарнама хабарнамалардың тілі немесе әкімшілік бүйрықтарының тілі қанша өзгеше болғанымен, стиль құрай алмайды. Теледидардан берген жарнамалардың техникалық тәсілдері радиодан берген хабарнамалардан өзгеше. Мұнда тіл белгілі жүйе ретінде өзгеріп кетпейді, тек жағдайға қарап ыңғайланады. Тіл белгілі жүйе ретінде үлкен өзгеріске түспейді, тек сөздік клишелер жасалып, белгілі коммуникация қажетіне сәйкес жекелеген сөздер сол шеңберде қолдануға бейім. Клише - қалып газет-журналдарды жинақтайтын әріптер тізбегі.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалар негізінде қалыптасады. Кейбір лингвистер публицистикалық стильтің жазбаша түріне

саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т.б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стильдің ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. XVII ғасырда Россияда ең бірінші газет жарық көрді, сықақ журналдар шыға бастайды. Радищефтиң «Петербургтен Москваға саяхаты» сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген. Қазақстанда XIX ғасырдың соңғы мен XIX ғасырдың басында «Айқап», «Қазақ», «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» газеттері шыға бастады. Шоқанның, Ұбырайдың, Абайдың т.б. шығармалары Петербургте, Қазанда, Уфада, Орынбор мен Ташкенте шыққан. 1913 жылы басылған кітаптар ішінде С.Көбеевтің «Қалың мал» романы, «Айна», «Қарлығаш» поэмалары Қазанда жарық көріпті.

С.Дөнентаев «Қазақ әйелдері» туралы алғашқы публицистикалық шығармада әйел теңдігі туралы сөз етеді. Мәселен: Адамда екі түрлі қуат бар: біреуі - ақыл қуаты. Ақыл қуатының тәрбиесі - ғылым, тәжірибе. Екінші - дene қуатының тәрбисі - жұру, тұру, іске айналу. Осы екі тәрбиенің қапысыз болып орнына келуіне бір - ақ шарт бар. Ол - еркіндік.

Публицистикалық стильге қойылатын талап – қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық, жағынан дәлелді, көңілге қонымын болуы қажет. Ол тілдік құралдарды қолдана білуден байқалады. Мәселен, қаламгерге орфография мен пунктуация ережелеріне қанықтық міндетімен бірге сөздердің тіркесу қабілетін, жұмсалу ретін, тұлғалану тәсілдерін, жалпы сөйлемді мінсіз құруға байланысты қойылатын талаптарды т.б. жетік білуі керек. Себебі, грамматика адамға талант бермегенмен, таланты барға көп септігін тигізеді. Өйткені, грамматикамен,

стилистикамен алғаш айналысқан кезінде ме екен F. Мұсірепов С. Мұқановқа жолдаған бір хатында өзіне тән юмормен: «Етістік деген бір ит қой. Өйткені, қазіргі, келешек уақыттары аралысып кетуі мүмкін ... Сөйлемнің аяғы көбінесе сказуемоеға тоқтайды да, сүмдыш әле болады», - деп жазыпты. Бұдан қазіргі сөз зергері кезінде тілдің теориялық мектебінен өткен шәкірт екені көрінетін сияқты.

3. Публицистикалық стильдің ауызша түрі – шешендік сөз. Публицистиканың бұл түрі өте ерте дамыған б.д.д. 335 жылы жазылған Аристотельдің «Риторикасында» шешендік сөздің құрылышына жан - жақты талдау жасалынады.

Алқазақтілінде шешендікөнердің теориясы болмаған. Бірақ көне замандардағы шешендер, философтар сөзді бағалағанда құдайға теңеген. Сондықтан халық арасынан шыққан шешендері «өнер алды - қызыл тіл» деп сөздің шын мәнін дұрыс аңғарған.

Шешендік сөз бұрын таптық көзқарасты білдіру үшін жұмсалатын құрал білдіру үшін жұмсалатын құрал болған. Қазақтың өртедегі шешендік сөзінің тақырыптары: ру тартысы, барынта, жер дауы сияқты немесе тойларда айтылатын мақтау сөздер, ақыл, кеңес, біреу өлгенде көңіл айтуда қолданылған.

Шешендік сөз бен шешендік өнер бір - бірі мен тығыз байланысты болғанымен екеуі екі басқа түсінік атаулары. Бірақ көпшілік алдында айтылған кез келген сөз шешендік сөз болмауы мүмкін. Өйткені шешендік сөз мына талаптарға жауап беруі керек: 1) белгілі бір элементтік мәні бар тақырыпты және шаршы топ алдында ауызша айтылатын сөз болуы керек; 2) әңгіме өзінің дәлелі болуға тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені алдымен түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет; 3) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлаққа құршып қандыратын, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті

булды тиісті.

Қазақтың шешендік сөздерін ертедегі зерттеушілер, стильтік - композициялық құрылымын жан-жақты зерттей келіп, оларды даналық сөздер, тапқыр сөздер деп бағалып, қарапайым шешендік сөздер, үлгі-өнеге, пақыл сөздер, шешендік айтыстар деп тарамдайды. Ал қазіргі замандағы шешендік сөздердің түрлері төмендегідей ажыратылады: 1) әлеуметтік-саяси тақырыптағы шешендік сөздер: бұларға осы тақырыпқа жасалатын баяндамалар, конференция съезд, сессияларда айттылатын сөздер, хабарламалар, радио, теледидардан ауызша жүргізілетін саяси - әлеуметтік шолулар 2) академиялық шешендік, бұл топты жоғары оқу орында оқылатын лекция, ғылыми баяндамалар, хабарлама шолулар құрайды; 3) сот ішінде қолданылатын шешендікке прокурордың ойынтау сөзі, әлеуметтік айыптаушылар мен қорғаушылардың сөздері, адвокаттың, қорғаушының, айыпкердің қорғану сөзі кіреді; 4) әлеуметтік тұрмыста жұмсалатын шешендікті мерейтойларда, салтанатты дастанарқан басында, көшілік алдында сөйлетін сөздер құрайды.

Шешендік сөздерге тән лексика - грамматикалық ерекшеліктер болады. Мысалы: қарапайым, жергілікті сөздерді стильтік мақсатта жұмсау, қаратпа, қыстырма сөздерді көбірек көлтіру, иә, жоқ, ғой, шығар, керек, деймін сияқты жеке сөздер мен шылауларды жирик қолдану кездеседі. Бұлар шешендік сөздерді айтуши мен тыңдаушыны жалғастыратын құралдардың бірі болып қызмет етеді. Шешендік сөздер мен шешендік өнер қазақтың мәдени дүниесінде дәстүрі мол болашағы зор әлеуметтік құбылыс болады.

Көркем әдебиет стилі - проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі (тілі). Көркем әдебиет стиліне тән бірнеше ерекшеліктер бар. Солардың бірі - тіл байлығы. Көркем шығармаларда қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестері,

фразеологизмдер аз. Кез келген шығарма тек авторлық банидаудан емес, кейіпкер тілінен тұрады. Ал кейіпкерлер аржастагы әр дәрежедегі білімді адамдар болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да көркем шығармада кәсіби сөздер де, жергілікті тіл ерекшеліктері де, жаргондық сөздер де ұшырасып отырады.

Көркем әдебиет стилінің екінші ерекшелігі оның көп стильті болып келетіндігі. Мұның мәнісі - қай жанрда жазылған шығарма болса да, онда тіл арқылы қарым - қатынас құралдарының барлық түрлің қолданылуында, яғни ауызекі сейлеу тіліне қоса, публицистикалық, ғылыми, ресми стильтердің элементтері осы стильте өр түрлі ыңғайда ұшырасап отырады. Көркем шығарма стилі, тілдің әр түрлі көркемдік тәсілдері арқылы көркем образдар жасауды мақсат етеді. Бір стильтік тармақтың еткенде оның лексикалық ерекшелігі көрсетілсе, енді бірде жалпы жанрлық айырмашылығы айырым белгілері болады. Жанрлық класификацияның кемшілігі онда стильтік тармаққа тән өзіндік тілдік элементтер жүйесінен жанрлық ерекшеліктер көбірек сөз болады.

Тілімізде бір - бірінен ажыратылатын әдебиет жанрлары көп. Көркем әдебиеттің өзінде жанр түрлері қаншама. Бірақ, роман, повесть, әңгіме, поэма, мысал, өлең, эпос, баллада тіл жеке - жеке стиль бола алмайды.

Екінші бір ескеретініміз - көркем әдебиет жанрының туып, дамуы тілдік стильтердің тармақтарын қалыптастырудың үлкен роль атқарады. Яғни тілдік стильтердің пайда болып, жеке өріс алуымен тығыз байланысты. Сондықтанда тілдік стильтерді әдебиет жанрлары тұрғысынан топтастыруға болмайды.

Көркем әдебиет стилінің тағы да бір ерекшеліп бұл стильте орындалатын еңбектердің басты міндеті эстетикалық тәрбие беретіндігімен тығыз байланысты болып келеді. Екінші сөзben айтқанда, көркем шығармада сөздің эстетикалық қуаты, сөздің бейнелілігі алғашқы

орынды иелейді. Сондықтан тілдегі эмоциональдық элементтер адам сезімін білдіру үшін қызмет етеді. Ал тілдегі экспрессивтік амалдар эмоцияны, еркіті білдіруге де, ойды білдіруде демәнерлілікпен суреттілікті қүшетуге қызмет етеді.

«Көркем шығарманың басты элементі - тіл», - дегенде, ұлы Горькийдің ойында: қалай болса, солай қолданған сөз жиынтығы емес, әсері күшті, құдіретті де құпия қуаты бар -»тіл» болғаны талассыз. А.П. Чеховтың: «Ойпырым-ай! Неткен ғаламат бұл «Әкелер мен балалар! Тіпті аттан салсаңыз да еркін! Базаровтың ауыратын тұсы соншама күшті болар ма: мен қалжырап, бір түрлі, бір соның ауыруы жүққан сияқты әсерде қалдым», - деп жазған. Белгілі жазушы - драматург В. Вишневский Жамбыл өлеңінің әсері жөнінді былай деген болатын: Біз бұл өлеңді көзімізге жас алмай, қуанышқа бөленбей, тебірене толқымай оқи алмаушы едік. Бұл өлеңнің қуатын өзімізге келмекке тағы бір күшті жауынгер жасақ келгендей сезіндік. Талайлар, ақын сөзін оқып тұрып жылаған, жылай тұрып кектенген. Міне, шығарма тілінің құдіреті қуаты күшті әсері дегеніңіз осы!

Ал мұндай тіл, сөз жоқ эмоциональды, экспрессивті мән мен реңге тікелей байланысты, сол арқылы қажетті әр мен ажар алады. Айтайық, Ф. Мұстафин сөз құдіретін былай деген болатын: «Сұлу сөзге сүйсінбейтін, сүмпайы сөзден жиренбейтін жан жоқ». Ал кеменгер жазушы М. Әуезов болса, «Кейбір сөздердің асылды шақпақ тасқа шыққандай боп, әсем де әсерлі сөйлем ішінде ұшқындал, от төгіп тұратын шағы бар», - дейді. Ә.Тәжібаев «Әрбір сөздің қызыу төуіп, жарығы көрініп тұру әсіресе комедияға керек», - десе, Ф. Мұсірепов «Сөзге сөз жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне - бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем, айтайын деген ойынды окушыға дәл жеткізеді», - дейді.

Көркем әдебиет тілі мен әдеби тілге тән ортақ белгілер болуы керек. Сонда әдеби тіл дегеніміз: 1. халықтың

сөйлеу тіліне қарағанда оның өндөлген, сөз шеберлерінің қолдануынан өткен түрі; 2. қоғам мүшелеріне ортақ әрі міндетті нормасы бар тіл; 3. сол халықтың ұзақ тарихи бойына сақтаған тұрақты жүйелі дәстүрі бар тіл; 4. диалектілер мен әр түрлі жаргондық тілдерден жоғары тұрган тіл.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әдеби тілдің стильдері қандай?
2. Сөйлеу стилі дегеніміз не?
3. Кітаби жазба стилдің ерекшелігі неде?
4. Іс-қағаздары стилі мен ресми стилдің өзгешеліктері?
5. Публицистикалық стиль туралы?
6. Фылыми стиль мен көркем әдебиет стилдің қолданылу аясы қандай?

### **3-тақырып. Стильдерді топтастыру және олардың түрлері**

#### **Жоспар:**

1. Стиль туралы түсінік.
2. Стильдердің топтастыру.
3. Стильдердің түрлері.
4. Стильдердің қолданылу аясы.
5. Қорытынды.

**Тірек түсінік:** Стиль – өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құрамдар жүйесі. Сөйлеу стилі, публицистикалық, ғылыми, ресми т.б.

Әдеби тілдің стильдері. Стиль ұғымы да сөйлеу (речь) және оның формаларымен байланысты қаралады. Стильдердің негізгі арқауы – сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары. Форма тұрақты ұғым. Мәселен, тілдің ауызша түрі адам қай кезден бастап сөйлесе, содан бері бірге жасап келеді, және бұдан былай да жасай береді. Стиль болса - ол тарихи категория. Сондықтан, тарихтың бір кезінде кейбір стильдердің болмауы заңды құбылыс деп саналады. Форма – ол тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің (речь) сыртқы көрінісі. Ал, стиль – ол белгілі бір қатынастың түрінде тілдік единицаларды сұрыпташып пайдалану арқылы, ойды жеткізу мәнерінің көрінісі. «Тілдегі стильдердің дамып жетілуі бір жанрдың пайда болуымен байланысты. Сондықтан, әдеби тілді топтастырудың дамып жетілуі деңгээлде оның формасын, түрін және стилін ескерген жөн».

Ал жанрлық пайда болуы, жазба әдеби тілдің даму қалпын көрсетеді. Жазба тілдің жетіле түсінік ғылым мен техника, әдебиет пен өнер салаларының дамуы жаңа жанрлардың пайда болуына ықпал жасайды. Ол жанрға сай тілміздегі жаңа стиль қалыптасады.

Стиль – тілдің бәріне тән құбылыс. Стильдерді

топтастырудың дәстүрлі, қалыптасқан, бұрыннан белгілі принципі жоқ. Тіл стильдері туралы қазір де әр түрлі көңілдердің бар. Сөйтіп, стиль дегеніміз – өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдардың жүйесі. Басқа тілдер сияқты қазақ тілінің де әр түрлі стильдері бар. Олар: сөйлеу стилі және кітаби – жазба стильдер.

Сөйлеу стилі. Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен қынделікті қатынасында пайдаланылады. Сондықтан, онда тілдің коммуникативтік функциясы баса сезіледі. Сөйлеу стилі белгілі бір жағдайда тікелей жасалатын қатынас стилі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Яғни үйреншікті жағдайда адамдар қысылмай, еркін сөйлейді. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігін жасайтын айрықша белгісі – жағдайға (ситуация) байланысты сөйлеу мәнері. Сөйлеу мәнеріне қарай тілдік единицаларды қолдану өзгешелігі болады. Өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі көнінен пайдаланылады, бірақ онда атқарған қызметі және тілдік жүйенің пайдалануы бір тексті болып келмейді. Солай болғандықтан, сөйлеу тілін зерттегендеге оның формасын, түрін және стилін ескерген жөн.

Сөздердің ауыспалы мағынада қолдану амалы сөйлеу тіліне мәнерлегіштік, әрі бейнелегіштік қасиет береді. Ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, сол сөз болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды не жағымсыз көңілдердің білдіру құралы болып саналады. Сөйлеу тілінің эмоционалдық қасиеті басым болғандықтан, бұл құралдар сөйлеуде жиі пайдаланылады. Сонымен бірге, сөйлеу стилінде әдетте, олардың көп қайталанып, тұрақталған түрлері жүмсалады. Мыс: - Алда көргенсіз ит-ай. Нарестедей жанына аузы қалай барды екен. Тұра түр болем, ит аяқтан сары су ішкізермін. (Ғ.Мұстафин).

Осы мысалдарда «ит» сөзі біріншіде жағымды эмоцияны (сүйсіну), екіншіде жағымсыз эмоцияны (жек кору) білдіреді. Бұлай қолдану қарапайым сөйлеу түрі үшін

орынды. Сөйлеутіліндегұмсалатынауыспалы мағынадағы сөздер де құрамы жағынан әр түрлі: қарапайым, түрпайы және жалпылама қолданылатын сөздер болып келеді. Ал жасалуы жағынан метафора (өзің бір тұлкі екенсін); метонимия (аудитория тынышталды); синекдоха (үйінде қанша жан бар) т.б. жіктеледі. Тілді бейнелі жасайтын құралдың бірі – фразеологизмдер. Фразеологизмдерге идиом, мақал-мәтел, нақыл сөздер енеді. Бұл тұрақты сөз тіркестері көпшілік жағдайда сөйлеу тілі ыңғайында жүмсалады.

Сөйлеу тілдің фонетикасы мен морфологиясының да ерекшелігі бар. Бірақ ол өз алдына бөлек зерттеу объектісі. Сөйлеу тілі диалогқа құрылады. Диалог репликалар тізбегінен тұрады да, қысқа, тұжырымды болып келеді.

- Бүгін келесің бе?

- Келем

Мұнда сөйлеуге қатысушы екі адам. Бірі сұрақ қоюшы, екінші – жауап қайтарушы. Олар бірінің айтқанын бірі естіп, тез түсінеді. Тез түсіну сөйлеудің қандай жағдайда өтуіне, дауыс ырғағы, интонацияға және басқа да дene қимылдарымен тікелей байланысты. Әсіресе, интонацияның маңызы ерекше. Сөйлеу тілінің ерекше бір түрі – монолог. (Монолог – бір кісінің сөзі). Монолог өте күрделі ойға құрылып, әр түрлі тәсілмен жеткізіледі. Мұнда кітаби – жазба стильдерге тән ерекшеліктермен заңдылықтар қatal сақталады. Сондықтан, монолог әдеби сөйлеу үлгісіне жатады. Монологта белгілі бір тақырыпты әңгімелеп айтып беру мақсаты көзделеді. Саяси ғылыми және басқа да тақырыптар да әңгімеленеді. Тақырып аясының осындай кеңдігінен, монологты сөз көптеген түрге бөлінеді. Олар: көпшілік алдында, жиналыста, радио мен телевизордан, лекция, баяндамалар, консультация т.б. сөйленген сөз.

Кітаби – жазба стильдер Кітаби – жазба стильдер, осының алдында талдау жасалған сөйлеу стилі сияқты, өмірдің белгілі салаларында пайдаланылып танылған

ұлт тілінің нақтылы түрі т.с. Олар әр саладағы атқаратын қызметіне (функция) қарай іс қағаздар мен ресми стиль, публицистикалық стиль, ғылыми стиль және көркем сөз стиліне бөлініп жіктеледі.

Кітаби – жазба стильдер жалпы халықтық тілдің жазбаша формасының негізінде қалыптасады да, кітаби сипатта болады. Бұл стильдер қатынастың жазбаша формасындажи жүмсалатындықтан мұндатілдік құралдар сұрыпталып қолданылады, кітаби-жазба стильдер сөйлеу стиліндегі тікелей қатынас жасауда көрінбейді. Сондықтан, онда қаралатын ғылым, заң жобалары, іс-қағаздары, ресми документтер және басқа да осылар сияқты қоғамдық маңызды мәселелер жан-жақты толық қамтылып, логикалық жүйелілікті бұзатын қажетсіз детальдар болмай, нақтылы, дәлжазылуы керек, мұндай талап кітаби-жазба стильдердің бәріне бірдей қойылады. Тәменде, кітаби-жазба тіл негізінде қалыптасқан іс-қағаздары мен ресми стильтеге және ғылыми, публицистикалық, көркем сөз стильдеріне қысқаша тоқталып, сипаттама береміз.

Іс қағаздары стилі мен ресми стиль. Іс қағаздары стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Кеңсе іс қағаздарының үлгілеріне өтініш, сенім хат, қол хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, протокол, қатынас қағазы, акт, рапорт, шарт, міндеттеме, бүйрық, есеп т.б. жатады.

Ресми стиль – ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі. Ресми құжаттар мен іс қағаздарының стилі деп те аталады. Ресми стильтеге тілдік тұрғыдан томендерідей талаптар қойылады:

1. түйіндеменің дәлдігі немесе бір мағыналылығы;
  2. айқындық немесе жүйелілік;
  3. логикалық, яғни қайшылықтың болмауы, дәлелділігі;
  4. баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.
- Лингвистиканың салалық тұрғысынан да мәтінге

қойылатын талаптар болады.

- Лексикада — ресми құжаттар мен іс-қағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді орнымен қолдану, көнерген сөздерді бейтарап, кітаби немесе әдеби сөздермен алмастыру;
- морфологияда — жалпылық мағына беретін сілтеу өсімдіктерін қолданбау;
- синтаксисте — сабактас құрмалас сөйлемдердің ( себеп, мақсат, салдар, шарт бағыныңқылы) көбірек жүмсалуына мүмкіндік беру;
- қыстырма конструкцияларды қолдануды дағдыға айналдырмау сияқты принциптердің сақталуы бұл стильдің ерекшелігін айқындай түседі. Ресми стильдің шағын үш түрі бар: кеңсе (іс-қағаздары, қ. Кеңсе тілі); дипломат. және заң Ресми стильдері.

Іс-қағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
- әр түрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін негіздеуші;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Іс-қағаздарының сипаттары:

- саяси ( мемлекетшілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- әлеуметтік ( қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- ұйымдастырушылық ( басқару қызметі жүйесінде);
- құқықтық ( заңдық және жеке

- тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- тарихи ( әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда).
  - ресмилік ( міндетті түрде заңдық түрғыда тіркелуінде).

Құжаттау үрдісі элементтері:

- құжаттарды дайындау;
- құжаттарды жолдау, тіркеу;
- сырттан келген құжаттарды қабылдау, тіркеу;
- құжаттарды қолдануға дайындау;
- құжаттардың жузеге асырылуын бақылау;
- құжаттарды мұрағат қорына дайындау.

Ресми немесе іс-қағаздар стилінің ерекшелігі, онда акт дәл көрсетіліп, бір ізben жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көвшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған : қызу мақұлдау, қызу қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсету, жузеге асуру, қамтамасыз ету, өз күшинде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, мәселе көтеру, алғыс жариялау, сөгіс жариялау.

Көптеген сөздер белгілі стильге телулі болады, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы: тагайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қауалы етеді, жарлық етеді т.б.

Ресми іс-қағаздарында кейде бір заттың яғынан атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда - азамат, жолдас, телефон станциясында - абонент, ательеде - заказ беруші, шаштаразда - клиент, ауруханада - науқас, санаторииде - демалушы, тынығушы, транспортта - жолаушы т.б. болып табылады. Іс-қағаздары стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері болады.

Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:

- мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздер мен терминдердің нақты, тұра мағынасында

пайдаланылуы;

- терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі;
- терминнің ең қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқасының пайдаланылуы;
- қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы.

Іс-қағаздары стиліне әр түрлі мекемелерде жіргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс-қағаздары белгілі бма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Іс-қағаздардың үлгілеріне-өтініш, сенім хат, қол, хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, протокол, акт, рапорт т.б. жатады. Іс-қағаздардың әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Ресми стильдің көлемі, мазмұн және жазылу формасы жағынан іс-қағаздарының біраз ерекшелігі бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стилде көбінесе заң, үкімет орындарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім,nota, үкімет хабарлары жазылады. Мұндай мемлекеттік документтерде саясипублицисти-калық лексиканың әкімшілік терминдерінің қолданылуы басым келеді. Публицистика латынша -көпшілік, әлеумет қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген үғымда жүмсалады. Публицистика стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі білде публицистикаөз алдында бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, арқанын көрсетеді. Ресми стилге ресми құжаттың барлық түрі жатады: іскери, әкімшілік, низамшылық (законодательный), ресми канцелярлық, іскери шешен сөз, әскери ресми құжат, заң елшілік т.б. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалдық қызметінде ресми стиль толық өзінің ақпараттық-мазмұндық мәнін толық көрсете алады. Қоғамдағы құқықтық, үкімдік, әкімшілік, халықаралық

ішкі және сыртқы қарым-қатынастардың мемлекеттің ішкі басқару жүйесіне қызмет ететін барлық құжат түрлері ресми стильдің құрамына кіреді. Қазақ тілінің функционалдық стильдерінің ішінде ресми стиль бізге дейін ауызша, жазбаша құжаттар арқылы жетті. Хандар жарлықтары мен қызметтік хаттардың мемлекеттік ресми өкіметті билеушілерінің, батырларының, белгілі тарихи тұлғалардың жазысқан хаттары арқылы жеткені қазақ әдеби тіл тарихынан да, тарихи мәдени жазба мұрағаттардан белгілі. Ресми стильдің жанрлары басқа стиль жанрларына қарағанда тақырыбы біршама тұрақты мәтіндерден тұрады. Ресми стильді ғылыми стиль жанрларымен салыстырып қарағанда ресми стиль жанрлары анық, дәл, тұрақты тілдік-стильдік белгілерімен ерекшеленіп тұрады. Ресми стильдің көлем, мазмұн және жазылу формасы жағынан іс-қағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стилде көбінесе заң, устав, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, nota, үкімет хабарлары жазылады.

Публицистикалық стиль. Публицистика (латынша: publicus – көпшілік, әлеумет) – қоғам өмірі үшін маңызды маселелерді талқылау деген үғымда жүмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі білде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы, қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді.

Публицистикалық стильдің шағын түрлері: саяси-насихаттық шағын публицистикалық стилі; таза публицистикалық шағын стилі; газет шағын публицистикалық стилі; газет тілінің өз ішіндегі жүктелетіндігі (бас мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, т.б.) Публицистикалық стиль (бұқаралық ақпарат

құралдарының тілі) – функционалдық стильдердің бірі. Публицистикалық стиль қоғамдық өмірдің алуан саласында, саяси, мәдени экономикалық қарым-қатынастарды көрсетуге қызмет етеді. Публицистикалық стильтің екінші бір ерекшелігі бар: ол – ұлттық әдеби тілдің толығуна зор ықпал етеді әрі әдеби тілдің лексикалық-грамматикалық жүйелеріндегі даму ерекшеліктерін көрсете алады. Публицистикалық стильтіге газет, журнал, радио, теледидар, деректі фильмдер тілі жатады. Публицистикалық стильтің тақырыптық диапазоны өте кең: саясат, идеология, философия, экономика, мәдениет, құнделікті тұрмыс-тіршіліктің проблемалары, қазіргі уақыттың кезектегі міндеттері, ағымдағы саясат мәселелері, әлемдегі, қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістер (публицистиканы “қазіргі кезең жылнамалары” деп бекер айтпайды) т.б. Публицистикалық стильтің негізгі мақсаты өмірдегі оқығалар мен фактілерді бағалау, философиялық дүниетанымдық көзқарас тұрғысынан пайымдау мен түйін жасау болып табылады. Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін атқарады, бірі – хабар беру, екіншісі ықпал ету. Тілдің екі қызметі, ортақ pragmatikaлық “әрекеті” публицистикалық стиль тілдің құрылымдық жүйесінің ерекшелігін құрайды. Публицистикалық стильтің хабарлама функциясы тілдің құрылымдық жүйесінің, бейтарап сөздердің қабатын құрайды. Олар – ұлттық тілдің сөз байлығы, стандарт сөздердің лексикалық қатарлар тізбегі. Мәдени коммуникацияда стилистикалық амал-тәсілдер хабарлама жеткізу үшін ауызша және жазбаша тілмен берілетін шығарманың стилистикалық нормасы жасалу қажеттігі бірінші орынға қойылады. Тілдің стилистикалық әсер ету және pragmatikaлық мақсат ету функциясынан концептуалды сөздер (бағалаушы лексика), көркемдік тәсіл, сөйлем құрамы, сөйлемдердің компоненттерінің құрылымдық ерекшеліктері айқындалып отырады. Хабарламалық және әсер ету функциясының өзара ортақ

қызмет бірлігінен сөздің экспрессивтігі және стандартты соы үлгілері публицистикалық стильтің негізгі стильтің базасын құрайды, оның жазылуын тәзедетеді және қоғамдық қызметтің әмбебаптық ролін арттырады. Публицистика (латынша: көпшілік, әлеумет) – қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген үғымда жұмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильтері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвисттер публицистикалық стильтің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т. б. шығармаларды, шешендік сөздер публицистикалық стильтің ауызша түріне жатады.

Қалыптасу кезеңі. Публицистикалық стильтің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Ресейде XVIIIғасырда ең бірінші газет жарыққөрді; сықақ журналдар шыға бастайды. Радищевтің “Санкт-Петербургтен Москваға саяхаты” сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген. XIX ғасырдың екінші жартысы публицистикаға үлкен өзгерістер енген кез болды. Бұл кезде революцияшыл-демократтар публицистиканы царизмге қарсы құрес құралы етіп жұмсады. В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский сияқты сыншы-публицисттер өздерінің сын мақалаларында қоғамдық құрылышты қатты сынға алып, революциялық идеяны қуаттады. Революциялық публицистиканың ең жоғарғы үлгісі марксистік-лениндік классикалық еңбектер болып саналады. Жазба публицистика баспасөз мәдениетінің өркендер даму дәрежесін көрсетеді. Қазақ баспасөзі — Қазан төңкерісінің жемісі. “Қазақстанда

революциядан бұрын баспа орны болған жоқ. Бірен-саран шыққан кітаптарда қазақ тілі бүрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең тұңғыш басылған кітаптың бірі — “Қозы Қерпеш — Баян сұлу” қіссасы (ең алғаш -1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың т. б. шығармалары Санкт-Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Көбеевтің “Қалың мал” романы, “Айна”, “Қарлығаш” деген өлеңдері мен поэмалары Қазанда жарық көрді. Публицистикалық стиль жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін және дәл сол кезеңде зор мәні бар мәселелер тақырып болады. Мысалы, саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер. Үндеудің, үгіттеудің мақсаты - жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, жұртшылықтың санасына ықпал ету. Публицистика (латынша: риbлицис — көшпілік, әлеумет) — қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұм-салады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына белек стиль болып қалыптасуы қоғамдық са-наның өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т. б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стильдің ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байла-нысты Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Россияда XVIII ғасырда ең бірінші газетжарықтардың; сықақ журналдар шығабастайды.

Радищевтің “Петербургтен Москваға саяхаты” сол кездे жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген. Октябрь революциясынан кейін мәдени-ағарту мәселесі қолға алынып, оны жедел өркендету талабы қойылды. “1919 жылы 26 декабрьде В. И. Лениннің қолымен Халық Комиссарлар Советі қалың еңбекші бұқараның сауатсыздығын жою туралы шаралар белгіледі. Осы қауалыда және партия мен үкіметтің 1920 жылдардың бас кезінде шыққан нұсқау-директиваларында ұлттардың ана тілінде мектеп ашу, газет-журналдар шығару, әдебиеттің өркендету мәселелеріне айрықша көңіл белінді. Осы жылдарды шыға бастаған “Қазақ тілі” (1919 ж., Семей), “Дұрыстық жолы” (1919 ж., Орда), “Жаңа өмір” (1920 ж., Ташкент), “Тіршілік” (1918—1919 ж., Ақмола), “Ұшқын” (1919—1920 ж.ж., Орынбор), “Кедей сөзі” (1920 ж., Омбы) және басқа советтік газеттердің бетінде басылған олевдер мен әңгімелер алғашқы революциялық жеңісті қуанышпен қарсы алған тілек-мақсатты бейнелейді”<sup>2</sup>. Бұл баспа органдарынан осындай мақсатта жазылған публицистикалық шығармаларды да көп кездестіреміз. 1920 жылдары республикалық тұңғыш газет “Еңбекші Қазақ” (қазіргі “Социалистік Қазақстан”) шыға бастайды.

Публицистикалық стильтеге қойылатын талап – қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымды болуы қажет. Ол тілдік құралдарды қолдана білуден байқалады. Публицистикалық стильдің қоғам өмірімен тығыз байланыстылығы оған үгіт-насихаттық сипат береді. Сондықтан, публицистикалық шығарманың тақырыбына, мазмұнына сай сөздер мен сөз тіркестерін сұрыптап қолдана білудің және қажетті синтаксистік құрылышты пайдалана білудің үлкен мәні бар.

Публицистикалық стильде тілдің эмоциональды элементтері және сөзді образды қолдану сияқты әдеби стильтеге тән құбылыстар да кездеседі. Бұл оның әдеби стильтеге жақындығын көрсетеді. Ал, оның фактіні тольық

және логикалық жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге жақын екені байқалады.

Публицистикалық стильдің аудызша түрі – шешендік сөз. Публицистиканың бұл түрі өте ерте дамыған. Шешендік сөз бұрын таптық көзқарасты білдіру үшін де жұмсалатын құрал санаған. Оны әр кездегі тарихтан жақсы аңғаруға болады. Қазақтың ертедегі шешендік сезінің тақырыптары: ру тартысы, барымта, жер дауы сияқты немесе тойларда айтылатын мақтау сөздер, ақыл, кеңес, біреу өлгенде көңіл айту т.б. Осындай шешендік сөздердің үлгілерінің қай-қайсысын да М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясынан кездестіруге болады. Романда тобықты мен ұқырұларының араздасу – жолдары берілген.

Ғылыми стиль туралы түсінік және ғылыми стильге тән ерекшеліктер Ғылыми стиль — жазба стилінің бір түрі. Бұған казақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын — зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына, сүйену қажет. Сондықтан, ғылыми стильде логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірак, тілдік тәсілдерді пайдалануда, оның өзінің ерекшелігі болады. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік: - сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. - ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнағы термин сөздері болады. Мысалы, тіл білімінде лингвистика, лексика, фразеология, семасиология т. б. физикада анод, вакуум, атом, атомдық салмақ, шама т. б. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейір сөздері термин сөзге айналады. Ғылым ылғи алға басып, дамып отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады. Оны белгілейтін жаңа сөз —

неологизмдер — туады. Ғылымның белгілі бір саласында қолдану нәтижесінде пайда болған неологизмдердің өмірінің үзак, қысқа болуы ғылымның сол саласының өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты. Гарыш, гарышкер, ғарышты игеру, жердің жасанды серігі сөздері өздерінің практикалық мәнімен танылып, берік қалыптасты. Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылышпайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі — мұнда ой құрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формуласарға негізделуінде. Сонымен бірге, әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейір өзгешеліктері болады. Мысалы, химия оқулығында былай делінген: Газ қүйіндегі қандай заттың болса да граммолекулалары бірдей жағдайда, бірдей көлем алады. Физикада: Бір инерция моментінен екінші инерция моментіне көшу мына теория бойынша орындалады: кез келген айналыс осіне қатысты инерция моменті сол оське параллель, ауырлық центрінен өтетін оське қатысты инерция моменті мен дene массасының сол дene ауырлық центрінің айналыс осінен қашықтығы квадратының көбейтіндісінің қосындысына тең болады. Бұл келтірілген мысалдарда жалпыға бірдей түсінікті бола бермейтін молекула, инерция, масса, ось сияқты көптеген термин сөздер — осы мамандықтағы адамдарға ғана таныс. Сонымен қатар, ұғымның түсіндірілуі де ғылымның басқа салаларынан өзгеше берілген.

Ғылым тілі. Ғылым тілі – ғылым негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өні ерекше әдеби тілдің ғылымға қызмет өтетін бір тармағы, адам, қоғам, табигат жөнінде ақырат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін. Ғылым тілі көптеген ғылыми зерттеулерде ғылыми стилемен теңестіріледі. Ғылым тілі жазумен тікелей байланысты. Өйткені ғылыми стиль жазу арқылы танылады. Ғылым тілі әдеби тілдің бір тармағы болғандықтан, оның пайда болуы мен қалыптасуы сол әдеби тілдің жасалуына тікелей қатысты. Өйткені сол

тілде ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне және ғылыми әдебиеттердің жазылуына байланысты ғылым тілі өрбиді. Ғылым тілі айтылатын ойдың анықтылығын, дәлдігін, дұрыстығын және кез келген ғалым түсінерліктең дәйектілігін қалыптастыруы туіс. Мұны белгілі бір үғым, мәселе турасындағы логикалық жағынан тұжырымдалған толық хабарлама десе де болады. Сондықтан логикалық маңызы зор. Ғылым тіліндегі сөздер негізінен өзінің бастапқы мағынасында жұмсалады. Келтірінді, ауыспалы мағынадағы сөздер мұнда болмайды. Ғылым тілін қалыптастыра бастаған ғылым салалары негізінен өздерінің терминдік лексикасын, термин сөздерін жүйелеп пайдаланады. Сонымен бірге ғылым тілінде интернационалдық сөздер де жиі кездеседі. Ғылым тіліне тән негізгі ерекшеліктер - ғылымның әр саласына байланысты өзінше дамиды. Мысалы, қоғамдық ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдары салаларының немесе техника ғылымдары салаларының даму тарихынан өзара жіктелмейтін өзгешеліктерді байқауға болады. Қазақ тілінде ғылыми стильдің қалыптасуы бірдей емес. Оның кейбір нышандары Қазан төңкерісіне дейінгі шығып тұрған бірен-саран газет-журналдар мен кітапшаларда байқалғанымен, оның толыққанды қызмет ете бастауы XX ғасырдың 20-30-жылдарынан басталады. Оның көш басында Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов сынды тұлғалар тұрған. Онда да ғылымның бар саласы бірдей қазақыланбағаны белгілі. Әсіресе, тіл мен әдебиет, өнер мен мәдениет салаларын қазақша сөйлетуде А. Байтұрсыновтың еңбегі ерекше зор. Аталған салалар бойынша қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасып, дамуы тек осы қайраткердің еңбегіне байланысты болғаны мәлім. Ал ғылым тілі түрлі монографиялық зерттеулер, оқулықтар, мақалалар, баяндамалар, тезистер, патенттер, т.б. сан-салалы еңбектерден көрінеді. Ғылым дамуымен бірге онда жаңа

үгымдар мен атаулар пайда болып жатады. Мұндай жаңа сөздер ғылыми қолданыста неологизмдер деп аталады. Өмірдің даму заңдылығына сәйкес әлгіндей жаңа сөздердің біразы тұрақталып, біразы қолданыстан ығысып жатады. Неологиям сөздердің бәрі термин бола бермейді. Олардың бірқатары жалпыхалықтық тілдің қатарын толықтырады. Қазақ тілінде қоғамдық ғылымдардың кейбір салалары болмаса, жалпы ғылым тілі толық қалыптаса қойған жоқ.

Ғылыми стиЛЬ-жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стиЛЬде зерттеу объектісі болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелденуді қажет етеді. Ғылыми шығармалар жалпы халықтың әдеби тілде жазылады. Ғылыми стиЛЬдің лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналық, образдары сөздер мұнда да кездеседі. Ғылыми салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сан есімөздері болады. Мысалы, тіл білімінде лингвистика, лексика, фразеология, семасиология т.б. -Көркем әдебиет стиЛЬді немесе көркем сөз-ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма-өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та-бәрі де қатысады.

Көркем әдебиет сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін искусство. Жазушының стиЛі-көркем шығармажазуустінде қалыптастын әрі жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері. Тіліміздегі басқа стиЛЬдерге қарағанда көркем сөз стиЛЬнің маңызы кең. Мұнда барлық стиЛЬдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Көркем әдебиет сөз өнері ретінде гана танылмайды. Ол өмір шындығын біліп, тануымызға, ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын қоғамдық құбылыс болып саналады. Көркем әдебиет түрлерінің жанрлық жақтан

топтастырылуы, олардың тілдік көркемдік ерекшеліктерімен сараланып жіктелуі, қазіргі таңда стилистикалық категориялар – мәтін стилистикасы – автор бейнесі – қабылдаушы категориясы деген ұстанымдарды қажет етеді. Көркем әдебиет стиліндегі шығармаларды тарихи шығармалар, эпопея, романдар, фантастикалық шығармалар, сатираптық туындылар, эсселер т.б. деген бөлініске бөлудің өзі осы бір стильдің көркемдік жағын тануда күрделі талдауды қажет ететіндігін танытады. Бұл мәселе – қазақ филология ғылымы алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Филология ғылымдарының қазіргі зерттеу деңгейі соны талап етеді.

Көркем шығарма тілі табиғатының ерекшеліктері, олардың іштей жанрлық жағынан бөлінуіне, оның осы салаларының негізгі функциясына байланысты айқындалатындығына көніл аударылып отыр. Көркем әдебиет стилі – өте күрделі стиль саласы.

Көркем әдебиет стилі туралы сөз қозғағанда “концепт” туралы айта кету керек. Концепт өте танымал атау ретінде қазіргі лингвистикада жиі қолданылып жүр. Оның пайда болуы тіл ғылымындағы антропоцентрикалық парадигма және когнитивті прагматиканың әдіс-тәсілімен тікелей байланысты. Ол кейде “дискурс”, “әлем картинасы” атауларымен қатар айтылады. Жеке тұлға туындысында әлемді тану эмоционалды қарқындылықты өз санасында қайта қарап бейнелілікке айналдыруу болып саналады.

“Концепт” термині туралы ғалымдардың зерттеулерінде “идеалды-ақиқат”, “сөз бен экстралингвистикалық ақиқаттың делдалы, сарапшысы” деп қорытындылайды. Концепт әлем картинасының адам санасында бейнеленетіндігін көрсету мақсатында пайдаланылады. Концепт термині тек көркем әдебиет стилінде ғана емес, функционалдық стильдерде, тіл ресурстарының стилистикасында, оның барлық жүйесінде қолданылады. Публицистикалық стильде қазіргі ассоциациялар

арқылы стилистикалық фреймдер жасалынады. Қазіргі уақытта семантикалық талдау мен концептуалды талдау туралы пікірлер айтылып жүр. Концептуалды талдау семантикалық талдаумен түйісе отырып, ең соңғы талдау қорытындыларында материалдық жалпы жанжаңты талдау жүйесіне, яғни концептуалды талдауға етінеді. Семантикалық талдау сөздің мағынасын түсіндірсе, концептуалды талдау әлемді тану білімін қамтиды. Концепт арқылы талдау стилистикалық тасілдерді түсіндірудің жаңа баспалдақтарын көрсете алады. Көркем әдебиет стилінде концепт термині арқылы тілдік-стильдік құбылыстың мазмұнын көңейтіп қана қоймайды, оның терең мазмұнында стилистикалық асерді қалыптастырудың жаңаша рухани ой-сана әлемін танытады.

Диалектизмдер. Кәсіби сөздер. Диалектизмдер, кәсіби сөздер стилистика мәселесімен тығыз байланысты.. Диалектизм ғылыми, ресми стилінде де қолданылады. Кәсіби сөздер қажетіне қарай стиль түрлерінің қай-қайсысында да бола береді. Диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: авторлық реморкада, екіншісі – диалогта. Авторлық реморкада кейіпкер тіліндегімен салыстырғанда, диалектизм аз қолданылады.

Кітаби лексика. Кітаби лексикаға саяси-әлеуметтік терминдер әр алуан техникалық атаулар т.б жатады. Бұлар өздерінің стиль түрлеріндегі қолданылу аясына қарай бір-бірінен өз ара ерекшеленеді. Мысалы: ғылыми стильтеге, әр түрлі оқулықтар тілінде терминдер, техникамен байланысты сан сала атаулар көбірек ұшырасады.

Көнерген сөздер мен неоогизмдердің қолданылуы. Көнерген сөздер ара-тура сөйлеу тілінен де кездесіп отырады, есіресе өткен дәуірдегі оқиғаны суреттейтін, тарихи шығармада жиі ұшырасады. Мысалы: исі, иғі, келе, би, болыс, елу, басы, старшын, тоқал және осы сияқтылар әдеби шығарма стиліндегі белгілі бір көркемдік мақсат үшін жүнсалады. Көркем әдебиет стилінде қолданылатын көне

сөздердің мағынасы қазіргі оқушыға әсересе жастарға, көбінесе түсініксіз келеді. Көнерген сөздер архаиздер және историзм болып екіге бөлінеді.

Неологизм. Неологизмдер стиль түрлерінің жалпы қай-қайсысында, тіпті сөйлеу стилінде де азды көпті қолданылады. Олар көбінесе ғылыми стиль мен публицистикалық стилде жиі ұшырасады. Өйткені неологизмдер көбінесе көп сонда сол стилдерде қалыптасады. Бірақ, көркем әдебиет стиліндегі неологизмдер мен өзгестильдердегі неологизмдер біремес. Осы екі сала неологим бір-біріне ұқсамайды. Синонимдер публицистикалық стилдерде жиі ұшырасады. Олар мұнда да белгілі бір ойды Жан-жақты түсіндіру, толықтыра тусу мақсатында пайдаланылады. Синонимдер саяси әдебиеттердің өзінде де осындағы қызметті атқарады.

Лексикалық синонимдердің қолданылуы. Синонимдердің қай стилде болса да бәрінде бірдей дәрежеде қолданылмайды. Ресми, ғылыми стилде синонимдердің жеке бір сыңарлары кейде ретіне қарай қолданылады. Ал екі не үш синоним бірдей қатар жұмсалмайды. Бұлар тек публицистикалық және сөйлеу стиліндегі жұмсалады. Мысалы: ағайын және қарындағы сөздерінің өз ара синонимдік сипаты бар. Серт, уәде, ант, сөздері бір-бірімен мағыналық жеке күйінде стиль түрлерінің қай-қайсысына да қолданыла береді. Екеуі, не үшеуі қатар көбінесе көркем әдебиет стилінде, сондай-ақ публицистикалық стилде кездеседі.

Көркем әдебиет стилі. Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызметті атқарады.

Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма – өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, ақ да, құс та, табигат та – бәрі де қатысады. Көркем шығармада көптеген кейіпкерлер болады. Олар жағымды, жағымсыз образдарға бөлініп, топталады.

Олардың әрқайсысының өз алдына жеке-дара сырт пішіні – портреті – жасалып, іс-әрекеттері, ой-өрісі, өмір тануы суреттеледі. Ол кейіпкерлердің тіл ерекшеліктері болады. Сөйтін, типтік образдар жасалады. Шығармалардағы адамдар табигат қоршауында әрекет жасайды. Мұның бәрі шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін айнауда маңызды роль атқарады.

Көркем шығарма тілі – проблемалық мәселе. Көркем шығарманы жасайтын – жазушы. Шығармадан жазушының өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі байқалып отырады. Шеберлік мәселесі тілге тікелей қатысты. Сондықтан да жазушының шеберлігі жайында сөз еткенде, ең алдымен оның тілінен бастаған жөн.

Көркем әдебиет – сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін иекаство. Әдебиетшілер болсын, тілшілер болсын көркем шығарма тілін сөз еткенде, екеуінің де негізгі обьектісі – әдеби шығарма. Өйткені, әдеби шығарманың негізгі құралы – тіл. Жазушылар да құрылышылардың кірпіштен салған биік всем пу қарасы сияқтандырып өмірдегі сан алуан құбылыстарды бейнелі сөз өрнегі арқылы қилюастрып, көркем образдар жасайды. Жазушының стилі ерекшелігі – жалпы халықтық тілдің жалғасы ретінде дамитын әдеби тілдің маңызды бөлшегі.

Көркем шығарма тілін зерттеуде кездесетін бір қындық – оның проза, драма, поэзия сияқты жанрларды қамтып, көп жанрлы болып келуінде. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай, тіл өзгешелігі болатындығы әдебиет теориясының оқулықтарында және кейір лингвистикалық еңбектерде тиіп-қашып айтылады.

Көркем сөз стилінде стильдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Эр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады.

Көркем әдебиет сөз өнері ретінде ғана танылмайды. Ол өмір шындығын біліп тануымызға ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын

қоғамдық құбылыс болып саналады. Сондықтан академик В.В.Виноградовтың: «Көркем шығарманың тілін зерттеу мәселесі тіл білімінен де, әдебиет танудан да өз алдына айырмашылығы бар филология ғылымдарының айрықша бір бөлек саласы болуға тиіс», - деген пікірі әбден дұрыс.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Көркем әдебиет стиліне жалпы сипаттама беріңіз
2. Көркем әдебиет тілінің әдеби тілге қатысы
3. Көркем әдебиет стилінің көп стильдік болып келетіндігі жайлы баяндаңыз
4. Көркем әдебиет тілінде диалектизмдер мен кәсіби сөздердің қолданысына мысалдар келтіріңіз
5. Стильдерді қалай топтастырамыз?
6. Стильдердің қандай түрлері бар?
7. Стильдердің қолданылу ерекшеліктері?

### **4-тақырып. Лексикалық стилистика**

#### **Жоспар:**

1. Кіріспе.
2. Сөйлеу тілінің лексикасы.
3. Бейтарап лексика
4. Кітаби лексика
5. Сөздің экспрессивтік және эмоциялық бояуы
6. Сөз және оның мағынасы

**Тірек сөздер:** Лексикология - сөз мағынасын, шығу тегін зерттейтін сала. Стиль аралық, кітаби лексика, қарапайым сөздер, табу, эвфемизм, диалектизм т.б. Метафора, метонимия, синекдоха, омоним, антоним, синоним. Сөз мағыналарын стильдік қолдану.

Лексикология және стилистика бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Лексика деп - әдетте тілдегі барлық сөз қорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретінғылым. Тілімізде өте ертеден өмір сүріп келе жатқан, сонымен қатар жаңа сөздер жасауға бірден-бір үйіткі болған, аз буынды, көп мәнді жалпы халықтық сөздер негізгі сөздік қордағы сөздер есептеледі. Негізгі сөздік қор арқылы, сөздік құрам көбейеді. Тіліміздегі қай тілден, қай жолмен енгеніне қарамастан қолданылатын сөздер сөздік құрам болады.

Адамдар күнделікті қарым-қатынасында, қызмет бабында стильдік бояуы әр түрлі сөздерден қолданады, сөйлеу тілі лексикасына қарапайым сөздер, табу, эвфемизм, диалектизмдер және кәсіби сөздер жатады. Қарапайым сөздер - күнделікті сөйлеу барысында қолданылады. Мыс.: Қонке шекем ол дәлендей болды деп айта алған жоқ, егер бармасаң ол да, мен де қатты ренжимін деп талақтай жабысты. Пошымың құрысын, әй, боқ неме, дәленшеге ертең кел дегенмін, түгендешекілді т.б.

Тәуір екен тапаншаң,  
Түсі суық неме екен

(І.Жансұғіров)

Пәленшеші ұрам деп,  
Түгеншеші қырам деп

(Абай)

Бұл белгілі бір стильдік мақсат үшін көркем шығармада, сыйқақ-мысал түрінде қолданылуы.

Табу мен эвфемизмдер - бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер. Мифтік ескі наым бойынша атын тұра айтуға тыым салынған сөздер табу делінсе, мағынасы түрпайы сөзді сыпайы етіп, яғни сөздерді алмастырып қолдану эвфемизм деп аталады. Табуға - шырайлым, кенжем, қайнаға т.б. Сексенді-жүзден жиырмасы кемнің ауылы деп атаған. Эвфемизмге - өлді, дүниеден өтті, ыстық демі тоқтады, өмірден кетті, жан тәсілім қылды, үзіле берді т.б. (Абай жолында). Ауру аттары алмастырылады - рак-жаман ауру, туберкулез-өкпе ауру т.б. Аксак-аяғының ақауы бар, керең-құлағының мүкісі бар, өсекші-аузы жеңіл, сымсыз телефон, қосып айтады, үрлықшы-қолының жымысқысы бар т.б.

Диалектизмдер - қай шығармада болса да кездеседі. Жазушы диалектизмді өзінің авторлық баяндаудында әдейі қолдануы да мүмкін. Көркем әдебиет стилінде диалектизм көбінесе диалогта қолданылады. Автор жергілікті жердің тіл ерекшелігін, сөз байлығын аңғартуды көздел, кейіпкердің қай жақтың адамы екендігін байқату үшін да әдейі қосуы мүмкін. Мыс: шаршап, талып шақ жеттік. Шалқалап барып шақ қалдым. Көріп түрмиз, есітпей болмайды (М.Әуезов).

Көсіби лексиканың қолдану аясы кең. Бұған белгілі бір аймаққа ғана тән кәсіп түрлері. Мыс: Көмір өнеркәсібімен, мақта өсірумен, балық шаруашылығымен т.б. термин ыңғайындағы әр түрлі атаулар жатады. Мыс: Ұстаган сүгенім, ауға сағағынаң ілініп тұр екен. Балық тондататын үлкен мұз қала т.б.

Кітаби лексикаға - саяси әлеуметтік терминдер,

әр алуан техникалық атаулар жатады. Қазақ халқында XVIII-XIX ғасырда, тіпті одан арғы кезеңдерде, жазу-сызу мәдениетінің бірі кітаби тіл болды. Бұл жайында да әр түрлі пікір бар. Біреулер «кітаби тілді» Орта Азия халықтарына тән үлгі деп қараса, енді біреулер татар, шағатай, түркі тілдерінің қоспасы деп атайды. Абайдың қара сөздерінен де: Бахасқа бола үйренбе, бахас адамды тузымелек түгіл, бұзады. Бахас хұсідшілікті зорайтады. Бахас - өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хірслану жарамайды (1961; 463-464-беттер). Бахас-талас, егес (арабша). Хұсідшілік-күндеді, күншілдік. Хірслану - сараң болу, ашқарақтану. Кітаби лексика формалары: қаған (хан), тамга (таңба), оғлақ (лак), улуғ (ұлы, ұлken), бітік (жазу), сөзле (сөйле) т.б.

Тіліміздегі сөздер өздерінің экспрессивтілігі жағынан әр түрлі. Экспрессивтік сапа белгілі бір сөздерден ғана байқалады. Мыс: адам, көл, үлкен, бала, тау деген бір топ сөзді, тыраш, шалжию, дардию деген сөздермен өзара салыстырсақ, соңғы топтағылар экспрессивті сөздер. Өдette, әр сөздің өзіне тиісті қолданылу ерекшелігі, белгілі бір стил түріне бейімі стильдік сипаты болады. Әрбір сөздер өз стиліне тән қолданылады. Тіліміздегі қала сөзімен бірге шаһар, жырақ сөзімен бірге қашық сөздері қатар қолданылады. Іргелі мекен, өнерлі шашар жоқ. Қазіргі бұлтсыз аспандай алысқа, тазалық рахатқа шақырып, жыраққа мензейді.

**Эмоция** - латын тілінен алынып толқыту дегенді, **экспрессив** - латынша көркемдеуші, бейнелеуші деп белдіреді. Махамбет өзінің үстем тапқа деген көзқарасын билайша көрсеткен.

Хан емессің ылаңсың,  
Қара шұбар жылансың т.б.

Лексикалық мағынасы өзінің экспрессивтік болу тілімен тұратын сөздердің қатарына селтию, іншік, жырағайлау, құйтындау, құқай т.б. Жалаудан жел де сарнайды. Селектеп алдымында орап екеуің бір

болмайсын. Тек кез келгенді белуардан **қестите** береді. Іншік-кейіпкердің тұрмысының жүдеулігін көрсететін экспрессивті сөз. Тіліміздегі сөздердің негізгі тұра және ауыс мағынасы бар. Күйме алыстап ұзын белден аса берді. Мына тірлікте қай белдің астында жүрсем де, артымдағы бір бел - өзің едің. I-ші бел-тура мағына, 2-ші бел - қай жерде жүрсем де, 3-ші бел - тірек, сүйеніш ұғымында. Жалпы халықтық ауыс мағына тілімізде ұш түрлі: метафоралық, метеонимиялық және синекдохалық жолмен жасалады.

**Метафора** - белгілерінің ұқастығына қарай бір заттың не құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы. Сөздің метафоралық мағынасы шешендік сарындағы өситет өлеңдерден, мақал-мәтелден, айтыс жырларынан, ауыз әдебиетінің өзге үлгілерінен де кездеседі. Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі - бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткіzetіндігі. Сондықтан, көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады, ғылыми, кеңсе, реєсми, іс-қағаздар стилінде мұндай дәрежеде кездеспейді. Мыс:

Тәтті ауыздан дәм кетпей.

Уылжыған тәтті жас

(М.Әуезов)

Жылы тәтті жауап айт,

Жақсы ән мен тәтті күй

(Абай)

Бұндағы тәтті - сөзінің әр түрлі мағыналары, стилі контексте белгілі. Сөздің метафоралық мағынасы белгілі бір стильде контекстік болып, белгілі бір аядағана көрінеді. Мұндай контекстік метафора көбінесе көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильден байқалады. Ол әр автордың өзіндік сөз қолдану шеберлігімен байланысты. Контекстік метафораға

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек

Терін сатпай, телміріп көзін сатып.

Оқыған білер әр сөзді.

Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп журмесін деп,-

азғана сөз шығардық

(Абай)

Қызыл-сырты жылтырақ, ішінде түгі жоқ, бос кеуде, ойсыз, жеңілtek адам мағынасында қолданылған. Терін - еңбегін деген сөз. Сөз біріншіде - көп билетін адам, екіншідегі - өлең мағынасында. Мыс: Соны ойлап тайыздар таранар, Терендер-теренге тереңдер (М.Әлімбаев)

Тайыз - ойсыз, пасық адамдар, терең - ақыл-парасаты мол, білімді.

**Метонимия** - бір заттың немесе құбылыстың екінші затқа не құбылыстың өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атауларының алмасуын, соған орай, сөздің ауыспалы мағынада жұмысалуын метонимия дейді. Метонимияның көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы метафорадан гөрі өзгешелеу. Метонимияны көркем әдебиетте қолдану мәселесі, оның шығармадағы аз, көптігі ең алдымен жеке автордың сөз қолдануындағы өзіндік шеберлігімен тығыз байланысты. Метонимияны қолдану үшін шеберлік қажет. Мыс: Теңіз астында найзағай көбейген, жарқылдау көбейген. Сол найзағайлар барлық ана балықтарға ұлы жарықтың бет алысын, жөнін сілтейді. Жазушының найзағай деп отырғаны - көкқасқа тәріздес ата балықтар, Мыс: Төменнен жоғары қарай лақтырған қаншарлар күн көзінде бір жарқ етіп қалды да, суға шаншила түсіп жоқ болды. Қаншарлар - барлық.

**Синекдоха** - бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні қолданудың немесе керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуын айтады. Метафора, метонимияға қарағанда синекдоханың білдіретін мағынасын оқушы оңай байқайды. Жазушылар өзінің айтайын деген ойна әзіл нышанын, юморлық өң беру үшін жиі қолданылады. Мыс: Қайдан келген, қандай сақалдар бұлар? Сақал-мұртына мұз қатып, шақыр-шұқыр басып келген кім десем, ауыл екенғой.

Көп мағыналы сөздер өздерінің сырт формасы жағынан омонимдерге ұқсас. Сөздің көп мәғыналылығы жалпы халықтық ауыс мағынаның негізінде жасалады, ең

көп жұмсалатын жері - көркем шығарма. Мыс: Ол телмірген көздерден жасырынды. Қалаға барып, ескі көздерді көрген соң, есінен бәрі шығып кетті. Бұндағы көз – адамдар, көз – таныстар.

Екі күймек бір жанға әділет пе,  
Қаны қара бір жанмын, жаны жара (Абай)

Бұл екі жердегі жанға, жанмын - адам мағынасында, жан – көніл, ақыл, ой, сана мағынасында.

**Омоним** - сырт формасы, дыбыстық құрамы бірдей, бірақ білдіретін мағынасы әр түрлі сөздер. Бұл сөздерді жарыстыра пайдалану көбінесе публицистикалық стиль мен сөйлеу, көркем әдебиет стильтерінен айқын көрінеді. Омонимдердің әдеби шығармадағы стильтік қызметі әр түрлі. Көркем әдебиет стиліндегі қолланылатын омонимдердің көпшілігі - күнделікті сөйлеу стиліндегі әбден қалыптасып, жалпы халықтық сипат алғып кеткен сөздер. Көркем әдебиет стиліне бейім тұратын омонимдердің қашан да контекстік сипаты басым болып келеді. Сырт тұлғасы бірдей, екі сөздің өзара омонимдік қатынасы белгілі бір контекст ішінде ғана қолданылады. Мыс: Қара тұнді қара баспаса, Ертісті кезген қайықшыны қашан көрдің. Қара қасқа кедей болсам да, қара ниет болмаспын, қартайған шағында қара басайын деді ме.

**Синонимдер** - дыбысталуы басқа-басқа, бірақ мағыналары бірдей сөздер. Синонимдер қайсы тілде болса да бәрінде бірдей дәрежеде қолданылмайды. Екі, үш синоним бірдей қатар жұмсалмайды. Мыс: Ағайын және қарындас сөздерінің өзара синонимдік сипаты бар. Бірақ, соңғы сөз көбінесе көркем әдебиет стиліндегі жұмсалады. Мыс: Қарындасқа қайырымы бар бала деп естуші едім. Жазушы да, ғалым да басқалар да синонимді әдетте бір сөзді қайталай бермеу үшін қолданады. Көркем әдебиет стиліндегі синоним белгілі бір ойды толықтыра түсу нақтылап, дәлді айту ыңғайында қолданылады. Мыс: Қалың қарындас арасында жырлап көріскең шешен,

ділмар аз емес.

Көркем әдебиет, публицистикалық, сөйлеу тілі стильтерінде әсіресе контексттік синонимдер көрініше қабат жұмсалады. Мыс: Оразбай өзінің қызыр, қияс, қасқой мінезі бойынша орайын тауып сөйледі.

Синонимдер сияқты, дублет сөздер де осылай әр түрлі стильтік қызмет атқарады. Мыс: қала-шаһар-кент, мырза-жомарт, тырбану-тырману т.б. Бұл дублеттерді кез келген стильте қолдана беруге болмайды. Әрқайсысы әр түрлі стильге лайықты. Осындағы кент, шаһар сөздері әдеби шығармада белгілі бір көркемдік қызмет үшін қолданылады. Синонимдер публицистикалық стильде де және жұмсалады. Олар мұнда сол белгілі ойды жан-жақты түсіндіру, толықтыра түсу мақсатында пайдаланылады. Бұлардың көркем әдебиет пен публицистикалық стильтегі қолданылу жиілігі автордың жазу стилі мен тікелей байланысты.

Синонимдер кейде ғылыми стильтен де кездеседі. Мұнда сол көркем әдебиет, публицистикалық стильтердегідей жарыстырыла қатарымен қолданылады. Мыс: Бесжылдықтың шешуші жылын екпінді, қажырлы еңбекпен аяқтауға шақырады.

**Антонимдер** - мағыналары қарама-қарсы сөздер. Антонимдер жеке-жеке түрінде кез келген стильте жұмсала береді. Ғылыми, ресми-кеңсе стильтерінде антоним сөздер сирек ұшырасады. Көркем әдебиет стиліндегі антонимдердің қызметі де айрықша байқалады. Тіліміздегі осы қарсы мәнді сөздерді ақын, жазушылар өзара қатар алғып шығарма тілінің көркемдігіне жұмсайды. Достары да аз емес, жаулары одан да көп. Антонимдер публицистикалық стильде де қолданылады. Онда да сол белгілі бір ойды әсерлі етіп жеткізу мақсатында қосарлана жұмсалады.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Лексикалық стилистикаға қандай сөздер жатады?
2. Сөздің экспрессивтілігі, эмоциялылығы дегенде нені түсінесің?
3. Сөздің қандай мағыналары бар?
4. Ақын-жазушылар тіліндегі стильдік ерекшеліктер қалай көрінеді?
5. Полисемия мен омонимдердің өзгешелігі неде?

### **5- лекция. Фразеологиялық стилистика**

#### **Жоспар:**

1. Фразеология туралы түсінік.
2. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі.
3. Фразеологизмдерді қолданудың стилистикалық тәсілдері.
4. Фразеологиялық синонимдер.
5. Фразеологиялық бірліктердің эмоциональды-экспрессивті бояуы.

**Тірек түсінік:** Фразеология – тұрақты сөз тіркестері туралы. Өз-ара мағыналары бірдей синонимдер. Тіліміздегі фразеологияның бейнелілігі.

Фразеологизмдер тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері. Фразеологияның өзіне тән негізгі қасиеттері.

1. Дағын тілдік бірлік ретінде жумсалады.
- 2 Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады.
3. Мағына бірлігі сақталады.
- 4 Екі сөзден кем болмайды.

Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет әсіресе, жағымсыз образдарды сипаттайтын идиом, мақал-мәтелдерде баса сипатталады. Мыс: тірі жан жоқ, иненің жасуындай. Мыс:түйе үстінен сирақ үйту, қу бастан қуырдақ ет алу, ит екеш итке де бір сүйек қарыздар т.б.

Фразеологизмдер тіл білімінде актуаль мәселелердің бірі, өйткені – тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Тұрақты сөз тіркестері тілімізде екі түрлі қызмет атқарады:

1. Фразеологиялық бірліктердің негізгі қызметі – заттың не құбылыстың атын білдіретін (қызыл алаң, қырги қабақ соғыс т.б.) және сөйлем түрінде келіп, пікір алысу құралы болатын тілдің элементі (көзім ашылды. Жақсыдан жаман туған).

2. Фразеологиялық бірліктер тілімізге образды, бейнелі және мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоциональды-экспрессивті бояуын арттыруда зор мәні бар. Тұрақты тіркестердің осы қызыметінің стилистика үшін мәні ерекше зор.

Образдылық – тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Мыс:тақырға отырып қалу – алдану, белінен бесік табы кетпеген – жас.

Ақыл-кеңес ретінде жумсалатын да сөз орамдары бар. Мыс:сақтықта қорлық жоқ, игіліктің ерте-кеші жоқ, қыс азығын жаз жина. Мұндай қасиет көбінесе мақалмәтел, шешендік сөздерге тән. Фразеологизмдер өздерінің бейнелік құрылышы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты әпитет т.б. поэтикалық тіл ұлгілерінің бәрі бар.

Тұрақты әпитет: ай қабак, сүмбіл шаш, алма мойын, ит жанды, айыр тілді т.б.

Тұрақты тенеу: атқан оқтай, қордың қызындағы, инемен құдық қазғандай, тонның ішкі бауындағы т.б.

Тұрақты әсерлеу: Жаны мұрнының ұшына келу, қырық жамау, әлемде теңі жоқ, телегей-теңіз т.б.

Тұрақты литота: Әсерілеу белгілі бір зат не құбылыс шамадан тыс ұлкейтіліп айтылса, литотада, керісінше кішірейтіліп сипатталады. Мыс: түие сойған ешкі сойғаннан қуырдақтық ет дәметеді, тіс шұқитын шөп таба алмау т.б.

Фразеологизмдердің көвшілігі шенdestіru, дамыту, параллелизм, анафора сияқты поэтикалық синтаксиске құрылған.

Шенdestіru (антитеза) – жолымен құрылған сөз тіркестері: тұздегі май ішсе, үйдегі зәр іshedі; атадан алтау тусаң да бір жалғыздық; фразеологиялық антонимдер: жүрек жұтқан, су жүрек, көзі ашық, әліпті таяқ деп білмеу т.б.

Оксюморон – мағынасы қармақарсы, антоним сөздер, өзара тіркесіп бір ұғымды білдіреді. Ешкінің құйрығы

жекке, түйенің құйрығы жерге жеткендей, тікеннен гүл, шаһардан бал т.б.

Дамыту – тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер – ат мұратқа жеткізер.

Параллелизм – киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер, сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес т.б. Бұл мақал мен афоризмдерде көп кездеседі.

Анафора – сөзді не сөйлемшени сөйлемнің басында бірыңғай қайталауды айтады. Қол-қолды табады, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды.

Эпифора – қайталанатын сөз керісінше сөйлемнің аяғында келеді. Мыс: жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ, алласаны атқа санама, жақыныңды жатқа санама, т.б.

Фразеологизмдерге бейнелік, мәнерлік сипат беретін дыбыс үйлесімі – ырғақ пен үйқас болады. Мыс: сабыр түбі – сары алтын, айтпа - айтқаныңнан қайтпа, аманат-аманатқа қылма қыянат. Ырғаққа, үйқасқа құрылған мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер көңілге қонымды, жаттауға оңай келеді. Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады.

Тұрақты сөз тіркестері (қанатты сөз, мақал-мәтел, идиомдар) аз сөзben көп мағына береді, тілдің стильдік сипатын арттырады. Мақал-мәтел – астарлап, кестелеп айтатын ойдаң бейнелі көрінісі. Мақал – көбінесе тиянақталған қорыттынды ой ретінде, сөйлем түрінде келеді. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Аңдамай сойлеген ауырмай өледі. Мәтел – бейнелеп сөйлеу элементі, ой аяқталмай келте қайырылады. Ұзын арқау, кең тұсау. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен т.б.

Фразеологизмдер – сөйлеу тілінде де, жазба тілде де көп қолданылады. Ал оның бейнелегіштік, мәнерлелегіштік сипаты әсіресе көркем және публицистикалық шығармаларда айқын көрінеді. Фразеологизмдерді қолданудың екі тәсілі бар.

1. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада

қолданылуы. Бұл жалпыға танылған белгілі тәсіл. Мұнда айтылып не жазылып жеткізілетін ойға көркемдік сипат беру көзделеді. Автор тілінде: Бұл өзі (жорға Нурым) жеті атасынан бері узызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атастырып, елді қан жылатумен шынжыр балақ, шубар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді. Кейіпкер тілінде: тап осы бір ойланып ұлгірмес, көз ілеспес, қас қаққандай бір сәтте сездім - жарық дуниеде қоштасарым да көп екен.

2. Фразеологизмдердің өзгеріліп, авторлық өндеумен қолданылуы. Бұл тәсіл - ақын жазушыларға тән. Фразеологизмнің мағынасы кеңейіп, экспрессивті бояуы айқындала түседі.

Сол куресте сен дағы,  
Тобыңмен сойыл соғасың (С. Мұқанов )

3. Жалпы халықтың формадағы тұрақты сөз тіркесін өзгертіп қолдану арқылы жаңа мағына беріледі. Мыс: «Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл» мақалы былай айттылған.

Кең жайлау - жалғыз бесік жас балаға.  
Алла асыраған пендесі аш бола ма?  
Ер жеткен соң сыймайсың кең дүниеге,  
Тыныштық пен зар боларсың баспаанаға (Абай)

Тұрақты сөз тіркесінің құрылышы өзгеріліп қолданылады. Мыс «Бір асқанға бір тосқан» мәтелі.

Бір ғылымнан басқаның  
Кеселі көп асқанға  
Одан үміт кім қылар  
Жол табар деп сасқанда  
Сейтіп асқан жолығар  
Кешікпей-ақ тосқанға (Абай)

4. Жалпы халықтық тұрақты сөз орамы шешендік сөз үлгісінде құрылып, оның бұрынғы мағынасы

төліктірылып дамытылады. Бұл тәсіл көбінесе М.Дүзевовтің стиліне тән. Мыс: Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі мақалына сай:

Сұлу қызың мен келіншек - елдің сәні,  
Сұлу кеткен елдің де болмас мәні.  
Сұлу қызың тогайлы өзен бұлбұлыңдай,  
Бұлбұл кетсе, тогайдың жоғалды әні.

5. Тұрақты сөз тіркесінің бір компоненті өзгеріліп, жаңа мазмұнда қолданылады. Көңіл кірі тіркесі.

Мыс: Аспанда ай болмаса адасады,  
Көңілді көтермесе, кір басады (халық өлеңі)

6. Фразеологизмдер көбінесе ауди мағынада жүмысалып, тілімізде бейнелегіш, мәнерлілік қызмет атқаратыны белгілі. Бірақ стилистикалық тәсіл ретінде тұрақты сөз тіркестері тұрақты мағынада да қолданылады. Мыс: «жай түскендей» тұрақты сөз тіркесі.

Күлін көкке ұшырды,  
Тобеден жай түскендей (С.Мұқанов)

7. Бұрынғы белгілі тұрақты сөз тіркестерінің үлгісімен жаңа сөз орамдарын қалыптастыру. Мыс: «сырты жылтырақ, іші қалтырақ» мәтелін

1. Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін-ау.  
Бүтінгі дос - ертең жау,  
Мен не қылдым, япымрау?

2. Ішім толған у мен орт, сыртым дүрдей (Абай)

3. Сырты сопы молдадан іші таза қара қазақ артық. (Е.Мусірепов)

Ақын-жазушылардың қаламына тән осындай сөз орамдарының бірқатары халық арасына кең тарап, қанатты сөзге айналған.

Досыңа достық қарыз іс.  
Тіл енері дерптен тең (Абай)

Ар ұялар іс қылмас ақыл зерек,  
Өмір озады, ажар тозады.  
Жалған намыс қасиет емес,  
Ар сақтаған қасиет (М.Әуезов)

Тұрақтысөзтіркестерімен сөйлемшелердің бір-бірімен мағына ұқастығын фразеологиялық синоним дейді. Мыс: уақыт пен қашықтықты білдіретін фразеологизмдер: шай қайнатым, ет асым, сүт пісірім, биле сауым, арқан бойы, қозы көш жер, ат шаптырым т.б. Фразеологизмдердің бір ерекше сипаты - мақал-мәтелдердің өз-ара синонимдес келуі. Мыс:

Сиыр су ішсе,  
Бұзау мұз жалайды.  
Тек жүрсөң,  
Тоқ жүрерсің.  
Жығылып жатып,  
Сүрінгенге құлғен т.б.

Фразеологиялық синонимдер бір-бірінен семантикалық реңіне, стильдік бояуы мен қолданылу аясына қарай ерекшеленеді. Мыс: Тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай ® ашық, айқын үғымын білдіреді. Кейбір фразеологиялық синонимдер бірыңғай болып келеді: беті қайту, сағы сыну, тауы шағылу, жүргегі шайылу т.б. Сөйтіп, фразеологиялық синоним дегеніміз – әр түрлі образға құрылған, бірақ мағынасы бір-біріне жақын, тұракты сөз тіркестері.

Жеке сөздерге тән эмоциональдық-экспрессивті бояу тұрақты сөз тіркестерінде де болады. Эмоциональдық-экспрессивті сөздердің тіркесін төмендегіше топтастырамыз.

Бірінші топқа: іші-бауыры елжіреген, құ табан, сор маңдай, ит екеш иттен де бір сүйек қарыздар сияқты жағымды-жағымсыз образдысипаттайтын эмоциональды-экспрессивті тұрақты сез тіркестерін жатқызыамыз.

Екінші топқа адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіретін

Тұрақты тіркестер жатады. Тілек мәні бар тіркестер: құтты болсын, мұратқа жет, іске сәт т.б. Қарғыс мәнді тіркестер: қырыңқылік болғыр, сесспей қат, көк соққан, жер жастаңғыр т.б. Кейбір сөз тіркестері бейнелеу, көріктік сипат беру қызметін атқарады. Мыс: Маң-маң басқан – маңғаз жүрісті елестетсе, бұрсаң-бұрсаң – кәріліктен еңкейіп бұрсаңдеген адам кейпін көрсетеді. Көптеген фразеологизмдердің эмоциональды-экспрессивтік бояуы контексте анық салынады.

Лингвистикалық пәндер сөйлемді дұрыс қырып, қалай жазуды, тыныс белгілерін қоюды оқытып үйретеді. Ал, тілдік тәсілдерді өткір, нақтылы, дәл және мәнерлі қолдану, жалпы тіл мәдениетін арттыру сияқты маселелер стилистиканың үлесіне тиеді. Стилистика үшін фразеологизмдердің мәнерлеу тәсілі ретінде маңызы зор.

## **Сурақтар мен тапсырмалар**

1. Фразеологизмдер дегеніміз не?
  2. Фразеологизмдердің түрлері және еркін тіркестерден өзгешелігі неде?
  3. Фразеологизмдерді қолдануда қандай стилистикалық тәсілдер бар?
  4. Фразеологиялық синонимдерге нелер жатады?
  5. Фразеологизмдердің экспрессивтілігі қалай корінеді?

## **6-тақырып. Морфологиялық құрылыштың негізгі стилистикалық белгілері**

### **Жоспар:**

1. Морфологиялық құрылыштың негізгі стильдік белгілері.
2. Морфологиялық тұлғалардың жеке стиль түрлеріне қатысы.
3. Көптік және септік жалғауларының сөз қолданысындағы стильдік ерекшеліктері.
4. Экспрессивті-эмоциональды лексика жасайтын кейбір морфологиялық тұлғалар.

**Тірек түсінік:** Морфологиялық тұлғалар. Стильдік ерекшеліктер ғылыми стильдегі, көркем әдебиет, публицистикалық, жазба стильдердегі қолданылатын морфологиялық тұлғалар. Сын есім-шырайларының стильдік қолданылуы.

Морфологиялық құрылыш стильдік қолданыс түрғысынан сөздік қормен салыстырғанда біршама бейтарап екені айқын. Өйткені, морфологиялық құрылыш стильдік топтардың қай саласына да бірдей, барлығына да тән. Сондықтан сөз таптарының немесе сөз тудыруши аффикстер мен сөз өзгерту тәсілдерінің бір-бірінен оқшау қолданылу сырлары анық байқала бермейді. Тілдің морфологиялық тұлғаларының стильдік қолданылу жүйесі мен заңдылықтары бар. Оны мына өзгешеліктерден де байқауға болады. Алдымен стилистика тілдегі синонимдік құбылыстармен ұштасып жатады. Ал біздің тіліміздің морфологиялық құрылышында да мұндай синонимдік қатарлар кездеседі.

Әрине сөз өзгертуші, сөз жасаушы қосымшалардың синонимдік қатарларын айқындау, жіктеу тілдің лексикалық қорымен салыстырғанда әлдеқайда қын жұмыс. Тіпті сөз қолдану тәжірибесінде белгілі бір

аффикстің қай аффикспен синонимдігі барлығын ажырату нүмкін де бола бермейді. Оған себеп: біріншіден, қандай бір аффикс болмасын өзі жалғанған (немесе, біріккен) түбірге қосылып, оның өзі мәні айқын жіктеліп түрмайды. Екіншіден, тілдің грамматикалық құрылышында кез келген аффикс абстракттану процесіне ұшырайды. Соның елдарынан, оның өзіне ғана тән мән-мәнер бірте-бірте қарастырылады. Қазіргі тіліміздегі бүршік, талшық, келіншек, т.б. сөздерді осы сипатында, осы құйинше тұтас ұғынамыз, оны түбір мен қосымшаға жіктеу болай тұрсын, -шік, -шық, -шек аффикстерінің біркезгі қарастыру мәнерінде байқамаймыз. Бірақ түйіншек, інішек, тобешік сөздерінің құрамында бұлардың кішірейту мәнері айыны сезіледі. Соңғы сөздер құрамындағы (түбіршік, інішек, тобешік) -шық, -шақ ұзынша, сұрша сөздердің құрамындағы -ша аффиксімен мәндес болғанмен алдыңғы сөздер (бүршік, талшық, келіншек) құрамындағы сондай аффикстермен мәндес деп есептеле мейді. Осылар тәріздес, жеке сөздер ыңғайында, бір-бірінен мәнерлік айырмасы бар, бірақ орайлас мағыналы сөздер жасайтын қосымшалар қатарына сын есім жасайтын -ғыш пен -шақ, -қыр мен -ғыш, -шыл мен -қай, -шыл және -паз, -қор қосымшаларын жатқызуға болар еді. Осылар арқылы жасалған сөзшең мен сөйлегіш, тапқыр мен тапқыш, сауықшыл мен сауыққой, шайыл мен шайқор, ойыншыл тәрізді сөздер орайлас мағыналы, бірақ бір мәнерлі емес. Осы ыңғайда аталған аффикстердің синонимдік қатар құрай алатындығын көруге болады. Бірақ аффикстер арқылы жаңа сөз жасауда сөздесіп отыратын грамматикалық шектелу процесі де ескеріліуі қажет. Мәселе мынада: сөзшең, сөйлегіш сөздерінің синоним болуы олардың құрамындағы -шен, -ғаш аффикстеріне байланысты болғанмен, -шақ аффиксі жалғаса алатын түбірлердің бәріне бірдей -ғаш аффиксі қосылып айтыла бермейді. Мысалы, ашушаң, тершең деген айта береміз, бұлардың қайсысында кісінің белгілі бір ерекшелікке бейімділігін білдіреді. Дегенмен осы

түбірлерге -гіш аффиксін тікелей қосып айтуға болмайды. Есім түбір туынды етістікке айналғанда ғана (ашуланғыш, терлегіш) жалғанады. Бірақ сол түбірге -шыл аффиксі тікелей қосылып, -шең аффиксімен синонимдік қатар құрады: аушышыл, тершіл. Сондай-ақ тапқыр, тапқыш сөздерінің синоним болуы -қар, -қыш, -қыр аффикстеріне байланысты. Бірақ, сенгіш, болжағыш, сөйлегіш, байқағыш, аяғыш сөздеріне -қыр аффиксіне жалғап айтуға келмейді. Сонымен, сөз жасаушы аффикстердің синонимдік қатар құруы кез келген сөз құрамынан байқала бермейді. Аффикстердің синонимдігі жайында айтқанда, түбірге қандай аффикс жалғана алатындығы ескерілуі керек болады.

Жеке сөз таптарының өздеріне ғана тән категорияларының ішінде сөз қолданыстың белгілі бір заңдылығы қалыптасқан. Осы ретте көптік жалғауларының қолдану заңдылығын еске алу қажет болады. Көптік жалғаулары ең алдымен көптік ұғым туғызу үшін қолданылатыны белгілі. Өз табиғатында жекелік ұғымға негізделген сөздер көптік жалғаулар арқылы көптік мән алады (тас-тастар, кітап-кітаптар т.б.). Қазақ тіліндегі кей сөздер сол күйінде, қосымшасызы-ақ көптік мағына бере алады. Бұлар көбіне топталған, жинақталған заттардың атауы болады. Мысалы, шаш, қас, сақал, жұн, бидай, тары, сұлы, жұгері, шөп өсімдік т.б. Бұл сөздерге мағыналық түрғыдан көптік жалғаудың ешбір қажеті жоқ. Бірақ кейде жазушы не басқа автор өз ойын тұсталдап жеткізу үшін жинақты зат атауларына көптік жалғауы жалғапта қолданады. Бұндай реттерде зат атаулы өзінің тұра мәнінде емес, ауыспалы мәнде айтылады, көп ыңғайда жансыз зат жандыға айналады. Көптік жалғауы осындағанда мәнді туғызудың тәсілі болады. Мысалы: Күн көзінің алтын кірпіктері аласа үйлерден асып, биік үйлердің терезелерін шам жаққандай жарқырата бастады (Ф.Мұсірепов). Жазушы кірпік сөзін көптік жалғауының да қолдана алар еді, бірақ онда заттың мән айқын болmas еді.

Жинақтың мәнді зат есімдерге көптік жалғауларын қолдану кеңсе стилінде немесе ғылыми әдебиеттер стилінде кездесебермейді. Бұндай сөз қолданыстары әрине, тек көркем әдебиет пен публицистикалық шығармалар тіліне ғана тән. Сөз жүйесінде септік жалғаулары да айрықша қоңыл аударуды қажет етеді. Олар сөз бен сөзді байланыстырып қана қоймай жалғанған сөзіне қосымша мән де үстемелейді.

Ілік септіктерің сөз конкретті меншікті білдірмей, колективтік қатнасты білдіргендеге: ауыл малы, мемлекет қаржысы т.б. Яғни жалғауды немесе тәуелдік жалғаулы соғың білдіретін мағынасының нендей құбылысқа, затқа, кісіге қатыстылығын білдіру ниеті көзделгенде, ілік жалғау түсірілмей айтылады. Мыс: Дүние жүзінің жалғауынан бейбітшілікті қолдайды (газеттен). Бұл жерде үй жалғау нақтылы мақсатпен айтылған. Барыс жалғауы ішінде бағытталған, арналған жанама объект мәнінде, кейде жатыс жалғауымен синонимдік қатар құрады. Ол затын қай жерде сақтайды, қай жерде сақтайды. Бұл етістіктермен қатар келгенде де байқалады. Мыс: далада, далаға қону. Қазақ тілінде бірде сөз табыс жалғауымен келеді де, бірде табыс септік мәнді болса да, жалғаусыз айтыла береді. Кітапты оқыды, кітап оқыды. Осыдан кітап оқыды бір нәрсемен айналысты деген жалпы мән болса, кітапты оқыды, тек кітап оқығандығын хабарлайды. Жатыс септікте тек мезгіл мәнді (кез, шақ, уақыт) т.б. сөздер ғана емес, лексикалық түрғыдан оған жатпайтын сөздер де негілдік мән ала алады. Мыс: Тыныштықта сүйген менің қырдағы әнім. Бұл жерде нақтылы мезгіл, уақыт жоқ, тек жобалау бар.

Шығыс жалғауы мынадай мағыналық мәнерлерде қолданылады.

1. Заттың неден істелгендігін білдіреді. Тастан үй салды.

2. Нәрсенің шығар көзін білдіреді, білімді кітаптан алады.

3. Іс-әрекеттің шығатын мекенін білдіреді. Қарағандыдан көмір шығады.

4. Іс-қимылдың пайда болу таралу мезгілін, уақытын білдіреді. Мыс: жастайынан суретке әуес.

Көмектес септік негізінен, іс-қимылдың не, кім арқылы жасалғандығын, іс-әрекеттің болу ерекшелігін, себебін, орын-мекенін, мезгілін білдіреді. Ол ойланып үзын жолмен келе жатқанын да сезбей қалды.

Әдеби тілдің белгілі бір стильдік саласында жиі қолданылуға бейім морфологиялық тұлғалар бар. Құрамында жиі жұмысалатын морфологиялық тұлғалардың сипатына қарай жазба стильдерді негізінен екі топқа бөлуге болады. Морфологиялық құрамы түрғысынан кеңе стилі мен ғылыми стиль бір-біріне жақын. Сол сияқты публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стилі бір-бірімен үндеседі. Соған орай публицистикалық стильте жиі кездесетін морфологиялық тұлғалар көркем әдебиет тілінде де жиі қолданылады.

Кеңе және ғылыми әдебиет стиліне ортақ морфологиялық тұлғалар деп төмендегілерді көрсетеміз.

1. Зат есімдік және сын есімдік түбірден зат есім тудыратын -лық (лік, дық, дік, тық, тік) жүрнағы. Бұл арқылы әр түрлі мағыналық топтарға жататын сөздер жасалады. Мыс: оқулық, сөздік, жылылық, дымқылдық т.б. -лық аффиксі арқылы нақтылы зат атауы да жасалады. Мыс: белдік, ауыздық, есімдік т.б. -шылдық, шілдік - төрешілдік, қантшылдық көбіне саяси әдебиеттер тілінде қолданылады. Халық тілінде белгілі бір зат атауын жасауда ертеден қалыптасқан тәсілдің бірі - етістік сөздер деп (қыш, кіш, ғыш, гіш) аффиксі арқылы жаңа сөздер жасау. Мұздатқыш, жапқыш, сепкіш, жылытқыш т.б. Ауыз-екі сөйлеу тілі айтылар ойды қосымша эмоциямен, экспрессивтікпен толықтырып жеткізуде жазба тілде жоқ ерекше тәсілдерді пайдаланады. Айтушы өз ойын айтқанмен, сөзбен жеткізе алмайтын немесе айтқысы келмейтін жерлерін көз берін беттің құбылысы арқылы, не

қол құмылы әлде дауыс интонациясы арқылы аңғартады.

Қазақ әдеби тілінде ерте кезден қалыптасып кеткен сөйлеу стилінің бірі - шенеу, мысқыл. Тілдік фактілерге қараста мұндай экспрессия көбіне жеке сөздер мен синтаксистік шумақтар арқылы беріледі. Кекету, кемсіту, жаңтырмау мағыналарында жұмысалатын аффикстер -ымақ (адамсымақ, сулусымақ), -сып (адамсып), -қалақ (үніқалақ), -ымсақ (сұрамсақ). Бұлар арқылы жасалған туынды есімдер юморлық портрет жасауда, суреттегін заттың басқадан оқшау ерекшелігін бір сөзбен жеткізуде қолданылатын өткір тәсіл болады. Тіліміздегі биік-биік, үлкен-үлкен, қысық-қысық тәрізді бір сөздің қайталануы арқылы жасалған күрделі сын есімдер эмоциялы екпін тұтызуның өнімді тәсілдерінің бірі. Сөйлем ішінде мұндай сөздерге әдетте логикалық екпін түседі. Қос сөз тулғалас сын есімдер-көркем әдеби тілдің басты суреттеу құралдары болып есептеледі.

Сын есімнің шырайлары да экспрессиялық мән тұтызуның өнімді тәсілі -рақ (рек). Оның бойы басқалардан бойшаңырақ көрінді -лау (леу, дау, деу). Қазір ол сұңғақтай үзин бойлы, жіңішкелеу қыр мұрынды сұлу қыз болыпты. Сын есімнің шырайларының ішінде күшайтпелі шырайға:

Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,

Бейне бір үқсатамын туған айға

(Абай)

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Морфологиялық құрылыштың стильдік белгілері қалай көрінеді?
- Жалғаулардың сөз құрамында қолданылуындағы стильдік ерекшеліктер қандай?
- Экспрессивті-эмоциональдық сөздердің морфологиялық тұлғаларға қатысы?
- Сын есімдердің қолданылуындағы ерекшеліктер қандай?
- Фразеологизмдердің экспрессивтілігі қалай көрінеді?

## 7-тақырып. Синтаксистік стилистика туралы жалпы түсінік

### Жоспар:

1. Синтаксистік тұлғалардың стильдік қызметі.
2. Синтаксистік құрылымы және стильдер жүйесі.
3. Синтаксистік синонимдер.
4. Экспрессивтілікті білдірудің синтаксистік тәсілдері.
5. Қайталама сөздердің стильдік қызметі.
6. Қаратпа, қыстырма сөздердің стильдік қызметі.

**Тірек түсінік:** Синтаксистік тұлға. Синтаксистік стильдер түрлері. Синтаксистік синонимдер: қайталама, қаратпа, қыстырма сөздердің қызметі.

Синтаксистік категория мен синтаксистік тұлғалар – адам ойын жинақты, тиянақты түрде білдірудің үйімдастыруши бөлшектері де, сөйлем – ойды білдірудің негізгі формасы болып есептеледі. Олай болса, стилистика ғылымының синтаксисті зерттеуінің мақсаты не болмақ?

Синтаксистік стилистика сөздер қалай тіркеседі, сөйлемдер қалай құралады, олардың тілдегі қалыптасқан жүйелері қалай болады, дегендерге жауап ізdemейді және олардың әрқайсысы қандай мағынада айтылады деп те жатпайды – кісінің мақсатты ойын қалайша дұрыс айтуга болады? Ол, міне, осы сұраққа жауап іздеу мақсатымен синтаксис мәселелерін қарастырады. Сонда стилистика синтаксистік тұлғалардың жұмысалу аясын, мағыналық құбылыстарын, кісіге етер әсерін, экспрессивтік мағыналарын тіл жұмысаша шеберлігі түрфысынан қарастырады. Сайып келгенде, стилистиканың мақсаты – дұрыс сөйлеуге, дұрыс жазуға үйрету. Тілдің ой өрнегін салу қасиетін ұлы Абай сондықтан да былай суреттейді:

Откірдің жүзі,  
Кестенің бізі,  
Өрнегін сендей сала алмас.

Вілгенге маржан,  
Вілмеске арзан,  
Надандар бәһра ала алмас ...  
Толғауы тоқсан, қызыл тіл,  
Сейлеймін десең өзің біл !

Стилистика ғылымы, соның бір саласы синтаксистік стилистика, осындай «толғауы тоқсан» тілдің ой өрнегін дұрыс салу мүмкіншілігін қарастырады, сөз маржанын таңн білуді, сөйлемді дұрыс құрай білуді үйретеді. Эрине, айтылғаның, жазылғаның бәрі бірдей «маржан» емес. Олардың да жақсысы бар, жасығы бар. Стилистика жақсыдан үйренуге, қате-кемшіліктен аулақ болуға шақырады.

Әдеби тілдің қай стилінде болмасын, - оның бәріне тән нарсе – **ой айқындылығы**, ол үшін сөйлем дұрыс қурулу керек. Осы талап түрфысынан әдеби тілдің сөйлемдері әбден қилюастырылып, сөздері рет-ретімен орналастырылып, синтаксистік басқа да тәсілдер белгілі қалыпта түсіріліп жазылады. Әдеби тілде жазып отырған не сөйлеп түрған кісі сөйлем құраудың бұл талаптарын да, оған керекті синтаксистік мүмкіншіліктерін де жақсы білуғе тиіс.

Әдеби тілдің синтаксисін дұрыс бағдарлау үшін оны сөйлеу тілінің синтаксисімен салыстыруға болады. Сөйлеу тілінің синтаксисі әрдайым жүйелі бола бермейді. Өйткені, адамдар өз ара қарым-қатынас жасауда біріне-бірі әр алуан омір әрекетінің жайын сөз қылады. Ондайда олар айтпақ пікірін алдын ала ойланып жазып алмай да сөйлей береді. Тіпті ойын ойланып, толғанып сөйлегенмен, оның сөйлем қурауында тілдік нормалар сақтала бермеуі мүмкін. Әдетте, сөйлеу тілінің синтаксисі қарапайым, сөйлемдері қысқа-қысқа, көбінесе толымсыз болады. Әдеби тіл халық тілінің ең жоғарғы формасы болатындықтан, студенттер стилистика пәнін әдеби тіл материалдары негізінде итеруге тиіс. Әдеби тіл синтаксисінің стилистикаға да негізгі объекті болатын бір бүтін бөлшегі – сөйлем.

Сөйлемдер әр алуан сөзден, сөз тіркестерінен құралып, түрлі-түрлі мағынада, экспрессивтік қызметте жұмсалады, олардың түрі көп, стильдік сыр-сипаты, кедір-бұдыр қыры көп. Сөйлем тізбектері бір-бірімен өз ара дұрыс байланыста болуға тиіс. Бұл – стилистика ғылымының басты талабының бірі. Мақсатты ойды дәлме-дәл айтуда жарамды тілдік тәсілдер жүйесі стильдер тобын құрайды.

Синтаксистік тәсілдердің көріктеу мүмкіншілігі әр алуан болатындықтан, жазушының синтаксисінен оның шығармаларының стильдік ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалы: шебер жазушы-стилистердің қаламынан шыққан көркем сөз үлгілерінде авторлық пафос та, баяндаудағы экспрессивті-эмоциялы бояулар да, авторлар мен персонаждардың дүниеге көзқарастары да, олардың ішкі сезімдері де көбінесе көркем туындылардың синтаксистік құрылыштары арқылы беріледі.

Сөз зергерлері тілде жоқты емес, әдеби тілде, халық тілінде барды «қыыннан қыстырыған» «тың тілмен» ой өрнегін құрастырады. Сондайдан әр сөз шеберінің өзіндік стиль ерекшеліктері жасалады. Сөйлеутілістілінде түсінігі ауыр күрделі орамдар, шұбатылған аралас құрмалас сөйлемдер көп айттылмайды. Ондай күрделі синтаксистік құрылыштарды ауыз екі тілде бірден дұрыс құрастыра салу да, оларды сазына келтіріп айттып шығу да, таңдау да қыын болатындықтан, шешендер әдетте сөйлемдерді тап-түйнақтай етіп ықшамдаپ, логикалық, синтаксистік байланыстарын берік ете баяндауға тырысады.

Синтаксистік құрылыштың стильдік қызметін, стильдік бояуын айқын білдіруге себепкер болатын амалдың бірі – интонация. Әдеби тілде жазылғаның бәрі оқу үшін жазылады. Жақсы стилист әрбір сөйлемді құрастырығанда, оның айттылуы мен мазмұны стильдік қызметі арасында тығыз байланыс бар екенін сезеді. Сайып келгенде ол байланыс жазушы мен оқушы арасындағы байланыс болып шығады. Әрбір сөйлемнің, тұтас сөйлеудің мазмұнына, стильдік қызметіне лайық

ағытулы сазы болады. Оларды өздеріне лайықты үнмен, тиісті екпінмен, өз әуенімен дұрыс оқып, дұрыс айтқанда, текст иен оның жеке сөйлемдеріне жан біткендей болады. Солар арқылы синтаксистік орамдар мен синтаксистік тұлғалардың әсіресе, стильдік қызметтері өз орнында дұрыс танылады. Сондықтан хатқа жазылмағанды ғана емес, жазылғандарды да дұрыс оқу, дұрыс айтудың стильдік қызметі ерекше болады.

Жақсы стилист болу – сөз зергері болу деген сөз. Сөз зергері мақсатты ойдың тек түсінікті болуын ғана емес, көркем, әсерлі болуын да көздейді. Ол үшін сөз орамын түрлендіріп, нақыштап, барынша жатық етіп құруға тырысады.

Жанымның жарық жүлдзызы,

Жамандық күнде жарымсың, - дегенді Абай ғана айта білді.

Тілге бай, сөзі жатық кісілер ана тілінің мүмкіншілігін молынан пайдаланады. Соның бірі - синонимдер. Мәндес сөздер, мәндес грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік тасілдер өз орнында дұрыс қолданылса, тілге ерекше өң береді. Сөз шеберлері синоним сөздерді бірыңғай мүше қызметінде де көп жұмсайды. Ондайда бірыңғай мәндес мүшелер бірін-бірі толықтыра, сурет бояуы айқындала түседі.

Ісіндің, кебіндің

Сонда да не пайда

(Абай)

Ойдың күшеттіліп, мәнерлі түрде айтылуын сөйлемнің экспрессивтілігі дейміз. Экспрессивтілікті білдірудің синтаксистік тәсілдері әр түрлі болады, олардың бастылары мыналар:

1. Сөйлеу тілінде және жазғанды оқығанда, дауыс ыргалының күбылту арқылы сөйлемге экспрессивтік мағына енгізуге болады. Білмеймін дейсің бе әй! Көрінде өкіргір! Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс сөйлемдерін өршелене көтеріңкі, мәнерлі дауыспен айтса олардың экспрессивті

бояуы айқын сөйлемдер болып ұғынылады.

2. Бір ойды білдіретін болымды сөйлемнің орнына болымсыз сөйлемді жұмсау арқылы оған экспрессивті мағына қосуға болады. Мысалға мына сөйлемдерді салыстырыңыздар: Мен шындықты айтамын – Мен шындықты айтпай тұра алмаймын.

Айта келген сөзім бар,  
Не қылсаң да жасырман! (Махамбет)

Сөйлемнің бір мүшесін қайталау әсіресе шешендік өнердің, көркем әдебиеттің өте ұғымды, әрі әсерлі тәсілінің бірі болады. Оларда қайталаулар екі түрлі орайда эмоциялы-экспрессивті қызмет атқарады:

3. Анафора (басталуы бірдей). Мұнда қатар айтылған бірнеше сөйлем, кейде өлең шумағының бірнеше жолы бір сөзден басталады. Сөзді солай қат-қабаттан жұмсау арқылы ойды күшетуге, әсерлі етуге болады. Анафора қазақ тілінде өлеңді сөйлемдерде көбірек кездеседі:

Мен – мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде,  
Еңіреп жүрген ер едім (Махамбет)

4. Эпифора (аяқталуы бірдей). Мұнда қатар айтылған сөйлемдердің, өлең жолдарының аяқталуы бірдей болады.

Мұнар да мұнар, мұнар күн  
Бұлттан шыққан шұбар күн ... (Махамбет).

Сөйлем стилін түрлендіруде қаратпа, қыстырма сөздердің де қызметі ерекше. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылмағанымен, мағыналық байланыста жұмсалып, ойды тартымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет атқарады.

Қаратпа сөз әсіресе шешендік сөзде, үндеуде, диалогты сөйлемде, кім үшін, кімге қарап, неге арналғанын және сөйлеушінің ішкі сезімін аңғарту үшін жұмсалады. Мысалы: Шырағым, сен ағаңың тілін ал – деген сөйлемді кім айтса да, жылы шыраймен айттыш

шығаны бірден аңғарылады, оның орнына Сен, оңбаған, ағаңың тілін ал! – десек, біреудің екінші біреуді жек көріп айтқаны аңғарылады. Бұл мағыналық, эмоциялық айырмашылықтың болуы, бір жағынан, сөйлемнің айтылу шуненмен байланысты болса, екінші жағынан, ең бастысы сөйлемде қолданылған қаратпа сөздердің мағынасымен байланысты.

Қыстырма сөз – сөйлемге модальді мағына үстейді. Модальділік – айтылған ойға айтушының көзқарасын қоса білдіру. Әрбір сөйлемге сондай модальділік тән. Мысалы, сөйлеуші, жазушы бірдеңенің жайына көзі жетіп не болжап, не күмәнданып сөйлем құрауы мүмкін: Қайыржан келді. Қайыржан келетін шығар. Қайыржан келер ме екен? Сөйлемнің осындай мағыналық айырмашылықтарын түрлендіре тұсу үшін оның ішінде оқшау сөз қосып айтуға да болады. Мысалы, Мен білсем, Қайыржан бүгін келеді. Қайыржан шамасы, бүгін келетін болар. Қайыржан кім біледі, келе ме екен?

Қыстырма сөздердің бірқатары ойдың айтылу тәсілін, әз ара қатынасын, тағы басқа мағыналарды білдіреді. Қыска сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын да білдіру мақсатымен қыстырма сөздер сөйлем құрамына еніп отырады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Синтаксистік тұлғалардың стильдік қызметі қандай?
2. Қандай синтаксистік стильдер жүйесі бар?
3. Синтаксистік синонимдерге нелер жатады?
4. Экспрессивтілікті білдіру тәсілдері қандай?
5. Қайталаама, қаратпа, қыстырма сөздердің стильдік өзгешеліктері қалай көрінеді?

## 8-тақырып. Стилистикалық ерекшеліктер

### Жоспар:

1. Стилистика және оның жалпы халықтық тілге қатысы
2. Функционалдық стильдердің стильдік белгілері.
3. Функционалдық стилистиканың түрлері.

Функционалдық стиль түрінің әрқайсысының өзіне тән стильдік белгісі болады. Стильдік белгі дегеніміз – белгілі бір функционалдық стильдің даралығын, басқа стильдерден өзгешелігін танытатын қасиеті. Мысалы, көркем әдебиет стиліне тән ерекшелік – сөздің бейнелілігі, эстетикалық қуаты. Ғылыми тілге тән басты белгі – сөздің дәлдігі, нақтылығы. Функционалдық стильдерге қойылатын белгі кейде бірнеше түріне ортақ болуы мүмкін. Қазақ әдеби тілінің әрбір функциональдық стилі өзіндік ерекшеліктерге ие. Осы ерекшеліктері арқылы олар бір-бірінен дараланады. Әрстильдің өзіндік белгілерін, қасиеттерін, ерекшеліктерін танып, білудің қазақ тілінде ерекше мәні бар. Әдеби тілдің функционалдық стилдерінің тығыз байланыста болуы, олардың саралануының кейіннен пайда болған құбылыс екенін растайды. Бұл байланыс бір функциональдық стильге тән амал-тәсілдің екінші бір функциональдық стильде қолданылуынан, бір функциональдық стильдің екіншісіне әсер етуінен, соның нәтижесінде әдеби тілдің стильдер жүйесінің дамуынан байқалады. Бір стильге тән тілдік ерекшеліктердің екіншісіне ауысып, өнімді қолданылуы стильтаралық диффузия деп аталынады.

Стилистикалық норма – қолданыс тіліне қойылатын барлық функционалдық стилистикалық талаптардың жиынтығы. Сөз қолданудағы стильдік нормаға сай емес қолданыстар стильдік қателер деп танылады. Орынсыз қолданылған, бұзып айттылған әрбір сөз немесе сөз тіркесі стильдік қатеге

жатады. Сойлем ішінде бір сөздің немесе сөз тіркесінің орынсыз қайталануын да стильдік қате деп танымыз.

Лингвистикалық стилистиканың түр-түрге таралғанда, басшылыққа алатын принцип оның негізгі зерттеу бағыттары болуға тиіс. Лингвистикалық стилистикада ең басты назарда болатын екі бағыт бар. Олардың бірі – мәтіннен тысқары стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер). Бұл аспекттің тіл ресурстары стилистикасы деп те аталады. Зерттеу нысандарының (объектілерінің) ауқымына, колеміне байланысты жалпы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, ішінша стилистика (частная стилистика) және дара (индивидуальдық) стилистика болып белініуі.

Лингвистикалық стилистиканың мазмұны мен бағыттарын айқындастын ең басты түрлері – функциональдық стилистика мен тіл ярустары стилистикасы.

Стилистиканың анықтамасы, зерттейтін мәселелері, шектес гылымдармен байланысы, оқытудың мақсаты мен міндеттері, негізгі бағыттары мен түрлері.

Стилистикада ең басты назарда болатын екі бағыт бар. Олардың бірі – мәтіннен тысқары стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер). Бұл аспекттің тіл ресурстары стилистикасы деп те аталады.

Зерттеу нысандарының (объектілерінің) ауқымына, колеміне байланысты жалпы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, ішінша стилистика және дара (индивидуальдық) стилистика болып белініуі.

Жалпы стилистика тілдің қай топқа, қай класқа жататынына қарамастан, тіл атауларына ортақ стилистикалық проблемалар мен мәселелерді қозғайды. Лингвистикалық стилистиканың анықтамасы, басты үйміндары мен категориялары, әр түрлі топтарға жіктелуі.

Салыстырмалы-салғастырмалы стилистика әр

тілдің ярустарында ұлттық өзгешеліктердің болатыны сияқты, тілдік құралдардың қолданылуына да бір заңдылықта бағына бермейтіндігі туралы. Стилистиканың салыстырмалы және салғастырмалы түрлері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Екі сезден біріккен атауды (салыстырмалы - салғастырмалы) контрасивтік стилистика қатарына жатқызу шынық. Контрасивтіліктің жайы сәл басқаша екенін айта кету жөн болар. Мұндай жағдайда көбіне - көп салыстырылып немесе салғастырылып отырған тілдердегі стильтік құралдардың жұмысалу реттерінде айырмашылықтарға, қарама-қайшылықтар мен қарама-қарсылықтарға көбірек көңіл бөлінеді де, олардың арасындағы жақындық пен ұқсастықты зерттеуді басқа ізденушілердің міндеті болып саналуы.

Салыстырмалы стилистика мен салғастырмалы стилистиканың бір-бірінен айырымдарына келетін болсақ, мынадай жайды ескеру қажеттілігі. Салыстырмалы стилистикада туыстығы алыс тілдердің стилистикалық немесе стильтік құбылыстары жарыстырыла сез болады. Мәселен, ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі бірыңғай мүшелердің стилистикалық қызметі немесе неміс тілі мен қырғыз тіліндегі зат есім сездердің қолданылысы т.с.с. зерттеу жұмыстары осы салаға жатқыза отырып зерттеу әдістері.

Салғастырмалы стилистика туыстығы жақын тілдердің фактылары негізінде стилистикалық зерттеу жұмыстарын қамтитындығы. Мәселен, қазақ және қырғыз тілдеріндегі сын есімнің стилистикасы немесе түрік және әзіrbайжан тілдеріндегі сездердің орын тәртібінің қолданылуы т.с.с. мәселелер туралы зерттеу еңбектердің маңызы.

Салыстырмалы -салғастырмалы деп қоса -қабат айтылуы да тегін емес. Бұл салада да зерттеулер барышылық. Мәселен, неміс, иқырғыз және қазақ тілдеріндегі синонимдердің стилистикалық қызметі немесе ағылшын,

француз және өзбек, түрік тілдеріндегі метафоралардың қолданылуы жайлы сез болатын зерттеулерді осы тұрғыдағы еңбектер. Ол арқылы ұлттық стильтік жүйенің ероекшеліктерін анықтау қажеттілігі.

Ішіара стилистика нақтылы бір ұлт, халық тіліндегі стилистика мәселелерін көтереді. Қазіргі пайдаланып жүрген қазақ, өзбек, қырғыз, орыс, неміс тілдері стилистиканың оқулықтары мен іргелі зерттеулер мұның мисалы болып табылады.

Дара немесе индивидуальдық стилистика деп аталып жүрген стилистиканың түрі жеке автордың, жеке шығарманың немесе жеке жанрдың стилистикасын зерттеу нысаны болуы. Мәселен, М.Әуезовтің стиліне арналса немесе оның бір шығармасына, айталақ «Қорғансыздың күніне» арналса, ол ізденістен осы бағыттағы зерттеу жұмысы болғаны. Сондай -ақ кеңсе қағазының тіл туралы, бір ғалымның монографиясының тіліне қатысты т.с.с. жоғандегі үлкенді -кішілі стилистикалық еңбектер осы салага жататын қарастыру.

Лингвистикалық стилистиканың мазмұны нең бағыттарын айқындайтын ең басты түрлері функциональдық стилистика мен тіл ярустары стилистикасы.

Функциональдық стилистиканы екінші бір ретте қолданыс тілі стилистикасы (стилистика речи) деп те атайды. Қалай болғанда да, стилистиканың бұл түріндегі басты бағыты - шығарманың, мәтіннің құрылымы ондағы тілдік құралдардың орнымен қолданып, тындарманға немесе оқырманға ойды мұлтіксіз жеткізуі қадағалау. Шығарманың (бұл жеке шығарма ұғымының барынша кең нағынада екенін еске сала кетейік) болмысында саналы немесе кездейсоқ ауытқулар, қателіктер бола беруі әбден нүкін. Функциональдық стилистика мәселенің бұл жағына да назар аударады, демек, ол олқылықты қалай толтырудың, кешің тұстарды қалай түзеудің жолдарын көрсету қызметі қарастырылады.

Стилистика және прагматика. Прагматика және стилистиканың бірігуінің нәтижелері. Стиль және прагматикалық фактор туралы. Стильдің анықтамасы, түрлілігі, стиль анықтамасы туралы ғылыми көзқарастар. Қазіргі стилистиканың жалпы филологиялық, тілдік немесе әдебиеттік түрғыдан бөлінуі де оның мазмұны мен бағыттарының әр түрлілігін көрсетеді.

Қазіргі тіл білімінде стилистиканың даму бағыттарының бірнеше түрі өте маңызды орын алады. Олардың қатарына ортостилистика, функционалдық стилистика, көркемдік тәсілдердің стилистикасы, прагмалистика жатады.

Жалпы тіл ғылымында стилистиканың даму бағыттарының жоғарыдай түрлерінің пайда болуы, стилистика мәселесінің өте күрделі ғылым саласы екенін көрсетеді.

Қазіргі жалпы қазақ стилистикасының көкейтесті мәселелері мыналар болып табылады:

- қазақ әдеби тіл тарихындағы стильдердің пайда болуын қайта қарau;
- көркем әдебиет тілін лингвистикалық поэтикамен байланыста зерттеу;
- мәтін стилистикасының өзіндік құрылымы мен жүйесінің мәселелерін айқындау;
- сөз, сөз жанrlарының, сейлеу актілеріндегі құрылымының стилистикалық жетістіктері мен тиімділігін прагматикамен бірге қарau;
- стилистикалық коннотация, стилистикалық категория, стилистикалық норма және оның статусын көтерудегі прагматиканың ролін анықтау т.б.
- стиль түзуші тілдік емес факторларды ғылыми түрғыдан саралау (паралингвистика, прагматикалық фактор, ойлау стилі т.б.).

Стилистиканың мән-мазмұны мен тілдің функционалдық аспектісі динамикалы болып келеді, стиль өзінің табиғаты жағынан динамикалы және

функционалды құбылыс ретінде танылады. Қазіргі контекстен лингвистикалық зерттеу нысандары бола алғын өзінің жаңашылдығымен ерекше көзге түсетін прагматика мәселесі стилистика ғылымында ғана өзінің көн аспектілік ролін жан-жақты көрсете алады.

Тіл білімінде стилистиканың жалпыға бірдей қалыптасқан анықтамасы жоқ. Мұның бір себебі өзінің қалыптасуы барысында тіл білімінің бұл саласы әр түрлі бағыттардың құрамында дамыды. Алғашқы кезде көркем тілді зерттеу аясында дамыса, соңғы кездері оның зерттеу нысаны әлдеқайда кеңейіп, тармақталға түсті.

Барынша жалпы мәнінде алсақ, стилистика тілдің мәнерліқұралдары туралы, сонымен қосатілдік құралдарды сойлеудің мазмұнына, қарым-қатынастың мақсатына, жағдайы мен саласына сәйкес қолдану, яғни тілдің қызмет ету заңдылықтары туралы ілім деп анықтауға болады. Қарым-қатынастың анағұрлым жинақталған, әлеуметтік нағие не болған ондай салаларына ғылыми, көркем, публицистикалық, реcми және түрмистық салалар жатады. Функционалды стильдер осы салаларға сәйкес ажыратылады.

Кейде стилистиканы тілдің мәнерлегіш құралдары туралы ілім деп те анықтайды. Ондай жағдайда стилистиканың функционалдық жағы ескерілмей, ол тек тілдің стилистикалық боямалы құралдарын зерттейтін болып шығады. Сонымен қатар, стилистиканы функционалды стильдер туралы ғылым деп қана қарau да жеткіліксіз, өйткені стилистика ілімі тілдің стилистикалық қорын (ресурстарын) зерттеуден бастау алады, ері стилистикалық қор функционалды стильдерді қалыптастыруға да уақыт өте келе белсенді қатысады.

Сонымен, жоғарыдағы анықтаманы **жалпы стилистикага** тән анықтама деуге болады. Жалпы стилистика зерттеу бағыттарына қарай іштей тармақталады.

1. Контекстен тыс түрде тілдің стилистикалық қорын

зерттейтін саласы — **құрылымдық стилистика**.

2. Тілдің әртүрлі қарым-қатынас саласында қолдану заңдылықтары туралы ілім — **функционалды немесе қолданымдық стилистика**.

3. Көркем әдебиет стилистикасы.

4. Нормативті, практикалық стилистика.

**Құрылымдық стилистика** тілдік құралдардың стилистикалық сапа-қасиеттерін олардың нақты қолдану жағдайына қатыссыз түрғыда зерттесе, **қолданымдық стилистика**, керісінше, тілдік құрылымдардың қызмет ету ерекшеліктерін олардың белгілі бір жағдайларда (мысалы, белгілі бір жанрлық ерекшелікте, ауызша, жазбаша т.б.) қолдануымен байланысты қарастырады.

**Көркем әдебиет стилистикасы** тілдік құралдардың ерекше салада, ерекше жағдайдағы қолданысын: көркем шығармада өнер тудыруши, өнер құбылысы ретіндегі қолданысын, яғни көркем шығармадағы өмірін зерттейді. Ал, **практикалық стилистиканың** міндеті — стилистикалық тілдік мәдениетті қалыптастыру. Бұған негіз болатын тілдің стилистикалық қорын және оның қызмет ету заңдылықтарын менгеру, мұның өзі сөз қолданудың стилистикалық нормаға сәйкес дағдысын қалыптастырады.

Бұлардың ішінде тілдің стилистикалық қорын зерттейтін құрылымдық стилистика саласы — әріден келе жатқан дәстүрлі сала. Оны сипаттама стилистика десе де болады. Ол тілдің стилистикалық бояуға ие құралдарын, тілдіктүлғалардың (дыбыстан мәтінге дейінгі) мәнерлегіш мүмкіндіктерін, мағыналық-қолданымдық реңктерін зерттейді. Жазушы тілінде қолданылатын көріктеуіш-бейнелеуіш құралдар да осы стилистиканың қарамағына жатады. Тілдің стилистикалық синонимдік қатары — оның негізгі зерттеу аймағын құрайды. Бір сөзben айтқанда, жалпыхалықтық тілдік қордың (байлықтың) стилистикалық құрамын зерттейді, ал ол стилистиканың негізгі базасын құрайды.

Филология ғылымында **стилистика, стиль** сөздері ертеден қолданысқа ие. Ресейде XIX, тіпті XVIII ғасырдан стилистиканың жекелеген аспектілеріне арналған зерттеулер шықты (мысалы, әртүрлі көркем шығармалардың не жазушылардың тілі, стилі туралы), теориялық сипаттағы еңбектер де жарық көреді. Алайда, ғылыми пән ретінде стилистика 20 ғасырдың 20-30 жылдарынан қалыптаса бастайды, ал оның бір тармагы болып саналатын функционалды стилистика 50 жылдардан бастап белсенді түрде зерттеу обьектісіне айналады.

Стилистика, стиль үғымының мәні тілдің коммуникативтік аспектісімен, тілдің қолданысымен, қызмет ету жағдайымен тығыз байланысты. Бұл мәселеге көзіл болу 19 ғасырдың аяғы 20 ғасыр басындағы тілші ғалымдардың еңбектерінен бастау алады: В.Гумбольдт, Ф. де Соссюр, А.А.Потебня, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Е.Д.Поливанов, Л.П.Якубинский, Р.О.Якобсон, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур т.б.

Функционалдық-стиликалық зерттеулер, әсіресе, откен ғасырдың 60 жылдарынан, тіл ғылымының тілдің құрылымын зерттеуден оның қызметін (тілдің тұрақты құйнен даму жағдайын) зерттеуге ауысуынан бастап белсенді жүргізіледі. Стилистиканың қалыптасуы әдеби тіл нормасы мәселелерін зерттей бастауға да тығыз байланысты (чех ғалымдары: В.Матезис, В.Гавренек, З.Косериу және орыс ғалымдары В.В.Виноградов, Г.О.Винокур т.б. еңбектері).

Стилистиканың қалыптасуына тіл ғылымының «ұсақ» бірліктерді зерттеуден «ірі» бірліктерге деңгөн да (дыбыстардан – мәтінге қарай) әсерін тигізді. Стилистиканың дамуына әдеби тіл, тіл мәдениеті мәселелерін зерттеу де өзіндік үлес қосты.

Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына байланысты стиль, сөз мәдениеті мәселелері одан әрі обьекті бола түседі.

Мәтін лингвистикасы, pragmatika стилистикалық зерттеулердің кейбір жаңа бағыттарын туғызды. Ю.С.Степанов: «Қазіргі уақытта ұлттық мәдениетті, тілді және психологияны зерттеу стилистиканың (тіл ғылымының бір саласы ретінде) пайды болуымен одан әрі нақтылана, айқындала түсті», - дейді.

Стилистика, сонымен, өзінің сипаты, мәні жағынан — функционалды сипатқа ие (оның даму тарихы соны дәлелдейді). Бұл теориялық ғылым бола тұра, оның қолданбалы, тәжірибелі маңызын жоққа шығармайды. Керінше стилистиканың дамуы (функционалды стилистиканың) тілді оқыту әдістемесіне, басқа қолданбалы салалардың дамуына ықпалын тигізді. Лингвостилистика тілдік теорияның іргелі мәселелерін зерттейді (мыс, тілдің әлеуметтік табиғаты, оның құрылымдық және функционалдық аспектілерінің байланысы, қызмет ету заңдылықтары, тіл мен ойлаудың байланысы). Тіл ғылымы тарихындағы ұлы жаңалықтардың бірі — тілдің қос қырлылығының (**жүйелілігі мен қызмет ететіндігі, қозғалмалылығы**) ашылуы болды. Тіл осы екеуінің бірлігінен тұрады. Мұның бір жағы - құрылымдық-жүйелік жағы, жеткілікті дәрежеде зерттелсе, функционалдық жағы (сөз тұдыруышылық аспекті) енді ғана зертtele бастады.

Тіл — өте күрделі, көп қырлы құбылыш. Сондықтан оны бірден тұтастықта алып зерттеу мүмкін емес, жеке бір қырынан келіп: логикалық, құрылымдық-жүйелік, психологиялық т.б. зерттеуге болады.

20 ғасыр тіл ғылымының үлкен жетістігі деп тілдің жүйесін, оның құрылымдық үйімдасуын жан-жақты қарастыруын айтуда болады. Бірақ бұл тілдің кейбір мәнді белгілерін анықтауда жеткізе алмады. Соңғы кездері тілді зерттеуде коммуникативтік-функционалдық бағыт кең өріс алды, тілдің функционалдық жағына, сөйлеуге, мәтінге көніл бөліне бастады.

Шынында, тілді тек жекелеген бірліктердің жүйесі деңганақтау жеткіліксіз, өйткені жеке тілдік бірлік болсын, не, тіпті, тілдің тұтас жүйесі болсын әлі коммуникативтік қызмет атқармайды. Жеке тілдік тұлға мен жүйеде ол мүмкіндік түрінде ғана қатысады. Бұл маңызды әлеуметтік қызметтің нақты жузеге асуы тіл шынайы қарым-қатынас процесінде қолданысқа түскенде ғана мүмкін болады. Тек оның жағдайда тіл ақпарат тасуши жүйе түрінде көрінеді. Тілді жүйе мен оның қызметінің (қолданымының) бірлігі ретінде түсіну ғана оның қатысымдық табиғатын толық түсіндіре алады. Мұнда қызмет ету дегенді тек тілдік жүйені сөйлеу актісінде пайдалану ғана деп түсінбеу керек, сонымен қатар тілді жалпы қарым-қатынас процесінде пайдалану деп түсіну керек, яғни қарым-қатынастың нақшаты мен міндеттерін орындау үшін тілдің көптеген салықты факторлардың әсерімен қолданысқа түсіні дегенді білдіреді. Бұл сөйлем — айтылымның мағыналық жағын байытады.

Сөзде заттардың (олардың әртүрлі топтарының) белгіленуі, үгымның бейнеленуі қарым-қатынас үшін, тілдің қатысымдық мүмкіндіктерін жүзеге асуру үшін әлі де жеткіліксіз болады. Қарым — қатынас процесінде контексте сөздердің жалпыланған мағыналарын нақтылау жүріп жатады. Өйткені тілдік тұлғаларды (тіпті, сөздерді) сөйлеушілер шамамен бірдей мағынада қолданады. Сондықтан сөйлеу кезінде (әсіресе, жазба түрдегі) «сөз азабы» деген туады (ол ақын, жазушыларға ғана тән емес). Ауызша сөзде дәлсіздіктердің, оғаш құрылған сөйлемдердің болуы сондықтан. Қарым-қатынастағы нүндай кедергілер вербалды емес амалдардың (ым, инника) комегімен игеріледі.

Сөйлеу (ауызша болсын, жазбаша болсын) — шығармашылық процесс, ол аз дәрежеде автоматтаңдырылған және әртүрлі салада бірдей болмайды. Тілдік қатынаста стандарт, әрине, негіз, тірек қызметтің атқарады, бірақ толыққанды, тиімді қарым-

қатынас жасау үшін тілдің бұл қасиеті жеткіліксіз. Өйткені шынайы қарым-қатынастың алдын-ала болжап болмайтын нәзік ірімдері толып жатады.

Сөйлеу қызметінің шығармашылық сипаты туралы Л.В.Щерба былай деп жазды: «*Сөйлеу процесінде бұрын айтылғанды немесе естігенімізді жиі қайталасақ та, алайда... сөйлеуде бұрын естімеген тұлғаларды, сөздерді жиі қолданамыз, қолданып қана қоймаймыз, үнемі жаңа тіркесімдер жасап отырамыз*». Тілдің қолданысы тілдік тұлғалардың мағынасын синтагматика қағидалары бойынша жай қоса салу деген емес, сондықтан сөз (сөйлеу) оны құру үшін пайдаланылған тілдік тұлғалардың мағыналарының механикалық қосындысынан тұрмайды.

Өзара түсінісу қарым-қатынас контекстінде пайда болатын «жаңа қолданымдардың» көмегімен (солардың негізінде) жүзеге асады. Мысалы, тілдегі жаңа метафора, метонимия т.б. (сөздердің, тіркестердің жаңа мағыналары) тіл жүйесінде алдын ала белгіленбейді, сондықтан белгілі бір кезеңге дейін ешкімге белгісіз болады, алайда тыңдаушы адам оны бірінші рет естігенде оның мағынасын бірден түсінеді (контекстегі белгісіз сөздерді түсіну тілдің осы қасиетіне негізделеді).

Сөздің шығармашылық аспектісі айтылғанның (жазылғанның) ерекше мәнерлілігіне, әсерлілігіне байланысты, ал бұның өзі стилистикалық құбылысқа жатады. Тіл жүйесінің «құпиялылығы» — оны шығармашылық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігінде жатар.

Тіл мен сөз (сөйлеу), дәлірек айтқанда, тілдің жүйелік (құрылымдық) және қолданымдық аспекттері өзара бірлікте, бірақ бірдей емес. Қолданыс кезінде тілдің бай шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Олар тілден тысқарғы шексіз жағдаяттар мен әсерлерге байланысты әрдайым жаңадан туындалады. Тіл жүйесінде алдын ала қалыптастырылған мағыналық мазмұн электронды есептегіш машиналары (ЭЕМ) үшін, әрине, тиімді,

бірақ ол тілдегі шығармашылықты жоққа шығарады. Шынында, табиғи тұрғыдағы тіл мен ойлау тілдегі осы қалыптастырылғандағы (стандарттылықты) әрдайым еңсеріп отырады. Тілдің жоғарыдағы белгілері (дайын үлті, стандарттылық) — бұлар әрі қажетті, әрі нақталы да, бірақ олар тілді қолдану процесінде кедергілер де жасайды.

Тілдік жүйенің коммуникативтілігі толық көлемінде тек қарым-қатынас процесінде ашылады. Тілдік құралдардың барлық стилистикалық-мағыналық реңдері, мәнерлілігі, стилистикалық әсері, орындылығы, қажеттілігі тілдің қолданысында ғана айқындалады. Сөйтіп, тілдің стилистикалық феномені, яғни тілдегі стилистикалық мән о бастаң функционалдық сипатқа ие. Тілді танып білу және оны сипаттау үшін жүйелілігіне қоса оның функционалдық аспектісін де ескеру керек.

Сондықтан тіл грамматикасымен қоса жұмсалым грамматикасы (функционалды грамматика) да пайда болып дами бастаны.

Корыта келгенде, **функционалды стилистика** тілдің қарым-қатынастың әртүрлі салалары мен жағдаяттарында қолдануының заңдылықтарын зерттейді, басқаша айтқанда, ол үшін тілдің функционалды аспектісі арнайы зерттеу пәні (предметі) болып табылады. Бір сөзben айтқанда, стилистика тілді қоғам тарапынан қолдану заңдылықтарын зерттейді.

Функционалдық стильтің түрінің әрқайсысының өзіне тән стильтік белгісі болады. Стильдік белгі дегеніміз — белгілі бір функционалдық стильтің даралығын, басқа стильтерден өзгешелігін танытатын қасиеті. Мысалы, коркем әдебиет стилінә тән ерекшелік — сөздің бейнелілігі, эстетикалық қуаты. Ғылыми тілге тән басты белгі — сөздің дәлдігі, нақтылығы. Функционалдық стильтерге қойылатын белгі кейде бірнеше түріне ортақ болуы мүмкін. «Қазақ әдеби тілінің әрбір функциональдық стилі өзіндік ерекшеліктерге ие. Осы ерекшеліктері арқылы

олар бір-бірінен дараланады.

Әр стильдің өзіндік белгілерін, қасиеттерін, ерекшеліктерін танып, білудің қазақ тілінде ерекше мәні бар. Әдеби тілдің функционалдық стилдерінің тығызы байланыста болуы, олардың саралануының кейіннен пайда болған құбылыс екенін раставиды. Бұл байланыс бір функциональдық стильтеге тән амал-тәсілдің екінші бір функциональдық стильтеде қолданылуынан, бір функциональдық стильтің екіншісіне әсер етуінен, соның нәтижесінде әдеби тілдің стилдер жүйесінің дамуынан байқалады. Бір стильтеге тән тілдік ерекшеліктердің екіншісіне ауысып, өнімді қолданылуы стиляралық диффузия деп аталынады».

Стилистикалық норма – қолданыс тіліне қойылатын барлық функциональдық-стилистикалық талаптардың жиынтығы.

Сөз қолданудағы стиЛЬДІК нормаға сай емес қолданыстар стиЛЬДІК қателер деп танылады. Орынсыз қолданылған, бұзып айтылған әрбір сөз немесе сөз тіркесі стиЛЬДІК қатеге жатады. Сөйлем ішінде бір сездің немесе сөз тіркесінің орынсыз қайталануын да стиЛЬДІК қате деп танимыз.

Лингвистикалық стилистиканы түр-түрге тарамдағанда, басшылыққа алатын принцип оның негізгі зерттеу бағыттары болуғатиіс.

Лингвистикалық стилистикада ең басты назарда болатын екі бағыт бар. Олардың бірі – мәтіннен тыскары стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер). Бұл аспекттің тіл ресурстары стилистикасы деп те аталады.

Зерттеу нысандарының (объектілерінің) ауқымына, көлеміне байланысты жалпы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, ішінша стилистика (частная стилистика) және дара (индивидуальдық) стилистика болып бөлінуі.

Лингвистикалық стилистиканың мазмұны мен бағыттарын айқындастын ең басты түрлері

= функциональдық стилистика мен тіл ярустары стилистикасы.

Функциональдық стилистика өз ішінде стиЛЬДЕР жүйесі бойынша жіктеледі:

аудиозекі сөйлеу тілі;  
ресми стиль;  
ғылыми стиль;  
публицистикалық стиль;  
жаркем әдебиет стилі (тілі).

Тіл ресурстары стилистикасын бұдан сәл ықшамдаپ, тіл стилистикасы (стилистика языка) деп те атап жүргізу. Стилистиканың бұл түрінің басты бағыты – сөздердің мәтіннен тыскары күйіндегі стилистикалық қызметтің айнындау.

“Стиль” сөзінің тарихы мен мағынасы туралы. Функциональдық-стильжәнеэкспрессивтік-эмоциональдық стиЛЬДІК олардың арақатынасы. Функциональдық стиЛЬДЕРДІЖІКТЕУЕГЕ қатысты әр түрлі ғылыми көзқарастар. Функциональдық стиЛЬДІҚ түрлері.

Стилистика, сонымен, өзінің сипаты, мәні жағынан – функционалды сипатқа ие (оның даму тарихы соны дәлелдейді). Бұл теориялық ғылым бола тұра, оның қолданбалы, тәжірибелі маңызын жоққа шығармайды. Нерісінше стилистиканың дамуы (функционалды стилистиканың) тілді оқыту әдістемесіне, басқа қолданбалы салалардың дамуына ықпалын тигізді. Лингвостилистика тілдік теорияның іргелі мәселелерін зерттейді (мыс, тілдің әлеуметтік табиғаты, оның құрылымдық және функциональдық аспектілерінің байланысы, қызмет ету заңдылықтары, тіл мен ойлаудың байланысы). Тіл ғылымы тарихындағы ұлы ғанағалықтардың бірі – тілдің қос қырлылығының (жүйелілігі мен қызмет ететіндігі, қозғалмалылығы) анындалуы болды. Тіл осы екеуінің бірлігінен тұрады. Мұның бір жағы – құрылымдық-жүйелік жағы, жеткілікті дәрежеде зерттелсе, функциональдық жағы (сөз тудырушылық

аспектісі) енді ғана зерттеле бастады.

Тіл — өте күрделі, көп қырлы құбылыс. Сондықтан оны бірден тұтастықта алып зерттеу мүмкін емес, жеке бір қырынан келіп: логикалық, құрылымдық-жүйелік, психологиялық т.б. зерттеуге болады.

20 ғасыр тіл ғылыминың үлкен жетістігі деп тілдің жүйесін, оның құрылымдық ұйымдастырын жан-жақты қарастыруын айтуға болады. Бірақ бұл тілдің кейбір мәнді белгілерін анықтауға жеткізе алмады. Соңғы кездері тілді зерттеуде коммуникативтік-функционалдық бағыт кең өріс алып, тілдің функционалдық жағына, сөйлеуге, мәтінге көңіл бөліне бастады.

Шынында, тілді тек жекелеген бірліктердің жүйесі деп анықтау жеткіліксіз, өйткені жеке тілдік бірлік болсын, не, тіпті, тілдің тұтас жүйесі болсын әлі коммуникативтік қызмет атқармайды. Жеке тілдік тұлға мен жүйеде ол мүмкіндік түрінде ғана қатысады. Бұл маңызды әлеуметтік қызметтің нақты жузеге асуы тіл шынайы қарым-қатынас процесінде қолданысқа түскенде ғана мүмкін болады. Тек осы жағдайда тіл ақпарат тасуши жүйе түрінде көрінеді. Тілді жүйе мен оның қызметтің (қолданымының) бірлігі ретінде түсіну ғана оның қатысымдық табиғатын толық түсіндіре алады. Мұнда қызмет ету дегенді тек тілдік жүйені сөйлеу актісінде пайдалану ғана деп түсінбеу керек, сонымен қатар тілді жалпы қарым-қатынас процесінде пайдалану деп түсіну керек, яғни қарым-қатынастың мақсаты мен міндеттерін орындау үшін тілдің көптеген сыртқы факторлардың әсерімен қолданысқа түсіу дегенді білдіреді. Бұл сөйлем — айтылымның мағыналық жағын байытады.

Сөзде заттардың (олардың әртүрлі топтарының) белгіленуі, ұғымның бейнеленуі қарым-қатынас үшін, тілдің қатысымдық мүмкіндіктерін жузеге асуру үшін әлі де жеткіліксіз болады. Қарым — қатынас процесінде контексте сөздердің жалпыланған мағыналарын нақтылау жүріп жатады. Өйткені тілдік тұлғаларды (тіпті, сөздерді)

сөйлеушілер шамамен бірдей мағынада қолданады. Сондықтан сөйлеу кезінде (әсіресе, жазба түрдегі) «сөз азабы» деген туады (ол ақын, жазушыларға ғана тән емес). Ауызша сөзде дәлсіздіктердің, оғаш құрылған сөйлемдердің болуы сондықтан. Қарым-қатынастағы мұндай кедергілер вербалды емес амалдардың (ым, мимика) көмегімен игеріледі.

Сөйлеу (ауызша болсын, жазбаша болсын) — шығармашылық процесс, ол аз дәрежеде автоматтандырылған және әртүрлі салада бірдей болмайды. Тілдік қатынаста стандарт, әрине, негіз, тірек қызметтің атқарады, бірақ толыққанды, тиімді қарым-қатынас жасау үшін тілдің бұл қасиеті жеткілікіз. Өйткені шынайы қарым-қатынастың алдын-ала болжап болмайтын нәзік ірімдері толып жатады.

Сөйлеу қызметтің шығармашылық сипаты туралы Л.В.Щерба былай деп жазды: «Сөйлеу процесінде бұрын айтылғанды немесе естігенімізді жиі қайталасақ та, алайда... сөйлеуде бұрын естімеген тұлғаларды, сөздерді жиі қолданамыз, қолданып қана қоймаймыз, үнемі жаңа тіркесімдер жасап отырамыз». Тілдің қолданысы тілдік тұлғалардың мағынасын синтагматика қағидалары бойынша жай қоса салу деген емес, сондықтан сөз (сөйлеу) оны құру үшін пайдаланылған тілдік тұлғалардың мағыналарының механикалық қосындысынан тұрмайды.

Озара түсінісу қарым-қатынас контекстінде пайда болатын «жаңа қолданымдардың» көмегімен (солардың негізінде) жүзеге асады. Мысалы, тілдегі жаңа қолданыстар: метафора, метонимия т.б. (сөздердің, тіркестердің жаңа мағыналары) тіл жүйесінде алдын ала белгіленбейді, сондықтан белгілі бір кезеңге дейін ешкімге белгісіз болады, алайда тындаушы адам оны бірінші рет естігенде оның мағынасын бірден түсінеді (контекстегі белгісіз сөздерді түсіну тілдің осы қасиетіне негізделеді).

Сөздің шығармашылық аспектісі айтылғанның (жазылғанның) ерекше мәнерлілігіне, әсерлілігіне

байланысты, ал бұның өзі стилистикалық құбылысқа жатады. Тіл жүйесінің «құпиялышығы» — оны шығармашылық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігінде жатар.

Тіл мен сөз (сөйлеу), дәлірек айтқанда, тілдің жүйелік (құрылымдық) және қолданымдық аспектілері өзара бірлікте, бірақ бірдей емес. Қолданыс кезінде тілдің бай шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Олар тілден тысқарғы шексіз жағдаяттар мен әсерлерге байланысты әрдайым жаңадан туындалап отырады. Тіл жүйесінде алдын ала қалыптастырылған мағыналық мазмұн электронды есептегіш машиналары (ЭЕМ) үшін, әрине, тиімді, бірақ ол тілдегі шығармашылықты жоққа шығарады. Шынында, табиғи тұрғыдағы тіл мен ойлау тілдегі осы жалпыланғандық пен қалыптылықты (стандарттылықты) әрдайым еңсеріп отырады. Тілдің жоғарыдағы белгілері (дайын үлгі, стандарттылық) — бұлар әрі қажетті, әрі пайдалы да, бірақ олар тілді қолдану процесінде кедергілер де жасайды.

Тілдік жүйенің коммуникативтілігі толық көлемінде тек қарым-қатынас процесінде ашылады. Тілдік құралдардың барлық стилистикалық-мағыналық реңктері, мәнерлілігі, стилистикалық әсері, орындылығы, қажеттілігі тілдің қолданысында ғана айқындалады. Сөйтіп, тілдің стилистикалық феномені, яғни тілдегі стилистикалық мән о бастан функционалдық сипатқа ие. Тілді танып білу және оны сипаттау үшін жүйелілігіне қоса оның функционалдық аспектісін де ескеру керек.

Сондықтан тіл грамматикасымен қоса жұмысалым грамматикасы (функционалды грамматика) да пайда болып дами бастады.

Қорыта келгенде, **функционалды стилистика** тілдің қарым-қатынастың әртүрлі салалары мен жағдаяттарында қолдануының заңдылықтарын зерттейді, басқаша айтқанда, ол үшін тілдің функционалды аспектісі арнағы зерттеу пәні (предметі) болып табылады. Бір сөзben

айтқанда, стилистика тілді қоғам тарапынан қолдану заңдылықтарын зерттейді.

### **Кейбір стилистикалық амал-тәсілдер туралы**

Стилистика ғылымының міндеттерінің бірі дискурс пен мәтіндегі стилистикалық амал-тәсілдерді анықтау болып табылады. Ендеше, стилистикаллық амал-тәсілдер деген атаумен аталатын стилистикалық мүмкіндіктердің қайнар көзінің сапалы және сандық ерекшеліктерін көрсету- стилистиканың толыққанды зерттеу көздерінің ең бастылары. Стилистикалық амал-тәсілдер бүгінгі синхронды стилистикадағы толық қызыметін анықтауда диагронды стилистиканы негізге алу көзделінеді. Олай болса, стилистикалық амал-тәсілдердің негізгі антика дәүірінде риторикалық кеңінен өріс тапқан, себебі стилистиканың бастау көздері риторикамен және шешендік өнермен етene жақын болған. Стилистикалық амал-тәсілдердің көбі антик дәүірінде қолданылса, кейбір амал-тәсілдер жеке автордың ойлау жемісінен туындаған. Бұл жерде мына мәселеге айрықша көніл боле кету керек. Стилистикалық амал-тәсілдердің қай қайсысын алып қарастырсақ та, тіл мәдениетінің сапалақ қасиеттерін қанағаттандырып отырады. Өйткені, стилистика-тіл мәдениетінің теориялық негізі. Сондықтан стилистикалық амал-тәсілдер өзімен шектес стиль, сөздің тиімділік теориясы сияқты ғылымдардың да көркемдеу, безендіру тәсілдерінің жиынтығы деп тануға болады. Стилистикалық амал-тәсілдердің ең ұтымды жағы (біздің пікірімізше) қай стиль түріне телінсе де әлеуметтік талап мүддени белгілі прагматикалық мақсатқа үйлестіріп, орынды қолданыс шарттарының мазмұндық-ақпараттық, эстетикалық мәнін көрсетуге негізделеді.

Стилистиканың күрделілігін толық танытатын шарт-талаптардың ең бастысы стилистикалық амал-тәсілдер айқынайды. Стилистикалық амал-тәсілдер бүгінгі күй-қалыпмен ғана көрінбейді, ол сөз, сөз жанрларының әр кезеңінде және мәтінде қалыптасып, қоғамның әр

түрлі аясында стилистикалық мүмкіндіктерін өтеу қажеттілігімен анықталады. Стилистикалық амал-тәсілдердің дискурс пен мәтіндегі көрінісін анықтау әлеуметтік топтардың талғамы мен саналы сөз қолдануға міндettі болып келетін тәжірибесімен де айқындалады.

Тілдік бірліктер тілдік норманы қалыптандыrsa, стилистикалық амал-тәсілдер стилистикалық норманы тұрақтандыруға күш салады. Стилистикалық норманың иек артатын негізгі діңгегі-стилистикалық амал-тәсілдер. Безендіруші стилистиканың барлық жиынтығын стилистикалық амал-тәсілдер атқарып отырады.

Стилистикалық амал-тәсілдер арқылы көрінетін сөздің бейnelілік қасиетінің табиғаты өте қызық. Публицистикалық стильде, жарнама тілінде, мәдени коммуникацияның барлық саласында, көркем әдебиеттің эстетикалық-көркемдік сөз өзегінде стилистикалық безендіру модельдері стилистикалық амал-тәсілдер арқылы жиі байқалады.

Стилистикалық амал-тәсілдердің табиғатына үңілген сыйын оның басты ерекшеліктері көріне бастайды. Оның бастыларына мыналарды жатқызуға болады:

1. Көріктеу амал-тәсілдерінің синонимі ретінде алынуы;
2. Синтаксистік амал-тәсілдердің бірі- аверсия. Аверсия риторикалық тәсіл бола тұра, стилистикалық амал-тәсілдердің қызметін атқара алады.

Аверсия - риторикалық қаратпа сөз, барлық стиль түріне тән екендігі дау тудымайды, бірақ қазір публицистикалық стиЛЬДІҚ ауызша түрінде жиі байқалып жүр. Аверсия стилистикалық амал-тәсіл ретінде үлттық этика нормаларының жаңа әуендерін қалыптастырады, сондықтан бүгінгі мәдени коммуникацияның «ізетті» стиЛЬДІҚ мәнерін айқынрайды, мысалы: отандастар, көрметті ағайын т.б. Аверсия жансыз құбылыстарға қаратып айттылады, мысалы: *Мейірімді ай, мені дағы жаңыңа алишы* (Магжан).

Стилистикалық амал-тәсілдердің бірі- анантаподотон ғайлемнің синтаксистік конструкцияларының бұзылуы. ғайлемнің аяғы басталуымен қыыспайды. Анантаподотон стилистикалық амал-тәсіл ретінде көрінуінің үш қызметін атап кету керек:

1. Жеке субъектінің ауызекі стиліне тән;
2. Жеке субъектінің тұрақты сөйлеу дағдысының қалыптаспауынан болды;
3. Авторлық жаңашылдық ретінде танылып стилистикалық норма аясына кіреді.

Публицистикалық стиЛЬДІҚ ауызша түрінде анантаподотон жиі байқалады. Бұл ежелгі дәуір әдебиетін үсіндіреді студенттерге (теледидар хабарынан). Көркем әдебиет стиЛЬДІҚ кейде автордың акценттік категориясының стилистикалық амал-тәсілі ретінде алынады. *Қарал отырып өз тамың өзіне алмасты көрініп* (Т.Нұрмағанбетов).

Кейбір стилистикалық амал-тәсілдер көркем әдебиет стиЛИНІҢ кіші жанрларына тән, бұл тәсілдердің қатарына паремияны жатқызуға болады.

Паремия фольклордың кіші жанрларын жатады, бірақ публицистикалық стиЛЬДІҚ қофам өмірінің прагматикалық тіршілігін көрсетуде жиі пайдаланады. *«Өтті дәурен асылай»* (Д. А. Қонаев).

Кейбір стилистикалық амал-тәсілдердің қатарына периергия жатады.

Периергия «картық еңбек» сөзінен шыққан, плеоназм сөзімен синонимдес. Автор кейбір троптарды сәтсіз қолданады, себебі автор өз санасында логикалық қателіктер жіберіп отырады, сондықтан стилистикалық асер беруге арналған троптар стилистикалық қателіктерге үрніндайды. Периергияны автор өз туындысын көріктендіру элементі ретінде алатын сәттері кездесіп қалады, бірақ кейде ой қайталаушылық жиі байқалса, стилистикалық асері бәсек тартады, пәрмендділік қуаты өзінде үрніндайды. Периергияны көркем әдебиет стиЛИНІҢ

парадия жанрында кездестіруге болады.

Стилистикалық амал-тәсілдердің қай-қайсына алсақта, стильдің қай түріне жатқанына қарамастан, қазақ тілінің ұлттық сөз байлығының сан алуан ірімдерін, ерекше нақышты бояуын танытады, композициялық-сюжеттік құрылымының да жандануына улken ықпал етеді.

Стилистикалық амал-тәсілдердің бірі- апозиопезис сөйлемдегі ойдың аяқталмауы себебін бейвербальді тәсілдермен де түсіндіруге болмайды. Апозиопезис сөз актілерінде сөз этикасын сақтау үшін қолданылады. Мәтін мен дискурста апозиопезис сияқты аяқталмаған сөйлемдер синтаксисистік компоненттері түгел қатысқан сөйлемдерден коммуникативті-прагматикалық және эстетикалық бағдары кем түспейді. Мысалы: ... *Бірақ, бұл тырып ете алар емес...* *Анырау, мынау сиқыр көзқарасты кімнен, қайдан көріп еді...* (Ә. Кекілбаев)

Ғылыми стильдің ауызша түрінде ғылыми объектінің маңызды бөлігіне баса назар аударғанға айтылады. Ғылыми стильдің ауызша түрінде білімнің танымдық қағидасының тоқтап қалуынан көрінеді немесе ойдың басқа прагматикалық мақсатқа бұрылышп кетуіне де болуы ықтимал. Әрине, контексте басқа кажеттіліктен туындастының да көруге болады.

Публицистикалық стиліде апозиопезис айрықша стилистикалық мәнер түзе отырып, қоғамның прагматикалық мәселелерінің сырын ашуға ықпал етеді.

Ауызекі сөйлеу стиліндегі апозиопезис сөйлемдердің айтылуының бірнеше «ықтималдық» мүмкіндігі бар. Сөз этикасын сақтау, адресант қабылдаушыға ықпал етуді тоқтатқысы келгендіктен пайдаланбайды. Екінші себебі мәдени коммуникацияда субординация сақтау үшін арнайы тоқтатылынды.

Апозиопезистің тағы бір ерекелігі адам психологиясына тікелей байланысты. Адам санасына ықпал еткен хабардағы тілдік сигналдар адамның жеке физиологиялық болмысынан тежегіш күштерге

не болады, сондықтан апозиопезис сөйлемдер пайда болады. - О, бейшара, болған су-ур!-деді Мәлика әзілдей күреңіп. - Сен бұл жаққа жетпей жатып-ақ жаңа ғашық бол біткен екенсің ғой... Ал, мен болсам... Ол тағы құлді. - Өзінде алда деп жүрмін... (Д. Исаbekов) Жанайдаров жылан еорып жатқан құрбақадай табан асты шала-жансар құйға көшті. - Келсін... Келсін... Күтеміз... Сіз де келесіз бе? - Оның дауысына діріл араласты. - Ойбай-ау, онда... әрине, қуанамыз. Қашан? Бүгін кешке? Қайдан? Қалай-қалай? Анылған? О құдай сақ... құдай сақт... - Жанайдаров өзіне-өзі келем дегене ана жақтағы адам трубканы қойып үлгерді. - Құдай үрды деген осы!-деді ол дұға оқығандай құбірлеп. (Д. Исаbekов).

Стилистикалық амал-тәсілдердің қатарына жататын стилистикалық фигуralар стилистикалық норманы толық қалыптандырады.

## 9-тақырып. Мәтін стилистикасы

### Сабак жоспары:

1. Мәтін туралы түсінік.
2. Мәтін құрылымы.
3. Мәтін стилистикасы

**Мақсаты:** Мәтін стилистикасы туралы түсінік.

#### Қысқаша мазмұны:

Мәтін стилистикасы мәтін түзуші тілдік құрылымдардың стильтік қызметін қарастырады. Мәтін құрамындағы тілдік бірліктері, курделі синтаксистік тұтастықтар, абзац, троп түрлері т.б. құралдар белгілі бір стильтік мақсатқа орай жұмсалуы мүмкін.

Эпитеттер заттың немесе құбылыстың әртүрлі белгісін айқындалап, оқырманға әсерлілігін арттырады. Кез келген құбылысты суреттеуде, өзіндік белгі-қасиеттерін ерекшелеп көрсетуде эпитеттердің қызметі айрықша. Эпитеттер зат-құбылысты, табиғатты суреттеуде болсын, кейіпкер бейнесін жасауда болсын жиі жұмсалатын көріктегіш, бейнелегіш құрал.

Арыстан кеуделі, бірақ бет-аузы бүтін, қаршыға көз, қыран қабақты, сүйк өнді жас жігіт – Ысмайыл батыр (М.М.).

Омырауы даладай, сүйк жұз, қыр мұрын, қалың қабақ, қияқ мұртты жас жігіт. (М.М.).

Бұл мысалдардағы арыстан кеуделі, қаршыға көз, қыран қабақты, сүйк жұз, қияқ мұртты деген эпитеттер кейіпкердің бет бейнесін оқырман көз алдына әкеліп қана қоймайды, оның мінез-құлқынан да хабар береді.

Теңеу – бір затты немесе құбылысты басқа бір зат немесе құбылыспен салыстыру арқылы сипаттайты. А.Байтұрсынұлы теңеуге мынадай анықтама береді: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруга жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгреттеп көрсетуге

күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрсетеп, ашығырақ көрсетеміз.

«Белгілерінің үқастығына қарай бір заттың не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы – метафора деп аталады».

Метафора көркем сөз стилінде бейнелеуші, иннерлеуші тәсілге жатады.

Метафора – сыртқы не ішкі үқастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Метафора сөз мәнін ажарлай өзгертіп, суретtelіп отырған затты не құбылысты айқындағы түсін оларды өздеріне үқас азге затқа не құбылысқа балау арқылы мазмұнын тереңдетіп, әсерін өншету».

Б.Хасанов қазақ тіліндегі метафоралардың екі түрін көрсетеді:

«Метафораның екі түрі бар деуге болады: бірі – белгілі бір шешеннің сөз саптауынан пайда болған индивидуалдық метафора, екінші – халықтық сипат азған дастүрлі метафора.

Метафоралар ерекше бейнелілігімен қатар танымдық қызмет те атқарады. Олар дерексіз үғымдарды анықтап түсіндіреді. Сол арқылы жазушының немесе кейіпкердің оның дәл жеткізуге көмектеседі. Мысалы: үйқының зуылы, қоңыр толқыны, сөздің салмағы. Мұндай бейнелі көркем метафоралар кейіпкер тілінде де қолданылып, кейіпкердің шешендігін, тапқырлығын көрсетеді: Бүгінгі шыргалаң – шалшық су, кешесің де өтесің. Ертеңгі дүрбелең – айналып өткізбес ми батпақ болып шықпасын (М.М.).

Метафора кейде мыскылдық қатынаста беріліп, кейіпкердің мінез-құлқын, адамдық сипатын да білдіре алады.

Сүйіктім, мен өмірімде талай салпаңқұлақ есекті көрдім, ал мына сенің ғашығың солардың ішіндегі ең шыныңдай көгі (М.М.).

«Метонимия – белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы». Метонимия тәсілі де теңеу мен метафора сияқты кейіпкердің белгі қасиеттерін ерекшелеп көрсетіп, оқырман назарын аударуда, түспалданап, астарлап жеткізуде тиімді тәсіл болып табылады.

Ырсекенің қартайғанда көрген жалғыз қызығының тауаны шағылып қайтқаны мынау (М.М.).

«Құбылтудың бір түрі – кекесін, яки ирония /грек. Eironia –келемеждеу/; тағы бір түрі мысқыл, яки сарказм /грек.sarkasmos – масқаралау/».

«Юморда күлкілі құбылыстардың ең бір майда, зиянсыз түрлері алынады. Юмордағы күлкі - әзіл; ал әзіл келемежге айналса, - ирония

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Стиль дегеніміз не?
2. Стильдің негізгі қызметін атаңыз?
3. Қазіргі стилистиканың қандай даму бағыттары бар?
4. Прагматика дегеніміз не?
5. Прагматистилистиканың қарастыратын мәселесі.
6. Прагматика, коммуникация, ақпарат дегеніміз не?
7. Дискурс пен мәтіннің айырмашылықтары мен үқсастықтары, арақатынасы.
8. Дискурс пен мәтіндегі прагматикалық тоғысуынан пайда болды?
9. Қазіргі тіл ғылымында прагматикалық аспектіде зерттеудің қандай түрлері бар?
- 10.Прагматистика қандай ғылымдардың тоғысуынан пайда болды?
- 11.Стилистикалық ұфымдар мен категорияларды атаңыз.
- 12.Функциональды стильдердің әрқайсысына тән стилистикалық категорияларды ажыратып көрсет.
- 13.Кейбір стилистикалық ұфымдарға сипаттама бер.

14.Стилистикалық норма мен тілдік норманың негізгі мәннен анықтаңыз.

15.Стилистикалық қателер мен сөз қателерін ажыратып көрсет.

16.Коммуникативтік норма мен стилистикалық норманың тиімді жақтарын ажыратып бер.

17.Прагматиканың орталық категориясын қураушы кім?

18.Неге прагматикалық фактор стиль түзуші болып есанлады?

19.Дискурспен мәтіндегі стилистикалық фигуралердың прагматикалық мақсаты неде?

20.Функциональды стильдердің лексикалық құралдарының үйімдастыру ерекшеліктеріне тоқтал.

21.Функциональдық стильдер дегеніміз не?

22.Функционалды стиль түрлерін атаңыз?

## ПРАКТИКА САБАҚТАРЫ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

### 1. Практика тақырыбы: Стилистиканың ғылым және пән ретінде қалыптасуы

Барлық ғылымдардың зерттеу нысаны өзінің күрделілігімен даму эволюциясының тарихынан сан алуан процесімен ерекше көзге түседі. Стилистика ғылымы да осындай даму тарихын бастан кешірген. Стилистика ғылымының даму бағыты басқа ғылымдармен сабактас. Қазіргі стилистиканың негізгі кезеңдері ертедегі антикалық риторика және поэтика, шешендік өнер ғылымдарымен өзара байланысып жатыр. Жалпы тіл ғылымында стилистика белгілі тарихи дәуірді бастан кешіргенмен, ол өзінің алғашқы мағынасын айтарлықтай өзгертуілген жоқ. Ресейде стилистиканы ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесі XVIII ғасырда басталды. XX ғасырдың басында стилистика таза ғылымның нысаны ретінде қарастырыла бастады, тілдің функциональдық қызметін жан-жақты зерттеу нәтижесінде функциональдық стилистиканың негізі қаланды. Оған тілдің әдіс-тәсілдері туралы XX ғасырдың аяғында қаланған ғылыми-тұжырымдар негіз болды.

Жалпы лингвистикалық ғылымның және жеке ғылымдардың әдіс-тәсілінен стилистикалық талдау әдістері қолдана бастаған болатын. Стилистикалық талдау әдістерінің (орыс тілі ғылымындағы орны бойынша) негізі-тіл мен ойлау, тіл мен қоғам, тілдің әлеуметтік мәні мен қызметі. Стилистикалық талдау әдістерінің негізі қалануына осыған байланысты жазылған В.Гумбольдт, А.А.Потебня, Ф.де Соссюр, Б.Д.Куртәнә, М.М.Бахтин т.б. еңбектерінің ықпалы болды. Әлемдік тіл білімінде, орыс тіл ғылымындағы стилистикалық зерттеу еңбектері негізінде қазақ тілі стилистикасы ғылыми тұрғыдан зерттелді.

Еліміздің егемендік алуы және тіл заңының шығуы қазақ тілі функциональдық, ресурстар стилистикасын зерттеу багыттарын жаңа мазмұнда қайта қарauғa тіkelей ықпал етті. Стилистика (лингвистикалық стилистика, лингвостилистика, жалпы стилистика) -тіл білімінің бір саласы. Стилистика тілдің көркемдегі амал тәсілдерін, тілдің жұмысалу аясының түрлі қоғамдық салаларда қолданылуын, қатысымдық әрекетінің функциясын атқарады.

Филология ғылымында стилистика, стиль сөздері ертеден қолданысқа ие. Ресейде 19, тіпті 18 ғасырдан стилистиканың жекелеген аспектілеріне арналған зерттеулер шықты (мысалы, әртүрлі көркем шығармалардың не жазушылардың тілі, стилі туралы), теориялық сипаттағы еңбектер де жарық көрді. Алайда, ғылыми пән ретінде стилистика 20 ғасырдың 20-30 жылдарынан қалыптаса бастайды, ал оның бір тармағы болып саналатын функционалды стилистика 50 жылдардан бастап белсенді түрде зерттеу объектісіне айналады.

Стилистика, стиль үғымының мәні тілдің коммуникативтік аспектісімен, тілдің қолданысымен, қызмет ету жағдайымен тығыз байланысты. Бұл мәселеге көніл болу 19 ғасырдың аяғы 20 ғасыр басындағы тілші ғалымдардың еңбектерінен бастау алады: В.Гумбольдт, Ф. де Соссюр, А.А.Потебня, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Е.Д.Поливанов, Л.П.Якубинский, Р.О.Якобсон, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур т.б. Функционалдық-стилистикалық зерттеулер, әсіресе, өткен ғасырдың 60 жылдарынан, тіл ғылымының тілдің құрылымын зерттеуден оның қызметін (тілдің тұрақты күйінен даму жағдайын) зерттеуге ауысынан бастап белсенді жүргізіледі. Стилистиканың қалыптасуы әдебиттіл нормасы наследелерін зерттей бастауға да тығыз байланысты (чех ғалымдары: В.Матезиус, В.Гаверенек, Э.Косериу, және орыс ғалымдары В.В.Виноградов, Г.О.Винокур т.б. еңбектері).

Стилистиканың қалыптасуына тіл ғылымының ұсақ бірліктерді зерттеуден ірі бірліктерге дең қоюы да (дыбыстардан-мәтінге қарай) әсерін тигізді. Стилистиканың дамуына әдеби тіл, тіл мәдениеті мәселелерін зерттеу де өзіндік үлес қосты. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына байланысты стиль, сөз мәдениеті мәселелері одан әрі өзекті бола түседі. Мәтін лингвистикасы, прагматика стилистикалық зерттеулердің кейбір жаңа бағыттарын туғызды. Ю.С.Степанов: Қазіргі уақытта ұлттық мәдениетті, тілді және психологияны зерттеу стилистиканың (тіл ғылымының бір саласы ретінде) пайда болуымен одан әрі нақтылана, айқындала түсті, дейді. Стилистика, сонымен, өзінің сипаты, мәні жағынан-функционалды сипатқа ие (оның даму тарихы соны дәлелдейді). Бұл теориялық ғылым бола тұра, оның қолданбалы, тәжірибелі маңызын жоққа шығармайды. Керісінше стилистиканың дамуы (функционалды стилистиканың) тілді оқыту әдістемесіне, басқа қолданбалы салалардың дамуына ықпалын тигізді. Лингвостилистика тілдік теорияның іргелі мәселелерін зерттейді (мыс., тілдің әлеуметтік табиғаты, оның құрылымдық және функционалдық аспектілерінің байланысы, қызмет ету заңдылықтары, тіл мен ойлаудың байланысы). Тіл ғылымы тарихындағы ұлы жаңалықтарының бірі-тілдің қос қырлылығының (жүйелілігі мен қызмет ететіндігі, қозғалмалылығы) ашылуы болды. Тіл осы екеуінің бірлігінен тұрады. Мұның бір жағы-құрылымдық-жүйелік жағы, жеткілікті дәрежеде зерттелсе, функционалдық жағы (сөз тудырушылық аспектісі) енді ғана зертtele бастады. Стилистика- әдеби тілдер жүйесін талдан, тілдік құралдарды қолдану заңдылықтарын түсіндіретін лингвистикалық пән. Стилистика «стиль» деген сөзден шықкан. Ал стиль дегеніміздің өзі латынша «Styles - жазу құралы» деген сөз. Латын тілінде кейіннен «жазу мәнері» деген мағынада қолданылған және осы мағынада

Европа білімназдарының арасына көп тараған. Ортағасырларда Греция мен Римде стиль- сөзге сендіру тәсілі, ал стилистика- риторика (шешендік өнері) делінген.

Стилистика тәрізді сөздің қазіргі мән-мағынасы ноннілікке түсінікті. Ол - үшталған таяқша деген мағынаны білдіреді. Ол кезде балауыз жағылған тақтайша жазу-сызу үшін пайдаланылған. Ойды дәлірек жеткізу үшін тақшаша арқылы тақтайдағы жазуды әлденеше өшіріп, жайта жазуга, түзетіп отыруға да тұра келген. Таяқшаны (стильді) пайдалана білу өнері кейіннен сөз шеберлігін, тіл мәдениетін арттыра тұсу деген мағынада ұғыныла келін пән атауы ретінде қалыптасқан.

Стилистиканың дамып, қалыптасуы ертеректен бастау алып, қазақ тіл білімінде де ол жан-жақты қарастырылып келеді. Қазіргі кезде арнайы пән ретінде жогарғы оқу орындарында оқытылып, оның мәні мен мақсаты түсіндіріліп, ол туралы ғылыми еңбектер, оқу құралдары, оқулықтар және кейбір шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері жайлы талдау кітаптары мен нақалаларда тіліміздің кейбір стильдік құбылыстары туралы көптеген пікірлерді кездестіруге болады. Қазақ тілінің стилистикасын зерттеуде М. Балақаев, Б. Манасбаев, Томанов, Жанпейісов, Р.Әміров, А. Ысқақов, Ф. Мұсабекова, Р. Сыздықова, М.Серғалиев, Д.Әлкебаева, Э. Ҳасеновтің және соңғы жылдары А. Мырзахметқызы, О.Бүркітов, С. Қоянбекова т.б. ғалымдар мен ізденушілерді айтуымызға болады. Орыс тіл білімінде стилистика мәселелерінің зерттелуі көптен бері қолға алынған. Бұл жоннегі еңбектер де жарияланып келеді. Әсіреле осы салада онімді еңбек етушілер деп А. М. Пешковский, Л.В. Щерба, В.Виноградов, Г.В Винокур, А.И.Ефимев, В.П.Мурат саныты ғалымдарды атауға болады.

Тіл білімінде стилистиканың жалпыға бірдей қалыптасқан анықтамасы жоқ. Мұның бір себебі өзінің қалыптасуы барысында тіл білімінің бұл саласы әр түрлі бағыттардың құрамында дамыды. Алғашқы кезде көркем

тілді зерттеу аясында дамыса, соңғы кездері оның зерттеу нысаны әлдеқайда кеңейіп, тармақтала тұсті. Жалпы алсақ, стилистика тілдің мәнерлі құралдары туралы, сонымен қоса тілдік құралдарды сейлеудің мазмұнына, қарым-қатынастың мақсатына, жағдайы мен саласына сәйкес қолдану, яғни тілдің қызмет ету заңдылықтары туралы ілім деп анықтауға болады. Қарым-қатынастың анағұрлым жинақталған, әлеуметтік мәнге ие болған ондай салаларына ғылыми, көркем, публицистикалық, ресми және түрмисстық салалар жатады. Функционалды стильдер осы салаларға сәйкес ажыратылады.

Кейде стилистиканы тілдің мәнерлегіш құралдары туралы ілім деп те анықтайды. Ондай жағдайда стилистиканың функционалдық жағы ескерілмей, ол тек тілдің стилистикалық боямалы құралдарын зерттейтін болып шығады. Сонымен қатар, стилистиканы функционалды стильдер туралы ғылым деп қана қараша жеткіліксіз, ейткені стилистика ілімі тілдің стилистикалық қорын зерттеуден бестау алады, әрі стилистикалық қорын зерттеуден стильдерді қалыптастыруға да уақыт өте келе белсенді қатысады.

Сонымен, жоғарыдағы анықтаманы жалпы стилистикаға тән анықтама деуге болады. Жалпы стилистика зерттеу бағыттарына қарай іштей былай тармақталады:

1. Контекстен тыс түрде тілдің стилистикалық қорын зерттейтін саласы-құрылымдық стилистика.

2. Тілдің әр түрлі қарым-қатынас саласында қолдану заңдылықтары туралы ілім-функционалды немесе қолданымдық стилистика.

3. Көркем әдебиет стилистикасы.

4. Нормативті, практикалық стилистика.

Құрылымдық стилистика тілдік құралдардың стилистикалық сапа-қасиеттерін олардың нақты қолдану жағдайына қатыссыз түрғыда зерттесе, қолданымдық стилистика, керісінше, тілдік құрылымдардың қызмет ету

өрекшеліктерін олардың белгілі бір жағдайларда (мысалы, белгілі бір жанрлық ерекшелікте, ауызша, жазбаша т.б.) қолданымен байланысты қарастырады. Көркем әдебиет стилистикасы тілдік құралдардың ерекше салада, ерекше жағдайдагы қолданысын: көркем шығармада өнер тұдыруши, өнер құбылысы ретіндегі қолданысын, яғни көркем шығармадағы өмірін зерттейді. Ал, практикалық стилистиканың міндеті-стилистикалық тілдік мәдениетті қалыптастыру. Бұған негіз болатын тілдің стилистикалық қорын және оның қызмет ету заңдылықтарын менгеру, нұның өзі сөз қолданудың стилистикалық нормаға сәйкес дагдысын қалыптастырады. Бұлардың ішінде тілдің стилистикалық қорын зерттейтін құрылымдық стилистика саласы-әріден келе жатқан дәстүрлі сала. Оны сипаттама стилистика десе де болады. Ол тілдің стилистикалық бояуға ие құралдарын, тілдік тұлғалардың (дыбыстан мәтінге дейінгі) мәнерлегіш мүмкіндіктерін, нағынналық-қолданымдық реңктерін зерттейді. Жазушы тілінде қолданылатын көріктеуіш-бейнелеуіш құралдар да осы стилистиканың қарамағына жатады.

Тілдің стилистикалық синонимдік қатарының негізгі зерттеу аймағын құрайды. Бір сөзben айтқанда, жалпыхалықтың тілдік қордың (байлықтың) стилистикалық құрамын зерттейді, ал ол стилистиканың негізгі базасын құрайды.

Тіліміздегі лексикалық, фонетикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану принциптерін ретке көлтіретін лингвистикалық стилистиканың орны ерекше маңызды. Лингвистикалық стилистиканы түрлерге бөліп жүйелеудегі негізгі принцип - оның негізгі зерттеу бағыттары болуға тиіс. Олардың бірі - мәтіннен тасқары стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер). Бұл аспекттің тіл ресурстары стилистикасы деп те атайды. Ал екінші-қоғамның әртүрлі аяларында тілдің қолданысқа туу заңдылықтары. Бұл аспекттің функциональдық стилистика деп атайды. Қазіргі тіл білімінде стилистика

тармақтарының жіктелуіне байланысты, салыстырмалы-салғастырмалы (контрастивтік) стилистика, дара (индивидуальдық), функциональдық стилистика, зерттеу әдістемесіне байланысты синхронды стилистика және диахрондық стилистика, материалдардың ғылыми тереңдігі мен нақтылы шығарманы талдау үстіндегі деректерді сипаттауға байланысты теориялық стилистика және практикалық стилистика деп жүйеленеді.

Лингвистикалық стилистиканың тіл білімінің басқа салаларымен байланысына келетін болсақ, олар бір-бірімен тығыз байланыста. Әр түрлі стильдік сапа, мәнерлегіштік сипат тілдік единицалардың барлығында да болады. Сондықтан стилистиканың зерттеу объектісі – лексикология, семасиология, грамматика және фонетика зерттейтін единицалар.

Лексикология және стилистика. Лексикология сөздердің шығу тегін, сөз құрамын, оның баю жолдарын қарастыра, стилистика сөздердің қолданылу заңдылықтарын, сөздер мен сөз тіркестерін экспрессивтік түрфыдан дұрыс пайдаланылу принциптерін зерттейді.

Семасиология және стилистика. Семасиология – тіліміздегі бейнелегіштәсілдердің мағынасын, оның өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Семасиологиялық стилистиканың міндеті – тіліміздегі бейнелегіш құрамдарды топтастырып, олардың стильдік қызметін, қолданылу заңдылықтарын көрсету.

Грамматика және стилистика. Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу нысаны ете алады. Стилистика грамматикалық құбылыстарға стильдік талдау жасайды.

Морфология сөздердің тұлғалық көрінісін және грамматикалық мағынасын, сөздердің құрылышын, өзгерілуін және құрамын талдап топтастырады. Стилистика ойды мәнерлі жеткізу үшін морфологиялық формаларды қандай жағдайда қалай қолдануға болатындығын қарастырады. Демек, морфологиялық тұлғадағы сөздердің,

olandың варианттарының ішінен сөйлеу не жазу арқылы жеткілікті ойдың эмоциональды-экспрессивті реңін білдіре алатындарын сұрыптап қолдану принциптерін зерттейді. Синтаксис сөйлемнің құрылышын, сөздердің ғарнису заңдылықтарын қарастырады. Ал ойды білдіретін сөйлемдердің айтылуына, қолдану тәсіліне қарай әр түрлі реңдері болады. Ол қосымша мағыналар көбінесе сөздердің орнын тартібі мен сөйлемнің құрылышы арқылы беріледі. Інни ойды мәнерлі жеткізуде синтаксистік тәсілдердің маңызы зор. Демек, стилистика синтаксистік құралдардың мәнерлілігін, оны дұрыс пайдалану заңдылықтарын зерттейді.

Фонетика және стилистика. Фонетика тілдегі дыбыстардың жасалуын, жүйеленуін зерттесе, стилистика дыбыстарды, оларға тән белгі, интонация, қайталу, дыбыс үйлесімділігі сияқты фонетикалық ерекшеліктерді белгілі бір мақсатқа икемдеп және оларды мәнерлі құрал ретінде пайдалануды қарастырады.

Стилистика-тіл білімінің тілдік тәсілдер жүйесін синхрондық және диахрондық жағдайда зерттейтін тіл ғылымының саласы. Стилистиканың қарастыратын мәселелері әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдардың мәнерлегіштік мүмкіндіктері, олардың стилистикалық ини мен бояулары, сондай-ақ қарым-қатынастың ған алаудан аялары мен жағдайларындағы сөздердің қолданылу заңдылықтары, әр аяға байланысты қолданыс тілін пайдалану, ең бастысы тілдің қолданылуының коммуникативтік заңды мәселелері болып табылады. Стилистикада тіл деңгейлерінің барлық салаларындағы құралдар жұмысалады.

Практика тақырыбына сәйкес бақылау сұрақтары:

1. Стилистиканың даму тарихы
2. Тіл ярустары стилистикасы?
3. Лингвистикалық стилистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы?
4. Лингвистикалық стилистиканың зерттеу объектісі?

## 2. Практика тақырыбы: Стилистиканың негізгі ұғым-категориялары

Тіл ғылымының басқа салалары сияқты стилистика ғылымының да өзіне тән категориялары бар. Стилистикалық категориялар стильдік белгілерден шығады. Функциональдық стильдердің өздеріне лайық стильдік ерекшеліктері болады. Публицистикалық стильтеге тән образдылық, ғылыми стильтеде жалпы қорытындылар мен дерексіздік, ресми стильтеге тән нақтылық, міндеттілік болу т.б. Осы стильдік белгілеріне қарай әр стиль туралы толық мәлімет алуға болады. Ол туралы мәтін құрастырылып, осының бәрі функциональдық семантикалық-стилистикалық категорияның моделі әр мәтіннің ерістік жүйесінен көріне алады, әр түрлі дәрежедегі тілдік және мәтіндік тәсілдер орталық және шеткі болып бөлінеді, олар жынтығы арқылы ажыратылады. Стилистикалық категориялардың қатарына бағалау категориясы, акценттік категориясы, гипотезиялық категория, диалогтық категория, автор бейнесі категориясы, мәтін категориясы жатады. Акценттік категория-мәтіндік категориялардың бірі. Акценттік категория концептуалды тілдік бірліктердің мағыналық жақтан көніл аударуын қажет етеді, адресат автордың көзқарасына көз жеткізу сенімділігін көрсетеді, сол арқылы қабылдаушы мен тыңдаушының ортақ түсінікке ие болуын қамтамасыз етеді.

Ғылыми стильтеде кездесетін стилистикалық категориялардың бірі- гипотезиялық категория. Гипотезиялық категория әр түрлі тілдік тәсілдерді оның ішінде белгілі болжамға негізделген жүйелілікті көрсетеді, мәтіннің белгіленген жазықтығындағы жалпы функциясы және семантикасының қалыптасқан сөз гипотездері немесе гипотезиялық құбылыс болып саналады. Стилистикалық категорияның тағы бір саласы-бағалалау категориясы. Кез-келген ғылыми мәтін

әкірманның атынан бағалау тұрғысынан қаралмаса, оның наимандықты керек ететін ғылыми білімі негізделмейді. Әкірманның объектіге қарым-қатынасы белгілі бағалау тұрғысынан айқындалады. Егер ғылыми стильтеде автор өзінің зерттеуіне сенімді болса, онда тыңдаушы тұрғысынан толық баға алады.

Стилистикалық категориялардың қатарына автор бейнесі категориясы жатады. Автор бейнесі категориясы жазушының өз дәүірінің әдеби тіліне, оны түсініп сезінуіне, поэтикалық сөз өрнектеріне деген қарым-қатынасына тікелей қатысты. Қазіргі замақ стилистикасында автор бейнесі категориясын көлешекте жаһандану үрдісімен жан-жақты талдап оқытуды талап етеді. Функционалды стильтің қарырғы стилистикадағы негізгі ұғым. Функционалды стильтер тілдің қолданысымен, қызмет етуімен тікелей байланысты, яғни шынайы сөйлеуде, мәтінде көрінеді.

Функционалды стильтерде әртүрлі тілдік деңгейлердің тұлға-бірліктері мен олардың стильдік бопуга не түрлері белгілі бір қатынас саласында қызмет ету міндеттеріне сәйкесті түрде бірігеді. Функционалды стильті В.В.Виноградов: Стиль-бұл жалпыхалықтық, жалпынұлттық тілдің белгілі бір саласында тілдік қарым-қатынас құралдарының сұрыпталып тіркесу, қолдану тәсілдерінің қоғамдық тұрғыдан қабылданған, функционалдық тұрғыдан шартталған, іштей біріккен жынтығы. Ол басқа мақсатқа қызмет ететін, басқалай қызмет атқаратын өзі сияқты бейнелеу тәсілдерімен бір қатарда тұрады.

Функционалды стильтердің қалыптасуына әсер ететін факторлар тілдентысқары (экстралингвистикалық) және таза тілдік болып екі топқа бөлінеді. Функционалды стильтерді сипаттауда олардың екеуі де ескеріледі. Тілден тысқары стильтің құраушы әсерлерге қоғамдық сана формасы және соған тән ойлау түрі, сөздің азынша не жазбаша көрінісі, сөздің жанрлық

ерекшелігі, қарым-қатынастың түрі (көпшілік не жекелік), баяндау түрі (әңгімелеу, суреттеу, ойталық), жағдаяттық-қоғамдық факторлар (сөздің тоны, сөйлеу актісінің түрі, тыңдаушы ерекшелігі) т.б. жатады. Бұлар объективті факторлардың құраса, автор үстанымы, оның даралығы сияқты субъективті факторлар да болады. Бұл факторлардың барлығы да сөз сипатына тікелей әсер етеді, бірақ олардың стиль құраушылық дәрежелері бірдей емес. Тілдің негізгі қатысымдық (коммуникативтік) қызметінен өзге де қызметтері бар екені белгілі. В.В. Виноградов функционалды стильтерді топтастыруда осы қызметтерін басшылыққа алады. При выделении таких важнейших общественных функций языка, как общение, сообщение и воздействие, могли бы быть в общем плане структуры языка разграничены такие стили: обиходно-бытовой стиль (функция общения); обиходно-деловой, официально-документальный и научный (функция сообщения); публицистический/художественно-беллетристический (функция воздействия). Алайда, тіл қызметтерін үлесінде жалпылама және стиль түрлері де олардың ауқымына сия бермейді. Негізгі стиль құраушы факторлар функционалды стильтердің жүйелілігін қамтамасыз етеді. Стиль жүйелілігінде негізінде оны құрайтын тілдік бірліктердің бір мақсат негізінде өзара тығыз байланысып бірігуі жатады. Мысалы, ғылыми стильде жалпылама, дерексіз мәнге ие бірліктер белсенді рөл атқарса, көркем стильде көрініш, көркем-бейнелі тілдік нақтылыққа ие бірліктер маңызды болады. Тілдің өзінде, бір жағынан, стильтік тармақтарға жіктеліп дамыған сайын белгілі бір функционалды стильге тән тілдік құралдар тұрақтала түседі. Екінші жағынан, функционалды стильде оны құраушы факторлардың әсерімен тілдік бірліктердің белгілі дәрежедегі өзгерісі, ауысуы жүзеге асады. Соның нәтижесінде бір тілдік бірліктің өзі қай стильде қолданылуына қарай мағынасы жағынан функционалдық сипатқа ие болады.

Қазіргі кезде стилистика ғылымында функционалды белгісі жағынан стильтердің бес түрі ажыратылады. Олар: ғылыми, ресми, публицистикалық, көркем сөз және аудиозекі тұрмыстық сөйлеу стильтері. Функционалды стильтердің әрқайсысы стилішілік тармақтарға жіктеледі. Мысалы, ғылыми стильтің таза ғылыми, ғылыми-окулық, ғылыми-көпшілк сияқты тармақтары болса, ресми, іс қағаздары стилінің де үйімдыш, өкілеттік, анықтамалық-ақпараттық сияқты тармақтары бар, сол сияқты публицистикалық стиль де іштей жанрлық ерекшеліктеріне қарай көптеген түрге жіктеледі. Тілдік қолданыста функционалды стильтердің әр түрлінде элементтері араласа жұмсалып, көп қабатты стильтік құбылыстар да пайда болады. Бұл жағдай стильтердің өзара әсері және олардың ішіндегі ұсақ жанрларға жіктеу нәтижесінде жүзеге асады.

### Бақылау сұрақтары

1. Стилистикалық категориялардың түрлері?
2. Акценттегі категория?
3. Бағалау категориясы?

### **3. Практика тақырыбы: Тілдік құралдардың стилистикалық бояуы, оның түрлері**

Тілдік қабаттардың бірліктері (әсіресе, лексикалық қабаттың) өздерінің негізгі мағыналарын тысқары, әрқиытте реңктерге ие болып келеді. Стилистикалық табиғаты жағынан олар бірдей емес. Стилистикалық бояудың екі түрі ажыратылады: эмоционалды- экспрессивті және функционалды.

Функционалды бояуга ие тілдік құралдар да болады. Бірақ олардың ара-жігі экспрессивті бояуга қарағанда ондай айқын емес. Экспрессивті- эмоционалды бояу тілдік тұлғаның табиғи қасиеті болса, функционалды бояу тілдік тұлғаны қарым-қатынас жасаудың белгілі бір саласында көп қолданудан барып пайда болды. Соңғы жағдайда тілдік дәстүрдің де рөлі бар. Тілдік тұлға - бірліктерінің мағыналық-стилистикалық жагы мен оларды белгілі салада көбірек қолдану дәстүрі арасында қатаң тәуелділік бар. Белгілі салада тұрақты қолданудың нәтижесінде тілдік құралдың мағынасы белгілі стилистикалық мәнге, бояуга ие бола бастайды да, кейін тұрақты бекітіледі. Мысалы, реємни стильде қалыптасатын штамптар (жоғары жетістікке жетті, қаулы қабылдады т.б.) осындай қолданыстың нәтижесі. Стилистикалық бояуның сипатына орай, тілдік құралдар функционалды бояулы және экспрессивті бояулы болып бөлінеді. Функционалды бояулы құралдар функционалды стильдердің түр-түріне сәйкес өзіндік ерекшеліктерге ие болып келеді. Мысалы, ғылыми стильдегі терминдер, көркем әдебиет стиліндегі троптар мен фигурандардың түрлері, ауызекі сөйлеу стиліндегі қарапайым сөздер мен диалектизмдер функционалды бояулы құралдарға жатады. Экспрессивті құралдарға тілдің эмоционалды- экспрессивті бояуга ие құралдары жатады. Мысалы, эмоционалды реңк жағынан олар көтеріңкі салтанаттылықты білдіретін немесе мысқылды білдіретін, немесе әшкерелеуші реңге

не т.б. құралдар болып келеді. Бұлар, әсіресе, жекелеген сөздерге тән. Ол бояулар сөздердің контекстен тыс жағдайына да табиғи түрде тән болып келеді. Бұдан грамматикалық тұлға-бірліктерге қарағанда лексиканың эмоционалды-экспрессивті бояуы кең болады.

Стилистикалық мағына-тілдік-тұлға-бірліктің мағыналық құрылымдағы оның лексикалық, заттық, грамматикалық мағыналарынан тысқары қосымша белгісі. Бұл қосымша мағына тұрақты болып, тілдік қолданымының белгілі жағдайларында туындалғысайды. Сөздің стилистикалық мағынасы оның үгымдық мағынасына әсер етіп, сөз мағынасын белгілі бір бояуларымен қоса қабылдауға көмектеседі. Сөйтіп, стилистикалық мағына тілдік тұлға-бірліктің мағыналық құрылымының белгілі бір белгігін құрайды. Бірақ ол тілдік тұлға-бірліктердің әрқайсысында әртүрлі дарежеде көрінеді. Экспрессивті бояуга ие құралдарда айқын байқалса, кейбіреулерінде тереңде жатады, тек белгілі контексттік жағдайда ғана анық көрінеді. Парадигматика (грек. *paradeigma*-мысал, үлгі)

1. Адам санасында немесе жадында олардың формаларының немесе мазмұнының ортақтығына байланысты немесе бір мезгілде сол екеуінің үқсастығы негізіндегі әлде бір әсерлер арқылы жинақталған және салыстыру қатынасына байланысты тіл жүйесінің элементтері ретіндегі лингвистикалық бірліктерді зерттеу аспектісі.

2. Лингвистикалық топтардың парадигмалардың жыныстығын құрайтын тілдік жүйе. Синтагматика-тіл жүйесін зерттеудің парадигматика сияқты бір аспекті. Оның да тілдік тұлғалардың арасындағы бір-бірімен ізбенің байланыс кезінде туындастын синтагматикалық қатынасы зерттеледі. Синтагматика синтагматуралы ілім дең те туыніледі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Тілдік құралдардың стилистикалық бояуы?
2. Стилистикалық бояудың түрлері?
3. Эмоционалды-экспрессивті бояуы?
4. Функционалды бояуы?

### **4. Практика тақырыбы: Стилистикалық норма, оның әдеби норманың басқа түрлерінен ерекшеліктері**

Стилистикалық норма-тарихи түрғыдан қалыптасқан, даму заңдылықтарымен жалпы қабылданған тілдегі стилистикалық мүмкіндіктерді тарату жиынтығы. Стилистикалық норма-бұл тілдік норма, бірақ стилистикалық кейір әдістер оның ауытқуына себепкер болады. Қазіргі кезде әдеби нормалар түсінігі біршама біртекті болып келсе, ал стилистикалық нормаларының анықтамасы мүлде басқаша. Және бұл өз кезегінде стиль түсінігімен бір мәнді еместігімен байланысты. Тіпті кейде стиль нормалардан ауытқып кеткенде ғана көрініс береді деген ой-пікір айтылып жүр, осыған байланысты норма стильге қарама-қарсы қойылады. Бірақ көптеген лингвистер стилистикалық нормалардың бар екендігі туралы да айтып жүр (әдетте олар стильді жалпы тілдік әдебиетке қарсы қоймайды). Сонымен, зерттеуші М. В. Пановтың ойынша әдеби тіл стильдер жүйесі деп түсіндіріледі; олардың әрқайсысына ерекше нормативтілік тән, бұл Д. Н. Шмелевтің стиль туралы біздің түсінігімізде ол қандай да бір нормалар жүйесі дегенге келеді деген пікірмен үндеседі.

Әдеби норма мен стилистикалық норма бір-бірімен байланыста ашылатын үғымдар. Әдеби тіл нормасы белгілі кезеңде тілдік құралдарды қоғамдағы барлық адамдарға ортақ орнықты түрде қолдану үлгісі. Әдеби норма диалектілерге, ауызекі сөйлеудің қарапайым (қарабайыр) түрлеріне қарсы қойылады. Сондықтан оған жүйелілік, реттілік, баршаға міндеттілік, функционалды-стильдік жіктеліс тән. Осы түрғыдан әдеби норманы функционалды стиль нормаларының біріккен жүйесі деп қарасақ, стилистикалық норманы әдеби норманың функционалды стильге қатысты қорінсі деуге болады.

Басқаша айтқанда, әдеби норма жалпы нормага және жеке, функционалды -стилистикалық нормага ажырытылады. Жалпы норма тұтастай әдеби тілге тән, оның барлық функционалды - стильдік тармақтарына ортақ. Ол стильдерді, стилішілік тармақтарды бір бүтін әдеби тіл жүйесіне біріктіреді. Жалпы норма тілдік деңгейлердің барлық қабатын тұтастай қамтиды. Мысалы, морфологияны тұтастай, сөзжасамның көптеген үлгілерін, сөйлемнің негізгі құрылымдың кестелерін, лексикадағы стилистикалық бейтарап сөздерді қамтиды. Жеке норма, негізінен, стилистикалық бояуға ие тілдік құралдарды қамтиды.

Стилистикалық нормада жалпыға ортақ міндеттілік, шегараларының айқын болуы жалпы нормадағыдан емес, аздау мөлшерде болады. Әр функционалды стильдің нормасы әр түрлі болып келеді. Біреуіне тән норма екіншісіне тән болмайды, не аз мөлшерде деректі болады. Мысалы, ғылыми стиль мен ауызекі тұрмыстық сөйлеу стилінің нормалары бір-біріне қарама-қарсы, ал ғылыми стиль мен ресми стильдің нормалары бір-біріне жақындау болады. Әр стильдің нормасына қысқаша сипаттама берейік. Ғылыми стильде сөйлемнің синтаксистік құрылымы толық, сөйлемдер шұбалаңқы, ұзын болады. Сөйлемдегі сөздердің орны логикалық қатаң тәртіпке бағынады. Мағынасы жалпылама-дерексіз сөздер басым қолданылады. Ғылыми стильдің дайындалу, көріну жағдайы да ерекшелікке ие: ол алдын-ала мүқият дайындалады және мұнда қарым-қатынас тікелей емес, жанама түрде орнатылады, көп жағдайда жазбаша көрініс табады. Ресми стиЛЬдің ғылыми стильге синтаксистік деңгейде біршама ұқсас жақтары бар (сөйлемдер ұзын, орын тәртібі тұрақты, бір мағыналы сөздер қолданылады), алайда одан мәнді айырмашылықтарға ие болып келеді. Сөйлемдер дайын үлгіге құрылышы, бір қалыптан шыққандай, тілдік құралдары да шектеулі болады.

Публицистикалық стиЛЬде екі жақтың да қоспасы бар,

ол мынаган байланысты: бұл стиЛЬдің жаңы әралуан және жазбаша да, ауызша да көріне береді. Оған хабарлау және огер ету функциялары тән. Осы жағдайлар оның тіліне де ықпалын тигізеді. Соңдықтан онда ақпарат тасушы және экспрессивтілікке ие құралдар бірлікте қолданылады. Сонымен қатар газет тілінде, жедел шығуына байланысты, обден тұрақталған (стандартқа айналған) құрылымдар да орын алады.

Көркем сөз стилінің нормасы өте кең, тіпті ол әдеби тіл нормасы ауқымынан шығып кете алады. Көркем адебиет тіліне жазба және ауызша тілдік құралдардың бірігуі тән. Тек мынаны ескеру керек, біріншіден, көркем шығармада кез келген әдеби, әдеби емес тілдік бірліктер қолданыла отырып, бірақ олар өнер құбылысының заңдылықтарына бағынады, әдеби-эстетикалық өңдеуден отеді. Екіншіден, көркем шығармада жазушының өзіндік дүниe-танымы, көзқарасы бейнеленеді, шығарманың жанрлық, тақырыптық т.б. ерекшеліктері көрініс табады, ал әр жазушының өзіндік тілдік талғамы болады. Соңдықтан көркем шығарма тілінде әр жазушының стиЛЬдік даралығы, өзге де қайталанбас сөз қолданысы бейнеленеді. Осы жайларға байланысты көркем сөз стилінің басқа стиЛЬдерге қарағанда өзіндік ерекшелігі болады. Әрине, бұл айтылғандардан көркем сөз стилі норма тән емес деген сөз шықпайды. Бірақ көркем сөз стилі нормасына әдеби тіл нормасы тұрғысынан келе беруге де болмайды. Сонымен, әрбір функционалды стиЛЬ өзіне тән сөз, форма, құрылымға ие болып келеді.

Стилистикалық норма туралы мәселе жоғарыда көрсетілгендей, сөйлеу мәдениеті мен стилистика қатынасы мәселе сімен тығыз байланысты, өйткені зерттеудің алғашқы саласы ең бірінші тіл нормалары түсінігіне келіп тіреледі. Бұл салалардың шекарасы жеткілікті анық емес, және бұл ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Егер сөйлеу мәдениетінің нанін дәлдік қана емес, сонымен бірге белгілі мағынадағы

сөйлеу өнері деп санайтын болса, онда стилистика сөйлеу мәдениетіне енеді. Л. И. Скворцовтың пікіріне жүгінсек: Сөйлеудің түпкілікті мәдениеті қазіргі заманғы әдеби тілде тілдесудің мақсаттары мен мәселелеріне сәйкес формалары мен стильдеріне ие болуын болжамдайды (Актуальные проблемы культуры речи. М., 1970. 97-б.).

Сөйлеу мәдениетінің осындай түсінігін автор тәмендегідей тұжырымдайды:

Озіндік лингвистикалық саладағы сөйлеу мәдениеті туралы ғылым стилистикалық тілде және стилистикалық сөйлеуде араласып жатқан олардың ережелерін кеңейте түсетін және жасалған қорытындылары тілдік тәжірибеге қандай да бір әсер ететін, сонымен бірге негізгі эстетикалық нормалар, формалар, әдеби сөйлеудің көркем әдебиет стилі қозғалысымен байланыс тенденциялары арқылы анықтау мақсатындағы теориялық тәжірибелік пәндерінің көрінісі болып табылады. Байқап отырғанымыздай, зерттеуші-ғалым Г. О. Винокур сөйлеу мәдениетінің екі баспалдағын атап көрсетеді. Олардың тәменгісі тек сөйлеу нормаларын сақтаумен байланысты, ал жоғарғысы стилистикамен байланыстылығы. Осыған сәйкес Г. О. Винокурдың стилистикалық нормалар-сөйлеу мәдениетінің мақсаты мен биік шыңы деген пікірін салыстыруға болады. Жалпы Л.И. Скворцовтың пікірі де мұнымен үндеседі. Г. О. Винокурдың ойынша тіл мәдениеті бұл біріншіден, тіл құралдары туралы ілім, екіншіден, тіл құралдарын пайдаланудың әр түрлі үлгісіндеңі көзқарастар бойынша тілдік мәселелер туралы ілім. Жалпы осының өзі тілді игерудің екі баспалдағының ережесіне келіп жанасады. Бұл Вопросы о стилях языка и стилях речи. О разных степенях владения языком енбектерінде нақты көрсетілген. Сонымен жалпы сөйлеу мәдениеті сөйлеудің дұрыстылығы мәселерімен шектеліп қана қоймай, өзінің жоғарғы деңгейінде стилистиканың проблематикасымен қыылышады, тіпті оның кейір аспектісін қамти кетеді, бірақ онымен толық сәйкес келе

бермейді; осы ғылымдардың әрқайсының өзінің арнағы мәселелерімен зерттеу нысанасы бар. Мәселен, В. В. Виноградов өзінің Проблемы культуры речи и некоторые задачи русского языкоznания еңбегінде: Тіл мәдениетінің мәселесі әдеби тіл стилистикасының ұстанымдары мен мәселелеріне толығымен сәйкес келеді деп ойлаудың қажеті жоқ, деп жазды (15-б.).

Көнтеген зерттеушілер тілдік нормалары бір жағынан әдеби тілде (фонетикалық, грамматикалық, лексикалық) екінші жағынан стилистикалық нормаға бөледі. Өз қеверінде стилистикалық нормаларды стилистикалық маркиренген тіл бірліктерімен және олардың қолданылу ұстанымдары мен байланыстырылатындығы сирек емес. Бұл мәселенің функционалды позициясы жағынан анығырақ Э. Г. Ризель өзінің Проблемы лингвистической стилистики еңбегінде: Стилистикалық нормалардың астарында, ол сол кезеңдегі тілдік нормаларды функционалды стиль мен жанрлық стильдердегі таңдау мен үйімдастырудың міндетті заңдылығы жатыр дейді де, оның өзін 1) тілдік стилистикалық нормалары стильдегі жиі болатын құралдардың тізімі; 2) стилистискалық нормалар-жалпы мәтінді және оның бөліктерін құрастыру нормаларынабөліптастайды. Ал стилистикалық нормалар: 1)функционалды-стилистикалық және 2) экспрессивті – стилистикалық деп екіге бөледі. Олар жалпы әдеби аяда айынған, оның таралу аймағымен шектелмейді (117, 118-б.).

Тілдік нормалардың динамикалық және функционалдық табиғатын, оның коммуникативтік тиімділігін ескере отырып, нормалар сөйлесу жағдайларының белгілерінде және басқа да тілдесу сипаттына сәйкес келіп, қолданыс табатынын байқауға болады. Алайда, бұл жерде Л. И. Скворцовтың тілдік нормалары жалпыға бірдей міндеттілігін абсолюттеуге жол бермеу туралы ережесін ескеру қажет, сөйлеу жалпы міндеттілік бойынша емес, жалпы қолданыс бойынша

жүзеге асуси тиіс екендігіне көз жеткізуге болады. Функционалды стилистикада қолданыс табатын стилистикалық нормалар - бұл тарихи қалыптасқан және сонымен бірге тілдің жалпы таралуының заңды түрде дамуының стилистикалық мүмкіндіктері. Бұл мүмкіндіктер белгілі бір мақсаттарға, тілдесудің белгілі бір саласындағы сөйлеу мәнері мен мағынасына негізделеді.

Функционалды-стилистикалық нормаларға жалпы тілдік нормаларға қарағанда еркіндік сипаты тән, алайда бұл еркіндік салыстырмалы болып келеді. Сөйлеуді ұйымдастырудың қалыптасқан ережелерінен ауытқу дәрежесі айтылымының (мәтін) қандай орында тұруына байланысты өзгеріп отырады. Бұл орындар орталық, одан тыс немесе стиль аралық болуы мүмкін. Бірінші жағдайда нормалар қатаң және анық, екінші жағдайда еркін, әрі нұсқалы. Алайда бұл еркіндік шығармашылық мүмкіндікке кеңістік тудырса да экстралингвистік және коммуникативті-прагматикалық заңдылыққа негізделген. Дәстүрлі ресурстар стилистикасындағы норма түсінігі әдетте стильдің бірлігі түсінігімен байланысты. Стиль бірлігінде шағын мән мәтінінде құралдардың әр түрлі, контрасты, стилистикалық маркировкалармен соқтығысуына жол берілмейді. Қазіргі заманға сай сөйлеуді пайдаланудың бұндай стиль қатаңдығының өзіндік салыстырмалы сипаты бар. Мысалы, ауызекі сөйлесуде кітапи жоғары сөздермен көмкеру немесе ғылыми немесе іскерлік сөйлеуге – ауызекі сөздерді қосудың қажеті жоқ. Және бұл ереже өз күшін әрқашан сақтайды. Алайда, біз қашан болса да тілдің функциялануына өтеміз және бірден сөйлеудің коммуникативті – функционалды жағына анықтама, баға беруіміз керек. Бұл құралдарды пайдалану және де стильді бағалауда, ең бастысы, сөйлесудің белгілі бір саласында, сөйлесу жағдайындағы коммуникативтік тиімділік факторы болып табылады. Осының бәрін әр түрлі функционалды стиль мен жанрларға талдау жасауда ескеру қажет.

Осыған қоса әрбір жеке жағдай сөйлеу фактісі ретінде жалпылауға жататынын ескеру керек және ең соңында ол қандай да бір функционалды стильтің жатқызылады. Жекеше айтқанда, әр түрлі стильді, контрастты элементтердің әдейі соқтығысуы баяғыдағы публицистикалық сөйлеудің бірден-бір тиімді стилистикалық әдісі болып табылады. Қазіргі заманғы фельетонда, мысалы, стильдік норма әр түрлі стильдік бірліктердің соқтығысуы болып табылады. Бұндай жағдай көркем әдебиетте де белгілі, ауызекі сөйлесуге де тән, ал ресми-іскерлік сөйлеуге, ғылыми сөйлеуге бұндай сипат тән емес. Сонымен, айтылымының стилистикалық нормаларға сәйкестігі немесе сәйкесіздік өлшемі серпулі, соылмалы және терең функционалды болуы тиіс; айтылымының (сөйлеу тілі, сөздік құрылым және оның құралының құрылымы) оның экстралингвистикалық негізін (сөйлесу саласы, жағдайы, оның мақсаты мен маңызы және т.б.) ескеру қажет. Мұны анықтауда стилистика ғылымының орны ерекше. Бұл жерде егер тіпті жалпы тілдік нормаларға нұсқаулық тән болатын болса, онда функционалды-стилистикалық нормаларға тән болмақ екенін естен шығармау керек. Бұдан басқа, тілдесудің өз мәселелері генетикалық әр түрлі стильді құралдардың үйлесімділігін талап етуі мүмкін, және бұл функционалды көзқарастың стилистикалық нормаларының бұзылуына жатпайды. Осындай стилистикалық әдіс фельетонда өте кең беріледі, кейде ғылыми-танымал әдебиеттерде де кездесіп жатады (бірақ, әрине, басқа коммуникативті тапсырмаларда). Функционалды-стилистикалық нормалардың барлық ерекшеліктерін мәтінді талдауда оқытушы есінен шығармауы тиіс, өйткені функционалды-стилистикалық нормалар әр түрлі мәтіндердегі тіл құралдарын таңдау мен үйлесімділік ұстанымымен тікелей байланысты.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Стилистикалық норма?
2. Стилистикалық норманың түрлері?
3. Стилистикалық норманың әдеби нормадан айырмашылдығы?

### **5. Практика тақырыбы: Стилистикалық қате туралы ҰФЫМ**

Стилистикалық қате белгілі бір сөйлеу жағдайына еді келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың ғалдарынан болатын қатенің түрі. Тілді жұмыс саудақүнделікті өмірде түрлі нормадан тыс ауытқулар болып жатады. Мысалы, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық тұлға-бірліктерді өзінің негізгі мағынасына сәйкес өз орнымен қолданбаудан болатын қателіктер т.б. Бұлардың барлығы әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық нормаларының сақталмаудын болатын тілдік қатенің түрлері. Стилистикалық қате көп жағдайда тілдік талғамның төмөндігінен болады. Тілдік талғам-тілді, соzdі жұмсаң үйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет. Стилистикалық қатенің өзге қате түрлерінен басты ерекшелігі де осында-тілдік талғамсыздықтың көрінісі болуында. Сол себептен де стилистикалық қатенің болмаудың қадағалаітын стилистикалық норма тілдің қатысында сапаларының қатарына жатады. Тілді білу, оның күллі байлығын игеру, дұрыс жазып, айта алу-қорамның кез келген мүшесіне қойылатын талап. Білген орсоні орынды және ұтымды жеткізу, тіл байлығының ішінен тек өзіңе керегін ғана таңдап алып, ұтымды наидалана білу, бұл-өнер. Ал, өнер дегеніміз – шеберлік. Соң жұмсау шеберлігіне қол жеткізу стилистикалық қателермен мақсатты құресу барысында қалыптасатын, асқан шыдамдылық пен тәзімділікті қажет ететін шығармашылық процесс. Стилистикалық қателердің алдын алып, олармен үнемі құрес жүргізіп отыру жалпы халықтың сөйлеу мәдениеті мен стилистикалық сауаттылығын көтереді. Халықтың тілді қолдана білу мәдениеті күллі қоғамның рухани сауаттылығының көрінісі әрі өлшемі болып табылады. Тілде неғұрлым ини үшінрасатын нормадан тыс ауытқулардың алдын алу үшін стилистикалық және стилистикалық емес

қате түрлерін ажыратып алу қажет. Стилистикалық емес қатенің түрлеріне лексикалық, фразеологиялық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік нормалардың сақталмауынан болатын ауытқулар жатады. Стилистикалық қатенің түрлеріне стильдік тұтастықтың сақталмауынан, сөз және грамматикалық құрылымдар мен формалардың сөйлеу мәнеріне, сөйлеу мақсатына сай болмауынан, сөйлеу түрі мен жанрдың формалық ерекшеліктерін ескермеудің салдарынан жіберілетін қателер жатады.

Стилистикалық сауаттылықтың сатылары мен соган байланысты болатын стилистикалық қатенің түрлері былайша топтастырылады:

1) қазақ тілінің стилистикалық ресурстарын толық білмеудің салдарынан болатын стилистикалық қателер;

2) тілдік-стилистикалық талғамның төмөндігінен болатын стилистикалық қателер;

3) функционалды стиль нормаларының сақталмауынан болатын стилистикалық қателер.  
Стилистикалық емес қателер:

#### 1. Лексикалық қателер:

1) Сөздің мағынасын білмей қолдану: Бәрінен де шиеттей баланы даға тастамай өсіріп адам қылғанын айтсайши;

2) Сөздің мағынасын білмей тіркестіру: Қырық құлаш қыл шылбырдан аттың мойнына тұзақ салды, Кеше ғана осы университет есігін аттағанда;

3) Сөздің мағынасының нақты қолданылмауы, күнгірт болуы: Жігіт жігерлене жұтынды; Екінші, үшінші курста біреудің айтқанымен жүрген сияқты үйқылы көзбен сабаққа келіп аузын ашып сабақ айтады, айтпаса ол да жоқ;

4) Паронимдердің қолданысы: Төсек жаңартты (жанғыртты); Жазушылар сұрақты қардай жаудырды (боратты).

#### 2. Фразеологизмдердің қолдануда кететін қателер:

1) Тұрақты тіркес құрамындағы сыңарлардың мағынасына жақын келетін сөздермен ауыстырылып қолданылуы: Ауыр қылмысқа адамды өмір сүру құқығынан қиу жатады.

2) Тұрақты тіркес мағынасының контекске сай келмеуі: Қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп соға тапқанға қолқа жоқ дегендей ерге елге медет болын адамның ақиқат пен шындыққа, ақылдылық пен қайраттылыққа меңзеліп отырады.

#### 3. Морфологиялық қателер:

1) Тек қана жекеше түрде қолданылатын зат есімдерге көнтік жалғаудың тұлғасын қосып жазу:

Зат есімдерде септік жалғауларының дұрыс қолданбауы: Біз бұл өмірде бақытты болу үшін түнлік; ХХI ғасырдың мақсаты осы, өмірде сау сәбиді өмірге келтіру, ішімдік пен есірткіден аулақ болу;

2) Сын есімнің шырайларын орынсыз қолдану: Бас Ҳатшының Баяндамасы проблеманың барынша төрөндігін және байыптылығын алғаш көрген БҰҰ-ға нүше мемлекеттер өкілдерінің ерен әсерін туғызғанын атан кеткен ләзім.

#### 4. Синтаксистік қателер:

1) Сөз тіркестірудің нормаларының сақталмауы; басынцы мен басыңқы сыңарлардың араларының тым анық болуынан мағына байланысының нақтылығының болмауы: Қылмыс-елеулі маңызы бар немесе мемлекеттік қауіпсіздікке және адам өміріне зиян келтіретін әрекет не прокетсіздік.

2) Етістіктің шақ тұлғаларының бір-біріне сәйкес қолданылмауы: Ең алғаш мектепте оқып жүргенде арман етіп, қиялдан жүрген Алматы қаласына келдік, армандаған нағаш иесі болуымызға аз уақыт та қалды. Сондай-ақ, бұл сөйлемдегі арман етіп, қиялдан жүрген есімше тұлғаларының басыңқы Алматы сөзімен байланысы орынсыз.

3) Вірынғай мүшелі сөйлемдердің қолдануда

жіберілетін қателер:

а) Бағыныңқылардың басыңқымен байланысының болмауы, бірыңғай мүше тұлғаларының біртектес келмеуі: Халық ауыз әдебиетінің көшілігі халықтың мұнын жырлаған. Сол дәүірлердегі теңсіздіктерді, жолсыздықты көшілігі ауыз әдебиеті арқылы білдірді;

ә) Бір-бірімен тегі және түрі жағынан біртектес сөздердің бірыңғай қолданылуы: Қазіргі кезде қылмысты жасайтын адамдар олар негізінен жас балалар.

4) Есімшелі, көсемшелі тұлғалы сөздердің орын тәртібінің сақталмауы, орынды жалғанбауы: Сіздің БҮҮ-ны жан-тәніңізben қолдайтыныңыз үшін өзімнің шынайы құрметімді жеткізгім келеді.

5) Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы: Көшеде бір қарапайым өзімен-өзі кетіп бара жатқанда адамды полиция қызметкері көріп қалады.

6) Есімдіктерді орынсыз қолданудың себебінен сөйлемнің мағынасының күңгірттенуі: Қазіргі кезде қылмысты жасайтын адамдар олар негізінен жас балалар. Олардың қылмыс жасау себептері отбасының әкесінің немесе шешесінің жоқтығы, не тәрбиесін көрмеуі; Қауырт өткен көпжақты келіссөздер мен пікірталастар нәтижесінде шешімдер пакетіне қатысты келісімге қол жетті.

Олар 11 мамырда дауыс берусіз қабылданды; Егер елдің экономикасы төмен болса, қылмыстың жасалуы көп болады, өйткені халық жоқтықта өмір сүрсе ол өзіне керек затты алу үшін әр түрлі әрекеттерге барады, кейде адам өлтіруге дейін де барады.

7) Бастауыштың қайталанып, үстемеленіп жұмсалуы: Бұл адам мұны өзі білмей қалды «Менің Ы. Алтынсарин шығармаларынан алған жерім, яғни Ы. Алтынсариннің бізге қалдырған өнеге өсінеті бізге үлкен бір ғанибет». «Өлді деуге бола ма, ойландаршы», -дегендей Ы. Алтынсарин, яғни ұстаз атамыз біз үшін тірі.

8) Құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттердің

орын тәртібінің сақталмауы: Оның білгір достары, оған демеу бола тұра, болашағына зор ықпал етті.

9) Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында логикалық-грамматикалық байланыстың болмауы. Ол сырды біз оқып, түсініп, түйсігімізде сақтап, ұғынып, мойындаган кезде ғана шертімді деп ойлаймын. Әр адам ол сырды әрқалай шеше алады. Сол екі ауыз сөзін бізге жеткізуге ата-бабаларымыз әбден тырысқан. Бірақ бұл ештік-дәстүр әлі жалғасуда және үрпақтан-үрпаққа әрі жалғасып, одан әрі дамып, көркем тіліміздің тағы да көркейе түсетіндігіне сенімдімін. Мұндай қазақ елінің байлығын ешқандай да жолмен жоғалтуға болмайды және үрнақ жоғалтпайды; Мақал-мәтелдер көп болғандықтан, егіншілік кәсібіне де байланысты мақал-мәтелдер де аз емес.

10) Құрмалас сөйлем компоненттерінің тым шұбалыңызы болуы; сөйлемге қажетті сөздерді тастанап кетудің салдарынан сөйлем мағынасының күңгірттенуі.

## **6. Практика тақырыбы. Ауызекі сөйлеу стилі**

Ауызекі тіл, ауызекі сөйлеу — адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі — сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындығы. Тіл білімінде ауызекі тілді функционалдық стильдердің бір түрі ретінде қарастырады. Басқа стильтен оның біршама өзгешеліктері бар. Мұнда тіл мәдениетін қатаң сақтауга талап қою дұрыс бола бермейді. Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан ауызекі тілде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері — варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер т.б. кездесуі әбден мүмкін. Бұл ауызекі тілдің заңдылығын бұзы болып есептелінбайді.

Ауызекі тілдің тағы бір ерекшелігі — әңгіме тақырыбының тез өзгеріп отыратындығы (екі адам ауа райы туралы сөйлесіп тұрып, күтпеген жерден өндіріс мәселесін сөз етуі мүмкін). Тілдегі экспрессивті, эмоциональдық қасиеттер көп жағдайда ауызекі тілде байқалады. Ауызекі тілде тілдік (лингвистикалық) факторлармен қоса, тілден тыскары факторлардың (экстраграмматикалық) да жарыса пайдаланылуы осы стильдің өзіндік ерекшелігі болып табылады (сөз болып отырған оқиға тыңдаушысына түсінікті болса да, бет пішінінің, қолының қозғалыстары, дауысты көтере немесе сыйырлай сөйлеуі т.б.). Экспрессия және ықшамдылық үшін ауызекі тіл сөздерді өзгеше жүмсайды, ерекше синтаксистік бірліктер (сөз тіркестер мен сөйлемдер) құрайды. Ауызекі тілдің тек өзіне тән сөздік қоры болады, ол екпінге, сөйлемдегі мағынаға көбірек сүйенеді.

Ауызекі тілді жалпыхалықтық тілдің бір түрі ретіндегі сөйлеу тілінен ажырата білудің елеулі мәні бар. Сөйлеудің ауызша түрі функционалдық стильдердің барлығында (саңадан немесе радио мен теледидардан көркем шығармадан үзіндінің оқылуы, публицистикалық материалдың ауызша берілуі) кездеседі.

Тіл мәдениеті екі үлкен саланы – ауызша сөйлеу мәдениеті мен жазба тіл мәдениетін қамтитындығы танытатын жұмыстар жүргізу. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін мұғалімнің және окушылардың өзара сөйлесуіне көңіл бөлгізіп талдату. Ауызша сөйлеу және ауызекі сөйлеу тілі болып бөлінетіндігіне мысал келтіру. Окушылардың айналасындағы адамдардың, үй-шінің ауызекі сөйлеуіндегі қателерді тапқызып, әдеби тілде сөйлеудің үлгісін келтіру. Ауызша сөйлеу мәдениеті орфоэпия қағидаларын сақтап, мәнерлеп сөйлеумен де байланысты екендігін түсіндіру мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерін, шешендік сөздерді ауді, мәнерлі, құлаққа дағымды етіп айтқызу. Оқраресе, дыбыстарды сындырып айтуда теселдіру. Пластиника немесе үнтаспадан әртістер оқыған үзінділерді түндатқызып, салыстыра талдау жасату. Сөз қолдану мәдениеті, ең алдымен, сөздің емле ережесін сай жазылуымен байланысты екендігіне бағытталған жазба жұмыстарын жүргізу. Жазба жұмыстарында терминдердің, аң-күс, жан-жануар, есімдік атауларының, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер салаларына қатысты құрал-жабдық, ұғым атауларының, мамандық, кәсіп атауларының бірде болек, бірде бірге жазылуына көңіл бөлгізу. Іскерлік ортада әріптестердің атын әкесінін атымен қосып атау немесе олардың аттарының алдында «мырза», «жаным», «бикеш» сөздерін қолдану қалыптасқан. Іскерлер арасында адамдарға бұлай қарым-қатынас жасауды дұрыс деп есептесек, ал күнделікті жолдастарыңмен, жақын тұстарыңмен, сыйлас адамдармен тілдесуде аталған тіркестерді қолдану ресмилікке әкеліп соқтырады, жылы қарым-қатынасты алшақтатады.

Қазіргі кезде адамның атақ-дәрежесін атымен көса айту күнделікті өмірде қолданыла бермейді. Атақ-дәрежесін айтып тілдесу тек арнайы кездесулерде, ресми жынындардаған колданылады.

Ұлттық тіл – ауызекі және жазбаша түрдегі ұлттық

қарым – қатынас құралы. Қазақ тілінің пайда болуы, дамып жетілуі қазақ халқының ұлт болуымен тікелей байланысты.

Адам өзортасымен күнделікті түрлі қарым – қатынаста болады. Сол арқылы тіршілік жасайды, білім, тәжірибе жинайды, жетіледі, еседі. Ал қарым – қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөз ерекше сипатта құрылады. Ол стиль ауызекі сөйлеу стилі деп аталады. Ауызекі сөйлеу стилі – қазақ тілі стильдерінің бір тармағы.

Ауызекі сөйлеу стилі бірнеше түрге бөлінеді:

- 1) дидарластық сөз (әңгімелесу, сұхбаттасу);
- 2) полемикалық (дауласу) сөз;
- 3) көшпілікке арналған сөз (баяндама, лекция).

Дидарластық сөз стилі екі немесе бірнеше, сондай-ақ одан да көп адамдардың бас қосқан сұхбатында қолданылады. Сондықтан мұндай сөзге қатысатын кісілер әңгіме қызықты, әсерлі болу үшін алдын ала дайындалып келеді. Дидарластық әңгіме диалог түрінде де жүреді.

Даулы сөз пікір таластыруши немесе мүделлери қарсы кісілердің арасында болады.

Сөйлеу стилі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынасында ауызекі тілдесу түрінде жүзеге асатыны белгілі, яғни бұл жерде тілдің коммуникативтік функциясының баса сезілетіндігіне оқушылардың назарын аудару керек. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым екендігі, күнделікті өмірдің барлық саласында тілдің қызымет ететіндігі, бірақ тілдің жүйені пайдаланудың әртектілігі түсіндірледі. Сыныпта оқулықта берілген жаттығуларды орындағып, тапсырмалар бойынша сөйлеу стилін игерту, тілдің құбылыстарды талдау және оларды практикалық қажеттілікке айналдыру шеберліктерін жетілдіру жолдарын көрсететін шығармашылық жұмыстарды жалғастыруға болады. Мысалы: күнделікті түрмис тақырыбы мен ғылыми тақырыпта сөйлеу; жиналыштар мен радио, теледидардан сөйленген ауызекі

сөз ұлгілерін салыстыру, өзіндік ерекшеліктерін анықтау. Маселен, радиодан, теледидардан сөйленген сөздер формасы жағынан ауызша болып келгенмен, тілдік құралдарды пайдалануда әдеби норма ескеріледі. Ал енді ауызекі сөйлеудің қарапайым түрінің лексикасына диалектілер, қарапайым сөздер еніп кетіп отырады. Бұл — дайындықсыз сөйлегенде қолданылатын түрі.

Ауызекі сөйлеу стилінде жазылған көркем мәтін үзінділеріне стилистикалық талдау жасатуға үйретудің де маңызы зор.

- Жарықтарым-ау! Кінегені түзеткен кісі жоқ.
- Болыстың басы екеу дейсіздер ме?
- Не қыл дейсіңдер?
- Болмайтын жұмысты айтпандар.
- Ақылға түсіңдер!
- Жігіттер тоқтамайды. (Ж. Аймауытов)
- Мылжыңдаң бараңың, антүрған.
- Құдай ақы, рас. Біздің қатыннан құрт сұрап әкетті. (Г.Мұстафин)

Жоғарыдағы мысалдардың тақырыбы мен сөйлеу жағдайына, лексикалық құрамына, сөз ұлгілеріне, сөйлем құрылышына, сөздердің орын тәртібіне назар аударылады. Жаттығулардағы диалогтерді орынданғанда отырып, сөйлеу мөнөріне, диалогтің айтушының көңіл күйіне, сезіміне, дауыс ырғағының ерекшелігіне мән беріледі.

Жаттығуды орынданғып болған соң, оқушылардың бүрінгі білім негіздеріне сүйене отырып, диалогтің оліндік ерекшеліктеріне тоқталып, ауызекі сөйлеу тілі диалогке құрылатындығы, диалогтердің ілікпе сөздер (реплика) тізбегінен тұратынын, қысқа да тұжырымды болатынын естеріне сала отырып, өздеріне бірнеше диалогтер құрғызуға болады.

Үйге тапсырма ретінде өздері оқыған газет-журналдарынан, көркем әдебиет беттерінен диалогтерді теріп жазуды тапсыру керек.

Ауызекі сөйлеу стилінің қолданылатын формалары

жарыссөз, дәріс, консультация, баяндама, әңгімелесу, сөйлеу стилінің ерекшеліктері жөнінде айтылады.

Қазақстанның табиғаты, халық шаруашылығы, байлығы жайында әңгіме айтқызуға, дәріс оқытуға, баяндама жасатуға болады.

Оқушылар жасайтын баяндаманың формалары төмендегідей болып келеді. «Қазақстан табиғаты және қазба байлықтары» атты баяндаманың үлгісі.

Қазақстанның табиғаты алуан түрлі. Еуроазия материгінің орталық бөлігінде жатқан және дүниежүзілік мұхиттан алыс ел болғандықтан, ауа райы құрғақ, жерінің үштен екі бөлігі куаң, шөлейтті аймақ. Жерінің кеңдігі соншалықты, солтүстігінде қар енді еріп жатқанда, оңтүстік облыстарында жеміс ағашы гүлдеп жатады.

Жер қойнауы пайдалы қазбага өте бай. Дүние жүзіндегі теңдесі жоқ, қалыңдығы 150 метр келетін көмір алабы — Екібастұз — қазақ жерінде. Қазақстанның экономикасы тек ауыл шаруашылығы ғана емес, өнеркәсіп салалары өндірген өнімдерімен де дүние жүзіне танымал. Балқашта қорытылатын мыс Лондондағы халықаралық түсті металл биржасында сапа эталоны ретінде тұр.

**Ауызекі сөйлеу стилі** — 1. Тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасау қызметінің жүзеге асуына байланысты.<sup>[1]</sup>

Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Тұрмыста, отбасыда, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді. Ауызекі сөйлеу стилі өте функционалды стильдерге, әсіресе олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, дәріс, пікірталас т.б.

2. Ауызекі сөйлеу стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын айрықша белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін қолдану өзгешелігі болады. Бұл ерекшелігі ең алдымен, ондағы лексика-фразеология байқалады;

а) ауызекі сөйлеу стилі диалогқа құрылады.

Катысушы екі адам. Интонация ерекше қызмет атқарады. Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшеліті монолог (бір кісінің сөзі көпшілік алдында сөйлеу, баяндама, дәріс, консультация);

в) Ауызекі сөйлеу стилі ерекшеліктерінің екінші түрі онын эмоциялылығы, өйткені айтуши өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мыс., «Көбірек сөйлеп кетті» (бәсендегі түрі, бірақ эмоция сезіледі), «Мылжындаш кеттің гой!» (эмоцияның қатаң түрі);

б) Ауызекі сөйлеу стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады;

в) Ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одагай сөздер жиі қолданылады. Мыс., «Айналайын-ау, сені түсінеді деп айтып отырмын». Сондай-ақ, сыйлау, күрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек қолданылады;

г) Ауызекі сөйлеу стилі тілдің көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мыс., «Оғіздей біреу алдынан шыға келді»;

т) Ауызекі сөйлеу стилі басқа стильдерден ағашелігі мен ерекшелігі, ең алдымен синтаксистен сөйлем құрылышынан байқалады. Стильдің бұл түрінде қураулы, лепті сөйлемдер катысады. Диалогке құрылады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ой көбіне автоматты тұрде (ағаштынан) дайындықсыз айтылады.

Сабактың тақырыбы: Ауызекі сөйлеу стилі

б) Жаңа сабакты түсіндіру.

Күнделікті қарым - қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөйлеу барысында өзіндік мақсат, тілдік құрылым, қолданыс ерекшеліктері байқалады.

Ауызекі сөйлеу стилі

Мақсаты: Кеңесу, көзбе - көз тілдесу мен пікірлесу, ой бөлісу  
Қолданылу аясы: Еркін әңгіме - сұхбат, дауласу, көпшілік

алдында сөйлеу кезінде қолданылады.

Стильдік сипаты: Сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілуі. Ым - ишара қолдану

Тілдік амал - тәсілдері, сөйлеу тілі ерекшеліктері: Лексикалық ерекшеліктері. Қарапайым, бейтараң, диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, метонимия, эвфемизм еркін қолданылады. Фонетика - морфологиялық ерекшелік. Дыбыстарды түсіріп айту, оқшау сөздермен эмоционалды - экспрессивті, қысқарған сөздер қолданылуы. Синтаксистік ерекшеліктер. Сұраулы, лепті, толымсыз, риторикалық сұраулы сөйлемдер қолданылып, диалогқа құрылады.

Сөйлеу тілінің бұл сипаттарын жазушылар көркем әдебиетте кейіпкердің бейнесін ашып, мінезін таныту мақсатында әдейі пайдаланады. Сөйлеу стилі адамдардың бір - бірімен күнделікті қарым - қатынасында ауызекі тілдесу түрінде жүзеге асады. Бұл стиль түрін жазушылар әдебиетте кейіпкердің бейнесін ашып, мінезін таныту мақсатында көркемдегіш сөздерді пайдаланады екен. Мыс:

- Ананы қара, аузы аңқайып кетіпті. «Жоғарғы ерің көк тіреп, төменгі ерің жер тіреп» деген осыған айтылған сияқты.

**Жаттығумен жұмыс: Мәтінді оқып стилдерді анықтаңдар.**

Талдау жұмыстары: Томар бірыңғай жуан буынды сөз Т - қатаң

Екібуыннантүрады: ашық, бітеу О - жуан, еріндік, ашық Буын үндестігі бар М үнді Томар түрінде тасымалданады А - Жуан, ашық, езулік Екпін соңғы буында Р - үнді

**1 - тапсырма:** Сөйлемдерді ауызекі сөйлеу стилінің түрлеріне қарай талдаңдар.

Ол кезде біз Сұлутөрдің Қосарық деген жерінде тұратынбыз. Бұлай деп кім, қашан қойып жүргені бізге беймәлім. Бірақ әр жерде бір тапал тамдардың арасымен ирелендеп ағып жататын арық бар болатын. Неше жылдар

бойына су шайып, мұжіле - мұжіле арнасының екі жиегі биіктеп, жарқабақтанып кеткен.

**2 - тапсырма.** Ауызекі сөйлеу стилінде түсіндір Бақыт деген - сенің бала күндерің

Бақытсыз - ақ бақытты бол жүргенің, Бақытын да, басқасын да білмеуің

Бақытсыз - ақ ойнағаның, құлгенің,


Бақыт жайлы менің мынау білгенім,

Бақыт деген - бірде шаттық, бірде мұн.

Бақытты сол - тәрік етіп түндерін,

Бақыт ізден азаптанса кімде - кім

**Суреттердегі іс-әрекетті әңгімелер. Дизайнерлер түрлеріне сипаттама бер.**



**Сұхбатты тынданадар. Ауызекі сөйлеу стиліне мән беріндер**

**Заманауи технология**

**Диана:** - Зарина, сенің жұмыс кабинетінде қандай техникалық құралдар бар?

**Зарина:** - Компьютер, цифрлы фотоаппарат, плеер бар.

**Зарина:** - Кеше мен notebook сатып алдым.

**Диана:** - Компьютерінді Интернет желісіне қостың ба?

**Зарина:** - Иә, әрине. Жылдамдығы жоғары интернет жүйесіне қостым. Мен интернет материалдарын көп оқымын гой.

**Диана :** - Сен, «Power Point» бағдарламасымен жұмыс істей аласың ба?

**Зарина.** - Эрине, «Power Point» бағдарламасын төз үйрені алдым. Оның пайдасы көп екен. Сол арқылы презентациялар жасап журмін.

**Диана:** - «Үздік оқуорындары» туралы презентациялар бар ма?

**Зарина:** - Бар. Қажет болса, флешкаңа жазып берейін.

**Диана:** - Саған көп рақмет!

## 7. Практика тақырыбы. Ресми-іскери стиль

**Ресми стиль** — ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі. Ресми құжаттар мен іс қағаздарының стилі деп те аталады.

Ресми стильтеге тілдік тұрғыдан төмендегідей талаптар қойылады:

1. түйіндеменің дәлдігі немесе бір мағыналылығы;
2. айқындық немесе жүйелілік;
3. логикалық, яғни қайшылықтың болмауы, дәлелділігі;

4. баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

Лингвистиканың салалық тұрғысынан да мәтінге қойылатын талаптар болады.

- Лексикада — ресми құжаттар мен іс-қағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді орнымен қолдану, көнерген сөздерді бейтарап, кітаби немесе әдеби сөздермен алмастыру;

- морфологияда — жалпылық мағына беретін сөлтөу есімдіктерін қолданбау;

- синтаксисте — сабактас құрмалас сөйлемдердің ( себеп, мақсат, салдар, шарт бағыныңызы) көбірек жұмсалуына мүмкіндік беру;

- қыстырма конструкцияларды қолдануды дағдыға айналдырмау сияқты принциптердің сақталуы бұл стильтің ерекшелігін айқындай түседі.

Ресми іс қағаздар тілі- әдеби тілдің стильтік тармақтарының бірі болғандықтан әдеби тіл деген мәселеге де тоқталакеткенді жөн көрдік. Әдеби тіл- жүйелі қалыпта тұсken, стильтік тармақтары бар, қоғамдық қызметі өр алуан тіл. Әдеби тіл жалпы халықтың тілдің ең жогары формасы болып есептеледі. Қоғамның, мемлекеттің дамуымен байланысты, сол мемлекет тілінің байлығы, мәдениеті артып, қолданылу аясы да кеңеіе түседі. Мемлекет тілі- көркем әдебиеттің, ғылымның, іс- қағаздардың, өнер- білімнің, баспасөздің тілі. Тілдің қалыпта тұсуі, дамуы халықтың жазба мәдениетімен

тікелей байланысты. Жазба мәдениет арқылы тіл байлықтары екшеленіп, құрылышы да жүйелі қалыпқа түсіп дамиды. Яғни халықтың жазба мәдениетінің болуы тілдің әдеби қалыпқа түсінің негізгі шарттарының бірі.

Әдеби тілдің негізгі белгілерінің бірі – бірізділік. Бұл бірізділік тілдің орфографиясында да, грамматикасында да, терминологиясында да сақталуға тиіс. Яғни тілдегі сөздердің бір ізге түскен айтылу нормасы, жазылу нормасы, қолданылу нормасы болу керек.

Жазба әдеби тіл қоғамның мемлекеттің ресми тілі болғандықтан оның қызыметіде, қолданылуға сыйабарынша кең болады. Тіл мемлекетте жүргізілетін іс қағаздарының, әдебиеттің, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, өнер-білімнің, бүқаралық ақпарат құралдарының барлық салаларында қызымет атқарады. Осыған орай тілдің түрлі стильтік тармақтары пайда болады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің мынадай стильтік тармақтары бар

- Ресми іс қағаздар тілінің стилі;
- Публицистикалық стиль;
- Фылыми – көпшілік әдебиет стилі;
- Көркем әдебиет стилі;
- Ауызекі сөйлеу тілінің стилі;

Әдеби тіл халықтың ауызекі сөйлеу тілімен тығыз байланыста болады. Себебі әдеби тіл халық тілі байлығының негізенде толығып, кемелденіп отырады да, халық тілі де өз есебінде әдеби тілдің ықпалы арқылы көркемденіп, дамып отырады. Кез-келген қоғамдағы мәдениетті адам әдеби тілде сөйлеуге тырысады. Дамыған, өркениетті мемлекетте бұл – жалпыхалықтың дәстүрге айналады. Осының нәтижесінде қоғамда әдеби тілдің жазба түрі және сөйлеу түрі пайда болады.

Тілді дамытып жүйеге салуда, сөздерді ұтымды пайдаланып, тіл шеберлігінің жаңа ұлгілерін тудыруда, тіл мәдениетін дамытуда жеке адамдардың, сөз өнері шеберлерінің ерекше әсері, рөлі болғанымен әдеби тілді жеке адамдар жасамайды. Сөз өнері шеберлері белгілі

бір кезеңдегі әдеби тілді жаңа сатыға көтеруге ықпал еткенімен қазақ әдеби тілі қазақ жерін мекендерген халықтың тіл байлығын шебер, ұтымды пайдалана білу, дамытуы, қалыпқа түсіруі негізінде жасалды.

Қазақтың халық болып құралған шағы 15 ғасыр екені тарихтан белгілі. Бірақ бұдан қазақ әдеби тілі де сол кезде қалыптасты деген ұғым тумауы керек. 15 ғасырға дейін түркі халықтарына ортақ жазба ескерткіштер де, әдеби тіл де болған. Бірақ куллі қоғамға қызымет ететін, қоғамда қарым – қатынас жасаудың жоғары формасы болып табылатын қазақ әдеби тілі бірден қалыптаса қойған жоқ.

Ресми, іс қағаздар тілінің стилі. Ресми, іс қағаздар стилі кейде кеңсе стилі, ресми стиль, іс қағаздар стилі деп те айтыла береді. Ресми, іс қағаздар тілінің ерекшелігі, онда факті дәл көрсетіліп, бір ізben жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені іс қағаздары да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Бұл стиль ел билеу, мемлекет жұмыстарын жүргізумен байланысты. Қазақ елін Алтын Орда хандығы, бертінде қазақ хандары билеген кездерде әр түрлі жарлық, шарт, қатынас қағаздар болды. Бірақ олардың тілі, құрылышы қазақ тілінің ерекшеліктеріне негізделмей, Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тілге негізделген болатын. Ресми, іс қағаздарының түрлері қазір екі тілде (орыс, қазақ) пайдаланылады. Дегенмен ресми, іс қағаздарының түрлері қазір көбінесе орыс тілінде жазылады. Олардың ішінде жарлық, заң, жарғы т.б. мемлекеттік құжаттар орыс тілінен қазақшаға аударылып, газетке басылып отырады. Сондықтан қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған: қызу мақұлдау, қызу қарқын, тұрмыстық қызымет, қызымет көрсету, жүзеге асыру, қамтамасыз ету, өз күшінде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, насле көтеру, алғыс жариялау, сөгіс жариялау т.б. Мұндай сөз орамдары іс қағаздары мен ресми құжаттарда дайын тілдік единица ретінде жүмсалып, ол қағаз ұлгілеріне

кеңселік сипат береді.

Көптеген сөздер белгілі бір стильге телулі болады да, қолданылу жағынан шекткіліп отырады. Мысалы, тағайындалсын, міндettелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді, түсініктеме сияқты сөздер мен сөз тіркестері ресми, іс қағаздар стиліне тән.

Ресми іс қағаздарына кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда – азамат, жолдас, телефон стациясында – абонент, ательеде – заказ беруші, шаштаразда – клиент, ауруханада – науқас, санаториде – демалушы, тынығушы, транспортта – жолаушы т.б. болып айтылады.

Іс қағаздар стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Іс қағаздарының үлгілеріне өтініш, сенімхат, қолхат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, қатынас қағазы, акт, мәлімдеме, хаттама, шарт, міндettеме, бүйрық, есеп т.б. жатады. Іс қағаздарының әрқайсысының бүрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөз тіркестері, сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары көбінесе сол үлгі бойынша жазылады.

**Іс қағаздары дегеніміз** – жеке адамның, ұжымның, фирмалардың, мекемелердің атқаратын қызметіне байланысты пайда болатын жазбаша (ауызша) қарым - қатынас құралы. Іс қағаздарының түрлері

↓  
Арыз  
Өтініш  
Бүйрық  
Өміrbаян  
Анықтама  
Хаттама  
Куәлік  
Сенімхат

Ұсыныс

Қолхат

Мінездеме

Түсінікхат

Келісімшарт

Акт

Ресми құжаттарда саяси-публицистикалық лексиканың, әкімшілік терминдердің қолданылуы басым келеді.

### **Іс қағаздар үлгілері**

Хат - эпистолярлық қарым-қатынасқа пайдаланылатын құжаттардың бірі. Әр жағдаятқа (ситуация) орай хаттар жазылады. Демек, мазмұны, мақсаты, қалпы жағынан хаттың бірнеше түрі болады. Мысалы:

#### **I. Жеке хат.**

Жеке хат – екі адамның арасындағы хат алмасу. Егер хат жазатын адамдар таныс емес немесе бастық – қарамагынадағы адам болса, онда жеке хат ресми сипатта болады. Ал туыстар мен достардың хаттары бейресми сипатта болады. Сондай-ақ бейтарап сипаттағы жеке хат та болады, бұл – әлеуметтік дәрежесі, лауазымы, жасы бірдей адамдар, әріптерестер арасындағы хат.

#### **II. Іскери хат.**

Бұл – мекемелер, кәсіпорындар, мемлекеттер арасындағы хат. Іскери хат белгілі лауазымды адамға немесе бірнеше лауазымды адамға жазылады.

#### **III. Жеке іскери хат.**

Жеке іскерихат – жеке тұлғаның заңды тұлғалармен хат алмасуы. Оған ресми сипат тән.

#### **IV. Мақсатына қарай хаттың бірнеше түрі бар:**

- баяндау мазмұнындағы хат (хабарламахат, өмір, қызмет, оқу туралы хат);
- әсер ету мазмұнындағы хат (шақыру хат, өтініш хат, талап хат, сауалхат, кеңесхат, ескеरту хат);

- эмоционалды-бағалау мазмұнындағы хат (арыз хат, көңіл айту хаты, мақұлдауҳат);
- этикет мазмұнындағы хат (құттықтау хат, алғыс хат, кешірім хат, байланыс орнату хаты).

Іскери хаттың нақты құрылымы болады: басталуы, негізгі мазмұны және соңы.

Хаттың басталуында хатты жазған үйымның атауы, хат арналған үйымның атауы, хат жазылған айы, күні, жылды көрсетіледі. Хаттың негізгі мазмұнында *әдетте, осыған байланысты, осыған орай, сол себепті, біздің ойымызша, Сіздің атыңызға, Сіз басқарып отырған мекеме сияқты орамдар қолданылады*.

Хаттың соңында хат жазушы адамның лауазымы, хат жазылған айы, күні, жылды көрсетіледі, лауазымды адамның қолы қойылады.

### **Шақыру хат**

Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті, Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Тұран академиясының академигі, әдебиетші ғалым Сейданов Қалдыбек жолдасқа!

Сізді 2020 жылдың 28 ақпанында өтетін Қазақтың үлі дәнішпан ақыны, философ, аудармашы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өткізіліп жатқан әдеби-ғылыми конференцияға шақырамыз.

Конференцияның күн тәртібінде:

1. Кіріспе сөз институт ректоры, профессор Дағуржан Истроирович Мухаммедов баяндама жасайды.
2. Тұран академиясының академигі Қ.Сейдановтың «Абай және Науан» тақырыбында баяндамасы.
3. Конференцияға келген қонақтардың құттықтау сөздері.
4. Мәдени шара.

**Мекен жайымыз:**  
Ташкент облысы,  
Шыршық қаласы  
ШМПУ З-ғимараттың  
Конференция залы

### **Хабарландыру**

Мекемелердің, үйымдардың, кәсіпорындардың жеке адамдардың үжым мүшелеріне, жалпы жүртшылыққа алдағы уақытта өткізілетін жұмыстар, іс-жариялайтын құжатты-хабарландыру дейді.

Хабарланып отырылған мәселенің (жиналыс, мәжіліс, қазақ тілі т.б.) айы, күні, болатын уақыты, орны, қаралатын наслелері, ол туралы хабар жасаушының, баяндаушының аты-жөні, атағы, қызметі көрсетіледі.

Хабарландыру мақсатына қарай көлемі, көркемденуі өр түрлі болады.

### **Ұлғи:**

### **Хабарландыру**

#### **Қазақ тілі және әдебиеті үйірмесі мүшелеріне**

2022 жылдың 12-ші желтоқсанында «Әлем әдебиеті таріндегі сөнбес жүлдіз -Шыңғыс Айтматов» тақырыбында үйірменің кезектегі жиналысы сағат 14<sup>00</sup> де 1-09 дәрісханада өтіледі.

### **Күн тәртібінде:**

1. Ш.Айтматовтың өмірі мен шығармашылығы.  
Баяндамашы. ЖБайзаков.
2. Ш.Айтматов жайлы қызықты факттер мен оқиғалар.
3. Сахналық көрініс («Найман-Ана») үзінді.
4. Қанатты сөздер. (Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің

*студенттері*

**Үйірме жетекшісі: Ж.Байзаков**

*Үйірмеге қатысуышыларға есік ашық Барлық студенттер мен кафедра мүшелері қатысуға туіс.*

### **Арыз**

Мекеме басшыларына өтініш шағым сұрау жөнінде жазылған іс қағазының бір түрі – арыз. Арызда мекеме аты, басшының лауазымы, аты-жөні және арыз иесі (аты-жөні, қызметі, мекен-жайы, кейде төлкүжаттың нөмірі (паспорт) құжаттың түрі (арыз) мазмұны, қолы, жазылу күні көрсетіледі.

### **Арыздың үлгілері**

Шыршиқ мемлекеттік педагогика университеті Гуманитар пәндер факультеті деканы Р.А.Икрамовқа.

Шыршиқ қаласы, Ботаника көшесі №24 үй түрғыны М.Курбанбековадан.

### **ӨТІНІШ**

Сізден 2002 жылы туған менің балам Қуаныш Жолдасұлын Бостандық ауданына қарасты 33 – жалпы орта мектепке Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы етіп қабылдауызызды өтінемін.

Өтініш иесінің қолы, қай уақытта жазылғандығы (айы, жылы).

**Үлгі:**

ШМПУ-дің  
Гуманитар факультеті  
деканы Р.Икрамовқа

Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің  
4-курс студенті Е.Қошқарбаевтан

### **АРЫЗ**

Мен, Қошқарбеков Ернар ертеңгі болатын үш парадан Сізден рұқсат алғалы түрмyn. Себебі, ауылға барып екінші жарты жылдық үшін төлемақшамды (контракт) алғып келуіме рұқсат беруіңізді өтінемін. Қалдырган сабағымды жеткізіп аламын. Барып келуді өз мойныма аламын.

«.....» ..... 2020 жыл. Қолы. Е.Қошқарбаев.

### **ҚҰТТЫҚТАУ**

*Құрметті Гүлнара Амировна!*

Озбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі Республика білім орталығы Сізді 60-қа келген мерейтойызызбен шын жүректен құттықтайды!

Віз Сізді білікті маман, тәжірибелі ұстаз ретінде зор құрмет тұтамыз. Ұжымда істеген 30 жыл ішінде Сіз жай методист қызметінен білім бастығы қызметіне дейін көтерілдіңіз, жас мамандарды даярлауға үлес қостиңыз. Озбекстандағы оқулық және бағдарламалар бойынша байыпты еңбектер жарияладыңыз.

Құрметті Гүлнара Амировна, әріптестеріңіз Сізді мерейлі мерекеңізбен құттықтайды, Сізге еңбекте табыс, отбасыңыздың амандығын тілейді.

*Шынайы ниетпен: әріптестеріңіз.  
Тыңдаімыз. Оқимыз.*

## **Берілген басым сөздерді тыңдаңдар**

қоғам, мереке, мейрам, той, дәстүрлі мереке, атап өту, наурыз көже, тойлау, құттықтау, салтанатты кеш, ресми жиын, гүл, сыйлық, тілек айту, қарсы алу, ұлттық мейрам, мемлекеттік мейрам, діни мейрам, кәсіби мейрам, іс-шара, марапат, шен, қоғам қайраткері, құқық қорғау.

**Берілген басым сөздерді суретпен сәйкестендіріндер**

### **1.Мәтінді оқы.**

- Адам өміріндегі мерекелердің орны ерекше
- Ұлттық мереке
- Мемлекеттік мерекелер
- Діни мерекелер

### **Мереке күндері**

Өзбекстан Республикасының «Мерекелер туралы» Заңы бар. Еліміздегі мерекелік даталар тізбесін Өзбекстан Республикасының Президенті белгілейді.

Өзбекстанда ұлттық, мемлекеттік кәсіби және басқа да мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мереке тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне арналады. Олар – дәстүрлі түрде атап өтілетін ерекше мейрамдар. Бұл күндері ресми іс-ашаралар өткізіліп, мәдениет және қоғам қайраткерлері, әскери шенділер мен құқық қорғау саласының қызыметкерлері және басқа да азаматтар табысты еңбектері үшін мемлекеттік наградалармен марапатталады.

Еліміздегі ұлттық мереке – 1 қыркүйекте атап өтілетін Тәуелсіздік күні.

Мерекелік мерекелер – қоғамдық саяси маңызы бар оқиғаларға арналған мейрамдар. Мемлекеттік мерекелер мына күндері өткізіледі:

1-қаңтар. Жаңа жыл

14-қаңтар. Отан қорғаушылар күні

8-наурыз. Халықаралық әйелдер күні

### **21-наурыз. Наурыз мейрамы**

9-мамыр. Есke алу және қастерлеу күні

1-маусым. Балалар күні

1-қазан. Оқытушылар мен тәлімгерлер күні

8-желтоқсан. Өзбекстан Республикасының Конституциясы күні.

**Діни мейрамдар:** Рамазан айт және құрбан айт.

Бұл мерекелер әр түрлі уақыттарда тойланады.

Ал көсіби және басқа да атаулы күндер мерекелік күндер ретінде атап өтіледі.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмірінде мерекелердің алатын орны ерекше. Бұл күндері адамдар бір-бірін мерекемен құттықтап, мәдени орындарға барып демалады.

**Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?**

Сендерге қандай мереке үнайды? Әңгімелеп беріңдер

**Мәтінді тағы бір рет тыңдаңдар және оқындар.**

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1) Өзбекстанда қандай мерекелер атап өтіледі?

2) Тәуелсіздік мерекесі қашан тойланады?

3) Ұлттық және мемлекеттік мерекелер туралы не білесің?

4) Діни мейрамдарды ата

5) Өзінің кәсіби мерекендей қай күні атап өтесің?

**Ақпарат алындар**

**Осы білімдерінді кесте арқылы көрсетіңдер.**

No	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді //білейін деп едім
1	«Тұган күн», «Той», «Шілдехана» тақырыптары бойынша сөздік қорым бар.	Өзбекстан Республикасының мерекелері туралы ақпарат алдым	Өзбекстан халқының ұлтаралық татулық мерекесінің қалай тойланатыны жайлы білгім келеді
2			
3			
4			

## «Мерекелер» тақырыбындағы өрмекші сызбасы бойынша сұхбат құрындар



**Төмендегі құттықтау хатты салыстырып оқы, стилін ажырат. Жауабынды дәлелде. Кімге жазылған? Кім жазған?**

Құттықтау	
Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Бала - өміріздің мәні мен сәні, әрбір адамның ең қызынан қазынасы. Біздін ұрпағымыздың балалық бал дәурені қандай болатыны тек өзімізге байланысты. Оларға ең керегі - бақытты отбасы. Жергілікті билік өз тарапынан отбасы мен отбасылық құндылықтарды сақтап, нығайту үшін, ана мен баланы қорғау үшін, балалардың құқықтарын сақтау бағытында тиісті жұмыстар атқаруда. Ал әрбір ата-анаға «Бала бақыты үшін!» деген ұран өмірлік үстанымға айналуы тиіс. Балаларымызға ашық аспан, тату-тәтті отбасы мен ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін!	Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз, ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Сені тек биіктерден көрейік. Қадамыңа - гүл, келбетіңе - нұр, киялыңа қанат бітсін, жасыңа - жас, басыңа бас қосылсын! Шаңырағыңа құтбереке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңа амандық, деніңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманың асқақ, шыгар бійің асқаралы болсын! Әрдайым құшағың ғүлге, қадамың нұрга тола берсін! Бақытты өмір сүруіңе шын жүректен тілектеспіз!

Құттықтау мерейтойларда, үкімет наградасымен марапатталғанда, ал ауаи мейрамдарға байланысты түрлі деңгейдегі (отбасылық, күрбі-достар т.б.) адамдарға жазылады, айтылады.

Кестедегі құттықтау сөздер қандай дәстүрде қолданылатынын жаз

Құттықтау соз	Шілдехана	Бесіктой	Қырқынан шығару	Тұсау кесу
Еңкімнің ала жібін аттамасын!				
Отыз омыртқаң жылдам бекісін!				
Ат жалын тартып мінисін!				
Халыңышыл болсын!				
Балаңыздың бауы берік болсын!				
Қырандай көрекен болсын				

Оқылым мәтініндегі деректерді қолдана отырып, «Тұсау кесу» рәсіміне арналған құттықтау жаз.

### Мәтінді мәнерлеп оқы

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той. Оған көбінесе жастар жиналады. Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтау айттылады. Қонақтар таң атқанша домбыра тартып, ән салады. Түрлі ойын-сауық ұйымдастырады. Жаңылтпаши, жұмбақтар айтады. Женгендері отбасының сыйына боленеді. Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесіктой жасайды. Ағаштан жасалған бесікті нағашылары

немесе жасы үлкен, қадірлі аналардың бірі әкеп, сыйға береді. Бесіктің үстіне алдымен көрпе жабылады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабылады, ат жалын тартып мінсін деп қамшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады. Тойға келгендер шашу шашып, балаға батасын береді. Туғанына қырық күн толғанда баланы қырқынан шығарады. Қазақ халқының үғымында қырық саны – қасиетті сандардың бірі. Қырқынан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған тегешке шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп, баланың үстіне қырық қасық су құяды. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады. Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың ағын тұсап байлайды. Алажіппен тұсаудың негізінде «Болашақта бала ешкімнің ала жібін аттамасын!» деген тілек бар. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілекten туған рәсім.

(«Сен білесің бе?» әнциклопедиясынан)



- Қазақ халқының балаға қатысты салт-дәстүрлерінің маңызы неде?
- Балаға қатысты осы салт-дәстүрлер қазір қалай сақталған?
- Өзің көрген немесе естіген бала өміріне қатысты салттарды әңгімелеп бер.

## ӨМІРБАЯН

Өмірбаян – жеке адамның өмірінен мәлімет беретін іс қағазының түрі. Өмірбаян үш түрлі жазылады. Бірі – адамның өз өмірі мен қызметі туралы өзінің баяндауы. Бұл түрі негізінен қызметке оналасу, оқуға түсү кезінде т.б. жеке іс қағазына қоса тігілу үшін қажет. Онда бұл құжаттың аты, мазмұны, баяндаушының қолы, толтырған күні көрсетіледі. Мазмұнында адам өзінің аты-жөнін, туган күнін, айын, жылын, туған жерін қандай отбасынан екенін, қоғамдық үйымдарға қатысын толық көрсетеді. Өз өмір жолын жаңа жолдан бастап қысқаша санамалап өтеді. Мұндай өмірбаян ресми түрде жазылады, көлемі шағын келеді.

Өмірбаянның екінші түрі – мемуарлар адамның өз өмірін сол кездегі қоғам өмірімен байланыстыра баяндайтын естеліктер. Өмірбаянның бұл түрі – жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, өнер адамдарының, ғалымдардың шығармаларында кездеседі. Оның тілі көркем, шебер жазылады, сондықтан тартымды келеді. Олар қара сөзben де, өлеңмен де жазылады.

Өмірбаянның үшінші түрі – саяси шығармашылық өмірбаяндар. Белгілі қоғам қайраткерлерінің, атақты жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, саяси қоғамдық қызметі екінші бір адам немесе бірнеше адам тарапынан баяндалады.

*Улгі:*

## ӨМІРБАЯН

Мен Манабаев Нұркелді, Бостандық ауданының Шақшам ауылында 2002 жылы 25 науябрьде туылдым. Экем кәсіпкер, анам – мұғалім. 2009 жылдың 1 қыркүйегінде мен орта мектептің бірінші сыныбына оқуға түсіп, 2020 жылы «жаксы» деген бағамен бітіріп шықтым. 2020 жылы Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика университеттіне оқуға түстім. Университетте оқып жүрген

кезімде мәдени шараларға жиі қатысып тұратынбын. 4-курстан бастап кафедрада лаборант болып жұмыс істедім. Құжаттармен істеуді үйрендім. Өзіме көп нәрсе алдым. Оқып жүріп 4-курста өзімнің туғанауылыда педагогикалық практикада болдық. Мен келешек мамандығымды дұрыс тандағаныма көзім жетті, маған балалармен жұмыс істеу өте үнайды. Университетті жақсы бағаларға бітіріп, магистратураға құжат тапсырып оқуға түстім. Екі жыл магистратурада оқып оны жақсы бағалармен бітіріп, қазіргі күнде Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің «Өзбек тіл білімі» кафедрасында жұмыс істеп келемін.

Үйленгендім, бір перзентім бар.

«.....» ..... 20.... жыл.

Манабаев Н.

### МИНЕЗДЕМЕ

Минездеме – ұйым өндіріс орны, мекеме әкімшілігі беретін ресми құжаттардың бірі.

Минездеме қызметкерлердің, жұмысшылардың, оқушылардың қоғамдық атқаратын ісі, қызметі туралы мәліметтер беріледі, пікір айтылады.

Минездемеде мыналар көрсетіледі: құжаттың аты, құжат берілетін адамның аты, әкесінің аты, яғни аты-жөні, туған жылы, партиялығы, іскерлігі (мекеме, мектептің жұмысына, оқуға, қоғамдық өміріне қатысы), адамгершілік қасиеттері т.б. жазылады.

Минездемеге екі адам қол қояды: Ол мекеме, кәсіпорын, ұйым басшысы, кәсіподағы жергілікті комитетінің төрағасы.

#### Улгі:

Ташкент облысы Қызырай ауданы №9 орта мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Анар Үмбетова жолдасқа

### МИНЕЗДЕМЕ

Анар Үмбетова жолдас 1970 жылы туылған. Жоғары білімді. .... жылы Алматыдағы педагогика институтын бітірген. 2010 жылдан осы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарады. Ол өз мамандығын меңгерген, сабакты жоғары дәрежеде өткізеді. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру курсында үш рет болды. Аттестациядан өтуде жақсы бағаға ие болды. Республика білім орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде мүші. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру орталық аймағында практикант оқытушы қызметін де атқарып келеді. Бірнеше мектеп оқулықтарына пікір жазған. Мектептің қоғамдық жұмысына қызу ат салысады. Кәсіподақ комиетінің мүшесі, пән секциясын басқарады.

А. Үмбетова тәртіпті, әрі үқыпты, тілі таза, берліген тапсырмаларды бұлжытпай өз уақытында орындаиды. Оның мұғалімдер мен оқушылар арасында жақсы беделі бар.

#### Мектеп директоры:

.....  
(аты-жөні)

#### Кәсіподақ комиеті төрағасы:

.....  
(аты- жөні)

## **8.Практика тақырыбы. Публицистикалық стиль**

**Публицистика** (латынша: көшілік, әлеумет) — қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жүмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өсkenін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвисттер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т.б. шығармалардашешендік сөздер публицистикалық стильдің ауызша түріне жатады.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Ресейде XVIII ғасырда ең бірінші газет жарық көрді; сыйқақ журналдар шыға бастайды. Радищевтің “Санкт-Петербургтен Москвага саяхаты” сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген.

XIX ғасырдың екінші жартысы публицистикаға үлкен өзгерістер енген кез болды. Бұл кезде революцияшыл-демократтар публицистиканы царизмге қарсы күрес құралы етіп жүмсады. В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский сияқты сыншы-публицистер өздерінің сын мақалаларында қоғамдық құрылышты қатты сынға алып, революциялық идеяны қуаттады. Революциялық публицистиканың ең жоғарғы үлгісі марксистік-лениндік классикалық еңбектер болып саналады.

Жазба публицистика баспасөз мәдениетінің өркендер даму дәрежесін көрсетеді. Қазақ баспасөзі — Қазан төңкерісінің жемісі. “Қазақстанда революциядан

бұрын баспа орны болған жоқ. Бірен-сарап шыққан кітаптарда қазақ тілі бүрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең түнғыш басылған кітаптың бірі — “Қозы Қорпеш — Баян сұлу” қиссасы (ең алғаш -1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың т.б. шығармалары Санкт-Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Қобеевтің “Қалың мал” романы, “Айна”, “Қарлығаш” деген олецдері мен поэмалары Қазанда жарық көрді”.

### **Публицистикалық стильдің сипаты**

Публицистикалық стиль жүртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін және дол сол кезеңде зор мәні бар мәселелер тақырып болады. Мысалы, саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер. Үндеудің, үгіттеудің мақсаты — жүртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, жүртшылықтың санасына ықпал ету.

### **Публицистикалық стиль ерекшеліктері**

- жүртқа үндеу, үгіт айтуда үшін қолданылады;
- қоғамдағы маңызды мәселелер тақырып болады: саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер;
- сөз нақты, жинақы, тұжырымды құрылады;
- экспрессивті, екпінді болады;
- тыңдаушыларды немесе оқырманды сол мәселеге араласуға жетелейтіндей болып құрылады;
- тақырыбына сай көркем әдебиет неғылыми стильге жақын болады;
- ауызша, жазбаша формада болады, ауызекі сөйлеу стилінің сипаттарына ие болады.

### **Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері**

Лексикада — қоғамдық-саяси терминдер мен сөздердің (митинг, ереуіл, демократия, парламент), эмоциялық баға беруші сөздердің (еңбек озаты, көшбасшы, еңбеккер, дем

беруші), экспрессивтік бояуы бар сөздердің (қоян-қолтық, нық қадаммен), фразеологияда – перифразалардың (ақалтын – мақта, күріш; қара алтын – көмір, мұнай; екінші тың – қой шаруашылығы, көгілдір тың – құс шаруашылығы); морфологияда қос сөздердің (қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-сақси, үгіт-насихаттық); бұйрықрай тұлғасының (орындаіық, табысқа жетеміз), синтаксисте – сөйлемдегі сөздердің инверсиялық орын тәртібінің, қаратпа сөздердің, риторикалық сұрақтардың, жай сөйлем бөліктегін, сан алуан қайталамаларының т.б. жиі қолданысқа түсі публицистикалық стильдің басқа стильтерден өзгешеліктерін көрсетеді.

Публицистика латын сөзі, көпшілік, әлеумет мағынасын береді. Қазір қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген үғымда жүмсалады. Публицистикалық стильге газет – журнал тілінің, әдеби сын мақалалар тілінің, әлеуметтік памфлет, очерктер тілінің стилі жатады. Қазіргі әдеби тіл жүйесінде публицистикалық стиль өзіне тән дербестік, ерекшеліктерімен қалыптасып, ілгері дамып келеді. Бұл – қазақ халқының баспасөз мәдениетінің, тілдік, қоғамдық санасының өскендігінің айғағы.

Қазіргі публицистикалық стильдің негізгі қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттерден басталып, «Айқап» журналы шығып тұрған жылдары (1311 – 1316) салынды.

Публицистиканың қоғам өмірімен тығыз байланыстырығы оған үгіт – насихаттық сипат береді.

Публицистикалық стильде көркем әдебиет, ғылыми – техникалық әдебиет, ресми, іс қағаздар тілдеріне тән стиЛЬДІК элементтер кездесе береді, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері сөз қолданудан да, сөйлем құрылышынан да анық байқалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық са-наның өскенін, артқанын

көрсетеді. Тілдің басқа стиЛЬДЕРІ СИЯҚТЫ публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стиЛЬДІҚ жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т. б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стиЛЬДІҚ ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стиЛЬДІҚ жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Россияда XVIII ғасырда ең бірінші газет жарық көрді; сықақ журналдар шыға бастайды. Радищевтің “Петербургтен Москваға саяхаты” сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген

Жазба публицистика баспасөз мәдениетінің өркендең даму дә-режесін көрсетеді. Қазақ баспасөзі – Октябрь революцияның жемісі. “Қазақстанда революциядан бұрын баспа орны атымен жоқ еді. Бірен-саран шыққан кітаптарда қазақ тілі бұрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең тұңғыш басылған кітаптың бірі – “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” қисссасы (ең алғаш -1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ұбырайдың, Абайдың т. б. шығармалары Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Көбеевтің “Қалың мал” романы, “Айна”, “Қарлығаш” деген өлеңдері мен поэмалары Қазанда жарық көріпті”

Қазіргі таңда публицистикалық стиЛЬДІҚ, яғни бұқаралық сипаттағы газет журнал басылымдарының, әсіресе теледидар мен радиохабарлардың функционалдық сипаты артып, әлеуметтік мәнділігі күшіне түсті. Бұқаралық ақпарат қуралдарының бұл түрі тілдік қарым-қатынастың өзіндік жүйесі мен құрылымдық ерекшеліктері бар айрықша типін қалыптастырып, тілдік ортада бұқаралық қатынас

тілі деген терминдік атаумен орныға бастады.

Қазақ тіл ғылымында публицистикалық стиль жетілген әдеби стильтердің бірі ретінде әбден қалыптасып, оның функционалдық-прагматикалық табиғатын тануға бағытталған іргелі зерттеулер жүргізілуде. Публицистикалық стильтің негізгі жанры болып есептелетін тұңғыш қазақ газеттерінің тілін Б.Әбілқасымов, 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілін С.Исаев, қоғамдық публицистикалық стильді О.Буркітов, т.б. ғалымдар зерттеген. Қазіргі қоғамдағы коммуникативтік қызметі ерекше публицистикалық стильтің әр түрлі мәселелеріне байланысты, мәселен, газет лексикасы А.Алдашеваның, Б.Момынованың, газет тілінің прагматикасы Б.Жұмағұланың, Ф.Жақсыбаеваның, т.б. зерттеу еңбектерінде біршама сөз етілген. Ал теледидар тілі де бірқатар еңбектердің зерттеу нысанына айналды. Мәселен, теледидар хабарлары тілін лингвопрагматикалық аспектіде зерттеген ғалым Г. Машинбаева, сондай-ақ теледидардан берілетін хабарлардың тілін сөз мәдениеті тұрғысынан Д.Бисмильдина талдап қарастырған. Белгілі ғалым Н.Уәли «Қазақсөзмәдениетінің теориялық негіздері» атты ғылыми еңбегінде публицистикалық дискурс және оның тілдік, коммуникативтік нормалары мәселелеріне назар аударып, жаңа бағыт-бағдарлар тұрғысынан публицистикалық стильтің сөз мәдениетімен арақатынасын тиянақты зерттеген.

XIX ғ. II жартысында негізі қаланған функционалды стиль түрі – бүгінде қоғамға аса қажетті, маңызды мәселелерді насиҳаттап, көвшілікке кеңінен қызмет етіп отырған қазіргі әдеби тілдің ең жүгі ауыр, елеулі саласы.

Публицистикалық стильтің өз ішінде шағын жанрлық түрлері жайында қазіргі тілтаным ғылымында әрқиыл пікірлер айтылып, түрліше пайымдаулар жасалуда. Бірқатар зерттеушілер негізінен публицистиканың жанрлық түрлерімен (газет тілі, радио тілі, теледидар

тілі, кино тілі, т.т.) байланыстырып, оларды стилішілік түрлері деп есептейді: үгіттік публицистикалық шағын стиль; саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль; саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль. Ұғаралық қатынас тілінің әрқайсысының бір-бірінен ерекшеленетін лингвистикалық белгілері болады, кейде тілдік-стилистикалық тұрғыдан ортақ тұстары да байқалады.

Ғылымда орнықан таным-түсініктер бойынша публицистикалық стильтің барлық жанрларына ортақ мынадай қызметтері айқындалып қалыптасқан:

- ақпараттық (түрлі деректер мен хабарларды жеткізу);
- түсініктеме-баға берушілік (берілетін деректер көбінесе түсіндірумен, талдаумен немесе баға берушілікпен жеткізіліп отырады);
- танымдық-ағартушылық (мәдени-тариҳи және ғылыми материалдарды жариялай отырып, БАҚ тыңдармандардың, оқырмандардың, көрермендердің білім қорын толықтырып отырады);
- ықпал ету қызметі (көвшіліктің саяси-әлеуметтік қозқарасына, санасына әсер етушілік);
- гедонистикалық (әдетте, мұндай қызмет көңілді хабарларды жеткізу кезінде байқалады, әсіресе, радио мен телевизия арқылы кез келген хабардың тыңдарман мен көрермендердің көңіл-күйін көтеретіндегі, эстетикалық қажетін өтейтіндегі тартымды, әсерлі жүргізілуі).

Публицистикалық стильтің экстралингвистикалық сипаты төмендегідей:

- ақпараттың жедел қабылдануы;
- хабардың толыққанды жеткізілуі;
- баяндаудың:
  - а) нақтылығы;
  - ә) фактографиялылығы;
  - б) логикалылығы;
  - в) ықшамдылығы;

- г) экспрессивті-эмоционалдылығы;
- ф) қымыл-әрекетке итермелуеі.

Публицистикалық стильдің (бұқаралық ақпарат құралдарының) жазбаша түріне мерзімді баспасөз (визуалдық), ауызша түріне радио (аудиалдық), теледидар хабарлары, деректі кино (аудиовизуалдық) жататыны белгілі. Ал жанрлық түрлері: бас мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу, памфлет және сұхбат, т.т. Әрқайсының өзіндік сөз қолдану ерекшелігі, экстралингвистикалық, лингвистикалық белгілері айқындалады. Басты стильдік сипаты: мұнда қолданылатын сөз үндеу мәнінде жұмысалады. Сөз эмоционалды-экспрессивті сипатта болады (*енбек ардагері, дем беруші, көшбасшы, нық қадаммен, т. б.*). Тілдің осындай эмоционалды-экспрессивтілік сипаты жағынан көркем стильге жақын, ал фактіні толық және жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге жақын екендігі көрінеді.

Публицистикалық стильдің әдеби ауызша түріне радио-теледидардан берілетін хабарлар жатқызылатыны белгілі. Зерттеушілер телехабарлардың құрылымы тетрададан (төрттіктен) тұратындығын атап көрсетеді:

- сөйлеу тілінен;
- табиғи дыбыстан;
- музыкадан;
- көріністен (М. Серғалиев).

Олай болса, аудиовизуалдық хабарлардың адресаттары көрермен, тыңдарман, кей реттерде бұған қоса оқырман болып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының осындай ерекшеліктеріне байланысты ол хабарлардың тілдік сипаты да әртүрлі дәрежеде көрінеді.

Публицистикалық стильдің барлық түрлеріне ортақ лингвистикалық ерекшеліктер төмендегідей: лексика мен фразеологияда – қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер (*хабар, репортаж, ереуіл, парламент, демократия, сұхбат, диктор*), бағалауыштық мәндегі лексикалық

бірліктер (ұлтжандылық, көшбасшысы, бәсекеге қабілетті, ұрпақтар сабактастығы, ақпараттар ағыны, т.т.), эмоционалды-экспрессивті сөз орамдары, перифразалар (халық қалаулылары, ақхалатты аблажсан, былгары қолғап шебері, дала кемесі, т.б.), стандарт тілдік бірліктер (арнайы тілшірепортажы, жаһан жаңалықтары, тілшіміз әңгімелейді, т.т.); грамматикада – қосарлы сөздер (бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық, т.б.), бүйрық рai тұлғалы сөздер (жүзеге асырайық, оңды нағтижеге жетеміз, іске жұмылдырылсын), сөздердің инверсиялануы, қаратпа сөздердің, риторикалық сұрақтардың, әртүрлі қайталаудардың, көркемдік құралдардың қолданысқа түсі, ықшамдалған сөйлемдер мен түрлі синтаксистік құрылымдардың пайдаланылуы, өзге де стиль түрлеріне тән белгілердің кездесуі жиі байқалады. Мәселен, ақпараттың толық әрі нақты жеткізілуін қамтитын синтаксистік құрылымдарға негізделген баспасөз тіліне қараганда, теледидардан көрсетілетін жаңалықтар мен ақпараттар легі қысқа әрі нұсқа үлгісіндегі сөйлемдермен жеткізіледі, онда стандарт тілдік бірліктер, дәстүрлі қалыптасқан сөз үлгілері жиі жұмысалады: *Бүгінгі коретіндеріңіз; Арнайы тілшірепортажы; Назарларыңызға үлттық арнаның қорытынды жаңалықтары; Тікелей әфирде «Хабар» арнасының қорытынды жаңалықтары; Хабарымызды жалғастырамыз; Тілшімізәңгімелейді; Ендігі кезек спорт жаңалықтарында; Жаһан жаңалықтары; Бүгін сіздермен Айзада Жақсыбек, Медетжсан Ызғұтты, т.б.* Мұндай құбылыс – теледидар хабарлары тілінің табиғатына тән ерекшелік.

Публицистикалық стильдің ауызша әдеби түрі шаршытол алдында сөйленетін, ресмилік сипаты бар тіл тәжірибесіне негізделеді. Демек, ана тіліміздің сөздік қорын байытып, әдеби тілімізді дамытып кеңейтетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге пайдасын тигізетін теледидар тілін ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеу мәселесі аса маңызды болып отыр. Осы бағыттағы түбекейлі ғылыми

зерттеу жұмыстары бірінші кезекте радио-теледидар тілі дейтін мәселелердің жетесөз етілмей, қарапастырылмай келе жатқандығын алғаш рет таныған ғалым М. Серғалиевтың бірқатар мақалалары мен ой-тұжырымдарынан басталады [1,134 б.]


Демек, публицистикалық стиль – әлеуметтік үні бар мәселелерді насхаттап, саясат пен идеологияның құралы ретінде қызмет етіп қоймай, түрлі саяси ақпараттар мен жаңалықтарды дер кезінде жеткізіп, оған баға беру, адресат қабылдаудына тиімді ықпал ету тәрізді маңызды міндеттерді де қоса атқарады. Публицистикалық стильтің басты функционалдық ерекшелігі: тіл мәдениеті дамуының көрсеткіші, яғни ұлттық әдеби тілдің жетілуіне, сөздік қазынасының толығуына зор ықпал етеді, сол арқылы бүгінгі әдеби тілдің лексика-грамматикалық жүйесінің даму сипаты, жаңа тұлға-бірліктердің нормалану үрдісі айқындалады.

Журналистика саласына тән терминдер, олардың айтылуы мен жазылуы. Мәтін құрамынан берілген терминдерді анықтау, олардың мағынасымен танысу, терминдер көмегінде сөздік жасау.

Журналист ретінде белгілі бір жағдайға, тақырыпқа әңгіме жазу, мұнда журналистикаға қатысты терминдерді қолдану.

«Өз пікірімізді айтайық!» мәтінімен жұмыс.

Берілген мәтін, сурет, аудиоматериал негізінде дұрыс сөйлеу қағидалары жөнінде өз пікірін баяндау, мәтінде кездесетін болымды және болымсыз етістіктерді пайдалану.



**Журналистика** (нем. *Journalismus*, фр. *journalisme*, ағылш. *journalism*) – 1) баспасөз, радио, теледидар, кино, интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы елдегі және әлемдегі жаңалықтар мен оқиғалар, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, руханижәнетабиғиқұбылыстар жөніндегүртшылықта мағлұмат беріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын әдеби шығармашылық қызмет түрі; 2) белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыққан газет-журналдарының жүйесі, оларда жарияланған материалдар жиынтығы; 3) баспасөз тарихын, теориясы мен практикасын зерттейтін ғылым саласы.

### Журналистика жанрлары

- Оперативті-ақпаратты - жазбалардың барлық түрі.
- Оперативті-зерттеушілік - отчет, репортаж, интервью.
- Зерттеушілік-ақпаратты - рецензия, корреспонденция, комментарий.
- Зерттеушілік - мақала, хат.
- Зеттегешілік-бейнелеу - фельетон, эссе.
- Ақпараттық жаңалықтар жанры
- Диалогты жанр
- Ситуациялық-аналитикалық жанр
- Эпистолярлық жанр
- Қоркем публицистикалық жанр
- Сатириалық жанр

**Телебағдарламалар көріп, сөйлеуге үйренеміз**

**Сұрақтарға жауап берейік**

1) «Сіз қазақ радиосы», «Сәлем», «Арайлы өнір», «Дидар», «Ориат дано FM» радиосы мен теледидардың қайсысын көріп және тыңдайсыңдар?

2) Соңғы рет қай арнадан қандай мерекелік бағдарлама тыңдадыңдар?

3) Радиодан қазақ күйлерін тыңдағанды үнатастыңдар ма?

4) Сендердің сүйікті радио және телебағдарламаларын қандай?

**Мәтінді толықтырыңдар**

*Сүйікті теледидар мен радиомың мерекелік бағдарламасы*

Мен - ..... теледидарын қызығып көремін. Мен - «Дидар» хабары тележүргізуілерінің ..... үнатамын. Маған «Дидар» хабарының ..... үнайды. «Қазақ радиосынан» ..... мерекесіне арналған әндерді тыңдадым. «Ориат дано FM» радиосының ..... бағдарламасы қызықты. Радиодан ..... күйлерін тыңдадым. Мен - ..... радиосын қызығып тыңдаймын. Мен ..... әзіл-сықақ әңгімелерді тыңдағандарды үнатамын.

**Қазақ тіліндегі теледидар мен радиолардың мерекелік бағдарламаларын жасандар**

Радио «Арайлы өнір»	Бағдарламаның атауы Жас әншілер	Уақыты 22.00
Теледидар «Дидар»	Бағдарламаның атауы «Мамандығым-мақатанышым»	Уақыты 16.20

**Сұрақтарға жауап беріндер**

1) Мерекелерге радиобағдарламалар мен телебағдарламалардың ішінде сендерге ерекше үнайтыны бар ма?

2) Сендер қандай радио бағдарлама және телебағдарлама жобасын ұсынар едін?

**Монологты оқындар**

**Монолог мазмұнын өзгертіп жазындар.**

Бүгін 1 қыркүйек -Тәуелсіздік күні. Ақсарайдың мәжілістер залында салтанатты кеш болды. Салтанатты кешке депутаттар, қоғам қайраткерлері, зиялды қауым өкілдері барды. Елбасы жақсы тілек айттып, бәрімізді құттықтады. Кештің ресми бөлімінен кейін, мерекелік концерт үйімдестірылды. Әншілер патриоттық өлеңдер айттып, өнерлерін ортаға салды. Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты кешіміз жақсы өтті. Біз өлең тыңдап жақсы дем алдық.

**Сұрақтарға жауап беріндер**

1. Тәуелсіздік сұні қашан атап өтіледі?
2. Салтанатты кешке кімдер келді?
3. Құттықтау сөзді кім айтты?
4. Тәуелсіздік сарайында қандай іс-шара өтті?
5. Концертте қандай өлеңдер айттылды?
6. Салтанатты кеш қалай өтті?

**Өлеңді оқындар**

- Өлеңдегі асты сыйылған сөздердің синонимін табындар.
- Өлең не туралы?

**Тәуелсіздік**

Қалам қандай, далам қандай құлпырған,  
Қорада мал, отарда қой мыңғырған.  
Ел жаңарып, ой тазарып бүл күнде,

Жастарым бар барлық істі тындырған.

Жүрт таныды, жер таныды елімді,  
Кең байтақ жасыл жайлau жерімді.  
Ақалтыны аспанымен таласып,  
Койнауы толған казына мен кенімді.

Неткен сұлу, қандай ғажап өңірім,  
Бақытқа кенеліп тұр мына өмірім.  
Тыныштық елдің самалында желбірейді,  
Кек байрағым демеп тұрса тәнірім.

Ерікті елім, азат елім айбаным,  
Мол табыстың айта берейін қай бірін.  
Қырда қиқу, қалада шу, құнде той,  
Тәуелсіздік – таусылмайтын ән-жырым!  
(Салиха Досымбетова).

**«Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабак бойынша түсінгенінді жаз.**

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

#### Ақпарат алындар

Осы білімдерінді кесте арқылы көрсетіндер.

№ 1	Бұрыннан білемін	Жаңа ақпарат алдым	Тағы да білгім келеді //білейін деп едім

#### 9. Практика тақырыбы. Ғылыми – көпшілік әдебиет стилі.

**Ғылыми-стиль** — зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін стильдің бір түрі. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлелділігі қажет.

##### Ғылыми стиль ерекшелігі

Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын, тіл нормасы қатаң сақталады. Яғни ғылыми стильде сез көп мағыналы болып келмейді. Тек сөздің белгілі бір анықтамасы арқылы қолданылады. Сонымен қатар ол сөздің мағынасын ашу үшін де ғылыми стиль қолданылады. Қазіргі таңда ғылым даму үстінде Сол себепті күннен-күнге жаңа ғылыми сөздер пайда болуда. Адамдар осы сөздерді ғылыми стильді қолдана отырып мағынасын жазуда. Сол арқылы жаңа пайда болған сөздер жалпы халықтық лексикаға айналады.

##### Ғылыми стильдің лексикалық ерекшелігі

- лексикалық құрамы кітаби-жазба стиль негізінде қалыптасады;
- сез нақты өз мағынасында қолданылады;
- көп мағыналылы сөздер, образды сөздер аз кездеседі;
- ғылым саласының ерекшелігіне байланысты термин сөздер, интернациональдық терминдер мол қолданылады;
- нақты зат есімдер жалпылама мағынада қолданылады;
- күрделі сөздер, қысқарған сөздер және символ-белгілер кездеседі;
- неологиям сөздер жиі кездеседі.<sup>[1]</sup>

##### Ғылыми стиль түрлері

Ғылыми-стильдегі еңбектерге монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезистер, патенттер, т.б. жатады.

### **Ғылыми стильді қолданған әйгілі адамдар**

Ғылыми стиль негізінен халықтық әдеби түрде жазылады. Бұл стильтің қазақ елінің қайталаңбас дарын иесі Мұхтар Әуезов қолданған. Оған мысал Абай жолы шығармасы. Негізінен Абай жолы шығармасы Мұхтар Әуезовтың зерттеу еңбегі болып табылады. Бұл жазушының шығармаларынан бөлек ғылыми стильтің Пушкин, Лермонтов, Белинский еңбектерінен байқауға болады.

Әр стильтің өзіне тән ерекшеліктері, ортақ белгілері болады. Мұндай белгілер ресми, публицистикалық, сонымен қатар ғылыми стильтіңде де байқалады.

Ғылыми көпшілік әдебиеттер стилінің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен тікелей байланысты.

Ғылыми стильтіңде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыш пайдаланылады. Мұндағы негізгі ерекшелік - ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаға негізделуінде.

Ғылыми стиль - кітаби стилінің бір түрі. Оған әр мамандық, әр салада жазылған ғылыми шығармалар, оқулықтар мен оқу құралдарының тілі жатады. Ғылыми стильтіңде негізінен зерттелетін зат пен құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді, түсіндіруді қажет етеді. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына сүйену қажет. Сондықтан ғылыми стильтіңде логиканың маңызы ерекше. Белгілі бір ғылым саласындағы термин сөздер жиі қолданылады. Қолданылатын орны: ғылыми еңбектерде, зерттеулерде жазбаша түрі; ал ғылыми мәжіліс, кеңес, т.б. ғылыми ортада ауызша түрі қолданылады. Қарым-қатынас мақсаты: заттың, құбылыстың, ақиқат дүниенің мәнді белгісін көрсету, құбылыстың себеп-салдарын ашу; шындықты үғым түрінде логикалық жүйемен бейнелеу. Стильдік сипаттары: айттын ой, сөз дәлелді және тұра мағынада қолданылады; атау сөз көбіне дерексіз, жалпылық үғымда жүмсалады. Мысалы, қарға-ғылыми әдебиетте құстардың

белгілі бір отрядына жататын тобы. Ал бұл көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде қарғалап жүрген қарға, ағаш бұтағында отырған қарға, т.б. болып нақтылы сипатта айтылады. Тілдік амал-тәсілдері: дерексіз жалпылық үғымдағы сөздер жиі ұшырайды: құс, өсімдік, жан-жануар, шөп, ағаш, жылдамдық, уақыт, кеңістік, т.б. Мысалы: Егер тозаңдату болмаса, өсімдік гүлдеп, гүлін төгеді, бірақ жеміс салмайды. Ғылыми термин сөздер жиі қолданылады. Түзуші ұлпалар сабактың тамыр ұшында болады.

Қисық сзызықтың мұндай түрін математикада гипербола деп атайды. Ғылыми стильтіңде көбінесе баяндауыш ырықсыз етіс түрінде және ауыспалы келер шақ тұлғасында қолданылады. Мысалы: Қайнау кезінде сүйиқтың температурасы өзгермейді. Мұндай өрнектерді рационал өрнектер деп атайды. Кейде ғылыми стильтегі сабактас құрмалас сөйлемдердің бірінші жай сөйлемнің баяндауышы шартты рай түрінде келіп, екінші сыңары ойды тиянақтап, дәлелдеп, анықтап тұрады. Қөп сатылы матас байланысқан тіркестер жиі кездеседі. Бұл денеге қағаз қиқымдарын тақап ұстап көру керек, сонда дene оны өзіне тартатын болса, ол-денеңің электрленгені. Егер эбонит таяқша тебілсе, онда оған жақындағы болып, көбінде ой хабарлы сөйлем түрінде баяндалады. Дерексіздік пен жалпылауыштық әрбір ғылыми мәтінді томендетеді. Бұл бәрінен бұрын оның бойында дерексіз лексиканы кеңінен қолданудан көрінеді, әрбір сөз жалпы түсінік немесе дерексіз затты білдіруге қатысады. Ғылыми сөйлеу мән мәтінінде келтірілген сөздердің үғымдық мазмұнына қарағанда тұра сол сөздер көркем мәтінде жекелік, қайта қайталаңбайтын, жиі кейіптеу бейнесін білдіреді. Сонымен қатар көркем сөз көп қырлы мазмұндық бояумен толықтырылады, ал ғылым сөзі бір мағыналы және терминделген болып келеді. Ғылыми

сөйлеудің дерексіздігі мен жалпылауыштылығы тек лексика- семантикалық деңгейде ғана көрінбейді, сонымен қатар, әр түрлі грамматикалық, оның ішінде морфологиялық бірліктерде, олар категория мен форманы талдауда сонымен қатар, олардың мәтінді жиі қолдану деңгейі негізінен, осы бірліктер мағынасын функциялау ерекшеліктерінен де көрінеді. Сол стильдік белгінің ғылыми сөйлеуде көрінуіне байланысты етістіктердің шақтық, жақтық, лексика- грамматикалық мағыналы формалар тән болады, бұған сөйлемнің синонимиялық құрылымы да тән.

Ғылыми әдебиетте, әсіресе математикалық әдістер қолданылатын мәтіндерде келер шақ формасы өзінің әдеттегі грамматикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық жақтан әлсіреген формада болатыны байқалады. Ғылыми стильдің дерексіздігі, жалпылауыштылығы мен өзіне тән сөйлеу жүйелілігі ғылыми стилде осы шақтағы етістік формасы өткен шақ аясында болуымен үштастырылады. Бұл көркем әдебиетте қолданылады. Ғылыми сөйлеу міндетті түрде экспрессивті емес, эмоциясыз, бейнесіз болуы керек. Осылан байланысты ол өзінің мақсатына жетпейді, оның коммуникативті зардап шегеді. Бұл жөнінде Р.А. Будагов өзінің Литературные языки и языковые стили... еңбегінде жүйелі талдау береді. Сонымен ғылыми сөйлеудің экспрессивтілігі дегенде осы саладағы коммуникация міндеттінің осындай іске асырылатыны арқасында мынадай стилистикалық сапаны түсінуге болады және олар қарым-қатынастың тиімді болуына ықпал жасайды. Осылан байланысты экспрессивтілік көркемдікті күшету ретінде ғылыми сөйлеуді құраудың коммуникативті тиімділігімен байланысты болады. Ал қазақ тіліндегі ғылыми сөйлеудің экспрессивтілігі осылан үқсас өзге қарым-қатынас қасиетінен ерекшеленеді, Мысалы, көркемәдебиет стилінде өзге құралдар мен тәсілдер арқылы қол жеткізіледі. Ғылыми сөйлеудің көркемдігі

бәрінен бұрын сөздерді қолданудың пәндігі жоғарыда айтылған қасиеттері, және айтылымның логикалығымен байланысты.

Ғылыми стильдің жоғарыда айтылған қасиеттері, оның ішінде эмоционалдық пен бағалауыштық, коммуникативті және экспрессивтикалық жақтан мотивтеген: ғылымның іс-әрекет сипатымен, білім табиғаты мен ғылыми шығармашылық, таным заңдарымен, ойлау қасиеттерімен, яғни, олар тек логика-танымдық жақпен ғана шектелмейді (бұл жерден эмоция, жігер, интуиция көрінеді). Ғылыми сөйлеудің экспрессивтикалық негізінен оқу мен бояу тек сөйлеу мәдениеті мен әдеби ғана практикалық түркідан маңызды емес, сонымен қатар ойлау мәдениетінің тәрбиелеу үшін де маңызы зор. Яғни, жалпы, мәтінмен жұмыс жасау үшін, сонымен қатар қолданбалы лингвистика мен бұдан кейінгі жасамды интеллект жасау мәселесін шешу үшін де қажет.

Ғылым тарихы - идея күресі, ойлау стильдерінің орын ауыстыруы, бұның бәрі ғылыми мәтін стилінде көрініс табады. Ғылыми сөйлеудің жалпылығы мен дерексіздігі оған міндетті түрде бейнелілік қарама-қарсы тұрады деген сөз емес Нақты бағыттар мен құбылыстарының талдауы ғылыми танымның құрамдас бөлігінен шығады. Сөзбен айтылған бейнелер танымдық ойды білдіруге комектеседі. Қазақ тіліндегі бейнелеу құралдарын пайдалану автордың индивидуальдылығы мен білім саласындағы білім дәрежесіне байланысты болады. Кейір гуманитарлық ғылымдардың мәтіндерінің (әдебиеттену, тарих, философия) сипаттамалы жаратылыстану ғылымы (геология, химия, география және т.б.) мәтіндеріне қарағанда көп дәрежеде сөйлеу бейнелілігі құралдарын пайдаланады. Бірақ қазіргі заманғы физика бойынша метафора мен теңеу көптеп кездеседі. Сөйлеу бейнелілігі құралдарынан ғылымда тұрақталған ереже бойынша бейнелілігі өткен термин-метафораларды ажырыту

қажет. Мысалы: ақ алтын(мақта), қара алтын(мұнай) т.с.с. сөздер ғылыми сөйлеуде, олардың міндепті емес және салыстырмалы қолданудан өзге, сөз бейнелілігі құралдарын пайдалану осындай құралдарды көркем әдебиетте жүмсалғанына ерекшеленеді: 1) бейнелі құралдары, негізінен метафоралар да ғылыми сөйлеуде, ерже бойынша тек екі жоспарлы сипатта да болады; 2) ғылыми сөйлеудегі метафоралар қысқа мәнмәтіндік мағынаға ие және көркем сөйлеуде жүйелі сипатты қасиетке ие болмайды; 3) ғылыми және көркем сөйлеудегі бейнелі құралдардың қызметі бір-бірінен ерекшеленеді. Көркем шығармада метафора-ортак тақырып пен идеяға органикалық жақтан біріктірілген бейнелеу жүйесіндегі ең негізігі әлеметтерінің бірі, ғылыми сөйлеуде бейнелеу құралдары көмекшілік рөлде қолданылады, ортақ айтылу жүйемен байланысы жоқ нұсқау болып табылады.

Ғылыми сөйлеудегі бейнелеу әдетте жүйеленген және жалпы мағынаға ие, яғни оларға көркем шығармада тән жекелік қайталанбайтын қасиет белгілер жоқ болады. Өзінің бейнелілігімен метафора ғылыми сөйлеуде тек бір ғана емес, жалпылық қасиетін, түрін білдіреді. Ғылым стильтеге тән барынша анық байланыстылық пен айтылымның логикалығын көрсететін құралдарға байланыстыруши құрылымдар мен тіркестер жатады. Олардың ғылыми сөйлеуге тән нормасы екендігін алғаш рет А.К. Панфилов көрсеткен болатын сонымен қатар М.П.Коткорова Жалпы дәстүрлі стилистика тұрғысынан осындай айтылымдар тек мәтінді бөлшектеп жібереді, семантикалық әлсіретуінекарай сөйлеуге тіпті қажеті жоқ. Бірақ олар ғылыми қарым-қатынасқа тән, оларсыз сөйлеу үздік-создық секірмелі түрде болады. Мысалы; Енді мына мәселеге көшсек...;

Қорыта айтқанда, тағы да мысал келтірсек: Енді түсіндіругетырысамыз... тоқталамыз т.с.с. Жоғарыда Қазақ тіліндегі өзгетілдік құралдар, бәрінен бұрын жалғаулықтар, әсіресе бағыныңқы жалғаулықтар, айтылымның

логикалығы құралдарына тән болмаса да ғылыми сөйлеуде осындай стилистикалық қызметте қолданылады. Ғылыми айтылымға тән жалғаулық байланыстың жалғаулықсыз байланыстан үстем болуы Кеңсе және ғылыми әдебиеттер тілінің басты бір ерекшелігі олардың құрамында автордың субъективтік көз қарасы, қатнасы көрінбейді. Сондай-ақ ғылыми әдебиеттер тілінде кішірейткіш мәнді аффикстер көп қолданылмайды. Ғылыми стильде аса сирек, кейде тіпті кездеспейтін морфологиялық тұлғалардың бірі сын есімнің салыстырмалы, күштепелі шырай түрлері. Ал, ғылыми әдебиеттерде әсерлі сөздердің орнына заттың олде сапаның бір-бірінен айрықша артықшылығы сан мөлшермен ғана айтылады, не синтаксистік конструкциялар арқылы беріледі. Бұл стильге ортақ морфологиялық тұлғаларға мыналар жатады:

Зат есімдік және сын есімдік түбірден зат есім тудыратын -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жүрнақтары арқылы жасалған сөздер: азаматтық, дүшпандық, қалыңдық, ауырлық, жылдамдық тәрізді зат пен құбылыстың әр түрлі қалыбы мен күйін, жағдайын білдіреді. Мәселен Ауырлық күші деп заттың белгілі бір заңдылықпен жерге тартылу күші. Бұлардың басым көпшілігі терминдік мән алып, нормаға айналған қалыптасқан атаулар болып кетті. Мысалы: бейтараптық, серпімділік, оқулық, сөздік, жылылық, дымқылдық т.б. атауларды атап айта аламыз. Бұлар – бүгінгі тілімізде ғылым мен шаруашылықтың әр саласында қолданылатын және -лық аффиксі арқылы нақтылы зат атауы да жасалады. Мысалы: белдік, ауыздық, егіндік. Болгарияның жер аумағының көпшілік белгін егіндік алқап алып жатыр. Жеке ғылым салалары мен шаруашылықтың, техниканың түрлеріне қатысты осындай жаңа сөздер жасау процесі тоқтап қалмай ары қарай өрістей бермек. -шылдық, -шілік аффиксі арқылы жасалған сөздер көбіне кәсіптің, шаруашылық түрлерінің немесе әлдебір абстракт күй қалыптың атауы болып отырады. Мысалы:

Мақташылық диқаншылық, ойланушылық, оқытушылық т.б. Бұл жылы диқаншылар, гегельшілдік, контшылдық тәрізді сөздер көбінесе саяси тілде көп қолданады. Халық тілінде белгілі бір зат атасын жасауда ертеден қалыптасқан тәсілдің бірі – етістік сөздерден –қыш, -кіш, -ғыш, -гіш аффиксі арқылы жаңа сөздер жасау. Мысалы: сыпырғыш, жапқыш, жылытқыш, сепкіш, мұздатқыш, шаш кептіргіш. Био Комфорт компаниясы шаш кептіргіштің тұтынушыларға оңай түрін ойлап тапты. Тіл ғылымында тілдік құралдардың пайдалану аясына байланысты зеріттеулер жүргізіліп жатыр. Соның ішінде қарастыратынымыз Тілдің ғаламдық бейнесі Мұндағы ғалым жұмыстың басын Міржақып Дулатұлының тілдік тұлғасын зеріттеуден тілдік мұрасы түрен түспеген тың өлкелердің бірі. Алғаш Оян қазақ! деп үн қатқан ардақты ағамыздың тілдік тұлғаға саналу сипатын дәлелдеу осы текес зеріттеулердің басты мақсаты. деп Когнитивтік лингвистикада алғаш рет қарастырыла бастаған Тілдік тұлға мәселесі қазақ тіл білімінде де кеңінен зеріттеліп сөз болатынын айтты. Сонымен қатар Тілдік тұлға ақынның немесе жазушының өз образы мәселесінде әдебиет тұрғысынан және тілдік тұрғыдан зеріттеліп келеді. Мысалы: Р.Сыздық Абай шығармаларының тілі А, 1968; Е.Жанпейісов. М.Әуезовтің Абай жолы эпопеясының тілі, А, 1976. Бұл іргелі зеріттеулерде белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет т.б.), стильтік қолданыс ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдық жүйесіне сүйеніп жасалған еді. Ал, осы дәстүрлі лингвистика негізінде одан әрі даму үстіндегі қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты негізгі назарды сол шығарманы жазушының жаңына, танымдық (шығармашылық) болмысына аударады да, тілді соның нәтижесі көрінісі деп қарайды. Осымен байланысты қазақ тіл біліміндегі Ф.Қожахметова, А.Әмірбекова, Ш.Ниятова

т.б. зертеулерін атап өтуге болады. Екінші этапта ғалым ақынның тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейін сипаттады.

Бұл стильтің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен тікелей байланысты. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильтің зерттеу объектісі болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына сүйену қажет. Сондықтан, ғылыми стильтің логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпыхалықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, оның өзінің ерекшелігі болады.

Ғылыми стильтің лексикасындағы ерекшелік – сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арийы термин сөздері болады. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады. Ғылым ылғи алға басып дамып отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа үғымдар туып отырады.

### Мәтін стилистикасы

**Мамандық** – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машиқтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайтын. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындауды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп үғымына сай келеді. Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.



## Мәтін

### Еңбек, кәсіп туралы

Кәсіп – кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау нәтижесінде игерілетін, белгілі бір білім мен машиқтарды талап ететін еңбек қызыметінің түрі.

Кәсіп таңдаудағы негізгі мақсат – өзіңде ұнайтын жұмыспен айналысып, еңбегінің жемісін көру.

«Кәсіп - бақыттың шырағы, еңбек - ырыстың үлгілік» демекші, өзіңде ұнайтын өмірлік кәсіп тауып, сол еңбегінің жемісін көрсөң, өзінді бақытты сезінесің. Себебі еңбегің еленеді, сол арқылы ақша тауып, несібелі боласың.

Елбасымыз Шавкат Мирзиев: “Жарқын болашақ жастардың қолында” дегендей, біздің болашағымыз өз қолымызда.

Мені өскенде кім боламын, қандай мамандықты таңдаймын деп ойланамын. Мамандық таңдау өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау деп түсінемін. Өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау деген сөз. Өмірде адам мамандық таңдағанда қателеспей керек. Өмірден өз орнымызды тауып, адал еңбек ету әр адамның арманы деп ойлаймын. Әрине, әр адамның да таңдауы әр түрлі.

Мамандық таңдау өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және

оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындей болуы шарт.

Менің арманым дәрігер болу. Дәрігер болуды жаным сүйеді. Дәрігер ол өзінің адамдарға берген шипасы, адамды сауықтырып, адамдарды өмір сұруғе күш салатын жандар!

**Жоғарыдағы үлгі бойынша, «Еңбек, кәсіп» сөздерін қатыстырып, шағын мәтін құрастырып.**

**Мәтінді оқы. Мамандыққа байланысты сөздерді жастап ал.**

## Менің мамандығым

Менің мамандығым оқытушы. Университетте қазақ тіліндегі құжаттану және басқаруды құжатпен қамтамасыз ету пәні бойынша дәріс оқымын. Құжаттану, құжаттау үшін оның өзіндік талаптары мен заңдылықтарын жете білу қажет. Сонымен қатар құжат түрлерін де білу керек. Мәселен бүйрық, хаттамалар арыздар мен өтініштерді, анықтамалар мен талдауларды жазу ережелері әр түрлі болатынын ескеру қажет. Құжаттанушы мамандығында оқып жүрген студенттерге халықаралық қатынастарға қатысты, қызымет бойына қатысты мемлекетшілік ведомостволық және т.б. құжаттар туралы ақпарат беріледі. Мамандығым өзіме ұнайды. Ал, сен ше? Саған қандай мамандық ұнайды?

<b>Мамандық –</b>
<b>Құжат –</b>
<b>Дәріс –</b>
<b>Талап –</b>
<b>Ұнайды</b>



### ? Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің мамандығың кім?
- Құжаттармен кім жұмыс істейді?
- Сенің ойыңша? Студенттермен құжат жасауға үйренуде ең алдымен нені білу керек?

### Сөйлем құра.

а) Жазира Жұлдыз Жасулан	<b>УНИВЕРСИТЕТ</b>	окуға түсті. түсті. барды
ә) Бақтығұл Мерей Мейірбек	достарымен інісімен құрбысымен	<b>КЕЗДЕСТІ</b>

**Мәтінді оқы.** Мамандыққа байланысты сөздерді жаттап ал.

### Менің жұмыс орны

Менің жұмыс орнын Ташкент қаласының Науай көшесіндегі отызынышы үйде орналасқан. Мен заңгермін. Қорғаушылар кеңесінде жұмыс жасаймын. Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты адам құқықтарын қорғау. Жұмыс күнім таңғы тоғызда басталып, кешкі сағат жетіге дейін, ал кейбір уақыттарда тіпті кешкі онға дейін жалғасады. Маған заңгер болып қызмет еткен ұнайды. Ал сен ше? Сенің мамандығың не? Сен қандай жұмыс жасайсың? Қайда жұмыс істейсің?

Жұмыс орны –  
Орналасқан –  
Жұмыс жасаймын –  
Адам құқықтары –  
Басталады –  
Ляқталады –



### Сұрақтарға жауап бер.

- Жұмыс орның қай жереде орналасқан?
- Мамандығың не?
- Қандай жұмыс жасайсың?
- Жұмыс күнің қандай?

### Сөйлем құра.

а) Қызмет орнын	Науай көшесінде; А.Темір көшесінде; Өзбекстан көшесінде	орналасқан
ә) Жұмыс	маған саған сізге оған	ұнайды

**XXI ғасырдың ең танымал мамандығы –  
багдарламашы**  
• «Ой ұшқындары»



- **Жоспар:**  
**I. Кіріспе**  
Қазіргі замандағы ең танымал мамандық бағдарламашы.
- II. Негізгі бөлім:**
  1. Ақпараттық технология заманының басты талабы.
  2. Бағдарламашы – компьютер тілін шебер менгерген маман.
- III. Білікті бағдарламашыға сұраныс жоғары.**

### Тақырып мазмұны

<b>1-бөлім</b>	<b>Кіріспе</b> Қазіргі заманда бағдарламашы мамандығына сұраныс ете жоғары. Себебі..... .....
<b>2-бөлім</b>	<b>Негізгі бөлім</b> Бағдарламашының негізгі мақсаты – кең көлемді функционалдық мүмкіндігі бар құжаттарды құру. Атап айтқанда,.....  Екіншіден, мультимедиялық, электрондық оқулықтар дайындаі білу шеберлігінің жоғары болуы Менің ойымша,..... .....

<b>3-бөлім</b>	<b>Қорытынды</b> Білікті бағдарламашы әр уақытта да қажет. Қортындылай келе, .....
----------------	--

- **Жазған эссе бойынша полилог құрындар.**



**Диалог** – екі не бірнеше адамның кезектесіп сойлеусі арқылы берілетін аудиозекі тілдең ерекше форма. Егер сойлеушілер екеуден көп болса, онда ол полилог деп аталады.

**Монологтан айырмашылыны** диалогта сойлеумен қатар тыңдау механизмлері қатар жүреді.

### Мәтінді оқып ой талқы жаса.

Мамандық таңдау деген езің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, езің араласқың келетін органы да таңдау. Қазақ “Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда” деп бекер айтпаса керек.

“Мамандық” сөзі латын сөзінен шыққан, “жұрт алдында сөйлеу, жариялау” дегенге саяды. Есте жоқ есікі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Эр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер ақ аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуғе жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Ол үшін ең алдымен мамандығының деген мағаббат керек. Мамандыққа деген мағаббат пен карьерист болу екеуі біздіңше екі бөлек нәрсе. Мағаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығының сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кіріспін,

жұмысынан ләззат алады.

Өз жаңыңызға жақын мамандықты іздеп табуда барынша күрделі жұмыс. Өз қалауыңызды білесіз, бірақ мамандығыңыздың қалай аталатынын білмейсіз. Бұндай жағдайа психолог-профконсультант (мектеп психологтары), мектеп мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-анаңыз, тұған-туыстарыңыздың көмектеріне жүгінгеніз жөн.

Қазір сауда-саттықтың жүріп тұрған заманы болғандықтан, көптеген мамандықтар осының төңірегінде деуге болады. Агенттер мен менеджер мамандықтары сұранысқа ие десек, артық айтпаймыз. Мысалы, коммерциялық агент, жарнамалық агент, туристік агент, финансстық менеджер, сауда-саттық менеджері, жоба менеджері, кеңсе менеджері т.б.

## 10. Практика тақырыбы. Көркем әдебиет тілінің стилі

**Көркем әдебиет стилі** - проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі (тілі). Көркем әдебиет стиліне тән бірнеше ерекшеліктер бар. Солардың бірі - тіл байлығы. Көркем шығармаларда қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиямдер аз. Кез келген шығарма тек қана авторлық баяндаудан ғана емес, кейіпкер тілінен де тұрады. Ал кейіпкерлер әр жастағы, әр мамандықтағы, әр дәрежедегі білімді адамдар болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да көркем шығармада әсібисөздерде, жергілікті тіл ерекшеліктері де, жаргондық сөздер де ұшырасып отырады. Көркем әдебиет стилінің екінші ерекшілігі - оның көп стильті болып келетіндігі. Мұның мәнісі қай жанрда жазылған шығарма болса да, онда тіл арқылы қарым-қатынас құралдарының барлық түрінің қолданылуында, яғни ауызекі сөйлеу тіліне қоса, публицистикалық, ғылым, ресми стильтердің элементтері осы стильде әр түрлі ыцгайда ұшырасып отырады. Көркем әдебиет стилінің тагы бір ерекшілігі бұл стильде орындалатын еңбектердің басты міндеті эстетикалық тәрбие беретіндігімен тығыз байланысты болып келеді. Екінші сөзben айтқанда, көркем шығармада сөздің эстетикалық қуаты, сөздің бейнелілігі алғашқы орынды алады. Сондықтан да троптардың және фигураладың барлық түрлері басқа стильтерге қарағанда Көркем әдебиет стилінде барынша мол жұмсалады. Көркем әдебиет стилінің функциональдық стильтер жүйесінде алатын орнына қатысты әр қылы пікірлер айтылып жүр. Стилистердің бір тобы (Л. Н. Максимов, Н. М. Шанский, Н. А. Мещерский, К. А. Панфилов т. б.) көркем әдебиет тілін функциональдық стильтерден тыс, мұлдем бөлек тілдік құралдар жүйесі деп қараса, Р. А. Будагов, А. И. Ефимов, И. Р. Гальперин, Э. Г. Ризель, М. Н. Кожина, Б. Н. Головин, А. Н. Васильева, Д. Э. Розенталь, А. Н. Гвоздев сияқты ғалымдар Көркем әдебиет стилін басқа стильтермен “терезесі тең”,

себебі көркем әдебиет те тіл қолданудың аясы болып табылады әрі әлеуметтік қызмет атқаруға қатынасады, ал эстетикалық қызметі сол әлеуметтік қызметтің бірі деп санайды.

### **Көркем әдебиет стилі жайлы 7 факт**

Көркем әдебиет стилі – әдеби шығармалар арқылы бізге өте таныс стиль. Біз өзімізді еліктіріп әкеткен қызық кітаптардың жан дүниемізге қалай әсер еткенін еске түсірейікші. Кейіпкермен бірге қуанып немесе мұңайып, жылап та қалған кезіміз болды емес пе? Жазушы шығарманы әсерлі, көркем көріністер, бейнелер арқылы жандандыра отырып, оқырман жаңына әсер етеді. Эр жазушы бірін-бірі қайталамайды. Әрқайсының өзіндік сөз сиптауы, бөлек стилі болады. Көркем әдебиет тілі эмоционалды-экспрессивті болып келеді.

1. Мақсаты: шынайы өмір шындығын суреттеу, зат, құбылыстарды бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету, ой тудыру.

2. Қолданылу аясы: әдеби туындыларда қолданылады.

3. Стильдік сипаты: образды мәндегі қолданыс, эмоционалды-экспрессивті

4. Тілдік амал-тәсілдері: Сөздердің әртүрлі ауыспалы мағынада қолданылуы, көркемдегіш, бейнелеуіш, суреттеме (тенеу, метафора, метонимия, антитеза, т.б.) құралдары еркін қолданылады. Шығарманы шынайы беру мақсатында диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер мен сөйлеу тілін де қолданады. Көп жанрлы (проза, драма, поэзия, т.б.). Эр жазушының өзіндік стилі болады. Ол әр суреткердің тілдік амал-тәсілдеріне қарай танылады.

5. Ерекшелігі: көрем әдебиет стилі образды ой тудыру, әсерлі суреттемелер, зат пен құбылысты шебер бейнелейтін сөздерді қолдану. Көркем шығарма қоғамдық-тарихи оқиғалар мен мәселелерді қозғауға, бағалауға үлес қосады. Көркем шығарма тілі ақын-жазушы шеберлігімен,

стильдік ерекшелігімен астасып жатады. Түрлі образдар, табигат көрінісі, әр кезеңдегі іс-әрекетті сипаттау үшін автор қажетті сөздерді талғап, ойды беру мақсатына қарай сұрыптап қана қоймай, сөздерді қолдану барысында жаңа мағына, қосымша рең, тың бояу үстейтіні шындық.

6. Көркем әдебиет стилінде (ауызекі сөйлеу стилі де) фразеологизмдер, мақал-мәтелдер кеңінен қолданылып, ойды жандандырып, тіліміздегі қолданыстардың үлтүмізға тән сипатын айқындаі түседі. Тұрақты сөз тіркестері (қанатты сөз, мақал-мәтелдер, идиомалар) аз сөзben көп мағына беретін ықшамдылығымен, жинақылығымен тілдің стильдік сапасын арттыра түседі. Мақал-мәтелдерде астарлы, айшықты, кестелі, бейнелі, қорытылған ой-тұжырым көріністері басым. Көп сөз – көмір, аз сөз алтын. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі т.б.

7. Өзіндік ізденісімен сөз қолдану тәсілдері жазушының стиліне жан бітіреді. Жеке жазушылардың шығармасының тілін зерттеп, олардың сөздерді сұрыптап қолдану тәсілдерін, тыңдан қосқан қолданыс үлгілерін айқындаپ, жан-жақты талдау жасай білген жөн.

Жоғарыдағы әр факттың фильтрінен өткізу арқылы мәтіннің көркем әдебиет стиліне жататындығын немесе жатпайтындығын оңай анықтауға болады. Төмендегі оқу сауаттылығынан тестерде жиі кездесетін З мәтіннің бойынан көркем әдебиет стиліне тән белгілерді ізделп көріндер:

\*\*\*

Ертеде патшаның екі қызы болыпты. Патша екі қызында жақсы көріп, қолынан келгенше оларды ештеңеденқақпай, қалағандарын жасап, айтқандарын екі етпеуге тырысады екен. Дегенменде, екі қыз есе келе мінездері өзгере бастапты. Бір күні білімді бір адам патшаша қонаққа келіпті. Патшаның қайғылы түрін көріп, себебін сұрапты. Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, дертін ешкім білмейді»-дейді. «Патшам, рұқсат етсөн, сарайыңызға қонақ

болайын. Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын», — дейді жолаушы. Патша куана рұқсат етіпті. Сол күннен бастап саяхатшы екі қызды патша рұқсатымен жасырын анди бастапты. Қараса екеуі түнде жатар алдында жастықтарының астынан бір дәптер шығарып, бір нәрселер жазып, таңертен жазғандарын оқып, орындарынан тұрады еken. Саяхатшы бір күні қыздар үйиқтағаннан кейін дәптерлерін алып оқыса, кіші қыз өзіне жасалған жақсылықтарды, ал үлкен қыз тек болмашы әділетсіздіктерді жазыпты.

Ертеңінде саяхатшы кіші қыздан рұқсат алып, оның дәптерін үлкен қыздың жастығының астына қояды. Таң атысымен патшаның үлкен қызы жастық астынан дәптерді алып оқыпты. Сарайдағылар екеуіне де бірдей қарағандықтан ол дәптерде жазылғандарды жатырқамапты. өзіне жасалған жақсылықтар есіне түсісімен жүзі жадырап, қуанғаннан ән сала бастапты. Патша үлкен қызының қуанғанын көріп, өз құлағы мен көзіне өзі сенбепті. Бірден саяхатшыны шақырып, бұны қалай жүзеге асырғанын сұрапты. Саяхатшы: «Патшам, өмір айна сияқты. Оның жақсы жақтарын ойласақ, бізге әдемі көрінер. Сіздің үлкен қызыңыз өмірінің жаман жақтарын ойлағаны үшін бақытсыз болған», — деп жауап береді. Патша үлкен қызын шақырып, оған енді дәптеріне тек жақсылықтарды ғана жазуға кеңес беріпті. Сол күннен бастап, патшаның екі қызы да бақытты өмір сүріпті.

\*\*\*

Төрт түлік малды тіршілік-тынысына тірек еткен көшпелілер кәдімгі сүттен небір тамаша тағамның түрін жасай білген. Солардың бірқатарын атап өтуге болады: қымыз, шубат, айран, қатық, қаймақ, балқаймақ, кілегей, ақ қаймақ, ақ ірімшік, қызыл ірімшік, сусыз сүт, сыпирма сүт, күрғақ сүт, койыртпақ, іркіт, сарысу, тасқорық, шалап, сүт кеспе, сүт салма, уыз, сірне, құрт, торақ құрт, сықпа, сузбе т.б. Міне, бұлар жылқы мен түйенің, қой мен ешкінің, сиырдың сүтінен жасалған тағамдар. Осылардың ішінде

таза көшпелі өмір салтының сұранымы дүниеге әкелген тагамның бірі - күрғақ сүт.... От куалаған малдың тісіне ерген елдің көші-қон кезінде төрт түліктің аяғын көштен бұрын қимылдататын әдеті. Ақар-шақар елдің «әуп» деп тұрып кете коюы оңай емес, артының-тартының жүріп сауын малынан екі-үш күн кейінде калатын жайы жи болады. Өмірдің осы бір сұраным-мұқтажы қүрғақ сүт дайындауды дүниеге келтірген сияқты.

2. Сәрсенбінің сәтіне көшеміз деген хабар тиісімен-ақ, әр шаңырақтың ас-сұына ие отанасы қолы епсекті біреудің тілін таба жүріп, жақадан соылған қойдың терісін түгінен арылттырып алады. Теріні түгінен айырудың мұндауда екі тәсілі қолданылады. Бірі - и салу тәсілі. Тек иі өтіп кетпейтіндей, идің быршығын дәмі мен өткір иісі теріге сіңбейтіндей болуы керек. Екіншісі - теріні жібітіп отырып, өткір ұстарамен түгін қырып тастайды. Соңан соң түксіз теріні суға салып, шуашы мен шайырынан айырғанша әбден сапсып жуады. Ақжемделіп май-сөлінен арылған тері шүберектей болып тазарған кезде, керегеге жая салады.

3. Келесі күні қой-ешкіні қосақтап жібереді де, мол етіп сүт саудады. Ол сүтті мүмкіндігінше үлкен қазанға толтыра қүйип, әлгі теріні соған салада да, астына маздатып от жағады. Біраздан соң тері салған сүт шымырлал қайнай бастайды. Қайнаған сайын қойыла бастайды, Қайнаған сайын сүттің бар маңызын тақыр тері бойына сіңіре береді. Бір мезгілдер болғанда, сүт қойыртпақтанады. Тері болса агара бөртіп, әбден ісінеді. Содан қоюланған сүт сарқыла таусылып, енді сарғайып қүйеді-ау дегенде от үзіледі де, тері қазаннан алынады. Тері түнімен жел қағып тобарсып, ертеңіне күнімен тұрса кеуіп-ақ қалады. Келесі күні тағы да қой-ешкі қосақталып, дәу қара қазан сүтке толады. Тағы да астына жайнатып от жағып, әлгі сүт сінді теріні тағы да салады. Осы жағдай үшінші рет қайталаңады. Сол кезде сүт сіңген терінің қалыңдығы бармақ елі болып, өн-бойына уыз сүттің маңызы тұтылады. Үшінші рет жайылған тері

тобарсып кебе бастаған кезде қойыршықтап орайды да, маңызы ұшып кетпес үшін қарынға немесе бүйенге сала салады.

4. Келесі күндері тең буылып, үй жығылып, таң құланиектенгенде моншақтай тізілген көш те қозғалады. Бие сауым өтеді... Ет асым өтеді... Құн иыққа көтерілген кезде түйе қомында тербеліп келе жатқан балалардың мандаіын құн шалып, таңдайы кеберсіп, қыңқылдай бастайды. Мұндайда езуінен мәйегі кетпеген ерке балаға қымыз береді, ішпейді... Айран береді, ішпейді... Қойыртпақ береді, ішпейді... Су береді, ішпейді. Оған керегі - тіл үйірген уыз сүт.

Сонда балажан ана қарынның аузын шешіп, сұт сіңген теріден алақандай ғана кесіп алады да, тостағанға құйған суға тастап жібереді. Сол-ақ еken уыз ісі бүрк етіп тәбет шақырып, тостағанды су жаңа сауған сүттей болып шыға келеді. Тек қана сұт ішіп үйренген ұл дем аямастан тостағанды басына бір-ақ көтереді. Сол кезде тостағанның түбінен бір жапырақ «бірдеңені» көреді де «бұл не?» дегендей анасына қарайды. Анасы болса, «жей ғой, боташым!» дейді. Сары атанды бесік еткен ерке ұл бал татыған уыз құйқаны жайлauғa жеткенше ермек етеді

\*\*\*

Баяғыда өз империясын гүлдендірген, жарқын женістерімен тарихта өшпес із қалдырган, өте батыр, өте ақылды және өте керемет жетілген саясаткер патша болыпты. Ол бала кезінде тым ерке болса керек. Сабақ кезіндегі еркелігімен ұстазын шаршатып жіберетін. Ұрысқан жағдайда: «Мен патшаның баласымын, маған ештеңе істей алмайсың», - деп қорқытатын. Ұстаз патшаға шағымдану әдепсіздік болар деп біраз уақыт сабыр сақтап жүреді. Алайда еркелігі тым шектен шыға бастағанда, амалсыз әкесінің алдына кіруді үйғарады. Патшаға келіп жағдайды айтқанында, ол ұтаздық құлағына бұл жағдайдың шешімін сыбырлайды. Ұстаз патша сөзіне таң қалады. Мұндай әрекетке бара алмайтындығын айтса да,

патша осы жоспарды орындау керектігіне сендіреді.

Ертеңіне кішкентай ханзада тағы бұрынғыша еркелейді. Ұстазы доғаруын айтқанында тағы да әкесімен қорқыта бастады. Сол сэтте ішке патша кіріп келеді. Ұстаз ашуланып патшаға ұрсып береді, бұлай жайбарақат кіруге болмайтындығын, есікті қағып рұқсат сұрап кіру керектігін айтып қуып шығады. Патша басы салбыраған күйде кешірім сұрап шығып кетеді. Бұл жағдайды бақылап отырган ханзаданың тілі тұтылып не айтарын білмей абырарап қалады. Сеніп отырған әкесі көз алдында ұрыс естіген еді. Көздері адақ-жұлақ етіп отырғанында, есік қағылып патша кешірім етініп, рұқсат сұрап ішке кіреді.

Жоспар керемет түрде жузеге асқан еді. Осы күннен бастап ханзада еркелігін доғарып, ұстазының айтқанын екі етпейтін болыпты.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда көркем сөз стилінің аясы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмысалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір - бірімен ара қатынаста болып, көркем әдебиет стилінің басқа стильдерінде қайталанбайтын, айрыкша жүйесін жасайды.

Әдеби шығарманың көркемдік құралы - тіл. Тіл арқылы өмірдің тұтас картинасы жасалады. Үлкен палотноға салынған суреттің көп түсті бояуындар, әдеби шығармада келтірілетін сөйлеу формалары мен стильдер де көркемдік деталь ретінде пайдаланылып, біртұтас картина жасайды. Сондықтан көркем шығарманың мәні, ондағы жекелеген сөздерде емес, сол сөздерден салынған суреттің бай мазмұнында.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз — ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады.

Тіл адам баласының іс-әрекеттерінің барлық жақтарын тегіс қамтиды. “Тілдің қимыл өрісі шексіз”.

Адам өз ойын жеткізу үшін ғана сөйлесіп қоймайды, көңіл қүйін, эмоциясын білдіру арқылы басқа адамдардың да сана-сезіміне әсерін тигізеді. Ол әсер сөйлеу тілімізде айтушының өз түсінігі бойындай, өз ойын тіл құралы ар-қылы жеткізе білуінен болса, көркем шығармалар — жазушының өмір тануына, дүние сезінүіне, көзқарасына сол өмір фактісін жи-нақтап, қорытып бейнелі тілмен жазу мәнерінен болады. Сөйлеу тілімізде сөздер бұрыннан машиқталған үйреншікті қалыпта жұм-салады, ал көркем шығармада сөздер сараланып, белгілі стильдік мақсатта қолданылады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма — өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адам да, аң да, құс та, табиғат та — бәрі де қатысады. Тұрмыс-салт, шаруашылық, экономика салаларының калпы, даму жолдары көрсетіледі. Көркем шығармада көптеген кейіпкерлер болады. Олар жағымды, жағымсыз образдарға бөлініп, топталады. Олардың әрқайсысының өз алдына жеке-дара сырт пішіні — портреті — жасалып, іс-әрекеттері, ой-өрісі, өмір тануы суреттеледі. Ол кейіпкерлердің тіл ерекшеліктері болады. Сөйтіп типтік образдар жасалады. Шығармалардағы адамдар табиғат қоршауында әрекет жасайды. Мұның бәрі шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшелігін айқындауда маңызды роль атқарады. Шығарманың көркемдік қасиеті ондағы қайталаусыз жасалған әр алуан образдар мен өмір құбылыстарының картиналары бейнелеулер арқылы көрінеді. Мысалы:

Азуы — алмас, тілі — у,  
Арам көңіл, ала ту,  
Кең жемсаулы, кең қарын,  
Найзадай түйреп қолдарын  
Қорқау қасқыр — “жан” жүрді.

С. Мұқанов осы бір шумақта бұқара халықты рақымсыз езіп, жаншып, өктемдігін жүргізген қиянатшыл заманның мейірімсіз өкілдерінің жириенішті кескін-кейпін

ұтымды теңеу, әпиттеттер ар-қылы оқушынын, көз алдына елестетеді.

Осылай суреттеуге М. Әуезовтен тағы бір мысал: Қызылды-жасылды қылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде қалың көрпе, құс жастықтарға көмілген жуан билер, күндіз-түні семізді көртіп жеп, кекірігі азғанша майға бөгіп жатқан. Бұлар, малына інет келген ауылдың иттері сияқты, жоны шығып, қуирғының сыртқа салып, көзі қызырып құтырғандай қанталап, қауып түсестін сияқты түр көрсетеді. Немесе, ...долданып құтырған Қоқыштар, Сэрсендер жуан-жуан жақсы киімді, боктығы күшті үлкендер... Бұл мысалдардан образды сөздердің атқаратын қызметі ерекше сезіледі. Сонымен бірге мұнда сез қолдану, сөйлем құрылсы, тіпті контекст — барлығы да экспрессивті әрекеттерін шебер пайдаланған. Жазушы суреттеп отырған шындықты оқушы көзбен көргендей айқын сезі-неді. Мұнда жағымсыз образ тілдік тәсілдерді бейнелі, экспрессивті қолдануарқылы жасалған. Осылайша сөзді метафоралы қолдану арқылы жасалған образдар тез қабылданып, ойда ұзақ сақталып, сөз қолданысы тұрақталып, бейнелі сөздердің үлгісі молығады.

Образ жасаудың сөзді метафоралы түрде қолданудан басқа да көптеген тәсілдері бар. Оны төмендегі мысалдан көруге болады: Бақтығұл атқа мінісімен: “Эйдэ, тарт!” — деп тебініп жіберіп, қозгалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сұтыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қарусайман бір-біріне шалдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалай тартып береді. Автор мұнда әр түрлі дыбыстарды еліктеуіш сөздер арқылы бейнелеп отыр. Осы тұста оқушы көп аттың тұяғы тиғен жердің дүңкілін, ер-тұрманың шылдырын айқын естіп түрғандай сезінеді.

Көркем шығарма тілі — проблемалық мәселе. Көркем шығарманы жасайтын — жазушы. Шығармадан

жазушының өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі байқалып отырады. Шеберлік мәселе-сін шығарманың, тілінен бөлек алып қарауға болмайды. Шеберлік мәселесі тілге тікелей қатысты. Сондықтан да жазушының ше-берлігі жайында сөз еткенде, ең алдымен оның, тілінен бастаған жөн.

Шеберлік дегеніміздің өзі — тар шеқберде алғанда, адам бей-несі, табиғат көрінісі, қымыл, іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдарды жасау үшін қажетті сөздерді талғап, ұқыптылықпен қолдана білу. Мұндай образдарды жасау үстінде сұрыпталатын сөздерге әрқашан да жаңа мағына, қосымша реңдер берілетін белгілі. Сөздердің ондай жаңа қосымша марынасы мен реңдері образды ойды эстетикалық жағынан байытып отырсағана құнды болмақ. Образды ой дегеніміз — суреттелеңтін зат, құбылыстың формасын сөз арқылы шебер бейнелей білу.

Көркем әдебиет — “сөз арқылы әдемі түрде суреттелеңтін ис-кусство”. Әдебиетшілер болсын, тілшілер болсын көркем шығарматілінсөзеткенде, екеуініңденегізгі объектісі — әдеби шығарма. Өйткені әдеби шығарманың негізгі құралы — тіл. Жазушылар да құрылышылардың кірпіштен салған биік әсем мұнарасы сияқ-тандырып өмірдегі сан алуан құбылыстарды бейнелі сөз өрнегі арқылы қилюластырып, көркем образдар жасайды. Көркем образ жазушының шеберлігіне, оның жалпы халықтық тіл байлығын жетік меңгеріп, шұрайлы сөз образдарын қолданып шебер суреттей білуіне байланысты. Сонымен бірге жазушы шығармасының тілі, оның стиль ерекшелігі шығарманың мазмұн, идеялық жақтарымен байланысты қарастыруды қажет етеді.

Жазушының стилі — көркем шығарма жазу үстінде қалыпта-сатын әр жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері. Жа-зушының стилі ерекшелігі, оның өзінін, өмір тануына, шыгарма-сының идеялық мазмұнына сай жалпы халықтық тіл қазынасын меңгеріп, оны қалай қолданғандығынан байқалады. Ал жазушы-лардың тілдік құралды қолдану тәсілдері біркелкі болмайды, Өмірдегі

адамдар қаншалықты көп болып, олардың түрлері бір-біріне ұксас келмейтіні тәрізді жазушылардың да жазу мәнерінде, стилінде ұқсастық бола бермейді. Әр ақын-жазушылардың өзіндік ерекшелігі болады. Ақын-жазушылардың өзіндік стиль ерекшелік-тері, жазу мәнері жалпы халықтық тілдің негізінде қалыптасып жетіледі.

Жазушының, стиль ерекшелігі — жалпы халықтық тілдің жалғасы ретінде дамитын әдеби тілдің маңызды болшегі. Жазушының, тілі, өзіндік (индивидуальды) стилі — ол сол дә-үірдегі көркем әдебиетке тән тілдік тәсілдердің өзінің эстетикалық талғамына сай өзінше пайдаланып дамыту жүйесі. Сондықтан әдеби тілдің даму жолдарын, қалыптасу процесін жете түсіну үшін жеке жазушы-лардың шығармасының тілін зерттеп, олардың сөздерді сұрыптап қолдану тәсілдерін, жалпы халықтық тілдік құралды қалай мен-гергендейтін және әдеби тіл үлгісін байытып тыңнан қосқан жаңа сөз үлгісін айқындаپ, жан-жақты талдау жасап көрсетудің көркем сөз стилистикасында мәні зор.

Көркем шығарма тілінін, осы уақытқа шейін қалай зерттеліп келгені туралы академик В. В. Виноградовтың “О языке художественной литературы” деген кітабынан толық мағлұмат алуымызға болады. Автор бұл еңбегінде кеңес дәуіріндегі көркем шығарма тілінің зерттелуіне арналған ғылыми еңбектер мен мақалаларға талдау жасап, ондағы жетістік пен кемшіліктерді көрсетіп, көркем шығарма тілінің зерттелуі жайында құнды пікірлер айтқан. Академик В. В. Виноградовтың аталран еңбегінің құндылығы — жазу-шының өзіндік стилі орыс әдебиетінін, даму заңдылықтарымен байланысты қаралуында. Бұл тәсіл — жазушының тіл ерекшелігін зерттеушілердің бұдан былайғы жерде айрықша көңіл бөлөтін мәселесі.

Қазіргі стилистикаға байланысты жазылып жүрген зерттеу ең-бектері мен мақалаларда, көбінесе оның зерттеу -объектісіне, шығарманың тілін зерттеу тәсіліне баса көңіл бөлініп жүр. Бұлар көркем сөз стилистикасы саласындағы бүгінгі таңдағы маңызды мәселе екені даусыз.

Бірақ көркем сөз стилистикасының басыашылмаған басқа да мәселелері аз емес.

Көркем шығарма тілін зерттеуде кездесетін бір қындық — оның проза, драма, поэзия сияқты жанрларды қамтып, көп жанрлы болып келуінде. Эр түрлі жанрлардың әрқайсысының, өзіне тән тіл ерекшеліктерін зерттеу әдістерінде белгілі бір нұсқау беру қын. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай, тіл өзгешелігі болатындығы әдебиет теориясының оқулықтарында және кейбір лингвистикалық еңбектерде тиіп-қашты айтылады. Ал арнайы жазылған еңбек әзір жоқтың қасы.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда, көркем сөз стилінің аясы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі<sup>2</sup>. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Эр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекше-лігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен арақатынас. та болып, көркем әдебиет стилінің басқа стильдерінде қайталанбайтын, айрықша жүйесін жасайды.

Қазақ халқының әдеби тілі саяси-әлеуметтік, оқуағарту, экономикалық, ғылыми, мәдени т. б. өміріне қызмет ету барысында, олардың тіл жұмсау дағдысында елеулі өзгерістер пайда болады. Міне, сондай өзгерістердің өзара айырмашылықтары, дағдысы белгілі стильдер тобын құрайды. Олар қоғам өмірінің арнаулы салаларында жиі қолданыла жүріп, қалыптасқан тілдік құралдар жүйесіне айналады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сондай стильдер жүйелерін негізгілері мыналар: 1. Ресми іс қағаздары мен кеңсе тілінің стилі; 2. Публицистикалық стилі; 3. Ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі; 4. Көркем әдебиет тілінің стилі. Бұлар тарихи құбылыс. О баста аздан көбейіп, мардымсыз қалыптан біртіндеп жетіледі.

Көркем әдебиет тілі стилінің дамуы мүлде басқаша. Оның пайда болу желісі әріден басталады: XV—XIX ғасырлар арасындағы ақын-жырауларға тән поэзия, фольклор тіліне тән өлең-жырлар, лирикалық эпостар

тілі, халықтың ауызекі сөйлесу тілі Абай, Ыбырайлардан басталатын жаңа көркем әдебиет тілі стилінің негізгі даму арналары болды. Сондықтан оның іргетасы ерте бастан-ақ бері қаланды. Қазір ол көп жанрлы, алуан түрлі көркем әдебиет стиліне айналды.

Көркем әдебиет тілінің стилі — әдеби тілдік ең басты, тарихи жағынан бұрын пайда болған стильдер тармағына жатады. Әдеби тілдің басқа стильдер түрлерінен оның елеулі айырмашылығы эстетикалық қызметіне жұмсалуында. Сонымен қатар стиль ұғымын бұл салада көркем әдебиет тілінің, жеке ақын, жазушы туындылары тілінің көріктеу тәсілдерінің ерекшеліктері деп те түсінеміз. Ойдан ерекшеліктер мен тұтастыққа құрылған көркем шығармаларда жазушының дарынды суреткерлік тіл жұмсау әрекетінде эстетикалық талғам күшті болады. Жазушы идея тұтастығына керекті ой желісінде айтылатын сөйлемдерді, сөздерді таңдап, талғап қолданады. Өйткені сөз жалпы әдеби тілдің басты элементі болса, ол көркем әдебиет тілінің эстетикалық, эмоциялық, экспрессивтік құбылыс суреттерінің бояуы. Ол бояудың көріктілігі, көркемділігі сөз қосағының құрамында, сөйлем ішінде айқындалып, оқушының ойына әсерлі жарық сәулесін шашады. «Сөз қосақтары» дегеніміз — теңін тауып тіркескен сөздер тобы, фразалық топтар, метафоралық тіркестер т. б. Солар арқылы бейнелі ой айтылады, әсерлі сурет салынады, жансызды жандандырады, қысқасы — көркем образдар құрастырады. Мысалы:

Жалт етіп құралай көз қарағанда,  
Жанымның жайлауындей жарасасың.

(К. Аманжолов).

Жел үп етсе болғаны, тарылар сыйдыр қағып,  
Сыбырласа жөнеледі.

(Ф. Мустафин).

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

(С. Сейфуллин).

Қараңғы түнде тау калғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,  
Түн басады салбырап. (Абай).

М.Б. Балақаев “Қазақ әдеби тілі” (33-36-37беттер).

Көркем әдебиет тілінің стилі. Бұл ұғым әдетте екі түрлі ыңғайда жұмсалады: әдебиет теориясында, әдебиетшілердің айтуында стиль кең мағынада, (жазушының барлық туындыларын түгел қамтиды). Оларды (стиль ұғымына жазушының, сөйлем құрылышы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға тағы басқа компоненттер кіреді. Ең орталық мәселе- идеялық мазмұн) Лексикалық әдебиеттерде стиль дегенді телегейтеңіз ұғымды қамтитын термин деп олай түсінбейді. Әдеби тілдің атқаратын қызметтерінің жігін саралайтын тілдік тәсілдер жүцесін деп түсінеді. Көркем әдебиет стилін сөз еткенде, алдынмен оның көркемдік сапасына, халықта эстетикалық тәрбие беру қызметін қараймыз. Көркем әдебиет- (сөз арқылы суреттелетін өнер).

Бұл өнердің ерекшеліктерін, көркем әдебиет стилі жөніндегі мағлұмтты әдебиет теориясы, стиль, стилистика арналған оқулықтардан алуғаболады. Қазіргі мақсат- көркем әдебиет тілі стилінің қалыптасу тарихы. Мысалы, Тайыр Жомарттаевтың “Қызы көрелік” (1912), Спандияр Қебеевтің “Қалың мал” (1913), Сұлтанмахмұт Торайғыров “Қамар Сұлу” (1914) романдарын, Көлбай Тоғасовтың “Надандық құрбаны” пьесасын атауға болады. Бұлардан басқа проза жанрына жататын азын-аулақ әңгімелер бар.

Көркем әдебиет тілі стилінің қарыштап өсіп, халықта ерекше қызмет ету үшін табанынан тік түрған кезі – совет дәүірі. “Октябрьдің жемісі болған, қазақ совет әдебиетінің

өсуінде, бұрынғы поэзия жанры ғана емес, қалыңромандары бар проза туды” (М.Әуезов). Позаның әңгіме, фельетон, повест, роман тәрізді жанрлары кемелденді. Қиялы-қиялы драматургиялық шығармалар жасалды, поэзияның поэма, ририкалық өлең, жыр, мысал, скақ-сатиралық өлеңдер сияқты ірілі-уақты түрлері марқайды. Қазіргі көркем әдебиеттің С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Мұсірепов, Е.Мұстафин, Т.Жароков сынды даңқты ақын- жазушылардың қатарына сап түзеген екі жүздей жазушылар одағының мүшелері бар. Әрбір аталған қалам қайраткерлерінің әдеби стиліне қосқан үлесі, өзінше жазу, стильтік тәсілдері, әдеби тілге алып келген байлығы бар. Сонымен қатар олардың бәріне ортақ тіл жұмсау дағдысы бар. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов “Қазақ әдеби тілінің тарихы” 241-бет.

Көркем әдебиет стилі - тарихи түрғыдан ерте қалыптасқан функционалды стильтің бір түрі. Оның пайда болуына ықпал еткен негізгі арналары: XV-XIX ғғ. аралығындағы ақын- жыраулар поэзиясы, фольклор тіліне тән өлең-жырлар, лирикалықәпостартілі, халықтың сөйлеу тілі, Абай, Ыбырайдан басталған жаңа көркем әдебиет тілі. Көркем әдебиет стилі - проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың тілі. Стильдің бұл түрінде сөздер екшеліп, сараланып қолданылады. Өмір фактілері шынайы образдар арқылы суреттелетіндіктен, ондағы дәстүрлі де төлтума сөздер, көркемдегіш, бейнелегіш құралдар стильтік мақсатта жұмсалады. Зерттеу еңбектерде айқындалғандай, көркем әдебиет стилінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Соның ең бастысы - тіл байлығы, сөздік құрамының молдығы. Авторлық баяндаудың құрылымына қарай, кейіпкерлердің іс-әрекет, болмысына қарай тілдің бар байлығы қолданылады: кәсіби, диалект сөздер, этнографизмдер, қара- пайым сөздер мен жаргондар, сирек қолданылатын сөздер, тарихи, көнерген сөздер, окказионализмдер т.т. Мысалы:

- Шал мен кемпірді өстіп анда-санда болса да жіберіп алып тұрмайсың ба? Бас қосу, бастағы жасау дегенді ұмыттық қой мүлде, - деп лекіте құліп Қайыржан көрінді.

- Олай болса, «Ауган хан мен Қалған хан» ойнайық, - деп салдыым (С.Шаймерденов)

Көркем әдебиет стилінің екінші бір ерекшелігі – оның көп стильділігі. Мұның мәнісі – көркем әдебиет тілінде өзге функционалды стильдердің элементтері стильдік уәжбен қолданысқа енеді, мұнда тілдік құралдардың барлық түрі пайдаланылады. Мысалы, Ф.Мұсіреповтің «Болашаққа аманат» тарихи драмасынан үзінді келтірелік:

*Хан: тегі, бала жасынан би атанған Сырым қырыққа жете бере қартаяйын деген-ау, сіра! Ханмен жауласпаймын, хандығымен жауласамын деген сөз бола ма еken? Ханы бар, хандығы жоқ ел болғанын қайдан естіп жүрсің?*

Сырым: *тегінде, екінің бірі дұрыс болар: мен қырыққа жетпей қартайған болармын, не кейбіреулер қырыққа жет- кенше қырқынан шыға алмай қойған болар... Бұдан ары шешен сөйлейтін Сырымның сөз желісі өзге мәнерге ауысып отырады: «Жер-су мәселесі әділетпен шешілмеген болса, халық кеңесі өз міндеттін атқара алмаған болар еді... Халық кеңесінің кезекті жиналысын ашиқ деп жариялаймын...».* Өзге стильдік элементтерді (ресми сипаттағы жер-су мәселесі, мәселе шешу, халық кеңесі, ашиқ деп жариялау, т.т.) эстетикалық мәнде жұмсай отырып, ерекше бір көркемдік тіл кестесін құрайды. Бөгде стильдік қолданыстар көркем әдебиет стилінің ерекшелігіне бағынып, жазушы идеясына тәуелді болады.

Көркем әдебиет стилінің тағы бір ерекшелігі – нақты эстетикалық қызметте жұмсалуы, сөздің эстетикалық қуаты, сөздің бейнелілігі негізгі орын алады, яғни бейнелі ойлау жүйесімен ерекшеленеді, сондықтан троптар мен стилистикалық ай- шықтаулардың барлық түрі жиі ұшырасады. Деректер келтірелік:

*Анадайдан оны көріп бүлкілден,*  
*Жорытады атың.*

Көзіңе де жылтың кеп, Қуаныштың домбырасы кеудене  
Майда қоңыр қүй тартады шіңкілден (Ә.Кекілбаев).

Келтірілген үзіндідегі ұлттық мәдени ерекшеліктерден беретін қуаныштың домбырасы метафорасы Ә.Кекілбаевтың өзіндік таным ерекшелігінен туған. Негізінде қуаныштың символы ретінде алынып, мән мәтінде қуанып тұрған адам бейнесін көз алдыңа елестетеді.

### Өлеңді мәнерлеп оқындар БИІК ТАУЛАР, БИІКПІН ДЕП ШІРЕНБЕ..

Биік таулар, биікпін деп шіренбе,  
Бір күн құлап, сен де типыл боларсың.  
Терең теңіз, тәқаппарсып түнерме,  
Суың кепсе, сен де бір шөл боларсың.  
Таудағы аю, арыстан мен барыстар,  
Піл мен бір күн тышқан, шыбын алысар.  
Сең соғылса, Нілдегі нән балықтар,  
Құлаққа үрған есекке тең боларсың.  
Қияметті болжап айтсам үрпаққа:  
Қарая біткен жығылмақшы таяққа,  
Залым біткен тапталмақшы аяққа,  
Фаріп біткен әділет шері боларсың.  
Тұлпар мініп, сұлу құшқан әуре жан,  
Не әкетпекші сонда мынау жалғаннан.  
Қор болмақшы ар-иманнан құр қалған,  
Үятты жан, жарық нұрдай боларсың.  
Үлгі қылса, тыңдаған жан жұрт сөзінді,  
Менменсімей, төмен ұста өзінді,  
Ғалымға ерсен, күндей ашар көзінді,  
Наданға ерсен, қараңғы көр боларсың.  
Лұқмандай тапсаң дерптің дауасын,  
Рұстемдей жыртсаң жаудың жағасын,  
Іскендердей алсаң дүние қаласын,  
Сонда да бір жермен-жексен боларсың.

Мақтымқұлы, өлшеп сөйле сөзінді,  
Асынды бер қарай-қарай жайыңа,  
Дана тапсаң – басынды қи жолына,  
Сонда өзің де кәміл адам боларсың.

*Мақтымқұлы Түркімен ақыны*

### Өлеңді мәнерлел оқындар

#### ӨЗБЕКСТАН – ӨЗ ЕЛІМ

Тұған жерім – өзбекстан өз елім,  
Өтті сенде жастығым мен кемелім.  
Шыр еткеннен кіндік қаным тамған жер,  
Анам айтқан бесік жырын, өлеңін.

Елбасымыз қамқоршы бол халыққа,  
Алып шықты ой – арманын жарыққа.  
Егеменді елімізді ел танып,  
Ұшан теңіз қол жеткіздік табысқа.

Еліміз бар сан ұлттардың мекені,  
Өлкесінде достық желі еседі.  
Құда-жеккжат, той думаны аралас,  
Ырысы мол, ынтымағы еселі.

Әрісі кең Өзбекстан – өз елім,  
Мейірі мол анамдайсың дегенім.  
Шалғай жүрсем ешбір елге тең келмей,  
Сағынам да құшағыңа енемін.

Күншуақты Өзбекстан – өз елім,  
Өзіңе арнап сөз маржанын теремін.  
Тұған елге тіл тигізсе кімде-кім,  
Қаным тасып, мен қалайша төземін?

Асқақтасын атағың мен өренің,  
Ұлы елге мен өзінді теңедім.  
Жасым ұлы зейнеткердің болсам да,  
Саған төгем поэзия өнерін.

*Сапарбек Иманбеков*

#### ӨЗБЕКСТАН – ОТАНЫМ

Гүл жайнаған Өзбекстан – Тұраным,  
Жемісі мол кәусар сұың, бұлағың.  
Жүргімнен қайнап шыққан жыр әннің,  
Кең арнасын саған қарап бұрамын.

Біз кім едік, енді міне кім болдық,  
Еркі өзінде егеменді ел болдық.  
Елбасының арқасында мінеки,  
Өркениетті елдерменен тең болдық.

Қай жеріміз кем бол жатыр шетелден,  
Халқымыздың ақ ниеті өтелген.  
Ел қуатты, ерім батыр болсын деп,  
Спорт жағын жоғарыға көтерген.

Өзімізді шығып алтын, мұнайым,  
Түрлі жеміс ашыт базар шырайын.  
Жәннат мекен – Өзбекстан жеріне,  
Тіл тимесін, көз тимесін, ылайым!

Елбасымыз, әрбір іске мән берген,  
Жастарымды оқытуды жөн көрген.  
Ынтымағы арта берсін елімнің,  
Адаспасын осы барған қүйінен.

Еліміздің тыныштығын сақатаған,  
Өз борышын адалдықпен ақтаған.

Еліміздің қамқоршысы, қорғаны,  
Шавкат аға, өзінізben мақтанам.

Анар Нәлібаева.

**1-тапсырма.** Өлеңді жаттап алындар.


**2-тапсырма.** Өлең мәтіні не туралы айтылғанын есте сақтаңдар.

**3-тапсырма.** Берілген суреттер бойынша «Өзбекстан» жайлы шағын мәтін құра.

**4-тапсырма.** Берілген суреттерден қандай қорытынды шығаруға болады?

**5-тапсырма.** Берілген суреттер арқылы нені аңғардындар?

**6- тапсырма.** Суреттер бойынша ой талқы жасандар.



**“Өзбекстан – Отаным”** тақырыбында әңгіме жазындар және жазылу стиліне көніл аударындар.

### ІІІ БӨЛІМ. БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

1. Межелік бақылауға арналған тапсырмалар

#### 1-нұсқа

##### **№ 1 тапсырма.**

Берілген мәтіндік үзіндіден стильдік белгілерді анықтап, олардың функционалдық стильдің қай түріне тән екенін ажыратыңыз. Тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

Түйсіну деп ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер ету нәтижесінде олардың жеке қасиеттерінің сәулеленуін айтады. Түйсінуді біздің барлық біліміздің үйлесімдері деуге болады. Түйсіну дегеніміз – қозғалушы материяның бейнесі. Түйсіну болмаса, біз басқа жолмен заттың, қозғалыстың ешқандай формалары туралы ешнәрсе біле алмаймыз. Түйсіну қозғалуы материяның біздің сезім мүшелерімізге әсер етуінен туады. Адам ақиқат дүниенін ең алдымен, өзінің сезім мүшелері арқылы ғана түйсінеді. Заттар мен құбылыстар адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер тигізбесе, түйсіну де пайда болмайды. Түйсіну арқылы адам әсер етуші заттың, я құбылыстың жеке қызметтерін, олардың қаттылығын, не жұмсақтығын, тегістігін, бұдырлығын, ауыр я жеңілдігін, ыстық-суықтығын, иісін, дәмін, түсін, шығаратын дыбысын, тағы басқа қасиеттерін сезеді (Т.Тәжібаев).

##### **№ 2 – тапсырма.**

Мәтіннің қай стилде жазылғанын анықтап, тілдік құралдардың стилистикалық қызметіне талдау жасаңыз.

Қазіргі бал араларының ата тегі мен жер бетіндегі гүлді өсімдіктердің арасындағы қарым-қатынас гүлдің тозаңдануына және онда бал шырынының жасалуына себепші болды. Мұндай ерекше құбылыс азық іздеген алғашқы адамның көзіне шалынды. Бұған тасқа жазылған

суреттер дәлел бола алады. Мысалы, шығыс Испания үңгірлерінен ағаш басынан бал жинап жүрген адам бейнесі бар суреттер табылды.

Галымдардың болжамына қарағанда, бұл суреттердің жасалғанына он мың жыл болған.

Сондай-ақ Орталық Үндістандағы ертедегі адамдар тұрған үңгірден де осындай суреттер табылған. Оның бірі көлемді ыдысқа бал тосып алғып жатса, екіншісі баспалдақпен жоғары шығып бара жатыр.

Галымдар Алтайдағы Алтынкөлдің жағасын, Сібір жерлеріндегі тарихи ескерткіштерді зерттегендеге, бал арасын бейнелейтін суреттер тапқан (*К.Сыбанбеков*).

## 2-нұсқа

### № 1-тапсырма.

*Мәтінді оқып шығып тілдік құралдардың қолданыс ерекшелігін талдаңыз.*

Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғылы жағдайын айтып берді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол қебінесе өлең сөзді жіңі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, бұлдірмей сақтап жүрген зейініне таң қалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын көңілдендіріп, тағы айтқызы ушін, кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп – Зылиха» сияқты қиссаларды оқып береді.

Әндептің, мақамдаған оқиды. Шешелеріне ұғымсыз болған түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Осымен көңілдендіріп алғып, ескі әңгімелерді тағы айтқызады. (*М.Әуезов*)

### № 2-тапсырма

*Берілген ғылыми мақаланың стильдік қателерін тауып, талдаңыз.*

Термин – белгілі бір салада тұрақты қолданылатын

арнаулы бір ұғымды білдіретін сөз. Терминнің анықтамасы, қазақ терминологиясының тарихы мен дапту жолдары тілші ғалымдар Ө.Айтбайұлының, Ш.Құрманбайұлының еңбектерінде баяндалған.

Термин әлеуметтік-қоғамдық қатынастарға қатысты белгілі бір ұғымдарды нақты бейнелеуге тиіс. Оған төн белгілер – қолданылатын белгілі бір аясының болатындығы, объективтілігі, тұрақтылығы мен орнықтылығы, стильдік тұрғыдан бейтараптығы, яғни боямасыздығы, демек, онда экспрессия, әсірелеу, көңіл-күйі, субъективтік түсінік-пайым көрініс бермеуге тиіс.

Заңнамалық мәтінде термин неғұрлым көп болса, ол соғұрлым дәл, айқын, әрі тұжырымды болып шығары сөзсіз. Демек, терминдердің өзінің тұра, көпшілкке түсінікті көз үйренген мағынасында қолданылуы шарт. Термин қарапайым, әрі оқушының ұғымына қонымды болуы керек. Яғни, мағынасы бұлыңғыр, екішты ой туғызатын, айқын тұжырылмаған терминдер болмауға тиіс. (*К.Юсуп*.)

## 2-межелік бақылауға арналған тапсырмалар

### 1- нұсқа

#### № 1-тапсырма

*Оз өмірбаяндарының жазып, бір біріңіздің стильдік қателеріңізді тауып, түзетіңіздер*

#### № 2-тапсырма

*Аудызекі сөйлеу стилі әлемніңтерін қатыстырып мәтін құрып, оған тілдік, стилистикалық тұрғыдан талдау жасаңыздар.*

### 2- нұсқа

#### № 1-тапсырма

*Газет материалдарынан стильдік қателерді тауып, оларға талдау жасаңыздар.*

#### № 2-тапсырма

*Көркем шығармадан аудызекі сөйлеу стиліне тән белгілері бар мысалдар келтіріп, олардың қолданылуы*

мақсатын түсіндіріңіздер.

### **Ағымдағы бақылауға арналған сұрақтар**

1. Стилистика ғылымы нені зерттейді?
2. «Стилистика» және «стиль» ұғымының пайда болу тарихы.
3. Стилистиканың неше саласы бар және олар қандай мәселелерді қарастырады?
4. Стилистикалық норма дегеніміз не?
5. Синонимия дегеніміз не?
6. Стилистикалық мағына дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
7. Қазақ тілінің стилистикасын зерттеуші қандай ғалымдарды білесіз?
8. Стилистикалық мағынаның қандай жасалу тәсілдері бар?
9. Функциональды стильтердің лексикалық құралдарының ұйымдастыру ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
10. Стилистикалық фигура дегеніміз не, олардың қызметі?
11. Троптың түрлеріне не жатады, олардың стилистикалық қызметі.
12. Контекстік синонимдер мен антонимдердегеніміз не?
13. Сөздің стилистикалық мағынасының функциональды стильтердегі ерекшелігі неде?
14. Функциональдық стильтер дегеніміз не?
15. Функциональды стильтердің жасалуына әсер ететін тілдік емес факторларға не жатады?
16. Мақала дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
17. Очерк дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
18. Фельетон дегеніміз не, оның тілдік стильтің ерекшелігі неде?
19. Ресми іс-қағаздар стилінің неше түрі бар, олар несімен ерекшеленеді?

20. Ресми іс қағаздар стилінің тілдік, стильтік, композициялық ұйымдастыруна қандай ерекшеліктер тән?

21. Ғылыми стильтің қандай түрлері бар, олардың озара айырмашылықтары.

22. Ғылыми стильтегі тілдік құралдар қандай мақсатқа қызмет етеді?

23. Қоркем әдебиет стиліндегі шығармаларға қандай ерекшелік тән, мысал келтіріңіз.

24. Ауызекі сөйлеу стилінің өзіне тән ерекшелігі неде?

25. Ауызекі сөйлеу стилі мен кітаби стильтің өзіндік ерекшелігі неде, мысал келтіріңіз.

### **«Қазақ тілінің стилистикасы» пәні бойынша қорытынды бақылау сұрақтары**

1. Стиль дегеніміз не?
2. Стилистиканың зерттеу әдіс-тәсілдері
3. Лингвистикалық стилистиканың негізгі ұғымдары мен категориялары
4. Стильдік белгі дегеніміз не?
5. Функциональдық стильтердің жіктеуде қандай көзқарастар бар?
6. Қазақ әдеби тілінің функциональдық стильтері неше топқа жіктеледі?
7. Функциональдық стильтің тудыруышы қандай факторлар бар?
8. Стильаралық диффузия дегеніміз не?
9. Стилистикалық норма дегеніміз не?
10. Стильдік норманың тілдік нормадан қандай ерекшелігі бар?
11. Стильдік қате дегеніміз не?
12. Ауызекі сөйлеу стиліне тән қандай экстралингвистикалық белгілер бар?
13. Ауызекі сөйлеу стилінің өзге функциональдық стильтерден қандай тілдік ерекшеліктері бар?
14. Ауызекі сөйлеу стиліне тән қандай фонетикалық

ерекшеліктер бар?

15. Ресми стиль дегеніміз не?
16. Ресми стильдің қолданыс аясы қандай?
17. Ресми стиЛЬДІҢ өзге функционалдық стиЛЬдерден тілдік ерешеліктері қандай?
18. Көсемсөз стилінің қолданыс аясы қандай?
19. Көсемсөз стилінің өзіне тән қандай стиЛЬдік белгілері бар?
20. Көсемсөз стиліндегі шешендік шеберлікке қандай талаптар қойылады?
21. Көркем әдебиет стилінің өзіне тән белгілері қандай?
22. Көркем әдебиет стилінің функционалдық стиЛЬдер жүйесіндегі орны қандай?
23. Көркем әдебиет стилі және ауызекі сөйлеу стилі.
24. Көркем әдебиет стилі және көсемсөз стилі.
25. Дыбыстардың стиЛЬдік мақсатта жұмсалу тәсілдері қандай?
26. Аллитерация дегеніміз не?
27. Ассонанс дегеніміз не?
28. Интонацияның стиЛЬдік мүмкіндіктеріне мысал келтіріңіз.
29. Тіліміздегі синонимдер қандай стиЛЬдік мақсатта жұмсалуы мүмкін.
30. Антонимдер көркем шығармада қандай стиЛЬдік қызметтер атқара алады?
31. Контекстік антонимдер дегеніміз не?
32. Омонимдер қандай стиЛЬдік қызмет атқарады?
33. Каламбур дегеніміз не?

## «ҚАЗАҚ ТІЛ СТИЛИСТИКАСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

- 1. Стилистика қандай салаларға бөлінеді?**
  - а. Тіл стилистикасы және сөз мәдениеті
  - ә. Тіл стилистикасы және көркем әдебиет стилистикасы
  - б. функционалдық стилистика және лингвистикалық стилистика
  - в. құрылымдық стилистика, қолданымдық стилистика және көркем әдебиет стилистикасы.
- 2. Стилистиканың дұрыс түсініктемесі**
  - а. мәнерлеп сөйлеу нормасы
  - ә. сөзді дәл қолдану принциптері
  - б. лексикалық тәсілдердің жұмсалу ерекшеліктері
  - в. тілдік құралдардың қолданылу заңдылықтары
- 3. Стилистика ғылымының пайда болуы, қалыптасуы қандай мәселелерді зерттеумен тығыз байланысты?**
  - а. сөз мағыналарын
  - ә. сөз құрамын
  - б. экспрессиялық құралдарды
  - в. әдеби тіл нормасын
- 4. Стилистикадағы басты ұғым**
  - а. стиль
  - ә. синонимия
  - б. стилизация
  - в. мәнерлеу, бейнелеу құралдары
- 5. Тіл ғылымындағы стиль ұғымының кең түсініктемесі**
  - а. әдеби әдіс
  - ә. сөз өрнегі
  - б. мәнерлі, көркемдік тәсілдердің жиынтығы
  - в. ойдың мазмұнына, қарым-қатынастың мақсатына қарай қолданылатын тілдік құралдар жүйесі
- 6. Стилистикадағы тілдік құралдарды пайдалану принциптері**
  - а. түсініктілік, уәжділік
  - ә. дұрыстық, жүйелілік
  - б. қажеттілік, әлеуметтік талғам
  - в. мақсаттылық, дұрыстық, уәжділік

- 16. Тілдің жүйесіне, оның занұлдылықтарына сәйкес келу белгісі қай норманы айқындауды?**

а. көркем әдебиет      ә. жалпы тілдік норма  
б. сөз қолдану нормасы      в. жазба тіл

**17. Стильдік қатені табыңыз**

а. үмітімізді үзбейміз      ә. үміті бар  
б. үміттен бас тартпаймыз      в. үміттеніп жүр

**18. Синтаксистік стильдік қате**

а. қолма-қол берді      ә. қолма-қол есіне алды  
б. дереу есіне алды      в. бірден есіне алды

**19. Қай сөз оралымдарынан стильдік қате аңғарылады?**

а. өзіңе-өзің берік бол      ә. өзінді әрқашан қолға ұста  
б. әрқашан қолға ұста      в. әрқашан өзіңе бекем бол

**20. Сөз тұлғасындағы стильдік қате**

а. біліктілік      ә. білімділік  
б. білімпаздық      в. білімдарлық

**21. Эдеби тілдің ішкі даму занұлдылықтарына сыйкес жасалатын жүйе бойынша қалыптасқан норма қалай аталауды?**

а. сөйлеу нормасы      ә. тілдік норма  
б. қатаң норма      в. жазу нормасы

**22. Эдеби тілден уәжді ауытқу қай стилде болады?**

а. көркем стиль      ә. сөйлеу стилі  
б. көсемсөз стилі      в. ғылыми стиль

**23. Сөздердің негізгі мағынада жүмсалуы, термин сөздердің молдығы қай стиль ерекшелігі?**

а. көркем әдебиет      ә. ресми-іскери  
б. ғылыми      в. көсемсөз

**24. Берілген сөйлемдердің ішінен ғылыми стиль ыңғайында берілген сөйлемді табыңыз**

а. Мін көп болса, сын да көп болады.  
б. Жазғы күпінің бірі еді  
б. Өзен атауының шығу тарихы туралы бұдан бұрын айтылған екі пікір бар.

в. Қазір жаңа астанада құрылыш жұмысы жедел қарқынмен жүргізілуде.

**25. Ғылыми стильдің ерекшелігі**

а. Экспрессивтілігі                    ә. дәлелділігі, сөзді тұра мағынада жүмсау

б. образдылық, эмоционалдылық в. ұндеу, шақыру

**26. Ғылыми стильге тән синтаксистік ерекшелік**

а. инверсия                                ә. риторикалық қаратпа

б. сұраулы, лепті сөйлемдер в. толымды сөйлем

**27. Ғылыми стильдегі терминологиялық нормаға қойылатын талаптар**

а. коммуникативтік қажеттілік                    ә. мазмұнға сәйкестік, дәлдік

б. бейнелілік                                ә. көп мағыналылық

**28. Қөшілік қауым дұрыс, икемді деп қабылдаған лексикалық, грамматикалық заңдылықтар қалай аталады?**

а. көркем тіл                                ә. кітаби тіл

б. жалпы халықтық тіл                    ә. тілдік норма

**29. Бейтарап стильге жататын сөз**

а. заман                                        ә. замана

б. етек алды                                ә. бет қалмады

**30. Қөсемсөз стиліне тән экстралингвистикалық белгілер**

а. Сөздердің орын тәртібінің еркіндігі

ә. бейнелілігі мен көпмағыналылығы

б. ойдың күрделілігі

в. ресми, көркем стильтерге жақындығы, фактографиялығы

**31. Берілген сөйлем қай стильтің үлгісіне жатады?**

Саналы тәртіп пен үйымшылдықты нығайту, жоғары өндірістік көрсеткіштерге

жету жөніндегі жұмыстарды жандандыру керек.

а. көркем әдебиет стилі                    ә. көсемсөз стилі

б. ғылыми стиль                                ә. ауызекі сөйлеу стилі

**32. Қөсемсөз стилінің жүмсалу формалары**

а. көркем шығарма                            ә. оқулық

б. газет-журнал, радио-теледидар в. ғылыми еңбек

**33. Қөсемсөз стиліне тән сипат**

а. түсіндіру                                        ә. логикалық

б. образдылық                                ә. үгіт-насихаттық

**34. Стилистика мәселелеріне арналған алғаш рет пікірсайыс қашан, қайда үйымдастырылды?**

а. 1955 ж «Советская тюркология» ә. 1954 ж «Вопросы языкоznания»

б. 1957 ж «Вопросы языкоznания» в. 1971 ж Ашхабад

**35. Ертедегі «stjlos» сөзі қандай мағына берген?**

а. сейлеу мәнері                                ә. шешендік өнер

б. жазу құралы                                ә. көркем сейлеу

**36. Келіссөз, пікірсайыс, ұжымшар, төлтума – қай стильдің тілдік көрсеткіші?**

а. ресми-іскери                                    ә. көсемсөз

б. ғылыми                                        ә. ауызекі сейлеу

**37. Бөгде стильдік элементі бар мақсатсыз қолданылған сөйлем кайсы?**

а. Бір ауыздан шешім қабылданды

ә. Үйлену мәселесі қалай шешілді?

б. Күн тәртібінде мынадай мәселе қаралды  
в. онды шешімін тапты

**38. Ауызекі сөйлеу стиліне жататын сөздерді көрсетіңіз**

а. мынау, қырау, ұзақ                            ә. боран, нәрсе, қатты

б. нетіп, байғұс, құрғыр                        ә. шоқпыт, пеш, тамақ

**39. Ауызекі сөйлеу стиліне тән сөйлем құрылышы**

а. жайылма                                        ә. толымды

б. толымсыз                                        ә. атаулы

**40. Сөйлеу стиліне тән стильдік бояуы бар сөз**

а. күлу    ә. жырқылдау

б. езу тарту                                        ә. жынию

**41. Ауызекі сөйлеу стиліне тән морфологиялық ерекшелік**

- а. қосымшалардың талғаммен жұмсалуы
- ә. -и түлғалы сөздер
- б. рең мәнін тудыратын журнақ
- в. ырықсыз етіс түлғасында жұмсалуы

**42. Төменгі стиль рецін беретін сөз**

- а. беті            ә. ажары
- б. ұсқыны        в. жүзі

**43. Дауыс ырғақтары арқылы, қыстырма, қаратпа сөздерді пайдалану қай стильдің тілдік құралдары?**

- а. ауызекі сөйлеу стилі      ә. көсемсөз стилі
- б. ғылыми стиль                  в. ресми-іскери стиль

**44. Ресми-іскери стильтеге тән сөз түлғасы**

- а. өткізілген                  ә. өткізіле жатар
- б. өткізе салу                в. өткізілсін

**45. Кеңсе іс-қағаздарының стильдік нормаларына тән белгі**

- а. шаблон құрылымдар, даяр тіркестер
- ә. суреттеме тәсілдер
- б. терминдік сөздер
- в. экспрессиялық құралдар

**46. Кітаби және ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер қай стиль ерекшелігі?**

- а. көркем әдебиет стилі      ә. ресми-іскери стиль
- б. ғылыми стиль                в. ауызекі сөйлеу стилі

**47. Алғашқы іс қағаздары үлгілері қай кезеңнен көріне бастады?**

- а. XIX - ғасырдың II жартысы      ә. XVII - XVIII ғ
- б. XX - ғасырдың бас кезі            в. XX - ғасырдың 30 - жылдары

**48. Ресми -іскери тілге тән сөз орамы**

- а. міндеттелсін                  ә. міндет артты
- б. іске қосу                    в. қызмет көрсету

**49. Ойдың қысқа сөйлемдермен бірілуі, кейбір сөйлем мүшелерінің түсіріліп айтылуы қай стильдегі синтаксистік амал?**

- а. ауызекі сөйлеу      ә. көркем әдебиет
- б. ғылыми стиль            в. көсемсөз стилі

**50. Жағымды образ тудыратын экспрессивті фразеология**

- а. көксоққан                  ә. сормаңдай
- б. ит жанды                в. мұратқа жет

## ГЛОССАРИЙ

**Стилистика** – тіл білімінің, тілдің көркемдегіш амал-тәсілдерін, қолданылу аясын, қатысымдық әрекет-қызметін зерттейтін саласы. Стилистика тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану принциптерін реттейді, сөйлеу процесінде тілді пайдаланудың заңдылықтарын қарастырады, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдер мен стилистикалық мүмкіндіктер арқылы коммуникативті-прагматикалық, эстетикалық қызметті үйретеді.

**Стиль** – латынша *stylus* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тіліндегі – стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Лингвистикада «стиль» жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты көптеген мағынада қолданылып келген.

**Сөйлеу** – бір мезгілде болатын нақтылы сөйлеу. Сөйлеудің дыбыстық және жазба түрлері бар. Сөйлеуге сөйлеу қызметі және сөйлеу нәтижесі жатады. Әдетте, сөйлеу мен тіл қарама-қарсы қойылады. Тіл – араласу құралы болса, сөйлеу – осы құрал арқылы араласуды жүзеге асырады. Сөйлеу арқылы тіл қолданыс табады.

**Диалог** – (грек. *dialogos* – әңгіме, екі адамның сөйлесуі) – екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретіндегі сөйлесіп, тіл қатысуы. Диалогтың сөздік құрамына әсер ететін факторлардың негізгі сөзді қабылдау не қабылдамау.

**Дискурс** – (фр. *discours* – сөйлеу) – экстралингвистикалық, яғни, парадигматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлармен байланыста болатын мәтін. Белгілі бір оқиғаны баяндайтын мәтін. Дискурс – өмірдің тілі, сондықтан да дискурс термині «мәтін» терминімен салыстырғанда көне, басқа да бүгінгі өмірмен байланысы жоқ текстерге қолданылмайды.

**Паралингвистика** – (грек. *para* – қасындағы, маңындағы және лингвистика) – 1. Сөйлеуде қолданылатын

мағыналы хабар жеткізуши, бірақ тілге жатпайтын құралдар; 2. тілдік байланысқа қатысатын тілдік емес (вербальды емес) құралдардың жиынтығы.

**Риторика** – (грек. *rhetorike* – шешендік өнер)

– прозалық қара сөз және ауызекі көркем сөздің жасалуын зерттейтін филологиялық пән. Поэтикамен, стилистикамен тығыз байланысты болады.

**Монолог** – (грек. *monos* – бір және *logos* – сөз, сөйлеу)

– белсенді сөйлеудің нәтижесінде пайда болатын сөйлеу түрі. Монологқа интраперсональды сөйлеу деген анықтама береді.

**Әдеби тіл** – орныққан, тұрақты нормалары бар, жалпыға бірдей түсінікті, ортақ, қоғамдық қызметі әр алуан, жалпы халықтық тілдің екшеленген, сұрыпталған, сымбатталған жүйелі түрі. Әдеби тіл жалпыхалықтық тілдің бір түрі.

**Табу** – (полинезия сөзі) – кейбір сөздерді, есімдерді, сөйлемдерді атауға тиым салу. Табу құбылысы тілдің магиялық қызметімен байланысты, яғни, сөз арқылы қоршаған әлемді өзгертуге болады деген нағымнан туынтайтын. Табу барлық тілдерде бар. Ең көп тараған Табу адам есімімен байланысты: туыстардың атын айтуда тиым салынған, сонымен қатар құдайдың, патшаның атын атауға болмайды.

**Эвфемизм** – (грек. *euphemis* – mos, eu – жақсы және *phemi* – сөйлеу) – эмоция жағынан бейтарап сөздер. Эвфемизм құлаққа ерсі естілеттің сөздердің синонимдері ретінде жұмысалады. Мысалы: «семіз-толық, кәрі-егде, өлді-қайтыс болды» және т.б., эвфемизм – дисфемизм сөздерге қарсы қойылады.

**Құрылымдық стилистика** – контекстен тыс түрде тілдің стилистикалық қорын зерттейтін сала.

**Функционалды немесе қолданымдық стилистика**

– тілдің әртүрлі қарым-қатынас саласында қолдану заңдылықтары туралы ілім.

**Практикалық стилистика** – стилистикалық тілдік

мәдениетті қалыптастырады.

**Көркем әдебиет стилистикасы** – көркем шығармада өнер түдүрушы, өнер құбылысы ретіндегі қолданысын, яғни көркем шығармадағы өмірін зерттейді.

**Стилистикалық мағына** – тілдік тұлға-бірліктің мағыналық құрылымындағы лексикалық, заттық, грамматикалық мағыналарынан тысқары қосымша белгісі.

**Стиль тезі** – көркем шығарманың тілдік материалдарын белгілі бір ортаға немесе тарихи кезеңге, әдебиеттің белгілі бір бағытына, жанрына т.б. қарай үйлестіріп, таңдал қолдану.

**Фылыми стиль** – стилистикалық бояуы бірыңғай сиатқа ие. Олар негізінен жазба тілге тән сөздер, морфологиялық тұлғалар, синтаксистік құрылымдар болып келеді.

**Ресми іс қағаздар стилі** – стильдік бояуы жағынан фылыми стильтеге жақын, алайда оған қарағанда біртектес және синтаксисі бірқалыпты болып келеді.

**Ауызекі-тұрмыстық сөйлеу стилі** – қарапайым сөздер, эмоциялық бояуға иесөздер. Толымсыз сөйлемдер, аяқталмаған сөйлемдер көп қолданылады.

**Көркем сөз стилі** – функционалды стильтердің ішінде ерекше орын алады. Тілдік құралдардың стилистикалық бояуы өте кен, бай және әр түрлі болып келеді.

**Публицистикалық стиль** - әртүрлі стильдік бояуға ие. Олардың ара қатынасы шығарманың жанры мен стиліне байланысты.

**Әдеби тіл нормасы** – белгілі кезеңде тілдік құралдардың қоғамдағы барлық адамдарға ортақ, орнықты түрде қолдану үлгісі.

**Стилистикалық қате** – белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі.

**Лингвистикалық стилистика-қоғамдық-әлеуметтік,**

өндірістік, идеологиялық, моральдық-психологиялық т.б. салаларға байланысты қағаз бетіне түскен немесе ауызша айтылған мәтіндердегі жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің немесе олардан да көлемді құрылымдағы конструкциялардың тілін қарастырады.

**Стильдік белгі** - белгілі бір функционалдық стильтің даралығын, басқа стильтерден өзгешелігін танытатын қасиеті.

**Стильаралық диффузия** - бір стильтеге тән тілдік ерекшеліктердің екіншісіне ауысып, өнімді қолданылуы.

**Каламбур** – сез берін сез тіркестерін үқасас дыбыстаудан пайда болатын стилистикалық оралым. Көбінесе поэзияда қолданылып, эмоциялық әсерді, үйқасымдылықты қүшетту қызметтін атқарады, кейде омографтардың, омофондардың көмегімен құрылады.

**Эмоционалды-экспрессивті сөздер** - тіліміздегі сан алуан стильдік мәні бар, сезімге түрлі әсері бар сөздер. Эмоционалды-экспрессивті сөздер адам сезімін білдіруге, мәнерлілік пен суреттілікті қүшеттүгө қызмет етеді.

**Көркемдік әдіс** (грек тілінде *methodos* – зерттеу жолы) – суреткердің өзі танып-білген ақиқат дүниеге шығармашылық қарым-қатынасының жалпы ұстанымы, яғни ақиқат дүниені қайта жасауы.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің Олий Мажлиске жолдауынан «Нұрлы жол» газеті №104. 30 декабрь 2020 жыл.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1993.
3. Әбікенова Г.Т. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы - Семей, 2006
4. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу стилінің синтаксистік ерекшеліктері -Алматы, 1997.
5. Балақаев М., Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манаасбаев Қазақ тілінің стилистикасы - Алматы, 2005
6. Балақаев М. Тіл мәдениетінің мәселелері - Алматы, 1965
7. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары - Алматы, 1994
8. Балтаева Ш. Сахна саңлағы. А., 2009.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы - Алматы, 1992
10. Байқабилов У., Ботирова Ш. Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті. Т.,2020.
11. Байқабилов У. Қазақ тілі стилистикасы (оқу қолданба) Т., 2008.
12. Байқабилов У. Тіл білімінің негіздері (оқу қолданба) Т., 2023.
13. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. 2-басылым А.,1995
14. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А.,1997.
15. Дүйсенбекова Л. Қазақ ресми іс қағаздары. А., Ана тілі, 2005
16. Досымбетова С. Кең дүние құшағынды аш мен келемін. Т., 2020
17. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. А., 1991.
18. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі -

Алматы, 1996

19. Жұмалиев Қ. Стиль өнер ерекшелігі - Алматы, 1996
20. Иманбеков С. Тұған жер тынысы. Т.,2021.
21. Қеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2008.
22. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1-10 том,
23. Қожекеев Т. Сатирық жанрлар - Алматы, 1993
24. Қожекеев Т. Жас тілшілер серігі - Алматы, 1991
25. Масатов З. Тұған жер - тұғырым. Т., 2016.
26. Мұсабекова Ф. Қазақ тілі стилистиканың мәселелері (методикалық талдау) - Алматы, 1991
27. Мұсабаева Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы - А.,1996
28. Салагаев В., Б.Шалабай. Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг - Алматы, 2000
29. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі - Алматы, 1995
30. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер - Алматы, 2001
31. Сыздықова Р. Сөз құдіреті - Алматы, 1997
32. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі -А., Арыс,2004
33. Ташметов А. Қекжиектер. Т.,2022.
34. Үәлиев Н. Сөз мәдениеті - Алматы, 1985
35. Нәлібаева А. Өмір-өткел. Т., 2009.
36. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы - Алматы, 2006
37. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы - Алматы, 2000
38. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары - Алматы, 1999
39. Хасанова С., F.Жексембаева Қазақ тілінің стилистикасы (жаттығулар жинағы) - Алматы, 1999
40. Хасенов Ә. Тіл білімі. А., 2003.

## МАЗМУНЫ

Түсінік хат .....	3
Кірспе .....	4

## I БӨЛІМ. ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАР БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

1-тақырып. Стилистиканың жалпы мәселелері .....	7
2-тақырып. Стилистика пәні және оның салалары .....	26
3-тақырып. Стильдерді топтастыру және олардың түрлері .....	46
4-тақырып. Лексикалық стилистика .....	67
5-тақырып. Фразеологиялық стилистика .....	75
6-тақырып. Морфологиялық құрылыштың негізгі стилистикалық белгілері .....	82
7-тақырып. Синтаксистік стилистика туралы жалпы түсінік .....	88
8-тақырып. Стилистикалық ерекшеліктер .....	94
9-тақырып. Мәтін стилистикасы .....	116

## II БӨЛІМ. ПРАКТИКА САБАҚТАРЫ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

1. Практика тақырыбы: Стилистиканың ғылым және пән ретінде қалыптасуы .....	120
2. Практика тақырыбы: Стилистиканың негізгі ұғым-категориялары .....	128
3. Практика тақырыбы: Тілдік құралдардың стилистикалық бояуы, оның түрлері .....	132
4. Практика тақырыбы: Стилистикалық норма, оның әдеби норманың басқа түрлерінен ерекшеліктері .....	135
5. Практика тақырыбы: Стилистикалық қате туралы ұғым .....	143
6. Практика тақырыбы. Ауызекі сөйлеу стилі .....	148
7. Практика тақырыбы. Ресми-іскеり стиль .....	157
8. Практика тақырыбы. Публицистикалық стиль .....	174
9. Практика тақырыбы. Ғылыми – көпшілік әдебиет стилі .....	187
10.Практика тақырыбы. Көркем әдебиет тілінің стилі ..	203

<b>III БӨЛІМ. БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ</b>	
Қазақ тілінің стилистикасы пәні бойынша тест тапсырмалары .....	229
Глоссарий .....	226
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі .....	240

БАЙКАБИЛОВ УСЕРБАЙ АЛИМХАНОВИЧ

# ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫ

(Оқулық)

Мухаррир: Х. Таҳиров  
Техник мухаррир: С. Мелиқузийева  
Мусаҳхид: М. Юнусова  
Саҳифаловчи: А. Исҳоқов

Нашр. літс № 2244. 25.08.2020 ы.  
Босиша рұхсат этилди 21.04.2024 ы.  
Бичими 60x84 1/16. Офсет қозози. "Cambria"  
гарнитураси. Ҳисоб-нашр табоги. 15,25.  
Адади 100 дона. Буюртма № 21.

«Osiyo tur» МЧЖ босмахонасида чоп этилди.  
Тел рақам: 94 673 66 56

ISBN 978-9910-9392-2-8



9 789910 939228